

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ



G • GLOBAL

XXI Ғасыр
әлемі

G·GLOBAL

XXI ғасыр әлемі



АСТАНА 2013

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ	4
---------------	---

I ТАРАУ. ЖАҒАНДЫҚ ДАҒДАРЫС ЖӘНЕ G-GLOBAL ӘЛЕМІ

1. G-GLOBAL – бүкіл әлем үшін идея	13
Қиын-қыстау жүзжылдық: дүние өзгерістер дәуірінде	14
Жаһандық жауап іздеу жолында	25
G-GLOBAL идеясының тууы	28
2. G-GLOBAL принциптері: жаңа дүние пайымы	38
Революция емес, эволюция	39
Әділдік, теңдік, пәтуа	41
Жаһандық төзімділік пен сенім	43
Жаһандық ашықтық	46
Сындарлы көпкіндіктілік	48

II ТАРАУ. G-GLOBAL ӘЛЕМІНІҢ ҚОСЫЛҒЫШТАРЫ

1. ЖАҒАНДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒА ЖҮЙЕ	54
Дүниежүзілік дағдарыс – жаһандық қаржылық-экономикалық өзгерістің мүмкіншілігі	54
2010-шы жылдар үшін БҰҰ-ға арналған дағдарысқа қарсы басымдықтар.....	63
Еуразиялық кеңістіктегі макроөңірлік үдерістер	72

2. ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ӘЛЕМ ЖӘНЕ БЕЙБІТ АТОМ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОРЫШЫ.....	97
Тағдыршешті таңдау – ядролық қарудан бостандық	97
Жаһандық ядролық қауіпсіздік	106
Бейбіт атом: жаһандық қағидаттар мен ұлттық міндеттер	115
3. ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК: ӨҢІРЛЕР ЖӘНЕ ӘЛЕМ.....	121
Азияда өңірлік қауіпсіздік құрылымдарын қалыптастыру	123
ЕҚЫҰ-ның еуразиялық және жаһандық өлшемі	134
Еуразия қауіпсіздігінің континенттік тұғырнамасы	143
4. МӘДЕНИЕТТЕР МЕН ДІНДЕРДІҢ ҰНҚАТЫСУЫ: ҰЛТТЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ҚЫРЛАРЫ.....	146
Этносаралық және конфессияаралық келісім - XXI ғасырдың талабы ...	146
Төзімділік пен келісімнің қазақстандық үлгісі	156
Ізгілік дипломатиясы: Астанадағы жаһандық дінаралық сұхбат	164
5. «ЖАСЫЛ КӨПІР»: XXI ҒАСЫРДЫҢ ЭНЕРГИЯСЫ МЕН ЭКОЛОГИЯСЫ.....	186
Жаһандық энергоэкологиялық стратегия	187
Болашаққа «жасыл көпір»	199
ҚОРЫТЫНДЫ	209

АЛҒЫСӨЗ

Жұмыр Жердің 4,5 миллиардтық геофизикалық жылнамасында «саналы адамзаттың» тізбесіне тиетіні небәрі 60-70 мың жылдай ғана. Ал соның ішінде біздің заманымызға дейін жеткен көне жазба көздерінде тіркелген адамзат өркениетінің «мойындалған» тарихы мықтағанда 5,5-6 мың жылды қамтиды. Бұл – біздің планетамыз өмір сүрген күллі уақыттың **миллионнан бір бөлігінен** өзгер асады және күллі homo sapiens дәуірінің **оннан бір бөлігіне де жетпейтін** мерзімді құрайды.

Әйтсе де осы уақыт ішінде ондаған адамзат өркениеттері пайда болып, келмеске кетті. Олардың бәрі бірдей өздері туралы материалдық зерде қалдыра алған жоқ. Көпшілігі ада-күде санадан тыс салаға шығып, адамзат мифологиясына айналып, өзінің ашылмаған жұмбақтарымен, ескертулерімен және сәуегейліктерімен адам ақыл-ойының жаңа ұрпақтарын дүрліктірумен келеді.

Осы уақыттың бәрінде дүние **адамзат мәдениетінің жекелеген аймақтарынан** неғұрлым кең өрісті өңірлік, ал содан соң өңіраралық **өркениетті конгломерацияларға** қарай дәйекті түрде дамумен болды. Дүниенің жекелеген бөліктерінің бірін бірі «ашуы» түпкі дереккөздердің көбінде тарихтың аса ұлы оқиғасы ретінде бейнеленгені көңіл аударарлық.

Біз Ұлы географиялық жаңалықтар ашу дәуірі туралы жақсы білеміз. Бірақ оларға дейін де, олардан кейін де ондай «өркениеттер кездесулері» аз болмаған. Мәселен, бүгін **Шығыс пен Батысты жалғаған Ұлы Жібек жолы** «ашылуының» нақты уақытын атап айту қиын.

Ғалымдардың пайымдауынша, осынау тұңғыш континентаралық «трасса» біздің дәуірімізге дейінгі II мыңжылдықтан бері жұмыс істеген болса керек. Қазір де ол еуразиялық континент халықтары

арасындағы өзара ықпалдастық пен мәдени алыс-берістің символы болып отыр.

Сондықтан **Қазақстанның** және орталық Еуразиядағы осы заманғы басқа да мемлекеттердің **осынау «әлем магистралін» қайта жаңғыртып**, оны планетаның ең үлкен құрлығы елдері арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық пен сенімділікті дамытудың бағдар жолына айналдыруға деген **талпынысы** әбден заңды.

XX және XXI ғасырлардың тоғысында саясат пен ғылымға **«жаһандану» ұғымы** берік орнықты. Коммуникациялар мен ақпараттық жүйелердің бұрын болып көрмеген дамуының, өндіріске ең жаңа технологияларды енгізудің нәтижесі ретінде дүниенің бірыңғай тұтастыққа айналуының объективтік үдерісі жүріп жатыр.

Ғаламдық экономикалық үдерістер **біртұтас алгоритм** сипатына ие болып үлгерді.

Дүниежүзілік рынок өсу мен құлдыраудың ортақ толқындарын бастан өткеруде, олар XIX немесе XX ғасырлардағыдай бір мезгілде жәй мемлекеттер тобын ғана емес, бірден планетаның бірнеше өңірлерін қамтиды. Жер шарының бір қиырында пайда болған оқиғалармен құбылыстар дүниенің басқа өңірлеріндегі экономиканың дамуына, геосаяси жағдайға елеулі түрде ықпал етеді.

Ақпараттық, көліктік коммуникациялар мен технологиялардың миллиондаған тіндері жаппай жайлаған дүние біртіндеп **әлемдік құрылымы біртұтас жүйеге айналып барады.**

Қазақстан жаһанданудың бастапқы үдерісінің нақ осы қиын-қыстау шағында **дүниенің ажырағысыз бөлігіне айналды.** Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ мен біздің көпұлтты жаңа еліміздегі тыныштық, келісім, қауіпсіздік **көбінесе өңірлік және ғаламдық шешімдердің ауқымында берік кепілдік таба алатынын** жақсы түсіндім.

Сондықтан өзіміздің туған Қазақстанымызды дамытып, көркейте отырып, біз тек жаңа ұлттық экономиканың, жаңа қоғамның, жаңа

мемлекеттің қаз басып қалыптасуының күрделі ішкі проблемаларын ғана шешіп қойған жоқпыз.

Біз өз жоспарларымызды жаһандық және өңірлік дамудың трендтерімен салыстырдық, айналамызда – өңірде және планетада болып жатқан нәрсенің бәрін мұқият зерттеп-зерделедік.

Ұзақ мерзімдік «Қазақстан-2030» Даму стратегиямызды іске асыруда табысқа жету үшін біз жаһандық және өңірлік факторлардың күллі жиынтығын егжей-тегжейлі ескердік.

Біз сыртқы саясатта бірден-ақ жақсы қадам жасадық.

Семей сынақ полигонын жабу және ядролық қаруға иелік етуден бас тарту, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру туралы біздің бастамамыз, шын мәнінде, тәуелсіз Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымының жаңа мүшесі ретінде салған **алғашқы «жарнасы»** болды.

Біздің бұл тұңғыш сыртқы саяси қадамдарымыз ядролық қауіпсіздікті нығайтуға, Азия мен бүкіл дүние жүзі мемлекеттерінің арасындағы сенімді кеңейтуге жол ашып берді. Олар жүзеге асырылды және ол жеке бір мемлекеттің жер жүзіндегі бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін **жауапкершілігінің жарқын мысалы** болып қалуда.

Қазақстан дүниеге **Ядролық қарусыз әлемнің жалпыға бірдей декларациясын** әзірлеп, қабылдауды ұсынады. Біздің еліміз – **ядролық қаруға қарсы ғаламдық қозғалыс жетекшілерінің бірі**, ядролық қаруды таратпау мен қарусыздану үдерістерінің белсенді қатысушысы.

Қазақстан жиырма жыл бойы **ізгі ниеті мен жауапкершілігін ұдайы білдіріп**, әлем жұртшылығының қолдауына ие болған бастамаларды ұсынумен келеді. Біз халықаралық қатынастардағы көптеген күрделі проблемалардың шешімін алға тарттық, сенімділіктің, тұрақтылық пен дамудың идеяларын ілгері бастырдық.

2010 жылы Қазақстан **Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымды басқарды**, оны реформалаудың жоспарын

ұсынды, Астанада ЕҚЫҰ-ның XXI ғасырдағы тұңғыш **Саммитін** өткізді.

2011-2012 жылдарда, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы кең құлашты геосаяси өзгерістер кезеңінде біздің еліміз **Ислам ынтымақтастығы ұйымына** төрағалық етті.

Қазақстанның жас астанасы, менің бастамашылығым бойынша, төрт рет **Дүниежүзілік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі** өткен жерге – осы заманғы мәдениеттер мен діндердің өрісті де өркенді алаңына айналды.

Қазақстан Астанада **EXPO 2017 Мамандандырылған халықаралық көрмесін** өткізу құқығына қол жеткізді. Бұл – біздің зор жеңісіміз, жаһандық ауқымдағы оқиға. Халықаралық көрмелер бюросының 160 мүшесінің басым көпшілігі біздің еліміздің кандидатурасын жақтап дауыс берді.

Сөйтіп, **Қазақстанның экономикалық табыстарын бүкіл дүние таныды.** Астана 3 ай бойы әлемдік экономикалық орталыққа айналады, Қазақстанға 5 миллион турист келеді, жаңа технологиялармен және инновациялармен бірге миллиардтаған долларлық инвестициялар ағылады, құрылыс, инфрақұрылымды дамыту, туризм, мейманхана бизнесі, шағын және орта кәсіпкерлік саласында ондаған мың жұмыс орындары құрылады.

EXPO - 2017 – Қазақстан қоғамын одан әрі жұмылдырып, бүкіл халықтың әл-ауқатын арттыратын **ұлттық жоба.**

Осылар және Қазақстан қатысатын басқа да көптеген халықаралық оқиғалар өзіміз бір бөлшегіне айналған осы заманғы дүниенің негіздерін қоғамымыздың дербес түрде танып-білуінің **алтын парақтарына айналды.**

Дегенмен **біз дүниені танумен ғана болған жоқпыз.**

Біз дүниеге, өзіміздің кәміл сеніміміз бойынша, оны жақсырақ, адалырақ, әділірек ете түсе алатындай шешімдерді ұсындық.

Әділетті әлем сипатын жасаудың оңтайлы формуласын іздеу ойшылдар мен ғалымдарды, түрлі замандар мен халықтардың саяси

көсемдерін әрдайым толғандырумен келген өзекті мәселелердің бірі болған.

Дүниежүзілік экономика мен халықаралық қатынастардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін ұжымдық күш-жігердің қажеттігі анық байқалған осы заманғы жаһандану дәуірінде оның өтімділігі әсіресе, арта түсіп отыр.

2012 жылғы 24 мамырда мен V Астана экономикалық форумына келген **әлемдік атақ-абыройы бар беделді экономист-ғалымдардың бір тобымен** кездестім. Оған қатысушылардың арасында Нобель сыйлығының лауреаттары Роберт Манделл, Эдвард Прескотт, Джон Нэш, Эрик Маскин, Роберт Ауманн, Финн Кидланд, Кристофер Писсаридес, Мюррей Гелл-Манн, Ада Цокат, Ричард Джон Робертс, Кэрри Бенкс Муллис болды.

Әңгіме барысында 2009 жылдан бері **жаһандық дағдарыстың күрделі жағдайында келе жатқан** дүниежүзілік экономиканың хал-ахуалы жайында сөз болды.

Оның қарсаңында Астана экономикалық форумының пленарлық мәжілісінде сөйлеген сөзімде мен жаһандық рыноктардағы дағдарыс жағдайының жан-жақты бағасын беріп, ғаламдық проблемаларды жаңа, әлдеқайда кең ауқымда шешу қажет дейтін ой дамытқан болатынмын.

Менің сұхбаттастарым қазір дүниеде **әлем сипатын жасаудың дұрыс, толерантты байыптамасының көпе-көрнеу тапшылығы** байқалатынын баса айтты. Планетамыз өзінің технологиялық дамуында шарықтап алға кетті, ал дүниежүзілік экономиканы, халықаралық қатынастарды басқарудың көптеген қағидаттары мен әдістері **елеулі түрде кенжелеп, бұрынғы өткеннің мұрасындағы іліп аларлығы жоқ қалдықтарды малданумен келеді.** Мемлекеттер арасындағы сенімнің жетіспеушілігі жаһандық экономикалық дағдарысты еңсерудің сайма-сай шешімдерін қабылдауға кедергі болуда.

Ғалымдар XXI ғасырда әлем сипатын жасау жөніндегі менің идеямды қабылдады, **мен оны G-GLOBAL деп атауды ұсындым.** Бұл бастаманы дүние жүзіндегі әртүрлі елдердің V Астана экономикалық форумына жиналған ғылыми және саяси элитасы мақұлдады.

Ал біраптадан соң G-GLOBAL-дың рухани-адамгершілік қырларын 2012 жылғы мамырдың соңғы күндерінде Астанада өткен басқа бір беделді халықаралық форумға – **Дүниежүзілік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезіне** қатысушылар талқылады.

Діни көшбасшыларға – Мәскеудің және бүкіл Русьтің Патриархы Кириллге, Бүкілдүниежүзілік Ислам Лигасының Бас хатшысы Абдалла бен Мухсин ат-Түркиге, католик кардиналы Джованни Лайолоға, Израилдің бас ашкеназ раввині Иона Мецгерге және Съездің басқа да көптеген қатысушыларына өз идеяларыма ықылас беріп, қолдағандары үшін мен **ризашылығымды білдірдім.**

Кейінірек мен өзімнің G-GLOBAL бастамашылығым үшін түрлі елдердің ғалымдары мен саясаткерлерінен **толып жатқан ұнамды лебіздер** алдым. Көптеген хаттарда мәселенің **дер кезінде қойылғандығы атап көрсетіледі.** G-GLOBAL тақырыбын нақтылы қарастырған бірсыпыра халықаралық конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізілді. Сарапшылар **дүниені болашақта ойдағыдай дамытудың кілті жаһандық қатынастардың жаңа жүйесін** олардың экономикалық, саяси және мәдени-өркениеттік қырынан **түзуде** дейтін менің тезисімді мақұлдады.

Бүгінде **G-GLOBAL идеясы біздің жаһандық дүниеміздегі жолын бастап кетті** деуге толық негіз бар.

Жер-жердің бәрінде болған осынау қолдау мені G-GLOBAL идеясын, XXI ғасырдағы әлем сипатына деген, ғаламдық саясаттың жиырма жылдан асатын тәжірибесіне негізделген көзқарасымды неғұрлым жан-жақты ашып көрсететін **осы кітапты жазуға шабыттандырды.**

Мемлекетті басқару барлық іске **толайым беріліп, күн сайын сарыла жұмыс істеуді** қажет етеді. Қазақстан Республикасы Президентінің міндетін күн сайын, сағат сайын атқару еркін шығармашылыққа соншалықты көп уақыт қалдыра қоймайды.

Сонымен бірге **әлемді әділетті жайластырудың маңыздылығы айдан анық**. Басқа мемлекеттердің басшыларымен, шетелдік саясаткерлермен кездесулерімнің барысында мен екіжақты қатынастардың ғана емес, тұтастай дүниені дамытудың да көкейкесті мәселелерін сөзсіз түрде қозғаймын.

Басқаша болуы мүмкін де емес, өйткені **Тәуелсіздіктің 20 жылында Қазақстан ғаламдық жүйенің бір бөлшегіне айналды. Біздің дамуымыздың, тегінде ұлттық дамудың, серпіні мен нәтижелі болуы соның өзіндік хал-ахуалына байланысты**. Бір ұлт өзге дүниемен жәй таныс-білістікте, тұйық кеңістікте өмір сүретін заман келмеске кеткен.

Иә, **томаға-тұйық қоғамдардың мысалдары қазір де бар**. Бірақ олардың бірде-біреуін ойдағыдай деп атауға болмайды. Керісінше, тек ұлттық мүдделерін дүниенің ілгері жолымен үйлестіретін даму формуласын таба білген, өз экономикаларын жаһандық шаруашылық байланыстарына қосудың қисынды тетіктерін тапқан елдер ғана табысты болмақшы.

Сондықтан мен Қазақстанды ойдағыдай дамытудың аса маңызды жолдарының бірі күллі планетада неғұрлым қауіпсіз жағдай жасауды қамтамасыз ететін **өңірлік және жаһандық қатынастардың пәрменді жүйесін құру** деп білемін.

Бұл – бір ғана саммитте, әлдебір әмбебап халықаралық құжатты қабылдаумен шешіле қоймайтын кешенді міндет. Ол көп жылдық қажырлы еңбекті, сенімді арттыруды, әлемдік қауымдастықтың табанды күш-жігерін қажет етеді.

Дегенмен **бұл міндеттің орындалатынына** мен сенімдімін.

Өзімнің жаңа кітабымды мен тек саясаткерлерге ғана емес, біздің

дүниенің тағдырына енжар қарай алмайтын күллі оқырмандарға, Жер шарын мекендеген барша адамдарға арнап жаздым.

Мен **мұны өзімнің жас өркен отандастарым қызыға оқитын болар** деп үміттенемін.

Мен өскелең қазақстандықтарға: **біздің Қазақстанымыздың тағдыры өңірдің және дүниенің тағдырынан ажырағысыз** дейтін басты ойды жеткізсем деймін.

Күллі G-GLOBAL әлемінің маңызды бөлігі ретіндегі Отанымыздың игілігіне деген қамқорлық - **қазақстандықтардың дүниетанымының бір негізі**, біздің көпэтностық және көпконфессиялық толерантты қоғамымыздың табыстылығының қайнар көзі.





I ТАРАУ

ЖАҒАНДЫҚ ДАҒДАРЫС
G · GLOBAL
ЖӘНЕ ӘЛЕМІ

1. G-GLOBAL – БҮКІЛ ӘЛЕМ ҮШІН ИДЕЯ

Қиын-қыстау жүзжылдық: дүние өзгерістер дәуірінде

Адамзат ХХІ ғасырды **орасан зор үміттермен масаттана** қарсы алды. Өткен ғасырдың соңына қарай **халықаралық қатынастардың одақтық жүйесі мәңгі келмеске кеткендей еді**. Ол белгілі бір түрлерде қайталанып, дүние тарихына бір жарым ғасырдай уақыт бойы селбесумен келді де Еуропаны және әлемнің басқа да бөліктерін екі рет дүниежүзілік қанды соғыстарға киліктірді.

ХХ ғасырдың екінші жартысы көбінесе АҚШ пен КСРО сияқты астам державалардың айналасына топтасқан кереғар екі жақтың арасындағы «қырғиқабақ соғыс» белгісімен өтті. Дес бергенде, бұл текетірес Жер бетіндегі тіршілік атаулыға ядролық қатер төндірген ғаламат шиеленіске соқтырған жоқ.

КСРО-ның ыдырауы, Еуропа мен Азияда жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы бүкіл дүниенің **геосаяси бедерін өзгертті**. Бұрынғы таптаурын қалыптардан ада **жаңа халықаралық жүйенің** қалыптасу үдерісі басталды.

Бұл өзгерістердің сөзсіз жүруі тиіс болғанын қазір толық сеніммен айтуға болады.

Мен кеңестік астам державаны күйреуге соқтырған «жауыз ниетті тарихи жазмышты» ертелі-кеш жазғырушылар сойынан емеспін. Ол оқиғалардан, ең алдымен, **адамзат өркениетінің материалдық негіздері дамуының қисынды салдарын** көре білу керек.

Жаңа ғасыр мен жаңа Үшінші мыңжылдық дүниеге мемлекеттердің және халықтардың ынтымақтастығы мен өзара ықпалдастығының **жаңа мүмкіндіктеріне** өріс аша келді.

Қазақстан қиын-қыстау кезде тәуелсіз мемлекетке айналды. Бұдан жиырма жыл ілгеріде, 1992 жылдың наурызында **біздің еліміз Біріккен**

Ұлттар Ұйымының мүшелігіне **бірауыздан қабылданды**. БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб-пәтерінің алдында дүниежүзінің мемлекеттік жалауларының қатарында біздің Отанымыздың да күн дидарлы көгілдір Туы желбіреді.

1992 жылғы 5 қазанда мен жаңа елдің басшысы ретінде **БҰҰ Бас Ассамблеясының алдында тұңғыш рет сөз сөйледім**. Ұлттар қауымдастығы алдындағы сөзіме қандай толқу үстінде дайындалғаным әлі есімде. Біз өзіміз үшін дүние дидарын ашып, ал дүние біздің Қазақстанымызды ашып жатты.

БҰҰ Бас Ассамблеясының мәжіліс залында дүниежүзінің барлық мемлекеттерінің өкілдері қатысуы арқылы білінген планетамыздың **бірлігі мен әралуандығының керемет сезімі** әлі күнге дейін есімнен кетпейді.

Қазақстан ұлттардың әлемдік отбасына салтанатпен кірді және 20 жылдан астам уақыт бойы оның **лайықты әрі жауапты мүшесі** болумен келеді. Бұл бір менің ғана бағалауым емес. Бұл пікірді БҰҰ мен басқа мемлекеттердің басшылары, біздің достарымыз – шетелдік саясаткерлер, неғұрлым әр алуан елдердегі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері де айтады.

Мыңжылдықтар тоғысы **жаһандық экономиканың қалыптасу қарқынын тездетті**. 1995 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымы құрылды. 2002 жылдан бастап бірінші жалпыеуропалық және шынтуайтында дүниежүзіндегі екінші резервтік валюта – **еуро аймағы** толық қуатында жұмыс істей бастады.

Экономикалық жаһандану **әлемдік инвестициялар рыногының даму серпінін күшейтті**. Бұл Қазақстанның және экономикасы өтпелі формадағы басқа да елдердің нарықтық реформаларды жүргізуіне, ғаламдық экономикалық қатынастарға дербес субъектілер ретінде кірігуіне аса маңызды демеу болды.

Тәуелсіздіктің небәрі 20 жылында Қазақстан экономикасына **160 миллиардтай шетелдік инвестициялар тартылды**.



Бізге белгілі әлемдік компаниялар келді, жүздеген бірлескен кәсіпорындар құрылды.

Егер біз жаһандану берген артықшылықтарды пайдаланбасақ, өзге дүниеден томаға-тұйық қалсақ, Қазақстанның қалай дамып, өзіміздің қандай нәтижелерге жетерімізді бүгінде көзге елестетудің өзі қиын.

Бірақ жаһанданумен байланысты **жаңа ауқымды қоқан-лоққылар мен қыр көрсетулер де болды**. Олардың Орталық Азия мен Қазақстан өңіріне ықпалы, қажетті қарсы әрекет шаралары, ғаламдық және өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға деген біздің көзқарасымыз туралы мен өзімнің «Сындарлы онжылдық» дейтін кітабымда егжей-тегжейлі жазғанмын.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығы дүние үшін **шынында күрделі** болды. Ол тегінде **2001 жылғы 11 қыркүйекте**, Нью-Йорктегі Бүкілдүниежүзілік сауда орталығының егіз-екі ғимаратын талқандаған лаңкестік шабуылдан басталды. Ал оның хронологиялық аяқталуы **әлемдік қаржылық-экономикалық жүйенің адамзат тарихында болып көрмеген құлдырауымен** байланысты болды.

2007-2009 жылдардағы ғаламат дағдарыстың салдары дүниежүзінің барлық елдеріне дерлік тиді. Дегенмен, ол әсіресе, экономикасы әлі бекімеген, қажетті реформаларын жүзеге асырып, экономикалық өсуінің берік базасын жасап үлгермеген тәуелсіз жас мемлекеттерді тым қатты қаусатты.

Осынша терең әрі ауқымды дағдарысты ешкім күтпеген еді. Қазақстан қоғамын да шарпыған үрейдің биік деңгейін нақ осымен түсіндіруге болады. Көптеген сарапшылар мен талдағыштардың жаһандық дағдарыс барысын ойша қалпына келтіріп, «домино әсерін» бастап берген АҚШ-тағы ипотекалы несиені алғаш төлемеушіні анықтап, қолданыстағы несиелік тәсімдердің жарамсыздығын түсіндіріп, мемлекеттер тарапынан болатын бақылаудың әлсіздігіне назаланып әуре-сарсаңға түсетіні – бәрі-бәрі кейін болатын жағдай.

Оның себептеріне берілген әртүрлі бағалар аз болған жоқ, небір қитұрқы болжамдар да айтылып жатты.

Ғаламат экономикалық күйзелістің себептері мен бастауларын ұқсам деген мақсатпен өзім арнайы барған **2009 жылғы қаңтардағы Давос форумында** да сан-алуан пікірлерді аз естіген жоқпын. Бірақ, шынымды айтсам, ондағы сөздерде де нақтылы бірдеңе бола қойған жоқ.

Атап айтқанда, **жаһандық дағдарыстың негізінде адамның** соңғы ондаған жылдарда ақылға сыймайтындай дәрежеде өсіп кеткен ежелгі кінәраттары – **дүниеқоңыздығы, ұстанымсыздығы мен жауапсыздығы жатқанын** батыл мойындайтын ешкім болған емес.

Ырықтандыру идеологиясын сертке ұстап әрі оның өңін айналдырған дүниежүзілік қаржы элитасы іс жүзінде бақылаусыз кетті.

Туынды қаржы құралдары жалдамалы халықаралық агенттіктер мен аудиторлық компаниялардан жоғары баға алумен болды, ал дүдәмал пысықайларға керегінің өзі осы еді. Несие алудың жеңілдігі қаржы пирамидаларын жасаушылардың қолындағы шақыртқыға айналды.

Tax Justice Network халықаралық ұйымының бағалауынша, дүниежүзінің көптеген елдеріндегі дәулетті адамдар шынтуайтында **ел аумағынан тысқары аймақтарда 21 триллион долларды жасырып отырған болса керек.** Бұл алапат цифр АҚШ пен Жапонияның екеуін қосқандағы ІЖӨ-ден артық! Ол тек салық салудан жасырылған ақшалай активті ғана қамтиды. Ал жылжымайтын мүлік пен яхталарды қосқанда бұл **32 триллион долларға жетеді.**

Бүтіндей бір елдердің банкроттығы, экономикалық құлдырау мен әлеуметтік дағдарыс – осының бәрі **экономикалық дамудың жалған тәсімдерін күштеп таңудың салдарынан болды.**

Бүгінде үкіметтер ғана емес, сонымен қоса бүкіл дүние жұртшылығы да қаржы жүйесінің бақылаусыз ырықтандырылуы неге апарып соққанын біртіндеп түсініп келеді.

Дүниежүзінің көптеген мемлекеттері қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, отандық өндірушілерді, шағын бизнесті және

жұмыстылықты демеу үшін күш-жігер мен қаржы жұмсауға мәжбүр болды.

Мұнда да есеп мемлекеттер ең болмағанда алмағайып тепе-теңдікті ұстап тұруға жұмсайтын ондаған триллион доллармен өлшенеді.

Бірақ, **өкінішке қарай, осының бәрінен сабақ алу жағы кемшін.**

Дүниежүзілік дағдарыстың себептері, одан шығудың жолдары туралы менің ой толғамдарым сол мазасыз жылдарда жазылған **«Дағдарыстан шығу жолдары» және «Бесінші жол»** дейтін екі мақаламның негізіне алынды.

Оларда мен ғаламдық дағдарыс – ешқандай да табиғи апат емес және жағдайлардың кездейсоқ тоғысуы да емес, әлемдік жүйенің терең түкпірінде жатқан ішкі кемістіктің заңды түрдегі сыртқы салдары деген күмәнсіз сенімімді айтқан болатынмын.

Ал бұл кемістікті жою күллі әлемдік қауымдастықтың міндеті болуға тиіс-ті. Әрі мұнда барлық ескі қасаңдықтар мен таптаурындарды қайта қарайтын жаңаша көзқарас қажет болатын.

XXI ғасырда мемлекеттер мен өркениеттердің дүниежүзілік қауымдастығы **мейлінше жаңа, жүйелі қауіп-қатермен** бетпе-бет келді.

Осы жайларды ой елегімнен өткізе отырып, мен жаңа ғасырдың екінші онжылдығы басталар алдында адамзат өз дамуындағы **бір дағдарысты емес, бір мезгілде өтіп жатқан дағдарыстар жиынтығын туғызды** деген қорытындыға келдім.

Геосаяси, қаржылық, экономикалық, энергетикалық, экологиялық, азық-түліктік, әлеуметтік, дүниетанымдық осы ғаламат дағдарыстар өзара жаңғырысып және содан күшейе түсіп, іс жүзінде **ортақ бір жүйелік жалпыөркениеттік дағдарысқа** ұласады.

Дүние **алапат технологиялық өзгерістердің жаңа толқынының** табалдырығында тұр.

Үшінші жаһандық индустриялық-технологиялық революцияның от-жалынынан сенімді түрде өткен елдер ғана бүгін ұтысқа шығады.

Ол дамудың бұрын-соңды болмаған мол мүмкіндіктеріне жол ашады.

Қазір дүниеде **қайта индустрияландыру үрдісі** байқалады.

Еуропа елдері өздерінің индустриялық базаларын дамытудың жаңа айналымы қажеттігін түсіне бастады. Қазақстан да жаңа индустрияландырудың нақ осы жолына түсті.

Алдағы онжылдықтарда кез келген қоғамның өмірлік күшін **инновациялық-индустриялық дамуға қабілеттілігі** анықтайтын болады.

Өндірістегі, ақпараттағы, әлеуметтік ұйымдағы жаңа технологиялар экономика, коммуникациялар, халықаралық қатынастар туралы бұрынғы көзқарастарды «төңкеріп» тастайды.

Бұл ретте дамыған елдер мен даму деңгейі төмен елдердің арасындағы экономикалық және технологиялық алшақтықтар азаймайды, қайта көбейе түседі.

Адамзаттың аса өзекті проблемаларының қатарына жаһандық энергетикалық дағдарыстың тереңдеуі мен планетадағы ауа райының қолайсыз өзгерістерінен болатын қатердің күшеюі кірді.

Жаһандық экономиканың, дүниедегі халық санының қауырт өсуі объективті түрде минералдық, энергетикалық, сондай-ақ табиғи ресурстардың сарқылуына – құнарлы жерлердің қысқаруына, азық-түлік пен ауыз судың тапшылығына апара жатыр. Оның үстіне климаттың нашарлауы және адамның белсенді өндірістік қызметі адамдардың өмір сүруіне қажетті планеталық кеңістікті тарылтып барады.

Бұл жағдайда **өңірлік және жаһандық бәсеке күрт артып**, ресурстар үшін күрес соның жуан ортасында болады.

Дүниежүзілік экономика 2007-2009 жылдардағы жаһандық дағдарыстан дамудың тұрақты жолына шыға алған жоқ.

Көптеген дамыған елдерде жұртшылықтың **ұлттық игіліктерді әділетсіз бөлуге**, ғаламдық қаржы жүйесінің кінәраттарына қарсы бағытталған кең құлашты наразылық қозғалысы байқалады.



Геосаяси жағдайлар жайбарланбай, керісінше, шиеленісе түсуде. Дүниенің және халықаралық қатынастардың күллі жүйесінің ауысуы қарқын алып барады.

Біз ХХ ғасырдың соңына қарай дүние тәртібі жақсарады деген үміттің орнына **XXI ғасырдың бастауы қауіп-қатер мен қыр көрсетулерге толы болғанын** көріп отырмыз.

Қиыншылықты тек жекелеген елдер ғана көріп отырған жоқ. Тұтас адамзат өркениеті қиын-қыстауды бастан өткеруде.

«Тұтыну қоғамының» пайымдамасы мен әлеуметтік практикасы шынтуайтында барлық жетекші елдерге тамыр жайып, әлемдік алаңда дамудың талассыз, «бірден-бір дұрыс» өлшеміне айналып алып, **жазылмас дерті бар екенін** көрсетті.

«Тұтыну» идеясы әлемнің дамыған елдерінде жаппай әлеуметтік масылдық туғызып, жаһандық дағдарыстың ең басты себептерінің біріне айналғанына бүгінде бүкіл дүниенің көзі анық жетіп отыр.

Ол қоғамдық игіліктерді әділ бөлу қағидатына қайшы келіп, бүкіл дүниені дерлік, соның ішінде неғұрлым дамыған елдерді де қамтыған **терең қарсылық толқынын тудырды**. Ол жекелеген қоғамдардың ішінде ғана емес, халықаралық деңгейде де масылдық пиғылының өсуіне ықпал етті.

Әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс әлемдік әлеуметтік дағдарысқа ұласып, көптеген дамыған мемлекеттерді де шарпыды. Халықаралық еңбек ұйымы **жаһандық жұмыссыздық қаупі туралы** қорытынды жасауда.

2012 жылы ол Еуропаның жетекші елдерінде өткен ғасырдың соңындағы көрсеткішінен: Испанияда – 25,8%, Ирландияда – 15,1%, Португалияда – 15,7%, Италияда – 10,8%, Францияда – 10,8%, Польшада – 10,1%, Германияда – 5,4% артық болды және т.с.с. Әрі мұның жартысына жуығы – жас адамдар. Ал бүкіл дүниежүзінде еңбек жасындағы әрбір үшінші жұмыскердің, яғни **1 млрд. 100 млн. адамның** тіпті жұмысы жоқ немесе өз отбасымен бірге күніне 2 долларға күн көреді.

Жекелеген ұлттық экономикаларды құтқаруға, Дүниежүзілік Банк пен Халықаралық валюта қорының балансын ұстауға қыруар қаржы бөлінеді.

Өкінішке қарай, **G-8 және G-20** пішімдерінде қабылданатын оң шаралар әзірге осымен шектеледі. Бірақ **әрбір жаңа миллиард доллар миллиардтаған жаңа әлеуметтік түйткілдерді тудыруға қабілетті**. Астана экономикалық форумында мен бұл жағдайды өртті бензинмен өшіруге теңегенім бар.

Жаһандық дағдарысқа қарсы шаралардың жартыкештігі – басқа бір түрдегі жүйелік дағдарыстың – халықаралық қатынастар коррозиясының көрінісі.

Жер-жердің бәріне ырықтандырылған игіліктерді тықпалау әрекеттері нысанаға алынған елдердегі әлеуметтік-саяси жағдаймен, сондай-ақ олардың әлгіндей игіліктік координаталар жүйесінде өмір сүруінің нақты мүмкіндіктерімен қайшылыққа келді.

Оның нақты мысалы – **Таяу Шығыс пен Солтүстік Африканың «араб көктемі»** дейтінді бастарынан өткерген **елдеріндегі жағдай**. Олардағы халықтың әлеуметтік хал-ахуалы күрт төмендеп кетті, ал саяси тұрғыда мемлекеттіліктің зайырлы түрінен теократиялық сипаттағы тарихи кері кетуі байқалады.

Халықтардың «еркін таңдауы» туралы ұранның бүркенішімен базбір елдерде **іс жүзінде** жалған демократизмнің **қарабайыр формалары заңдастырылып**, «көзге – көз» қағидатына негізделген кәдімгі құқықтың үстемдігі қайта орнықтырылуда.

Араб дүниесінің көптеген елдеріндегі тұрақсыздандыру сценарийлері бір-біріне айна-қатесіз ұқсайды. Біріншіден, қарсылық қимылдары әсіресе, экономикадағы, әлеуметтік саладағы және халық тұрмысының деңгейіндегі даму қарқыны араб дүниесінде неғұрлым жоғары елдерде күшті байқалды.

Шындап келгенде, революциялар бұл елдерді көп кейін шегеріп тастады.

Екіншіден, ең алдымен, батыстың демократиялық игіліктерін өз елдеріндегі дәстүрлі мұсылман мәдениетімен үйлестіру әрекетінде табысты болған режимдер құлады.

Үшіншіден, Таяу Шығыс өңірлеріндегі жағдайдың ойрандалуы жаһандық экономикалық бәсекенің салдары мен құралы ретінде көрінеді.

Ислам экономикалық үлгісінің беделіне нұқсан келуде, бүкіл Ислам дүниесінің экономикалық өсу негізі шайқалуда. Араб дүниесімен инвестициялық ынтымақтастықтың болашағы әлсіреуде.

Мұнай бағасының күрт ауытқуларымен бірге әлемдік энергетика рыногы тұрақсыздықтың жаңа өрісіне шықты. Көмірсутектері нарықтық құнының өсуі мұнай өндіруші елдерді мұнай долларының жаңа толқынына апарып қосуы мүмкін, ал бұл **олардың технологиялық кенжелеуін одан әрі арттыра түседі.**

Еуропа рыноктарымен тығыз байланысты Таяу Шығыстағы тұрақсыздық объективті түрде **еуроның шебін әлсіретеді.**

Мысырдың, Ливияның, Алжирдің, Тунистің, Сирияның және басқа елдердің тәртіпсіздіктер кесірінен ондаған жылдарға кейін шегерілген экономикалары **оңтүстік Еуропа елдерімен біртұтас проблемалық дақ болып** ұласады.

Осының бәрі Еуропа елдеріндегі мультикультурализм саясатының одан әргі дағдарысын білдіреді.

Жерорта теңізі одағы туралы көзқарастың күлі көкке ұшты. Өркениет альянсы жайындағы бастама да дүдәмалға айналды.

Таяу Шығыстағы күйзелістердің ең ықтималды геосаяси салдары – **саяси Исламның өршуі.**

Дүниедегі осындай ғаламдық тұрақсыздық жағдайында **жаңа геосаяси ойын** басталып келеді. Өз бетімен-ақ ғаламдық дүние тәртібі қалыптасып жатқандай әсер туады, ал оны «**бұзылған көпкіндіктілік**» деп белгілеуге барлық негіз бар.

Көптеген ұлттық мемлекеттердің халықаралық аренадағы рөлін көмескілендіру әрекеттері бар. Оларға тек **ғаламдық статистердің**, шикізат пен зияткерлік ресурстарды жеткізушілердің **міндеті жүктеледі**.

G-20 тобының құрылуымен бірге әлемдік қауымдастықтағы жағдайдың өзгеруіне қатысты белгілі бір үміт пайда болды. Бұл пішім дүниежүзілік экономиканы реформалау туралы пікір алмасудың ауқымын кеңейтті.

Бірақ бүгін, дағдарысқа қарсы «жиырмалықтың» алғашқы саммитінен кейін 4 жыл өткенде, мұндай **пішім жетімсіздеу көрінеді**. G-20 тобының шеңберінде жаһандық экономикалық дағдарыстарды болдырмау жолдарын іздеудің барабар ғаламат тетігін құру әрекеттерін әзірге ойдағыдай деп айту қиын.

Ал егер ашығын айтар болсақ, әзірге G-20 шеңберінде **ғаламат пікірталастың ырымы ғана жасалады** және, мықтағанда, ұсыныс сипатындағы екіұшты шешімдер қабылданады.

Бүгінде адамзат алдында бірқатар ірі проблемалар тұр.

Біріншіден, егер дүниежүзілік қаржы құрылымында тез әрі сындарлы өзгеріс болмаса, онда адамзат кез келген сәтте қаржы рыноктарының құлдырауын күтіп, үнемі жайсыз жағдайды бастан кешірумен болады.

Екіншіден, экономикалық дамуға және оны энергетикалық жағынан қамтамасыз етуге деген қазіргі көзқарас сақталған жағдайда адамзаттың күнкөріс деңгейі төмен жартысы еуропалық елдердің қазіргі дәрежесіне жетуі үшін 50 жылдан астам уақыт керек.

Үшіншіден, дүниенің ақпараттық және технологиялық ауысуы адамзатты «кіріптар етіп», оны басы бүтін ақпараттық және коммуникациялық желілердің тәуелділігіне ұшыратуы мүмкін.

Төртіншіден, табиғат апаттарының саны артып барады. Егер жуық арадағы жылдарда осы құбылыстарды болдырмаудың пәрменді амалдары табылмаса, адамзат осының салдарынан экономиканы өсіру қарқынынан айрылып қалады.

Бесіншіден, дүниежүзілік экономика мен энергетиканың жұмыс істеп тұрған құрылымы 2040 жылға қарай жаһандық экологиялық апатқа соқтыруы әбден мүмкін.

Алтыншыдан, жер-жердегі геосаяси, өркениеттік және энергетикалық жанжалдар жаһандық қарулы қақтығыстарға ұласып кетуі әбден мүмкін.

Жетіншіден, моральдық-адамгершілік құндылықтардың жаһандық дағдарысы бой көтеріп келеді, көптеген қоғамдарда «жалған бостандықтар» тықпалануда, ал адал еңбекке деген ниеттің орнын тез баюға және толассыз тұтынуға дейтін құмарлық басуда.

Бүгіннің өзінде-ақ көптеген саясаткерлерде, ғалымдар мен сарапшыларда жаһандық жүйелік дағдарыстың күрделілігін парықтау жаһандану жағдайындағы жаппай жайлаған осынау дағдарысқа қарсы тұрудың пәрменді формаларын жасау қажеттігін айқын түсінумен үйлеседі.

Ұлттық та, жаһандық та проблемаларды тек халықаралық ықпалдастық пен ынтымақты серіктестік қана шеше алады.

Саяси және рухани жетекшілердің, ғалымдардың, бизнесмендердің, мәдениет қайраткерлерінің жауапкершілігі – барша ғаламдыққауымдастықтың жауапкершілігі парасаттылық негіздерге, ғылыми болжамдар мен жинақталған ресурстарға сүйене отырып, жаһандық қатынастардың сындарлы жүйесіне көшуді қамтамасыз етуде, барлық елдер мен халықтардың мүдделері үшін пәрменді дүние тәртібін орнатуда екеніне мен сенімдімін.

Осы тұрғыда мынадай тағдыршешті сұрақтарға жауап беру маңызды:

- **XXI ғасырдың жаһандық дүниесі қандай болу керек?**
- **оның негізгі үш үрдісі – жаһанданудың, өңірленудің және ұлттық жаңарудың оңтайлы үйлесімін қалай табуға болады?**
- **ұлттық міндеттерді, өңірлік проблемаларды және жаһандық талаптарды қалай тиімді үйлестіруге болады?**

ЖАҒАНДЫҚ ЖАУАП ІЗДЕУ ЖОЛЫНДА

XXI ғасырда халықаралық қатынастардың қарқыны күрт өсті. Әр мемлекет әлемдік проблемаларды шешуге өз үлесін қосуға ұмтылады. Қазақстан да – сол қатарда.

Өз Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен бастап-ақ біз дүниежүзілік қауымдастықтың істеріне қатысуға дәйектілікпен, мақсатты түрде талпыныс жасап, сындарлы халықаралық бастамаларымызды ұсынумен келеміз.

Бүгінде Қазақстан дейтіннің не екенін дүниеде ешкімге түсіндіріп жатудың қажеті жоқ.

90-шы жылдардың басындағы тұңғыш шетелдік кездесулерімде менің Қазақстан жайын түсіндіріп қана қоймай, оның дүние картасының қай жерінде орналасқанын көрсетуіме де тура келетін.

Салыстырмалы түрдегі осынау қысқа мерзімде еліміз жүріп өткен жолдың ауқымын түсіну үшін осыны ескеру қажет. Ол – талапайы шыққан астам державаның еренсіздеу бір қиырынан бастап халықаралық істерде елеулі рөл атқаратын, бейбітшілікті нығайту мен дүние тәртібін дамытуда да нақты идеялар ұсынып жүрген мемлекетке дейін ұласқан жол.

Тәуелсіздік кезеңінде біз ұсынған бастамаларды қысқаша шолып шығудың өзі ғаламдық мәселелерді шешудегі қазақстандық көзқарастардың қаншалықты ауқымды екенін көрсетеді.

1991 жылы мен өз шешіміммен **Семей сынақ полигонын жаптым**, ал 1994 жылдың өзінде-ақ Қазақстан **ядролық қарудан бостан мемлекетке айналды**. 2008 жылы БҰҰ полигонды жабу күнін **ядролық сынауларға қарсы халықаралық іс-қимыл күні** деп жариялады. 2010 жылы мен **ядросыз дүниенің жалпыға бірдей декларациясын** тұжырымдап, қабылдауға ұсыныс жарияладым.

1992 жылы біз **Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шараларының кеңесін (АӨСШК)** шақыру жөнінде бастама

көтердік, сондай-ақ әскери бюджеттерден түсетін қаржының бір пайызын аудару арқылы қалыптасуға тиісті **БҰҰ бітімгерлік қоры** туралы идеяны ұсындық.

Бүгінде АӨСШК өз дамуында толыққанды халықаралық қауіпсіздік құрылымына ұласудың аз-ақ алдында тұр.

1994 жылы **Мемлекеттердің еуразиялық одағын** құру бастамасы ұсынылды. Бүгінде ол Қазақстанның, Ресейдің және Беларусьтің Кеден Одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістігін құру, 2000 жылдан бері жұмыс істейтін Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың біртіндеп экономикалық одаққа айналуы арқылы дәйектілікпен жүзеге асырылып келеді.

2000 жылы Қазақстанның белсене араласуымен құрамында Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан бар және кейін оларға Өзбекстан қосылып, **Шанхай ынтымақтастық ұйымы** құрылды.

Өңірлік тұрақтылықты нығайту, еуразиялық континент мемлекеттері арасындағы ауқымды ынтымақтастықты жолға салу тұрғысынан бұл қадамдардың маңызы зор болды.

2001 жылы Қазақстан **Дүниежүзілік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін** шақыруды ұсынды. **Діни көшбасшылар кеңесі** құрылып, іске кірісті. Бұл алаң жаһандық төзімділікті нығайтуда зор рөл атқаратынына мен сенімдімін.

2002 жылы БҰҰ-ның Йоханнесбург саммитінде сөйлеген сөзімде мен **әлемдік экологиялық проблемалар тізбесін** жасау туралы ұсыныс айттым. Содан бірер жылдан соң, 2007 жылы **Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегия, Энергия жеткізілімдері тұрақтылығының Еуразиялық пактісі** туралы ұсыныстар айтылды, содан соң – **«Жасыл көпір» идеясы** ұсынылды.

2004 жылы мен **БҰҰ Қауіпсіздік кеңесін кеңейту** және БҰҰ Бас хатшысының жанынан Өңірлік ұйымдар кеңесін құру қажеттігі туралы ұсыныс жасадым.

2011 жылы **БҰҰ Бас хатшысы орынбасарларының бірі қазақстандық дипломат және саясаткер Қасымжомарт Тоқаев болғанын** атап өткім келеді. Сонымен бір мезгілде ол БҰҰ-ның Женевадағы кеңесін басқарады және БҰҰ-ның Қарусыздану жөніндегі конференциясының бас хатшысы болып істейді.

2010 жылы Қазақстан **ЕҚЫҰ төрағасы** ретінде Астанада **ЕҚЫҰ саммитін** өткізуге қол жеткізді әрі онда **Еуроатлантикалық және Еуразиялық қауіпсіздіктің бірегей континенттік тұғырнамасын** қалыптастыру идеясын ұсынды.

Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарында ұсынған бастамалары мұнымен де бітпейді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз сыртқы саясатының онша ұзаққа созыла қоймаған тарихы біздің халықаралық аренадағы белсенді ұстанымымыздың **жоғары мәнділігін көрсетеді.**

Жаһандық дағдарыс осы күнгі дүниенің, оның экономикасының қандай қарқынмен өзгеріп жатқанын көрсетті. Әрі сол тектоникалық өзгерістерге кейде ең мықты дамыған мемлекеттер де ілесе алмай қалады.

Жаһандану **әрбір жеке елдің** күллі адамзат тағдыры үшін **жауапкершілігінің құнын күрт арттырды.**

Өзіңіз ойлап көріңізші, бізбен бір мезгілде дерлік тәуелсіздік алған елдердің әлемдік қауымдастықтың «бас ауруына» айналғанын, көршілеріне және тұтастай әлемдік қауымдастыққа көптеген түйткілдер туғызып отырғанын көрсететін мысалдар бүгінде жетіп артылады.

Сыртқы саясат алаңындағы біздің белсенділігіміз тек өзімізді орнық-тырудың, шетелдік серіктестеріміздің құрметіне ие болудың, халықаралық атақ-абыройымызды шығарудың ғана амалы емес болатын.

Қазақстанның сыртқы саясатының негізінде **қашан да күллі дүние елдерінің арасындағы ажырағысыз өзара байланысты түйсінудің биік парасатты қағидаты болды, ал жаһандану заманында бұл елдер, қалай дегенмен де, тұтас бір бүтінді құрайды.**

Біздің жауапкершілігі жоғары, теңдестірілген, сарабдал саясатымызға бүкіл әлем куә, оны біз дүниенің үйлесімді дамуына қосатын үлесіміз деп санаймыз.

2007 жылғы қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-ші сессиясында сөйлеген сөзімде мен былай деген болатынмын:

«Егер біз араздыққа үйлесімділікті, төзімділік пен руханилықты қарсы қойсақ, егер өзара сенім мен ынтымақтастықты негізге алатын болсақ, онда дүниеде шешімі табылмайтын проблеманың болмасына мен кепілмін. Осыны түсіну бойға үміт ұялатып, болашаққа деген сенімді нығайтады».

Қазақстан осы күнгі дүниені дамытудың сан алуан мәселелері бойынша ұсыныстарын белсенді түрде алға тартумен келеді. Біздің үніміз естір құлаққа жетеді, біздің пікіріміз еске алынады.

Дүниежүзілік саясатта жеткен шептерімізді одан әрі нығайта беру, ХХІ ғасырдағы халықаралық қатынастар мен дүние тәртібінің жаңа құрылымын қалыптастыру барысында жаһандық шешімдер қабылдау үдерістеріне белсене қатысу біз үшін маңызды.

G-CLOBAL ИДЕЯСЫНЫҢ ТУУЫ

Жаһандану халықаралық қатынастардың күллі жүйесіне айрықша қарқындылық пен серпінділік берді.

Жақында АҚШ Мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон осы қызметте өзінен бұрын болғандардың бәрінің ішінде шетелдерге жасаған сапарларының саны жөнінен рекорд жасағанын оқыдым. Мемдепартамент қызметкерлерінің есептеуі бойынша ол 3 жылдан астам уақыт ішінде 100 рет сапарға шығып, дүниенің 98 елінде болыпты, 1350000 километр жол жүріп, шын мәнінде жер экваторын 33 рет айналып өтіпті.

Менің ойымша, бұл – американ дипломатиясы белсенділігінің айқын көрсеткіші ғана емес, сонымен қоса Америка Құрама Штаттарымен бірге дүниенің басқа да державалары мен мемлекеттерінің көпшілігі

қатысатын **жаһандық үнқатысулардың мән-маңызы күрт өскендігінің көрінісі.**

Бүгінде мемлекет басшыларының саммиттері шын мәнісінде халықаралық аренадағы «қатардағы» құбылысқа айналды. Ең бері салғанда, екі айда бір рет әйтеуір бір жерде бірнеше мемлекет басшыларының әртүрлі пішімдегі қатысуымен жоғары деңгейдегі кездесулері міндетті түрде өтіп тұрады.

2007-2009 жылдардағы жаһандық дағдарыс **дүниежүзілік қаржылық-экономикалық жүйенің теңдесі жоқ сілкінісі болды.** Содан бергі үш жылдан аса уақыт бойы дағдарыс тақырыбы халықаралық келіссөздердің бәрінің дерлік күн тәртібіндегі міндетті анықтауышқа айналды.

Алайда **бұл дағдарыстың табиғатын жұрттың бәрі бірдей түйсіне қойған жоқ.** Неге десеңіз, әңгіме жаңа сыртқы несиемен, әлдебір ішкі резервтерді пайдаланумен еңсере қоятын уақытша қиындықтар туралы емес. Шын мәнінде, адамзат үшін әлдеқайда ғаламдық шешімдерді және жаһандық экономика мен саясаттың негіздерін өзгертуді қажет ететін **өзіндік бір ақиқат сәті туғандай.**

2011 жылы Қазақстан **Тәуелсіздіктің 20 жылдығын атап өтті.** Біздің жаңа еліміздің қалыптасуындағы күрделі кезеңнің қорытындыларын таразылай отырып, мен **жас өркен экономикамызды қолайсыз сыртқы жағдайлардан қайткенде сенімді қорғауға болатыны жайында** көп ойландым. Екі онжылдықтың беделінде біз елімізді елеулі экономикалық қатерге ұрындырған сондай ықпалды бірнеше рет бастан өткердік.

Сонда мен қазіргі заманның қайшылықтарын біржақты жолмен шеше қоюға шамамыздың жетуі неғайбіл деген қорытындыға келдім. Бүкіл дүниенің жұмылған күш-жігері қажет. «Үлкен сегіздік» пен жаңа пайда болған «Үлкен жиырмалық» шеңберінде дағдарысқа қарсы шараларды талқылау үдерісі жүріп жатты.

Бірақ жаһандық үнқатысудың **неғұрлым кең пішімі қажет болды.**



АСТАНА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМЫ



Менің бастамашылығым бойынша құрылған **Ғалымдардың еуразиялық экономикалық клубы** 2008 жылдан беріде Қазақстан астанасында **Астана экономикалық форумын** өткізе бастады.

Осы үнқатысу алаңы белгілі экономистердің, саясаткерлердің, бұқаралық ақпарат құралдары мен жаһандық бизнес-құрылымдар өкілдерінің бастарын қосып, қысқа мерзімде әжептәуір беделге ие болды.

Астана форумының пленарлық мәжілістеріне ұдайы қатысып, оған жиналғандармен кездесе жүріп, әр жолы әлем жұртшылығының ең бір алуан жіктерінің өкілдері дүние тағдырына қаншалықты алаңдаушылықпен қарайтынына менің көзім жетті. Жаһандық дағдарыстан шығу мәселелері, дүниені одан әрі дамыту жайлары

тек саясаткерлерді ғана емес, ғылым мен мәдениет қайраткерлерін де, дүниежүзінің көптеген елдеріндегі миллиондаған қарапайым адамдарды да толғандыратынын білдім.

Сондықтан мен **үздіксіз үнқатысу ұйымдастыру** үшін ғаламтор беретін ақпараттық жаңа мүмкіндіктерді пайдалануды ұсындым.

Астана экономикалық форумының сайтында **коммуникативтік алаң құрылды**, оны біз **G-GLOBAL** деп атадық.

Ғаламторды пайдаланушы кез келген адам осы алаңға кіріп, өзін толғандыратын кез келген мәселе бойынша пікір таласына араласып, Астана форумына қатысушыларға бағытталған ұсыныстарын қалдыра алатын болды.

Бұл **сұхбаттың демократиялық жаңа формасы** еді, жұрттың бәрі – саясаткерлер де, мамандар да, ғалымдар да және жәй ғана алаң көңіл таза адамдар да оған қатыса алады.

Біз Бесінші Астана экономикалық форумына өзірлікті осы пішімде жүргіздік. Небәрі бірер айдың ішінде **G-GLOBAL коммуникативтік Ғаламтор-алаңының күнделікті адамдар келімі едәуір өсті**. Оған **1 миллионнан аса** адам келді, **30 мыңнан аса** пайдаланушы оның тұрақты қатысушыларына айналды.

Шын мәнінде, тарихта тұңғыш рет **дүниежүзілік жаңа экономикалық тәртіпті** қалыптастырудың жолдарын **қарқынды желілік іздеу басталды**. Оған тек сарапшылар ғана емес, дүниенің **150 елінен** азаматтардың қалың топтары қатысты.

Бұл постиндустриялық және ақпараттық қоғамдар жағдайында **жаһандық сұхбаттың ілгерінді формасы** ретіндегі **G-GLOBAL идеясының көкейтестілігін** көрсетті. G-GLOBAL алаңындағы интерактивтік пікірталастар тақырыбының қарқынды түрде дүниежүзілік экономика мен валюта-қаржы жүйесін реформалау мәселелеріне **ұласуының** нышандық мәні бар.

Инновациялық дамудың, ядролық және экологиялық қауіпсіздіктің, этносаралық және дінаралық төзімділіктің, геосаясаттың



кең өрісті келелі мәселелері және басқа да жайлар талқыланды.

Басқаша айтқанда, G-GLOBAL шынтуайтында көпкіндікті дүниенің **біріктіруші идеясына** айнала бастады. Іс жүзінде әрбір интерактивтік жолдамада XXI ғасырдағы тұрақты және әділетті әлем сипатын жасау мен **дүниені жүйелі, үйлесімді жаңғыртуға деген үміт** айқын «аңдалатын».

Сөйтіп, өзінің бірінші оқылымында G-GLOBAL идеясы дүниежүзілік қаржы-экономикалық дағдарысының жаңа толқынын болдырмаудың жолдарын іздеуде **күш-жігерді біріктіруге әлем жұртшылығын шақырған менің үндеуім болды.**

Әрі бұл үндеу құлақтарға жетті де. G-GLOBAL идеясы дүниежүзілік қауымдастықтан түсіністік пен қолдау тапты.

Оған деген алғашқы лебіздерді талдау бірқатар маңызды қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Біріншіден, жаһандық коммуникациялардың даму деңгейі бұрын ешуақытта мұндай болған емес. Олар бүгінде және әсіресе, болашақта қашықтықтарды қысқартып, уақытты «сығымдауға», тарихи, саяси және басқа да бөгесіндерді еңсеруге қабілетті.

Бұл әлеует тек ақпараттық арандатулардың, «қолайсыз» қоғамдардағы моральдық негіздер мен қоғамдық тәртіпті нысаналы түрде бүлдірудің құралы бола алмайды. Ол **сындарлы мақсаттарға,** соның ішінде дүниені тұрақты түрде дамыту үшін жаһандық үнқатысуларды орнықтыруға **жұмсалуды тиіс.**

Екіншіден, бүгінде дүние **жаңа жағдайда өмір сүруді үйренуде.** Әрі бұл сабақ жайдан-жай игерілмей, әлдебіреулер үшін зор қиыншылыққа түсуде.

Мен, ең әуелі, қоғамдардың өркендеу жолымен, жаңа технологиялық салт-сана және қоғамдық қатынастар деңгейіне қарай эволюция жолымен жүру қабілетін айтып отырмын.

Үшіншіден, XXI ғасырда жаһандық дүниенің құрылымы көп жайларға байланысты. Солардың ішінде қазір бүкіл дүние

байтағындағы **миллиардтаған адамдардың әділеттілікке талпынысын** байқауға болады.

XXI ғасырда әділеттілік дейтін тек мораль категориясы ғана емес. Ол – ұлттық және жаһандық ойдағыдай дамудың шешуші шарттарының бірі.

XXI ғасырда «үшінші дүниенің» табиғи ресурстарын «соруға» негізделген әлеуметтік-экономикалық үлгілер – азғын. Сонымен бірге өндірістік емес мақсаттарға деп сырттан ұшы-қиыры жоқ қарыз алу және өз елінің индустриялық өркендеуі мен адам әлеуетін дамытуға қаржы салудан бас тарту практикасының келешегі бұлдыр. «Араб көктемінің» де және ішінара, «еуроаймақ дағдарысының» да бізге берер сабағы осындай.

Төртіншіден, халықаралық қауымдастық жаһандық тарихтың ең санқырлы әрі күрделі кезеңдерінің бірін бастан өткеріп жатыр. Бұрын ешуақытта адам баласының ойдағыдай дамуына да, өзін өзі құртуына да мұншама зор әлеуеті болған емес.

Осыны түйсіну жалпыәлемдік проблемаларды тек қана кешенді негізде шешудің өзектілігін арттырады. Бүгінде тек экономика немесе «климаттың жылынуы» проблемасын шешу жеткіліксіз. Сонымен бірге ядролық қатерге, бықси бастаған жанжалдарға, төзімділіктің жетіспеушілігіне немесе әлеуметтік топтардың болсын, сондай-ақ жекелеген мемлекеттердің болсын деңгейіндегі ауқымды масылдыққа бастайтын әлеуметтік саясаттағы кереғарлықтарға назар аудармасқа болмайды.

Бесіншіден, халықаралық қатынастардың бүкіл жүйесін тоқырау жағдайынан шығарудың маңызы зор.

Мұндағы басты міндет – ашық райлы әлемдік саясатты қалыптастыру. Оның іргетасын мемлекеттер арасындағы сенімнің биік деңгейі және олардың әрбір өңір мен бүкіл дүниенің бүгіні мен болашағы үшін өзара жауапкершілігі құрауы тиіс.

Бұқпантайлы «бүлдіргіш көпкіндіктілік» қағидаттарына –



дүниежүзілік саясаттың астыртындығына, төзімсіздігіне, екіжақты стандарттарды пайдалануға, мемлекетаралық проблемаларды шешудегі күш қолдану әдістерінің басымдылығына, тұрақсыздықты экспорттауға және басқаларға – сындарлы жаһандық баламаны қарсы қою керек.

G-GLOBAL идеясының **ерекшеліктері мен әлеуеті** неде?

G-GLOBAL – **қасаң теория емес, ашық жүйе**. Ол XXI ғасырдағы әлем сипатын реформалаудың кешенді идеясы мен нақты жоспары түріндегі неғұрлым өзекті жаһандық бастамаларды жүйеге келтіруге мүмкіндік береді.

Ең маңыздысы – жаһандық проблемаларды талқылауға неғұрлым қалың нөпір қатысушыларды – мемлекеттердің, халықаралық ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдардың басшыларын, ғалымдар мен сарапшыларды, халықаралық бизнес басшылары мен ірі ұлттық кәсіпкерлерді, саясаткерлерді және дүниенің әртүрлі елдерінің азаматтарын тартуды қамтамасыз етеді.

Дүние жұртшылығы G-GLOBAL бастамасынан дүниежүзілік қауымдастықтың көпқырлы әділеттілік қағидатын қажетсінуіне дер кезінде берілген жауапты көрді. Ақпараттық заманның өркениеттік идеясы ретінде ол барлық елдерге, Ғаламтор кеңістігінің барлық аймақтарына, Бүкіләлемдік желідегі әділетті және қауіпсіз дүние тәртібінің орнауына мүдделі миллиондаған пайдаланушыларға бағытталған.

G-GLOBAL бастамасы **адамзат тағдыры туралы жаһандық пікірталасқа келелі сипат беріп**, барлық кінәратсыз күштерді прогресс пен болашақтағы неғұрлым қауіпсіз дүние үшін сындарлы негізде біріктіре алады.

Жаңа ақпараттық мүмкіндіктер тұрақсыздықты экспорттаудың бүлдіргіш мақсатында жанталаса пайдаланылып жатқан жағдайда G-GLOBAL идеясы дағдарыстан шығудың жолдарын желі бойынша іздеуді жолға қоюға, ол үшін бүкіл дүние жүзіндегі миллиондаған ғаламтор пайдаланушыларын біріктіруге үндейді.

Мен барша жұртты G-GLOBAL идеясын талқылауға шақырамын. Оның әлеуеті дүние жұртшылығының кең қолдауымен **өсе беретініне** сенімдімін.

Сондықтан мен осы аттас коммуникативтік алаңның пішімін кеңейтуді және аса қуатты арнаулы Ғаламтор-портал жасауды ұсындым.

G-GLOBAL әлеуетін **жаһандық саясаттың барлық жетекші салаларына тарату тиімді болмақ**. Бүкіләлемдік желі тек дүниежүзілік экономика мен қаржы жүйесінің пәрменді үлгісін жасауға деген құлшыныстың ғана емес, сондай-ақ ядролық қарусыз дүние жолындағы жаһандық қозғалыстың, мәдениеттер мен өркениеттер үнқатысуының, ғаламдық экологиялық қауымдастықтың, сондай-ақ ЕуроАтлантика мен ЕурАзия кеңістігіндегі континенттік қауіпсіздік тұғырнамасы туралы идеяға кең қолдау көрсетудің де артикуляциялық тетігіне айнала алады.

Осы бағыттың бәрі **G-GLOBAL Әлемі Стратегиясының** – XXI ғасыр мен одан кейінгі ғасырлардың да терең қойнауына бағытталған **Болашақ Стратегиясының** құрамдас бөліктері бола алар еді.

Нақты халықаралық қатынастар ауқымында G-GLOBAL бастамасының қазіргі жаһандық үдеріске елеулі ықпал ете алатын геосаяси инновация ретінде қыруар әлеуеті бар.

Мен G-GLOBAL идеясы дүниенің халықаралық қатынастардағы өділетті жүйесі болуына мүдделі **ірі де, орта мөлшерлі де, шағын да елдерінің абырой-беделін бір саты жоғары көтеретініне** үміттімін.

G-GLOBAL жобасы жаңа кереғарлықтарға «тарап» бара жатқан дүние үшін кең құлашты біріктіргіш идея ретінде көрінуде. Бұл – жаһандық экономиканы, дүниенің идеялық тіректерін және халықаралық қатынастардың күллі жүйесін зақымдаған жүйелік дағдарысқа берілген жауап.

Менің көпжылдық саяси тәжірибем G-GLOBAL идеясы әлемдік қауымдастықтың **басым көпшілігі тарапынан жылы шырайлы қолдау тауып, соған сай өтімді болатынын** айтады.

Біз бірлесе отырып, G-GLOBAL-дың басты мақсатына жететінімізге – **дүниежүзілік қауымдастыққа XXI ғасырдың үш үрдісінің – жаһанданудың, өңірленудің және ұлттық жаңғырудың** сындарлы үйлесіміне негізделген әлем сипатының өзара сүйкімді үлгісін ұсынатынымызға сенімдімін.

Саяси ерік-жігер болған жағдайда жаһандану дәуірінің көптеген қайшылықтары G-GLOBAL идеясының негізінде және ғаламдық деңгейде **мемлекетаралық шешімдер қабылдаудың жаңа тетігін жасау арқылы** шешілетіні айпарадай анық.

Сонымен қоса – мұны мен баса көрсету қажет деп санаймын – бұл ұсыныс **қалыптасқан дүние тәртібінің негіздерін шайқалтпайды.**

Бұл оны дәйекті түрде жақсартып, қазіргі және болашақтағы геосаясат пен геоэкономиканың маңызды құралы ретінде сенімді дамыта береді.

G-GLOBAL идеясы БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты бес мүшесі, G-8, G-20 сияқты және басқа да **халықаралық өзара ықпалдастықтың жұмыс істеп тұрған пішімдерін** жоққа шығармайды. Бұл оларды бір-біріне қарсы қоймайды, қайта оларды қисынды түрде дамытады, өзара тиімді ғаламдық шешімдерді әзірлеу мен қабылдау үдерісіне мемлекеттер арасынан болсын, халықаралық қатынастардың басқа субъектілерінен болсын қатысушыларды неғұрлым көп тарта отырып, бастарын біріктіреді.

Жаңа дүниеде жетекші халықаралық құрылымдар (БҰҰ, Дүниежүзілік банк, ХВҚ, ЕҚЫҰ, САШҰ және басқ.) аса ірі мемлекеттердің қамын жеп қана қоймай, шынында, бүкіл дүниенің мүддесін ойлауы керек.

G-GLOBAL идеясы **әлем сипатын неғұрлым демократиялы етуге** бағытталған, ал бұл БҰҰ қағидаттары мен барлық елдердің мүдделеріне толық сай келеді.

Бұл тұрғыда G-GLOBAL идеясы Қазақстанның халықаралық беделін көтерудің маңызды факторы ретінде көрінеді. Онда Қазақстан сыртқы саясатының бітімгершіл әлеуеті ашылады, елдің әлем сипатын жасау келешегіне деген дербес пайымы паш етіледі.

Адамзат **қайшылықсыз, біріктіруші идеяға** көптен зәру. Оған оң сипатты жаһандық дүние құрылымының мүмкіндігін және прогресстің үздіксіздігін негіздейтін байыптама қажет.

Барлық мемлекеттердің адам әлеуетінің өсуін қамтамасыз ететіндей мүмкіндігі, ал әр адамның өзін өзі көрсете алатындай құқығы мен жағдайы болуы үшін G-GLOBAL әлемінде ел-елдің арасындағы экономикалық даму деңгейінің айырмашылығын кеміту керек.

Бұл – дағдарыстардан сенімді түрде қорғалған, пәрменді дүниежүзілік валютасы, сауда мен ынтымақтастағы әділетті жүйесі бар **өркендеген жаһандық экономикасы болатын дүние.**

Бұл дүниеде жоғары технологиялар барлық адамдардың бақыты мен игілігі үшін қызмет етеді, онда экономика мен экология бір-біріне қайшы келмейді.

Бұл дүниеде халықтар мен мемлекеттер арасында **әділеттілік пен сенім орнаған**, ұлттық, өңірлік және жаһандық қауіпсіздіктің берік негізі қаланған.

Бұл – проблема біткеннің бәрі сенім мен құрмет негізінде шешілетін **ұлттардың, мәдениеттер мен діндердің төзімділік жайлаған қауымдастығы.**

Бұл – ядролық **құрып кетудің қаупінен мәңгіге арылған**, **жаппай қырып-жоятын қарудан ада** біздің Планетамыз.

Сарыуайымшылдар мұның бәрі ара-тұра адамдардың өздері ойлап табатын құрғақ қиялға ұқсайды деуі мүмкін. Әрине, ондай пікірмен дауласып жатудың өзі қиын, бірақ мен оның бәрібір олай емес екенін айта аламын.

G-GLOBAL әлемі – аңыз емес, **ізгі ниет қоғамдастығы мен жаһандық тұрақты тепе-теңдікті жасаудың адамзат үшін мейлінше қал-қадерлі жобасы.**

G-GLOBAL идеясы **ешкімнің де ұлттық мүддесіне қайшы келмейді.** Қайта, керісінше, оліске асқаннан кейін осы мүдделердің бәрін теңестіреді және нығайтады.

Бірақ бұл үшін күш-жігерді біріктіріп, мақсаткерлікпен, бір қадамнан соң бір қадам ілгері баса отырып, **«Ұлы Жаһандық Әлемді»** қалыптастыруға кірісу керек.

2. G-GLOBAL ПРИНЦИПТЕРІ: ЖАҢА ДҮНИЕ ПАЙЫМЫ

Адамды жоғары бағалайтынымызды растағымыз келсе, біз оны принципшіл екен дейміз. Керісінше, принципсіздік кім-кімнің де қадірін өсірмейді. Мұның шындығына мен түбітиек бозбала кезімде Теміртаудағы металлургиялық заводтың құрылысына келгенімде, ал кейінірек онда металлург болып жұмыс істегенде жеткен болатынымын.

Саясатта да осылай болуы тиіс. Неге десеңіз, латынның «principiūm» дейтін сөзі «бастау, негіз» дегенді білдіреді. Кез келген саяси тәжірибеде өзінің берік негізі болуы керек. Әйтпесе, бәрі еріген қар суындай жылғаланып, өзінің құнарлы күшінен айрылады.

Жаһандық дүние үздіксіз әрі сындарлы түрде дамып отыруы үшін XXI ғасырдағы дүние тәртібінің барлық мемлекеттер үшін міндетті іргелі принциптерін қалыптастыру қажет.

G-GLOBAL әлем сипатын жасаудың мендік тұжырымдамасы нақ осындай анық және айқын негіздемелерге сүйенеді әрі олар сонымен бір мезгілде осы идеяны жаһандық саясатқа қосу үшін есептеу нүктесі болып саналады. Дүниені түбегейлі жаңғырту және әлемді әділетті жайластыру үшін олар міндетті түрде қажет.

Дүние сипатын жасаудың бұл принциптері «көк күмбезді көлеңкеде отырып» ойдан шығарылған емес. Қазақстан **бұл игіліктер мен**

принциптерді үнемі алға тартумен келеді. Олар қазақстандық бастамалардың бәріне арқау жіптей арна боп тартылған.

2010 жылы еліміз ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен кезеңде біздің ұранымыздың сапасы ретінде «төрт Т» таңдап алынды, олар: Trust – сенім, Traditions – дәстүрлер, Transparency – транспаренттілік, Tolerance – төзімділік.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен бергі менің сенімім бойынша, еуразиялық интеграция мен жаһандық ынтымақтастық үдерістері де осы принциптерге негізделуі тиіс-ті.

Бұл принциптер сабақтас, әмбебап әрі жаһандық және өңірлік дүние тәртібінің жүйесінде қабылдауға бейім. XXI ғасырда жаһандық дүниенің сындарлы идеялық негізіне айналу үшін олардың орасан зор әлеуеті бар.

Осындай іргелі принциптерге негізделген шындықты нығайта беру үшін адамзаттың қажетті білімі, тәжірибесі мен ерік-жігері кәміл жететініне мен сенемін.

Сондықтан да бүгін Қазақстан қайшылықсыз, біріктіруші идеядағы дүниенің нақты қажеттерін басшылыққа ала отырып, оларды толық негізде тұжырымдап, дүниежүзілік қауымдастыққа **G-GLOBAL-дың бес принципі – Ұлы Дүниенің бес принципі** ретінде ұсынады.

Революция емес, эволюция

XXI ғасырдағы постиндустриялық және ақпараттық заманда дүниені дамытудың, жаһандық тұрақсыздықты еңсерудің және әлемдік құрылымды жаңғыртудың табыстылығы тек **осы үдеріс эволюциялық жолмен жүргенде ғана** мүмкін болмақшы.

Менің білуімше, адамзат революцияларға деген лимитін өткен ғасырда-ақ түгесіп біткен болуы керек. Мұны айтқанда мен өз халықтарының сенімін жоғалтқан, билік басында зорлық-зомбылық пен қуғын-сүргіннің арқасында отыруға тырысатын

үкіметтердің іс-әрекетін ақтамақшы ойдан аулақпын. Бірақ заң күшіне күмән келтіруге, конституциялық және басқа да заңнамалық нормаларды мансұқтауға шақыруға, ішкі жанжалдың кез келген тарабының әпербақандық әрекеттерін қолдауға ешкімнің қақысы жоқ.

«Революция» сөзінің **тұңғыш рет табиғи-ғылыми салада қолданылғаны** көп жайды аңғартады. Оның ғылыми айналымға қосқан өзінің іргелі еңбегін «De **revolutionibus** orbium coelestium» яғни «Аспан денелерінің айналуы туралы» деп атаған ұлы астроном Николай Коперник болатын. Бастапқыда бұл термин белгілі формалардың дәйектілікпен орын ауыстыруын айқындайтын, тек **қана әлдебір жалпыға бірдей заңға бағынатын** үдерісті білдірген.

Саяси мәнде бұл сөз тұңғыш рет 1660 жылы **король билігін қалпына келтірудің «даңқты революцияның» жүзеге асқанын** білдіру үшін қолданылған. Демек, оның мәні тағы да сол **заңдылық пен тәртіпті қалпына келтіруге** саяды.

Бірақ бір ғасырдан соң сөздің мәні өзгерді, кез келген заңды мансұқ ететін **саяси сұрапыл революция деп аталатын болды.**

Бүгінде адамзаттың барша кемелділігі әлеуметтік тыныштықты сақтай білуінде. XXI ғасырдағы базбір оқиғалармен, айталық, «араб көктемімен» бірге өрістеген заңға қайшы әрекеттер **революциялардың қоғам дамуын тежейтінін**, оларды кері шегеретінін, мемлекетаралық қатынастарды шиеленістіретінін, дүниедегі түйткілдер санын одан әрі өршітетінін айқын көрсетті.

Жаңа ғасыр әпербақандық секірістер мен революциялық төңкерістерсіз, үдемелі түрдегі, бірақ кезеңдік дамудың жүз жылдығы болуы тиіс. Ішкі саяси немесе халықаралық үдерістерді жасанды түрде жеделдетудің ешбір қажеттігі жоқ.

G-GLOBAL Әлемінің принципі – **әлеуметтік-саяси жүйелер дамуының эволюциялығы, саяси дамудың формалары ретіндегі революция атаулыдан бас тарту.**

XXI ғасырда халықтардың апыны діндер емес, нақ осы революциялар болып отыр.

Революциялық өзгерістер тек **ғылыми білімдер мен технологиялар саласында ғана** мүмкін болатын және рұқсат етілетін нәрсе. **Ал саяси тәжірибеде** және әлеуметтік өмірде олардың **жойқын күші бар**. Әсіресе, олар әзірленбеген экономикалық ортаға түскенде қауіпті. Сондықтан қандай уәждермен ақталатынына қарамастан, **жойымпаз әпербақандыққа тосқауыл қойылуы** маңызды.

Реформалардың, қоғамдық өмірдегі демократиялық принциптерге негізделген дәйекті эволюциялық өзгерістердің жолы – **XXI ғасырдағы ілгерілеудің бірден-бір жолы**.

G-GLOBAL-дың осы аса маңызды принципін басшылыққа алып, мемлекеттер бір-бірінің ішкі істеріне қол сұғудың **БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі рұқсат етпеген кез келген формасынан**, жекелеген елдердің саяси дамуын тездету мақсатымен оларға ұлттық экономика деңгейі тұрғысынан қисынсыз саяси қысым жасау практикасынан **бас тартулары** керек.

G-GLOBAL Әлемі үшін жаңғыру мен дамудың эволюциялық жолы мейлінше қажет және жағдайды шайқалтып, саяси, әлеуметтік және экономикалық сілкіністерге соқтыратынның бәрі қажет емес.

Әділдік, теңдік, пәтуа

G-GLOBAL әлемінің осы үшбірлікті принципі барлық мемлекеттердің ұлттық мүдделеріне сай келетін мемлекетаралық қатынастар жүйесіне бейілділікті білдіреді.

XXI ғасырда **елдерді ұлы және екінші қатарлы, жетекші және жетектелуші деп бөлу ескірді**. Бір елдердің екінші бір елдерден үстемдік инерциясы ілгерілеуге бастамайды. Онда планетаның жекелеген елдері мен өңірлерін жаһандық дамудан шетқақпай ету қаупі бар.

Тиісінше, «аласталған мемлекеттердің», әртүрлі «кесапат ордалары» мен «геосаяси кеңістіктердің» бүтіндей бір аймақтарының шеңбері кеңейе түсуі мүмкін. Бұл жағдай дүниенің пайдасына шешіліп, жеке өңірлердің де, тұтас әлемнің де тұрақтылығына қолайлы бола қоюы екіталай.

Мұндай үрдіске жаһандық экономиканың, валюта жүйесінің және дүниежүзілік саясаттың **барлық елдерге тең мүмкіндіктер беретін** әділетті даму негіздерінің нығаюы балама болуы тиіс.

Бүгінде адамзат объективті түрде әділеттілікке, әлеуметтік серіктестікке және жауапкершілікке негізделген **жаһандық әлеуметтік дамудың жаңа тұрпатына аяқ басып барады**. Бұл – қарапайым адамдардың экономикалық өсуден және үстеме пайдадан түсетін игіліктерді белсене пайдалану мүмкіндігін кеңейтудің жолы.

Дүние сипатын өзгертуге ынта білдіре отырып, біз жаһандық зауалдар мен қауіп-қатерлерді еңсерудегі сындарлы, адал ынтымақтастыққа бағыт ұстауымыз керек.

Алдағы болашақта **жаһандық шешімдер** барлық деңгейде – БҰҰ-да, халықаралық ұйымдарда, өңірлік бірлестіктерде, форумдар мен саммиттерде – **тек қана пәтуа негізінде қабылданатын болуының** өмірлік маңызы бар.

Пәтуаның тар өрісті «таңдаулы» формаларынан **Жаһандық пәтуаға** көшпейінше дүниежүзілік экономикалық және саяси жүйедегі түбегейлі өзгерістер мүмкін еместігіне мен сенімдімін.

Әңгіме, ең алдымен, жаһандық реттеудің жаңа жүйесінің дамыған да, дамып келе жатқан да мемлекеттердің мүдделерін ескеруі жайында болып отыр. Жалпыұлттық органдар экономикалық салада айқын және нақты уәкілдіктерге ие бола отырып, өңірлік бірлестіктер деңгейінде әрбір қатысушы елдің мүдделері тұрғысынан әрекет етулері тиіс.

Бірақ бұдан тіпті де саяси егемендікті шектеу дейтін шықпайды. Қызметінің негізінде **интеграция бойынша серіктестерінің теңдігі жатқан Еуропалық Одақтың тәжірибесі** нақ осындай.

Мен пәтуалық көзқарас әрбір жеке елдің мүдделерін ескеруді қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге ішкі дамудың тұрақтылығы, дүниенің қал-жағдайы, оның күллі өлшемдердегі қауіпсіздігі үшін **барлық мемлекеттердің жауапкершілігін бір саты жоғарылататынына** сенімдімін.

Маған саясаттағы шынайылық әрқашан тән болатын. Қазірге дейін көптеген қайшылықтар қылаң беріп қала беретін біздің жұмыр жеріміздің әлі жуық арада пәтуа алаңына айнала қоюы қиын.

Әйтсе де жаһандық-пәтуалық шешімдер қабылдау тәжірибесінің біртіндеп кеңейе беруіне бүгіннен бастап талпынудың маңызы зор.

Жаһандық төзімділік пен сенім

Жаһандану халықтардың **мәдени ықпалдастығының мүмкіндіктерін** қарқынды түрде **кеңейтті**. Бүгінде өзге елдердің дәстүрлерімен және салттарымен танысу мүмкіндігі пәлендей қиынға түспейді. Миллиондаған адамдар дүниені шарлап, басқа халықтардың мәдениетімен етене танысуда. Интерактивтік формада кез келген тілді үйреніп, тіпті ит арқасы қиянда дейтіндей жердегі ел өмірінің ерекшеліктері туралы әңгімелейтін көптеген кітаптарды оқуға болады.

Дүниенің әртүрлі бөліктері мен елдері арасында кең ауқымды миграциялық үдерістер жүріп жатыр. Миллиондаған адамдардың өзге елдерде, өз Отанынан жырақта жұмыс істеуге мүмкіндігі бар.

Дүниенің экономикалық әртектілігі **еларалық еңбек миграциясы** дейтін құбылысты да туғызды. Шетелдік жұмысшы күшін, зияткерлік ресурстарды тарту бірсыпыра дамыған елдердегі экономикалық стратегиялардың маңызды құрамдасына айналды.

Алайда, сонымен бірге, этникалық және діни қатыстылығы әртүрлі адамдар арасындағы үнемі сәйкесе бермейтін қатынастарға байланысты **белгілі бір қиыншылықтар да туды**.

Қазақстан Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ төзімділік пен сенімділікке бейіл. Біз – көпэтносты және көпконфессиялы елміз. Біздің елімізде **140 этнос** пен **17 конфессияның** өкілдері өмір сүреді. Татулық пен келісім – біздің қоғамымыздың берік іргетасы. Менің бастамашылығыммен **Қазақстан халқының ассамблеясы құрылып**, этносаралық барлық мәселелердің шешілуін, қоғамымыздағы татулық пен келісімнің дәйектілікпен нығаюын қамтамасыз ететін басты органға айналды.

Қазіргі дүниеде **төзімділіктің мәні арта түсіп келеді**. Жаһандану жағдайында бұл сипаттама әділетті және күмәнсіз дүниенің аса маңызды құрамдасына айнала түсуде.

Жаһандық төзімділік – өзара құрметтес этносаралық, дінаралық және мәдениетаралық үнқатысу ғана емес. Өздерінің геосаяси салмағы мен ықпалына, тарихи тәжірибесіне, экономикасы мен қоғамының даму деңгейіне қарамастан **мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынас төзімді болуға тиіс**.

Жаһандық төзімділік – әрбір жекелеген елдің және жеке өңірдегі әрбір елдер тобының **ішкі саяси және өркениеттілік ерекшеліктеріне оң көзбен қарау**.

XXI ғасырда әлемнің әр алуандығы экономикалық, мәдени, ақпараттық өзара ықпалдасу мен алмасуға, және, сол арқылы – өзара баюға зор мүмкіндіктер береді. Жаһанданудың осы игілікті нәтижесі жекелеген елдерге әлдебір саяси, қоғамдық және мәдени стандарттарды зорлап телу үшін емес, **даму мақсаттары үшін пайдаланылуы тиіс**.

Сондықтан XXI ғасырда шынымен толерантты болу дейтін **дүниенің нақты көпалуандығының әмбесін мойындау дегенді** білдіретініне сенімдімін.

Жаһандық төзімділік болмайынша, G-GLOBAL-дың қажетті әрі іргелі принципі – **жаһандық сенім болуы мүмкін емес**.

Осыдан жиырма жыл бұрын, БҰҰ мінберінен сөз сөйлеп тұрып,

мен **Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шараларының Кеңесін шақыруды** ұсынған болатынмын. АӨСШК-ні шақыруға байланысты қажетті мәселелерді шешу жөніндегі жұмыс 10 жылдай уақытқа созылды.

Алғашқы саммит **2002 жылғы маусымда Алматыда өтті**. Бұл кезеңде Азияның аса ірі екі мемлекеті – Үндістан мен Пәкістан арасындағы қатынастар күрделі кезеңді бастан өткеріп жатты.

Осы елдер басшыларының Алматы кездесуіне қатысуы көп ретте қайшылықтардың арынын басып, сол кезге дейін ядролық державаларға айналған осы елдер арасындағы соғыс жанжалының қатерін сейілтті.

Одан кейінгі жылдарда АӨСШК-ға қатысушылар өздерінің күш-жігерін сенімділік шараларының тізімдемесін жасауға жұмылдырды. Бұл – дүниежүзілік дипломатиялық тәжірибеде теңдесі жоқ бірегей құжат.

Мен АӨСШК құрудың тарихына кездейсоқ емес, ізгі ниет пен табандылықтың кез келген күрделі проблемаларды шешуге септесетінін көрсету үшін назар аударып отырмын.

Мен **сенімділік тізімдемесін жасау және оны қабылдау тәжірибесін бүкіл БҰҰ жүйесіне таратуға болады** деп есептеймін.

Өйткені жаһандық сенім болмайынша келісілген дағдарысқа қарсы шешімдерді іске асыру, тегінде, мүмкін емес.

Өмірдегі сияқты, саясатта та ұзақ мерзімдік нәтиже істі біржақты артықшылық алуды көздемей, адал атқарғанда ғана мүмкін болады. Елдер арасындағы күдік-күмәннің бәрі, геосаясаттағы «ойындар» – өткен ғасырлардың сарқыншақтары, оларды XXI ғасырға «сүйреудің» қажеті жоқ.

Маған осы заманғы «креативтік тап» тұжырымдамасының авторлары жасаған XXI ғасырда **төзімділік экономикалық өсудің маңызды факторына айналу**да дейтін қорытынды ұнайды.

Біз Қазақстанда мұны әлдеқашан-ақ жете түсінгенбіз. Өзіміздің көпэтностық халқымыздың бірлігі болмаса, біз экономикада әлемнің

әр түкпіріндегі достарымыз қайран қалып жүрген табыстарымызға жете алмас едік.

Сондықтан жаһандық деңгейде де төзімділік дүниежүзілік экономиканы мимырттаған қалпынан шығарудың бір тетігі саналады.

Тек жаһандық төзімділік пен сенімділік негізінде ғана адамзат **өз тірлігінің жаңа сапасына ие болып, зорлық-зомбылықтан, соғыстар мен жанжалдардан ада тиянақты дүниені жасай алады.**

Жаһандық ашықтық

G-GLOBAL – **ұлттардың транспарентті (ашық) қауымдастығы.** Онда үлкен болсын, орташа немесе шағын болсын ұлыстардың абыройын кемсітетін ешқандай «екі жақты стандарттар» болуы тиіс емес.

Ұлттық қоғамдастықтар арасында бөгесіндер неғұрлым аз болған сайын жаһандық экономика солғұрлым ойдағыдай дамиды, әрбір халықтың игілігі де солғұрлым мол болады.

Дүние адамдардың мүшкіл жағдайымен, аштықпен, ауру-сырқаумен байланысты көптеген қиыншылықтардан арыла алатын болады.

Бұл үшін халықаралық қатынастардағы **мейлінше ашықтық пен айқындықтың** өмірлік маңызы бар. Оларды «бөлуші белдеулер» мен «астыртын» мәмілелерден тазартып, дүниенің жаңа биіктерге бет алуына кедергі жасайтын өткеннің сарқыншақтарынан арылту қажет.

ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен кезінде Қазақстан барлық әріптестерін осыған үндеді.

Осы халықаралық беделді ұйымды басқаруға әзірлік барысында-ақ біз **Астанада ЕҚЫҰ саммитін өткізу идеясын ұсынған болатынбыз.**

Мұндай шешімге қол жеткізу оңайға түскен жоқ. Бұл мәселе бойынша әртүрлі пікірлер болды әрі олар XXI ғасырдың алғашқы

онжылдығының соңына қарай ЕҚЫҰ тап болған жағдаятты белгілі бір мемлекеттердің қалай бағалайтынына байланысты еді.

ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің Қазақстан төрағалық қызметін қабылдаған алғашқы «ұлықтаушы» мәжілісіне қатысушыларға арнаған бейне-жолдауымда мен былай дедім: «Бүгін «қызыл белдеулер», «нөлдік сомамен ойнау» дейтін ұзын-сонар әрі сенімді кемітетін дағдыны жалғастыра беруге болмайды.

Жаңа жаһандық талаптарға сәйкес халықаралық ұйымдар қызметінің пәрменділігін арттыру бірінші кезекке шығып келеді. **56 мемлекетті біріктіретін бірегей үнқатысу алаңы ретіндегі ЕҚЫҰ алдында да нақ осындай міндет тұр. ...ЕҚЫҰ Саммитіне қатысты 10 жылдық үзіліс ұйымның пәтуалық негізі дағдарыста болмағанымен, едәуір тоқырау жағдайында тұрғанын көрсетеді. Осыған байланысты біз ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдерді Қазақстанның мәртебелі кездесуді 2010 жылы өткізу жөніндегі бастамасын қолдауға шақырамыз».**

Біздің көзқарасымызды ұйымға қатысушы мемлекеттердің бәрі қолдады.

ЕҚЫҰ саммиті 2010 жылғы 1 желтоқсанда Астанада ашылды. Еуропа, Азия, Солтүстік Америка, Австралия және Африка сияқты бес континентте орналасқан мемлекеттердің басшылары тарихта тұңғыш рет Еуразияның қақ ортасында бас қосты. Сенім мен қауіпсіздікті нығайтудың жолдарын айқындау үшін жиналды.

Күллі әлемдік БАҚ-тың назары осы оқиғаға ауды.

Саммит жұмысын **1000-нан аса журналистер жариялады, шет елдердің жетекші телекомпаниялары тікелей хабар жүргізді.**

Екі күн бойы Астанада еуразиялық қауіпсіздіктің болашағы туралы ашық-жарқын әңгіме болды. Мәселелерді талқылау саммиттің шеткері аясында да жалғасты. Мен өзім түрлі мемлекет және үкімет басшыларымен, ресми делегациялар жетекшілерімен **отызға жуық кездесу** өткіздім.

Сонымен бір мезгілде қорытынды құжатты келісудің қауырт үдерісі

жүріп жатты. Ол пленарлық мәжілістер аяқталғанға дейін толастаған жоқ. «Тоңазытылған» жанжалдардың реттелмеуіне байланысты бірқатар екіжақты проблемалардың жүгі тым ауыр болды. Тек түннің бір уағында ғана биік деңгейдегі кездесуге қатысушылар бұл құжаттың ақтық мәтінін қабылдады.

Саммитке қатысушы мемлекеттер **Астана декларациясында** ЕҚЫҰ шеңберіндегі принциптер мен іргелі уағдаластықтарға бейілділігін растады. ЕҚЫҰ қызметінің көптеген проблемалары жым-жырт қалпынан жылжытылды. Ұйымды алдағы он жыл ішінде дамыту туралы сұхбат жандандырылды.

Бұл Еуразия тарихындағы жаңа тараудың бетін ашып берген саммиттің ең маңызды нәтижесі болды.

Осында, **Еуразияның қақ төрінде** сенім, келісім, ашықтық пен төзімділік принциптеріне негізделген әлем сипатын жасауға дейтін жаппай құлшыныстың өшпес нышанындай болып **Астана Рухы дүниеге келді**.

Астанада ЕҚЫҰ саммитін өткізу елдер арасындағы өзара тиімді кеңынтымақтастықты дамытудың маңызды шарты ретіндегі жаһандық ұнқатысудың **ашықтығы өмірлік күшке ие екендігінің көрнекі мысалы болды**.

Сындарлы көпкіндіктілік

Көпкіндікті дүние құру – ХХІ ғасырдағы **жаһандық дамудың тренді**. Көпкіндіктілік – адамзат өркениетінің алуан түрлілігін баса көрсететін объективтік үрдіс.

ХХ ғасырдың соңғы үштен бірінен бастап дүниенің экономикалық даму қисыны экономикалық өсудің бірсыпыра өңірлік орталықтарының қалыптасуына жағдай жасады. «Қырғиқабақ соғыс» заманындағы дүниенің қоскіндіктілік екі одақтың – АҚШ бастаған батыс пен бұрынғы КСРО бастаған шығыс одақтардың өзара қарым-қатынасын жаһандық бәсеке жайлаған болатын.

70-ші жылдардың басында Мәскеудегі бір мәртебелі партия шенеунігінің кабинетіне кіргенімде назарыма **қабырғада ілулі тұрған әлем картасы түскені** есімде. Ол түп-түгел қызыл және көк жалаушалармен белгіленген екен.

Әлбетте, қызыл жалаушалармен кеңестік саясатқа бейім, ал көк жалаушалармен, ол кезде КСРО-да айтылатындай, империалистік бағдардағы елдер белгіленіпті. Африка мен Латын Америкасының, Оңтүстік-Шығыс Азияның жекелеген мемлекеттеріне бірден екі жалауша қадалыпты.

Бұл оларда «ықпал үшін күрес» жүріп жатқанын білдіретін еді.

Сол кезде дәл осындай карта Вашингтондағы әлдебір кабинетте де ілулі тұрған болар деп ойлаймын. Жекелеген елдің сүйкімі мен өркенділігі «өзіміздікі – өзгенікі» дейтін мейлінше қарабайыр тәсіммен қарастырылған, ал бүкіл дүние **қатаң екі тарапқа «бөлінген»** сол күндердің сипаты осындай болатын.

КСРО-ның ыдырауы көптеген сарапшылардың **дүние, сірә, «біркіндікті» болды** деп санауына негіз берді.

90-шы жылдардың басында халықаралық аренада АҚШ-тан қуатты мемлекет болмағанына сөз жоқ.

Қазір де американ экономикасы, Американың әскери қуаты объективті түрде кез келген елдің әлеуетінен асып түседі.

Бірақ сөйте тұра, ХХ және ХХІ ғасырлардың осы өтпелі екі онжылдығында дүниеде **дамудың жаңа жаһандық орталықтары** пайда болып, бірте-бірте **экономикалық және саяси салмағын арттырып келеді.**

Ортақ рыногы мен бірыңғай валютасы бар, ішкі және сыртқы саясат үйлесімінің деңгейі жоғары **Еуропалық Одақ** пайда болды. Оған Шығыс Еуропа мен КСРО-ның бұрынғы Балтық жағалауы елдері қосылды.

Қытай Халық Республикасы ғаламат табыстарға жетіп, жаһандық экономика мен саясаттың ту ұстаушыларының біріне айналды.

Шығыс пен Оңтүстік-Шығыс Азияның бірқатар мемлекеттері – **Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур** және басқалар жоғары даму қарқынына жетті.

Парсы шығанағының өңірі дүниенің қаржы-экономикалық орталықтарының біріне айналды.

Бразилия батыс жарты шарындағы экономикалық алыптардың бірі болып отыр. **Үндістан мен ОАР** өздерінің экономикалық қуатын ойдағыдай арттыруда. **Ресей** сенімді даму жолына түсті.

Бұл елдер Қытаймен бірге жаңа халықаралық құрылым – **БРИКС**-тің қатысушыларына айналды.

Қазақстанның, Ресей мен Беларусьтің Кеден одағы негізіндегі **Бірыңғай экономикалық кеңістікті** қалыптастыру үдерісінің орасан зор әлеуеті бар. Ресейлік және белорустық серіктестерімізбен бірге біз жаһандық дүниені экономикалық-технологиялық дамытудың бәсекеге қабілетті және өркенді таралу аймағына айналмақшымыз.

Осы **жаңа полюстердің** болуы – **XXI ғасырдың шындығы.**

Ал ендігі өзекті мәселе осы полюстер арасындағы өзара қарым-қатынас қандай болмақшы дейтін сұраққа саяды.

Бұл өзі адал және ақ ниетті бәсеке мен бейбіт жарыс бола ма?

Немесе дүние идеологиялық және саяси қатаң текетірестің майданына айнала ма?

Сірә, мен жоғарыда жазған бүлдіргіш көпкіндіктілік дүниені геосаяси бәсекелес, орталыққа қарсы тұратын күштерге ыдырату қаупін тудыратын сияқты. Бірақ ол – тұйыққа тірейтін жол, **адамзат ресурстарын сарқатын жаһандық «жанталаса қаруланудың» жаңа жолы.**

XXI ғасырдың екінші онжылдығының бастауында «екінші қырғиқабақ соғыстың» қаупі дүниеде қайтадан қылаң беруі тегін емес қой. Халықаралық қатынастардың осы заманғы проблемалары туралы пікірталастардың барысында биполярлық дүние кезіндегі көпірме сөздің қайтадан «еске түсетіні» қатты алаң етеді. Жекелеген

елдер арасында сенімсіздіктің, алуан түрлі секемшілдіктің өсу үрдісі байқалады.

Егер бұл үдерісті тоқтатпаса, егер халықаралық аренадағы сенімді нығайтатын шешімдер қабылданбаса, онда өңірлік шиеленіс ошақтарының тұтану қаупі пайда болып, ол ядролық қарудың таралу үдерісіне жол беріп, халықаралық лаңкестік пен сойқандықтың қатерін күшейтуі мүмкін.

Бұл әпербақандық пен қауіп-қатердің жалғыз баламасы – сындарлы көпкіндіктілікті, яғни биполярлық дүниенің жағымсыз мұрасы – **одақшылдық психологиясынсыз геосаяси тежемелік пен теңгермеліктің теңдестірілген жүйесін** қалыптастыру.

Сындарлы көпкіндіктілік барлық елдерді, халықаралық ұйымдарды, мемлекетаралық өңірлік бірлестіктерді ынтымақтастық пен өзара әрекеттестікке жұмылдыруы тиіс.

Онда **геосаяси кергушілікке**, жекелеген елдерге даурықпа кедергі жасаушылыққа орын болмауы керек.

Сындарлы көпкіндіктілік мемлекеттердің қуатты интеграциялық бірлестіктерін қалыптастыруды көздейді, жақын арада Еуразиялық экономикалық одақ солардың біріне айналмақшы.

Полюстер арасындағы қатынастар жанжалдар мен сауда соғыстарына ұласуы тиіс емес. Сындарлы көпкіндіктілік жағдайында ғана XXI ғасырда дүние тұрақты, қауіпсіз сипат алып, өзінің көпқырлы күш-жігерін жаһандық экономиканы дамыту мен келелі міндеттерді шешуге жұмылдыратынына мен сенімдімін.

XXI ғасырдағы адамзат өркениеті дамуының сындарлылығы, менің ойымша, **G-GLOBAL-дың осы бес принципі** негізінде қамтамасыз етілуі мүмкін. Олар осы жүзжылдықта қалыптасуға тиісті дүние тәртібі жаңа құрылымының бүкіл өзегін қамтуы керек. Әрі олар **БҰҰ** мен күллі халықаралық құқық жүйесінің **негізгі құжаттарында тиянақталуы тиіс.**

II ТАРАУ



ӘЛЕМІНІҢ
ҚОСЫЛҒЫШТАРЫ

G · GLOBAL

1. ЖАҒАНДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒА ЖҮЙЕ

Дүниежүзілік дағдарыс – жаһандық қаржылық-экономикалық өзгерістің мүмкіншілігі

2007-2009 жылдардағы жаһандық дағдарыс пен оның салдары дүниежүзілік экономиканы шайқалтты әрі сонымен бірге жалпы-дүниежүзілік проблемаларды **тереңнен толғаған парасатты парықтау үдерісіне** дем берді.

Дағдарыстан шығу және оның сұрапылы алдына сенімді тосқауыл қою, ең алдымен, **дүниежүзілік қаржы жүйесін жаһандық қайта пішімдеу негізінде ғана мүмкін болатынын** түсіну күн өткен сайын орнығып келеді.

Дағдарыс кезінде дүниежүзілік экономикада, қаржыда, нақты секторда елеулі өзгерістер болды. Дүниежүзілік қаржы жүйесіндегі елеулі сәйкессіздіктер өзекті проблемаға айналды. Дағдарыс **жұмыс істеп тұрған валюта-қаржы жүйесі ескіргенін**, өйткені дүниежүзілік қауымдастықта оның жұмысын бақылау тетігінің жоқтығын айқын көрсетті.

Әрі десе, мен жаһандық дағдарыстың басты себебі **дүниежүзілік резервтік валютаның ақаулығында** деп білемін.

Дүниежүзілік резервтік валюта эмиссиясы мен айналымының қалыптасқан тәртібі заңдылық, демократиялық, нақтылық, бақыланбалылық, тиімділік, жауаптылық және т.б. өлшемдеріне сай келмейді.

Нақ осы себептен қазіргі дүниежүзілік валюта-қаржы жүйесі **макроэкономикалық принциптерді бұрмалайды**, ал бұл көбінесе өсуді баяулатады және пайда болған қиыншылықтарды шешуге кедергі жасайды.

Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс терең экономикалық сызаттардың түсуіне себепші болды.

Бір өкініштісі, айналысқа түскен арзан ақшалардан тұратын әртүрлі және көлемі жағынан үдемелі, дағдарысқа қарсы қапшықтар түріндегі **ақша массасы болып «жапсырыла» бастаған** да солар еді. Бірақ одан дүниежүзілік экономикадағы жарықшақ бітелген жоқ, тек сәл-пәл сыланған болды.

Сөйте тұра әлі күнге дейін **дағдарысқа қарсы тұрудың пәрменді тетігі де, жинақ ақшаны сақтауға және экономикалық тұрақтылыққа кепіл боларлықтай сенімді әлемдік резерв валюта** немесе өңірлік валюталар тобы **да жоқ.**

«Кешегі күннің валютасын» қосымша шығару ұзақ мерзімді жоспарда жаңа экономикалық сілкіністерді тоқтата қоюы екіталай екені анық байқалды.

Олар бірқатар елдердің экономикалық дамуындағы жұмыссыздықтың биік деңгейі, елеулі дәрежедегі бюджет тапшылығы, мемлекеттің және қарыздың көп мөлшері сияқты ішкі кереғарлықтың салдары болатын әлеуметтік дүмпулердің **алдын алуға дәрменсіз.**

Оның жарқын мысалы – еуро аймағындағы жағдаяттың дамуы. Соңғы екі жылдан бері біз онда **«домино әсері»** етек алғанын байқау дамыз: Грекияның, Кипрдің, Италияның, Португалияның, Испанияның, Ирландияның **ұлттық экономикалық жүйелері** бірінен соң бірі **тұралауда.**

Тұтастай алғанда, дүниежүзілік экономиканың жандануы әлі де болса оның тұрақты қалпына келгенінің көрінісі емес. Экономикалық дамудың әркелкілігінде зор тәуекелшілік қаупі бар. Туынды қағаздармен үдеме сауда жасау жалғасуда, бұл әсіресе, жедел дамып келе жатқан шикізат рыноктарының аясында анық байқалады. Жалдаптық капиталды одан әрі дабырайту жүріп жатыр, **қаржы секторы мен нақты экономика арасында оңтайлы баланс жоқ.**

Осының бәрі дүниежүзілік қаржы құрылымын жедел реформалау үшін серпінді де пәрменді шаралар қолдану міндетінің қаншалықты келелі екендігін көрсетеді.

Адамзат сорақы қайшылыққа кезігіп отыр: демократияға ұмтылған ол тек бір елдің қаржы орталығы айналысқа шығарған тоталитарлық валюта жүйесіне тап болды.

Демек, жаһандық дағдарыс – өмір сүріп отырған жүйенің тереңде жатқан ішкі ақауының салдары.

Ақылға қонымсыз осы жағдаяттан шығудың жолы бар ма? Егер бар болса – онда **қай бағытта жүрген дұрыс?**

Менің білуімше, осы томаға-тұйық шеңберден шығудың жолы бар болса керек. Ал бірақ орын алып отырған валюта-қаржы жүйесіндегі ақауды жою үшін күні бүгінге дейін болып көрмеген батыл шаралар қажет.

Атап айтқанда, тауарлар мен қызметтер құнының әлдеқашан пісіп-жетілген және болмай қоймайтын нақты өлшеуіштеріне – **жаңа тұрпатты және жаңа сападағы қаржылық амалдарына көшу керек.**

Жаһандық экономиканың шынайы жаңғыруы тек осындай ғаламдық геоқаржылық инновациядан ғана (бұрынғы жүйені ішінара сылап-сипаудан емес) басталуы тиіс.

Адамзат дүниежүзілік валюталардың жаңа тұрпатын сөзсіз енгізіп, заңды түрде қабылдайтынына еш күмән жоқ. Ерте ме, кеш пе, әйтеуір дүние жүзінің қаржы элитасы оны қажет ететін болады. Адамзаттың өз дамуы сияқты, бұл үдерісті де ешкім тоқтата алмайды. Дүниежүзілік қаржы жүйесінің ақаулығы қазірдің өзінде-ақ кейбір елдерді баламалы валюталарды пайдаланудың нақты қадамдарын жасауға мәжбүрлеп отыр.

Түптің түбінде дүниежүзінің барлық экономикалары жалпыұлттық есеп айырысу-төлем бірлігін, ал содан соң мейлінше жаңа тұрпатты жаһандық валютаны жасау мен енгізу қажеттігіне келеді.

Қазіргі дәуірде, дүниежүзілік дағдарыс сабақтарын ескере отырып, біз **ескі дүниенің кем-кетіктерін еңсеру және дүниежүзілік экономиканың, саясат пен жаһандық қауіпсіздіктің жаңа үлгісін жасау жөніндегі бірегей мүмкіндікке ие болып отырмыз.**

Ескі валюталардың орнын басатын жаңа тұрпатты дүниежүзілік қаржы құралдарының белгілері ретінде **бірқатар өлшемдерді** атап көрсетуге болады.

Біріншіден, бұрынғы, заңды емес дүниежүзілік резервтің валютадан айырмасы – жаңа дүниежүзілік валюта заңды болуы тиіс. Негізгі пайдаланушылары әзірлеп, елдердің басым көпшілігі қабылдаған **Дүниежүзілік валюта** (мен оны Globo валютасы деп атаған болар едім) **туралы шарт қажет.**

Бұл шарт жаңа валютаның жалпыұлттық халықаралық мәртебесін және **дүниежүзілік эмиссиялық орталық** (Дүниежүзілік банк) арқылы оны шығару қағидаттарын белгілейтін болады. Мұндай жүйе адамзат тарихындағы мейлінше заңды және ашық дүниежүзілік валютаның негізі болар еді.

Екіншіден, жаңа орталық арқылы **жаңа валюта шығару** санаулы елдер тобының емес, **барша адамзаттың мүддесін ойлауы тиіс.**

Дүниежүзілік валюта шығару мен оның тетігін басқару рәсімі ашық және айқын болуы шарт.

Дүниежүзілік валюта туралы Шартқа қол қоюшы мемлекеттердің бәрі оның шешімдерін қабылдауға қатысулары тиіс және эмиссия мен эмитенттерді басқаратын демократиялық рәсімдер бойынша жұмыс істеуші органдарды құруға міндетті.

Үшіншіден, дүниежүзілік валюта эмитентін пайдаланушылар тарапынан бақылауға алу критерийі өте маңызды. Жаңа қаржы аспабы бақылауда болатын әрі адамзат дамуының ұзақ мерзімді нысанасына қызмет ететін мақсаткерлі аспап болуы тиіс.

Төртіншіден, бұл – дүниежүзілік валюта эмитентінің негізгі өз субъектілері – елдер, компаниялар, азаматтар мен барша

дүниежүзілік қауымдастық алдындағы жауапкершілік өлшемі. Эмитенттердің жаһандық дағдарысты туғызған себеп секілді жауапсыздығына жол берілмеуі тиіс.

Ақыры, **бесіншіден**, жаңа валюта – тауарлар мен қызметтердің шынайы құнын нақты өлшейтін аспап әрі бағалық-бағдарлы және байыпты бәсеке мен пайданың аспабы.

Бұл критерийлер жайында мен 2009 жылы жарияланған мақалаларымда айтқанмын, бірақ үстірт қана жасалған бағамдаманың өзі бұлардың бірде-біреуі бойынша дүниеде ешқандай өзгеріс болмағанына кез келген сарапшының көзін жеткізеді.

Қаржы секторы **нақты сектордан алшақ дамымауы тиіс**. Жаңа экономикалық үлгі алдампаздық пен ысырапқорлыққа жол беруге болмайтын адал әрі әділетті дүниежүзілік қаржы, валюта жүйесіне негізделуі керек. Яғни адамзаттың қолымен жасалған игіліктер жасампаздық пен әр адамның өркендеуіне, рухани өсуі мен жетілуіне бағытталатын болуы тиіс.

Дүниежүзілік валютаның жұмыс істеуі адамзаттың, тұтастай дүниенің даму мақсаттарына сәйкесіп, толық мағынада тұрақты, дәйекті даму мен гүлденудің міндеттеріне үйлес келуі керек.

Бұл қағидаттар мен критерийлерді жаңа қаржы құрылымының, Дүниежүзілік валюта туралы шарттың негізіне, оның пәрменділігін ұдайы өлшеу мен дәлелдеудің жүйесіне енгізу шарт. Тек осылай еткенде ғана жаңа жүйе адамзаттың дәйекті дамуының **өнімді әрі ақаусыз қайнар көзіне** айналады.

Осындай сапалары бар валютаны енгізу адамзатты қазіргі жаһандық дағдарыстан шығарудың кепілі болмақшы.

Сонымен бірге мұндай қаржылық инновация дүниежүзілік валюта – қаржы жүйесі тектік кодының өзін түбегейлі өзгертіп жібереді.

Жаңа тұрпатты валютаны өзірлеп, енгізудің бұл міндеті – келелі, нақты және пайдалы.

Дағдарысты уақыт пен дүниежүзілік жаңа, ақаусыз валюта дәуірінің (G-GLOBAL дәуірінің) арасында адамзат **транзиттік кезеңнен өтуі керек.**

Транзит кезеңінің басты міндеті – дүниедегі елдер мен өңірлердің қаржылық-экономикалық қарым-қатынастардың ескі жүйесінен жаңа жүйесіне, бұрынғы валютадан – ақаусыз дүниежүзілік валютаға өтуі үшін **жағдай әзірлеу.**

Дүниежүзілік валюта-қаржы реформасының, жаңа тұрпатты валюталар шығарудың жолына қадам баса тұрып, валюта айырбасы да (шынтуайтында валюта баспа-басы), әлдебір ұлттық валютаны өңірлік, континенттік немесе дүниежүзілік валютаға айналдыру да ақаулы резервтік валютаның қазіргі проблемаларын шеше алмайтынын мойындау керек.

Валюта қатынастарын белгілі бір ұлттық валюта негізінде құратын болсақ, біз бір елдердің ұлттық ақшасын дүниежүзілік валюта ретінде пайдаланудың салдарынан туындаған жаһандық дағдарыстың тәсімін міндетті түрде қайта тірілтетін боламыз.

Өңірлік деңгейде де тұтас дүниедегі заңдар әрекет етеді. Сондықтан өңірлік эмиссия орталығы шығаратын жалпыұлттық валюталық-есеп айырысу бірлігі беретін тиімділікті өңірлік деңгейде (дүниежүзілік деңгейде де) ешқандай ұлттық валюта бере алмайды.

Беделді жалпыұлттық эмитенттің күшімен жалпыұлттық жаңа валюта шығару идеясын жақтаушылар қатары біртіндеп артып келеді.

Дегенмен, бұл ретте көбіне-көп әлдебір жинақтық валютаның немесе SDR тұрпатты – Халықаралық Валюта Қорымен Арнайы Алыс-беріс Құқықтары тәрізді есеп айырысу - төлем бірлігі еске алынады. Бірақ ескі ақаулы валюталардың кез келген қоржыны да дәл сондай ақаулы болады. Дүниежүзілік валютаның ескіден келе жатқан жеке-дара, әуелден ақаулы эмитентінің орнына ақауы одан кем түспейтін дүниежүзілік валютаның «жаңа» топтық эмитентіне ие боламыз.

Әрине, SDR төрт валютасының қоржынына тағы да, айталық, юаньды, рубльді және алтынды қосу арқылы оның түрленген нұсқасын жасауға болады. SDR-дің мұндай түрленген қоржынында жаңа сападағы валютаның – тауар мен қызметтің шын құнын білдіретін нақты өлшеуіштің алғашқы өскіндері пайда болуы мүмкін.

Алайда қандай жағдайда да ескіні шиырламай, сапалы жаңа ұмтылыс жасаған дұрыс.

Өңірлік есеп айырысу-төлем бірліктерін жасау - оп-оңай жол емес. Онда саяси да, экономикалық та тосқауылдар болған және болады да.

Еуроаймақтың қазіргі дағдарысы ешбір асып-саспай, дүрлікпей жалпыұлттық эмитент жасаудың өңірлік нұсқаларын қарастыруға мәжбүрлейді. Дегенмен, ең бастысы: Еуропаның мысалы XXI ғасырда жалпыұлттық валюта жасау – қажетті және дұрыс үдеріс екенін көрсетті.

Жалпыұлттық валюта жасаудың қажеттігін әлемдік деңгейдегі экономистер де түсініп отыр. Мысалы, 2009 жылы Нобель лауреаты Джозеф Стиглиц Бангкокта, ЭСКАТО-да көпшілікке арнап оқыған лекциясында Азия елдерін жалпыұлттық дүниежүзілік жаңа резервтік жүйе құруға шақырып, бұл үдерісті іс жүзінде бастаудың лайықты орны деп тұп-тура Азияның өзін атаған болатын.

Азия мен Еуропа тығыз өзара байланыста. Әрі бұл еуразиялық өзара байланыс ШЫҰ, ЕурАзЭҚ, БЭК сияқты халықаралық ұйымдардың қызметі арқылы көрінеді. Сондықтан **Еуразиялық өңірдің кінәратсыз жалпыұлттық жаңа эмитент құрудың алгоритмін қалыптастыратындай барлық негіздері бар.**

Еуразиялық өңірдегі елдердің жалпыұлттық дағдарыстың үдемелі толқындарынан шығу жолына шындап түсуі тек бірыңғай электрондық есеп айырысу бірлігінің жалпыұлттық эмиссиялық орталығын құру арқылы ғана болуы мүмкін. Қазақстан ШЫҰ бойынша әріптестеріне осындай ұсыныс жасады.

Осындай Еуразиялық жалпыұлттық электрондық есеп айырысу-төлем бірлігі, қалыптасып үлгерген валюта жүйелерін өзгертпей, қайта толықтыра отырып, ұзақ мерзімді инфрақұрылымдық инвестициялау мен күнделікті транзакцияны жүргізуге де мүмкіндік береді. Ол ШЫҰ мен тұтас Еуразияның барлық елдерінің ұзақ мерзімді ұлттық, өңірлік және жаһандық мүдделері үшін айналысқа шығарылуы керек.

Іс жүзінде бұл дүниежүзілік жүктемені дүниежүзілік валютаның ақаулы ескі жүйесінен алып (немесе ең болмағанда қайта бөліп), оны өңірлік жалпыұлттық есеп айырысу-төлем бірліктеріне арналған өңірлік және континенттік эмиссиялық орталықтарға ауыстыруға мүмкіндік береді.

Дүниеде өңірлік есеп айырысу бірліктерін тұжырымдап, жасау үрдісі бірнеше ондаған жылдардан бері жүріп жатыр. Бұл – көпкіндікті дүниенің әлемдік тренді. Еуропада валюталық есеп айыру бірлігі эю (ecu – European Currency Unit) еуропалық толық бағалы валюта – еуроға ауысты.

Осы сияқты идеялар мен өңірлік есеп айырысу бірліктеріне қарай ойысу дүниенің әртүрлі бөліктерінде: Оңтүстік-Шығыс Азияда (аси – Asian Currency Unit), парсы шығанағы ауданында (халиджи), Латын Америкасында (суcre), Африкада (афро) байқалады.

Бір қызығы, өңірлік интеграция мен жаңа өңірлік есеп айырысу бірліктерін әзірлеу үдерістері соңғы дүниежүзілік дағдарыстан көп бұрын басталған болатын. Біздің дүние өзін өзі жаңартуының соңғы сатысына іштей дайындалып жатты.

Менің білуімше, **осы үдерісті жеделдететін уақыт жетті.**

Шын мәнінде, кез келген уақытта тағы қайталануы мүмкін жаһандық қаржы дағдарысы жағдайында **көпкіндікті қаржы құрылымы туралы** мәселе күн тәртібіне шығады.

Өңірлік және континенттік интеграция бойынша әріптестерімен бірге (ТМД, ЕурАзЭҚ, БЭК, ШЫҰ) Қазақстан XXI ғасырдың бірінші ширегіндегі жаһандық трендтің **өңірлік интеграциялық**



бірлестіктерді қалыптастыру арнасына әлдеқашан-ақ түскен болатын.

2003 жылдың өзінде-ақ Қазақстан ЕурАзЭҚ шеңберінде ол кезде «алтын» деп атау ұсынылған бірыңғай жалпыұлттық валюталық есеп айырысу бірлігін енгізу жөнінде бастама көтерген-ді.

Еуроаймақ дағдарысының сабақтарын ескере отырып, **Еуразиялық эмиссиялық орталық құрып, Еуразиялық жалпыұлттық есеп айырысу бірлігінің (ЕЖЕАБ) жұмыс істей бастауы** үшін біртіндеп жағдай жасай беру керек. Еуразиялық экономикалық комиссияның шеңберінде бірыңғай есеп айырысу бірлігін енгізу мәселелерін әзірлеу жөнінде шағын комиссия құру да маңызды сияқты көрінеді.

Өз эмитенттерінің (ЕурАзЭҚ елдері мен ШЫҰ) айрықша құрамына қарай мұндай бірлік бір мезгілде еуро аймағына да, сондай-ақ басқа өңірлік валюта аймақтарына да табиғи түрде етене үйлесіп, жаңа жаһандық қаржы инфрақұрылымын түзуге жағдай жасаған болар еді. Ұлттық және өңірлік мүдделерді дұрыс ескерген жағдайда Еуразиялық өңірдің айрықша орналасуы болашақта ЕЖЕАБ негізінде **жалпыконтиненттік валюта** жасауға бірегей мүмкіндік туғыза алады.

Сондықтан дүниежүзілік қауымдастық жетекшілерінің өңірлік-континенттік орталықтарды қалыптастырумен бірге дүниежүзілік резервтік жаңа валютаның ақаусыз жүйесін құру жөнінде жұмыс жүргізуіне толық негіздері бар.

Дүниежүзілік қауымдастықтың жаңа сапасына жету жолы оңай бола қоймайды.

Ал біз, осы жолға аяқ баса отырып, жаһандық жаңа валюта-қаржы құрылысын жасаудың кезеңдерін саралап алуымыз керек.

Жер шарының негізгі өңірлерінде жалпыұлттық электрондық есеп айырысу-төлем бірліктерінің пайда болуы дүниежүзілік жаңа валюта-қаржы құрылымын дәйекті түрде құрудың бірінші кезеңі бола алады. Бұл бірліктер өңірлік есеп айырысу-төлем одақтарының күшімен айналымға қосылады.

Келесі, **екінші кезең** – жалпыұлттық валюталардың өңірлік орталықтары арасындағы өзара қарым-қатынасты үйлестіру.

Үшінші кезең – өңірлік эмиссиялық орталықтардың тікелей қатысуымен дүниежүзілік жалпыұлттық электрондық есеп айырысу-төлем бірлігін тұжырымдап, енгізу.

Ақыры, **төртінші кезең** – өзінің айрықша дүниежүзілік эмиссиялық орталығы немесе дүниежүзілік орталық банкі бар жаңа тұрпатты бірыңғай дүниежүзілік резерв валютасын енгізу.

ЮНКТАД сарапшылары 2009 жылы-ақ БҰҰ-ға мүше елдерге жаһандық ауқымдағы қаржы саясатын бағыттап, дүниежүзілік валютаны айналысқа шығарып отыратын әлемдік орталық банк құру туралы ұсыныс жасаған болатын.

Сөйтіп, дүниежүзілік қауымдастықтың саяси ерік-жігері мен мақұлдауы болып, дүниежүзілік жаңа валютаны жасау барысында, біріншіден, қазіргі валюта-қаржы жүйесі реформаланады, екіншіден, жаһандық қаржы саласында нағыз инновациялық дүмпу жүріп, валюталық-қаржылық жаңа құрылым жасау жүзеге асады.

2010-шы жылдар үшін БҰҰ-ға арналған дағдарысқа қарсы басымдықтар

XXI ғасырдың басында жаһандық экономика елеулі өзгерістерге ұшырады. Өткен жүзжылдықтың соңына қарай дүние, ең алдымен, дүниежүзілік экономикалық қатынастарда үстемдік алып келген Батыстың **индустриялық дәуірден постиндустриялық және ақпараттық қоғамға өтуіне** байланысты алақайы алтау болып жатты.

Дағдарыс экономикалық дамудың барысына өзгертулер енгізді. Экономиканы ақпараттандыру ресурстарға деген сұранысты күрт кемітіп, олардың бағасын арзандатады деген тұжырым қате болып шықты.

Иә, шынында да, материал үнемдеудің қуатты толқыны ресурстарға деген сұранысты біріздендірді. Германияның жолдарындағы автомобильдер бүгінде өздерінің жалпы саны қаншалықты өссе, бензинді соншалықты аз пайдаланады.

Сондықтан өздерін постиндустриялық, демек, шексіз қуатты санайтын қоғамдар сервис секторына бейіл беріп, индустриялық базаны дамытудың болашағын мансұқ ете бастады.

Нақ осы көзқарас бүгінде постиндустриялық дүниедегі дағдарыстың басты себебі ретінде қарастырылады.

XXI ғасырдың екінші онжылдығына қарай жаңа жаһандық пішін үйлесімі қалыптасты да «үш дүние» соның ішінде өмір сүріп, өзара бәсекеге түсуде.

«Бірінші дүние» – АҚШ-тың және индустриялық даму жолынан ауытқыған көптеген еуропалық елдердің «алға ұзаған» постиндустриялық экономикаларын қамтитын жаһандық экономиканың бір полюсі. Оларға тән сипаттар – ұлттық өңдеуші өнеркәсіптің ІЖӨ-дегі үлесінің аздығы (10-13% шамасында), ұзаққа созылған бюджет тапшылығы, шамадан тыс өсіп кеткен қаржы секторы және сыртқы саудадағы тұрақты теріс сальдо.

«Екінші дүние» – шикізат бағасының күрт өсуіне байланысты тура мағынасында жоқтан бар болған бытыраңқы елдер шоғырын қамтитын басқа полюс. Мұнда Сауд Арабиясы, Катар, БАӘ, Венесуэла, Иран және басқалар бар.

Бұл топтың айрықша сипаттары - шикізат секторының ІЖӨ-дегі тым жоғары, 75%-дан аса үлесі, бюджет шығындарының шикізат табысына тура пропорционалды ұлғаюы, технологиялар мен инвестицияларды дамыту мәселесіндегі сыртқа қатты тәуелділік.

Осы полюстердің арасында **«үшінші дүние»** жатыр. Бұлар – индустриялық әлеуетін сақтап қалған елдер (Германия, Ресей, Жапония) мен индустрияландырудың жаңа орталықтары (Оңтүстік Корея, Қытай, Малайзия, Таиланд, Бразилия, Мексика).

Бұларда өңдеуші өнеркәсіптің үлесі ІЖӨ-нің ширегінен 45%-на дейін жетеді, сыртқы серіктестермен саудада тұрақты сальдо байқалады, бюджет тапшылығының проблемасы жоқ немесе шамалы ғана.

Қазір 76 триллион долларға тең дүниежүзілік жалпы өнімнің 20 триллионы «бірінші дүниенің», 5 триллионы – «екінші», 26 триллионы «үшінші дүниенің» үлесінде.

XXI ғасырдың бастамасы **индустриялық жетекшіліктің жалпы балансы дамушы дүние жағына шапшаң ойысып бара жатқанын** айқын көрсетті.

2000 жылы дүниежүзілік өндірістің 75%-ы дамыған елдерге, 27%-ы дамушы елдерге тиесілі болды.

Тек 2010-2011 жылдарда ғана дүниежүзілік өнеркәсіп өніміндегі АҚШ-тың үлесі 19,2%-дан 18%-ға, Жапонияда 11-ден 10,2%-ға дейін кеміп кетті.

Ал бұл мезгілде **БРИКС** елдері (Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай және ОАР) дүниежүзілік өнеркәсіп өндірісіндегі өздерінің жиынтық үлесін **46%-ға дейін** ұлғайтты. Енді олар еңбек өнімділігін арттыру мен құрылымдық экономикалық реформалардың күрделі жолынан өтулері керек.

Жаһандық аренаға **қарқынды индустрияланушы елдердің жаңа тобы МИСТ** (Мексика, Индонезия, Оңтүстік Корея және Түркия) шығып келе жатыр. Қазірдің өзінде бұл елдердің әрқайсысына жаһандық ІЖӨ-нің бір пайызынан артығы келеді.

Бангладеш, Нигерия, Мысыр, Пәкістан, Филиппин, Вьетнам, Иран секілді халық тығыз орналасқан елдердің экономикалық әлеуеті шұғыл өсіп келеді.

Мен көз жетер болашақта дамыған елдер индустриялық жетекшілігінен ақыр-тақыр айрылады дейтін болжам айтудан аулақпын. Керек десеңіз, олар өздерінің жас өркен бақталастарының алдында халықтың жан басына шаққандағы қосылған құн мөлшерінің

өңдеуші өнеркәсіптегі көрсеткіші бойынша күшті бәсекелестік артықшылықтарын сақтап қалып отыр.

Мәселен, АҚШ-та өңдеуші өнеркәсіптің ІЖӨ-дегі жалпы үлесі 15% бола тұрып, 1,71 триллион доллардың қосылған құны жасалады. Ал бұл бүкіл дүниежүзілік өңдеудің 20%-на жуық.

Бұл көрсеткіш бойынша БРИКС тобындағы елдер АҚШ-тан 11-15 есе, Жапониядан 16 есе кенже қалған.

Әлемдік жетекші консалтингтік агенттіктердің бірі – BCG-нің пікірі бойынша, шамамен 2015 жылға қарай АҚШ-та және жаһандық экономиканың батысеуропалық сегментінде **индустриялық жандану болады деп күтілуде**. Бұл **жанғыш тақтатас газын пайдалануға** көшетін энергияның күрт арзандауы есебінен болуы мүмкін. 2011 жылы оның өндірісі, мәселен, Ресейде өндірілген 688 миллиард текшеметр табиғи газдың жанында 684 миллиард текшеметрге жетті.

Батыстағы қайталама индустрияландыру толқынында жаңа, **үшінші индустриялық революцияның** негізгі оқиғалары мен шарықтауы жүзеге асып, ол өндірістің үшөлшемді технологияларын және басқа да инновацияларды енгізеді.

Мен келтірген осы фактілер дүниежүзілік экономиканың дамуы қаншалықты күрделі болғалы отырғанын көрсетеді.

Жаһандық экономикалық дағдарыс-дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымын өзгертетін, ғаламдық экономикалық орталықтардың рөлі мен ықпалын басқаша бөлетін **өзгерістердің жаршысы**.

Сондықтан жаһандық экономикалық реформалау мәселелері **барлық елдерге қатысты**.

Дүние тұрақсыздық пен әлемдік дағдарыс толқынын күту жағдайында **уақытты шығындамауы керек**.

Дағдарысқа қарсы реттеудің, ал содан соң қазіргі дүниежүзілік валютадан жаңа валютаға көшудің де мәселелерін барлық аса ірі саяси және экономикалық органдардың, саммиттер мен бейбітшілік форумдарының күн тәртібіне айналдыру қажет.

Дүниені экономикалық түрлендіру жөніндегі ғаламат жұмыс, менің ойымша, **БҰҰ қанатының астында** жүргізілуі тиіс. Экономикалық үдерістердің жаһандану деңгейінің өсуі **БҰҰ қызметіндегі экономикалық құрамдастардың тұрпатын ауыстыру** қажеттігін мәжбүрлеуде.

Валюта және сауда-экономикалық реттеу саласындағы дүниежүзілік құрылымдар жұмысының басты мәні дүниежүзілік дағдарыстарды болжау мен олардың себептерін жою болуға тиіс.

Бұл мәселедегі кешеуілдеу жаһандық дағдарыстың қуатты жаңа тегеурінімен, өңірлік және дүниежүзілік тұрақсыздықтың серпінімен қайтып оралады.

Өзінің Дағдарысқа қарсы жоспарын ойдағыдай іске асырған Қазақстан өз серіктестерімен және одақтастарымен бірге дағдарысқа қарсы саясатты үйлестіру жөніндегі ең биік деңгейдегі **халықаралық форумдарды нақтылы өткізуге қатысуға әзір**.

Біз **Дағдарысқа қарсы дүниежүзілік конференция** өткізу жөнінде бастама көтердік және оны **2013 жылғы мамырда Астанада** өткізуді жоспарлап отырмыз. Оған дүниенің барлық елдері қатысып, **Біріккен Ұлттар Ұйымының дағдарысқа қарсы жоспары** болатын дүниежүзілік реформалар жоспарының жобасын әзірлей алады.

Бұл бастаманы көтере отырып, біз дүниежүзілік экономиканы дағдарыстан кейін қалпына келтіру дәйексіз сипатта екенін және қаржы рыноктарының тұрақсыздығы жағдайында өтіп жатқанын ескердік. 2008-2009 жылдардағы жаһандық экономикалық дағдарыстың шығуына себепші болған дүниежүзілік валюта-қаржы жүйесінің күрделі ақаулары жойылған жоқ.

Ал жүйелі кемшіліктердің болуы дүниежүзілік валюта-қаржы жүйесінің ауқымды және түбегейлі реформаларын тез арада жүзеге асыруды талап етеді.

Қалай болғанда да, **дүние жаңа қаржылық-валюталық жүйеге қарай бара жатыр**, ал онда бірнеше валюта дүниежүзілік деңгейде

резервтік валютаның рөлін атқаратын болады. Еуропаның валюта жүйесінің құрылуы, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің Чиангмай бастамасы, Парсы шығанағы елдерінің бастамалары, БРИКС елдерінің жергілікті валютада несиелік желілер құру жөніндегі Бас келісімге қол қоюы осы үрдісті растайды.

Дағдарысқа қарсы жоспарлау, тұрақсыздық пен ықтимал құлдырауды еңсеру, жаңа қаржылық өзара қарым-қатынасқа көшу ХХІ ғасырдың екінші онжылдығының ғаламат трендіне айналып келеді.

Дағдарыстың алғашқы толқыны кезеңінде дағдарысқа қарсы бағдарламалар, әдетте, ұлттық деңгейде, жекелеген елдер деңгейінде жасалды. Бірақ бұл бүгін жеткіліксіз. Еуропалық одақтың тәжірибесі неғұрлым биік деңгейге көтерілу қажет екенін көрсетіп отыр.

Біріншіден, Дағдарысқа қарсы өңірлік бағдарламалар жасау қажет.

Екіншіден, бірлесе күш-жігер жұмсап, БҰҰ-ның Дағдарысқа қарсы жоспарын әзірлеу керек.

БҰҰ-ның Дағдарысқа қарсы жоспары тұрақсыз және ақаулы ескі валютаны жаңа жүйеге конверсиялаудың өзекті технологияларын, транзиттік валюталардың өңірлік эмиссиялық орталықтарын құру мен дамытудың желісін ұсынуы тиіс. БҰҰ-ның Дағдарысқа қарсы жоспары мемлекеттерге қаржылық жүйелерді тұрақтандыру жөнінде көмек көрсетудің нақтылы шараларын көздесе дұрыс болар еді.

Атап айтқанда, дағдарыстық құбылыстарға жол бермеу мақсатында мемлекеттік қарызды, мемлекеттің активтері мен міндеттемелерін басқару; қаржы тұрақтылығы және қаржы секторын реттеу, дүниежүзілік жаңа валютаның жұмыс істеу тетігін жасау сияқты осы заманғы өзекті қаржы проблемаларының шешімін табу қажет.

Мұндай жобалар дүниежүзілік саяси және ғылыми қоғамдас-тықтың пікірлерін ескере отырып әзірленуі және G-GLOBAL алаң-

шаларында, Астана және басқа да экономикалық форумдар мен халықаралық ұйымдарда талқылануы тиіс.

Осыған байланысты Астана экономикалық форумының негізгі ұйымдастырушысы – Еуразиялық экономикалық клуб **дүниежүзілік жаңа қаржы құрылымының** және бірыңғай дүниежүзілік валютаның үлгісін жасады.

Дағдарысқа қарсы өңірлік және ұлттық жоспарларды жасай отырып, ЕО, ЕурАзЭҚ және ШЫҰ елдері БҰҰ-ның Дағдарысқа қарсы жаһандық жоспарын ынтагерлікпен ұсынып, ілгері жылжытқандары жөн болар еді.

Нақ осы **ЕО, ЕурАзЭҚ және ШЫҰ** сияқты **үлкен үшемнің** беделді түрде әрі жауапкершілікпен талқылап, жаһандық тұрақсыздықты еңсеру жөніндегі шешімдерін ұстанатын реті бар.

Дағдарысқа қарсы жаһандық жоспарының негізінде Біріккен Ұлттар ұйымы **Үшінші мыңжылдықтың Кезекті тәртібін дәлелдеу жөніндегі жұмысты бастай алады.**

БҰҰ-ның Дағдарысқа қарсы жоспары дағдарысты еңсеру мен дағдарыстан кейінгі даму жолындағы жаһандық практикалық навигатор ретінде қажет. Ол дүниежүзілік өзара қарым-қатынастар мен нақты экономиканың барлық субъектілеріне – елдерге, корпорацияларға, фирмаларға, халықаралық ұйымдарға және т.б. қажет.

Валюта-қаржы қатынастары – жаһандық экономиканың аса маңызды қыры. Алайда біз тек қана дүниежүзілік валютаның проблемаларымен шектеліп қалмауымыз керек. Дүниежүзілік экономиканы сауықтырудың жүйелік көзқарасы жаһандық экономикалық саясаттың **үш негізге сүйенгенін қалайды:**

біріншіден, ол – **пәрменді макроэкономикалық басқару** жүйесі;
екіншіден, **шикізат рыноктарынан бастап қаржы рыноктарына дейінгілердің бәрін жаһандық реттеу;**
үшіншіден, **пәрменді валюта-қаржы жүйесі.**

Осы міндеттерді іске асырғанда ғана жаһандық экономикалық дамудың тұрақтылығы туралы айтуға болады.

Бірінші бағыт үшін маңыздысы – пайда болған кереғарлықтарды айқындаудың «лакмус» аспабы бола алатындай ұлттық экономикалардың жай-күйін бағалайтын **әмбебап индикаторлардың Жаһандық тізбесін** жасау.

Екінші бағыт бойынша бүгін дүниежүзілік рыноктарды реттеу жүйесін жасау туралы көп айтылады, бірақ үйлестірілген шешім әлі дайын болған жоқ. Биржалық тауарлардың, әсіресе, қуат ресурстары мен шикізаттың бағасын, сондай-ақ азық-түлік тауарларының рыноктарындағы бағаны басқару халықаралық үйлестіруді қажет етеді.

Қаржы рыноктарын жаһандық басқаруға келгенде туынды бағалы қағаздар рыногына ерекше назар аудару керек.

Соңғы дағдарыс алдында деривативтер рыногының айналымы күллі планетамыздың **жиынтық ІЖӨ-сінен 8 есе көп болғаны** бәріміздің есімізде.

Және, ақырында, **дүниежүзілік жаңа резервтік валюта** жасау әмбеге түсінікті, айқын жаһандық валюта-қаржы жүйесін құруға мүмкіндік береді. Елдердің резервтері неғұрлым дәйекті бола түседі.

Тұтастай алғанда, жаһандық экономикалық басқарудың пәрменді тетігін барлық құрылымдар мен қатысушылардың айқын құқықтарымен және жауапкершілік нормаларымен, дүниежүзілік пәрменді резервтік валютамен, жалдаптық капиталға қойылған қатаң бақылаумен қамтамасыз ету керек.

Сондықтан да 2011 жылғы қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-шы сессиясында сөйлеген сөзімде мен дүниежүзілік қауымдастықты **Жаһандық реттеу туралы келісімді** әзірлеуді кідіртпей қолға алуға шақырдым.

Бұл Келісімнің қорытындысы халықаралық экономикалық саясаттың өзекті элементтерін келісудің нақты құралы болады.

2012 жылғы 24 мамырда Ақордада Нобель лауреатымен болған әңгіме барысында дүниедегі жағдайды жүйелі негізде мұқият қадағалап, дүниежүзілік экономикадағы проблемаларды шешу жөнінде сапалы ұсыныстар әзірлеп отыру үшін тұрақты жұмыс істейтін орган құру қажеттігі туралы мәселе көтерілді.

Атап айтқанда, Роберт Манделл **Астана экономикалық форумының хатшылығын** құруды ұсынып, ол 2013 жылы Дағдарысқа қарсы дүниежүзілік конференция өткізуді әзірлеу жөніндегі жұмысшы орган болар еді дегенді айтты.

Мен мұндай ұсыныспен келістім.

Жаһандық экономикалық тұрақсыздық жағдайында **Біріккен Ұлттар Ұйымының рөлі мен маңызы арта түсуде.**

Әмбебап халықаралық ұйым ретінде БҰҰ дүниежүзілік экономикалық және әлеуметтік мәселелерге барған сайын көбірек назар аударып келеді.

Бұл БҰҰ Бас Ассамблеясында, Мыңжылдық саммитінде, 2005 жылғы Дүниежүзілік саммитте, даму мақсатындағы ынтымақтастық бойынша форумдарда, БҰҰ-ның сауда мен даму жөніндегі конференцияларында қабылданған құжаттардың өзегінен арна тартады.

Қазіргі жағдайда жаһандық экономиканың жүйелік мәселелері мен олар бойынша қабылданатын шешімдер мейлінше келелі сипат алып отыр. Әсіресе, халықаралық қаржы құрылымын реформалау жөніндегі ұжымдық күш-жігер аса маңызды. Дүниежүзілік валюта-қаржы жүйесінің жай-күйі жаһандық қауіпсіздіктің аса маңызды факторына айналып келеді.

Дүниежүзілік экономика мен қаржының тұрақсыздығы ғаламдық дүниенің дәйекті дамуына кедергі келтіруде.

Сондықтан Біріккен Ұлттар Ұйымы осы кедергіні бейтараптап, сол арқылы адамзаттың дәйекті түрде дамуына жол ашу үшін не қажеттің бәрін істеуі керек.

XXI ғасырдың екінші онжылдығының өрісінде Біріккен Ұлттар Ұйымының әлеуетін **мынадай ғаламдық міндеттерді** шешуге бағыттау маңызды:

- **БҰҰ-ның дағдарысқа қарсы жоспарын** жасап, іске асыру;
- **Жаһандық реттеу Келісімін** жасап, бекіту;
- **БҰҰ-ның Халықаралық экономикалық комиссиясы мен экономика жөніндегі кеңесін** құру;
- **дүниежүзілік жаңа қаржы жүйесінің** құрылымы мен жұмыс істеу тетігін тұжырымдау;
- **дүниежүзілік валюта туралы келісімшартты** бекіту;
- **Дүниежүзілік Орталық банкті** құру.

БҰҰ тұғырнамасындағы осынау аса маңызды міндеттерді G-GLOBAL **пішімінде** шешу әрбір елдің және халықаралық қауымдастықтың даму мен әл-ауқаттың жаңа деңгейіне шығуына мүмкіндік беретініне біз сенімдіміз.

Еуразиялық кеңістіктегі макроөңірлік үдерістер

Жаһанданумен бірге **өңірлену** де XXI ғасырдың басты халықаралық үрдісі болып отыр. Егемен ұлттық мемлекеттер, халықаралық қатынастардың іргелі субъектілері бола отырып, **ерікті негізде қуатты интеграциялық бірлестіктер құрады.**

Өңірленудің дүниежүзілік үрдісі макроөңірлік экономикалық интеграция үрдістерінен көрінеді. Бұл үрдістер Жер шарының барлық континенттерінде, соның ішінде Еуразиялық континентте де жүріп жатыр. Нақ осы **үлкен өңірлердің деңгейінде елдердің неғұрлым тұрақты әрі қорғалған бірлестіктері қалыптасады.**

XXI ғасырда елдердің күш-жігерін, ресурстары мен мүмкіндіктерін біріктіру ғана айтарлықтай ұзақ мерзімді үлес-пайда беретініне мен сенімдімін.

Адамзат экономикалық интеграцияның белгілі бір тәжірибесін жинақтады. Бүгінде дүниедегі елдердің басым көпшілігі **Еуроодақ, НАФТА, МЕРСОКУР, Африка одағы, АСЕАН, АТЭС, ЕурАзЭҚ** және басқа да алуан түрлі интеграциялық бірлестіктерге қатысады.

Еуропалық Одақ жуық арадағы жылдарда өзіне Хорватияның, ал одан арғы болашақта Сербияның, Черногорияның және басқа да елдердің қосылуы есебінен қатарын одан әрі кеңейте түспекші.

Түркия да бірталайдан бері Еуропалық Одақтың табалдырығында тұр. Шығыс Азияда Қытайдың және АСЕАН елдерінің қатысуымен бірден екі миллиард тұтынушыны қамтитын планетадағы аса ірі еркін сауда аймағы құрылып жатыр. Парсы шығанағының өңірі қаржы-экономикалық тұрғыдан өздігінен құрылуда. Оңтүстік Америка елдерінің интеграциясы нығайып келеді.

Интеграция – **дәуірдің келелі талабы**. Ол – осы заманғы және болашақтағы дүниенің басқа өңірлік бірлестіктерімен өзара тығыз ықпалдасып, тиімді бәсеке жүргізетін жемісті макроөңірлік экономикалық жүйе құрудың пәрменді құралы.

Мұндағы принципті нәрсе – экономикалық интеграция үдерістері өзіндік бір дара мақсат емес, олар интеграцияға қатысушы мемлекеттердің ілгерінді ұлттық мүдделеріне сәйкесіп, ұлттық экономикалар мен қауіпсіздікті нығайтуды, халықтардың әл-ауқатын көтеруді қамтамасыз етуі, ұлттық мәдениеттер мен дәстүрлерді сақтауға және дамытуға жағдай жасауы тиіс.

Түптеп келгенде интеграцияның экономикалық пайдасы бүкіл қоғамға ортақ болуы керек.

Тек сонда ғана интеграциялық үдерістерді қоғам, тұтас ұлт қолдайтын болады. Тек сонда ғана олар берік және баянды болмақшы.

Әрбір ел өз өңірінің ерекшеліктері мен жаһандық үдерістерді ескере отырып, G-GLOBAL әлемінен өз орнын таба білуі керек.

Қазақстан жаңа дәуірдің жол айырығында қалған көптеген елдерге үлгі бола алады.



1994 жылғы наурызда Ұлыбританияға ресми сапарымның кезінде «Chatham House» деп аталатын әйгілі Король халықаралық қатынастар институтында сөз сөйлеуге шақыру алғаным есіме түседі.

Мен кеңестіктен кейінгі кеңістіктің дамуы екі түрлі үрдіспен: бір жағынан, ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуымен, ал екінші жағынан, – өңірлік интеграцияның қажеттігімен айқындалатынын атап көрсеттім.

Нақ сонда, Лондонда мен **Еуразиядағы өңірлік интеграция туралы өз түсінігімді халықаралық қауымдастыққа тұңғыш рет баяндап**, болашақ өңірлік бірлестіктің **Еуразиялық одақ** дейтін атының өзін тұжырымдап бердім.

Онда, 1994 жылдың бастауында менің тура мағынасындағы геосаяси «тыңмен» жүруіме тура келген-ді.

Әрі мен геосаясатта әбден әккіленген ағылшын жұртшылығының өзімді риясыз ынтамен тыңдағанын да әлі ұмытқан жоқпын.

Мен Қазақстанның еуразиялық құрлықтың тура жүрек тұсына орналасқан бірегей мемлекет екенін, онда еуропалық және азиялық тамырлар қойындасып жататынын айттым. Түрлі халықтардың өкілдері алуандықтың бірлігін құрайды, ал әр түрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің үйлесімі еуропалық және азиялық мәдениеттердің ең үздік жетістіктерін бойымызға сіңіруге мүмкіндік береді дедім.

Сондай-ақ мен республикамыздың ғаламат ерекшелігіне қарай біз бір мезгілде әрі еуропалық, әрі азиялық өңірлік халықаралық ұйымдардың мүшелері саналатынымызды да сол жолы атап көрсеттім. Біз өзіміздің геосаяси орналасуымыздың мәнін түсінеміз, керек десеңіз, қауіпсіздікті нығайту жөніндегі халықаралық күш-жігер орталықтарының бірі болуға әзірміз.

Осының бәрін мен Кедендік одақтың құрылуы мен Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуінен он бес жыл бұрын айтқанымды атап көрсету керек.

Мұны қазір еске алып отырғаным – **сол кездің өзінде-ақ біз дұрыс жолды таңдағанбыз** демекпін.

Сонда, 1994 жылдың наурызында, Лондоннан кейін бір аптадан соң-ақ мені тағы бір жол, енді Мәскеуге сапар күтіп тұрған еді.

29 наурызда, президент Б. Ельцинмен болған толымды ресми келіссөздерден кейін мен М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессорларымен және студенттерімен кездесуге бардым. Бұл өзі достық ахуалы жөнінен өте бір есте қалатындай кездесу болды.

Мен өз сөзімде біз, КСР Одағы ыдырағаннан соң пайда болған тәуелсіз мемлекеттер, XXI ғасырға бірге кіруіміз керек дедім.

Мен ұлттық мемлекеттердің және Тәуелсіз мемлекеттер достастығының болашағына, өзім Еуразиялық одақ деп атаған өңірлік жаңа бірлестікке деген көзқарасымды баяндап бердім. Бұл қайдағы бір Еуроазиаттық емес, нақ Еуразиялық одақ болуы керегін баса көрсеттім. 1994 жылғы менің көзқарасым осындай болатын, ол күні бүгінге дейін бұлжымастан келеді.

Еуразиялық өзара ықпалдастық идеясы тіпті де **реинтеграциялық емес**. Өткенге қайта оралу жоқ және болмайды да. Еуразиялық интеграция үдерісіне қосылған барлық мемлекеттердің бірімәнді ұстанымы осындай.

Менің бұл идеяны ММУ-дің академиялық жұртшылығы алдында жариялауым кездейсоқ емес.

Сөзімді барша Достастықтың зиялы қауымына тікелей арнауым көпжақты интеграция үдерісін ТМД құрылған соң екі жылдан кейін-ақ киліккен есеңгіреу жағдайынан алып шығуға деген берік тәуекелімнің белгісі еді.

Мен ТМД уақыттың объективтік талаптарына жауап бере алмайтынын және оған қатысушы елдерді біздің халықтарымыз өте-мөте ділгер болып отырған интеграциямен қамтамасыз ете алмайтынын ашық айттым. Сондықтан неғұрлым айқын принциптермен әрекет ететін

жаңа, өзінің рухы бойынша еуразиялық сипаттағы мемлекетаралық бірлестік құрудың қажеттігі пісіп-жетілді.

XX ғасырдың алғашқы жартысындағы эмигранттардың ортасында пайда болған «еуразияшылдық мектебінің» жолын қуушылардың баршасынан ілгері кеткен аса көрнекті ойшыл Л. Н. Гумилёвтің ой-пікірлері маған қашан да қатты ұнайтын. Ол **Еуразия халықтарының географиялық және мәдени-тарихи байланыстарының бірлігін** тұжырымдамалық дәрежеде негіздеп берді. Менің бастамам бойынша Астанада құрылған Еуразиялық Ұлттық университет осы ғалымның есімімен аталады.

XX және XXI ғасырлар тоғысындағы нақтылы тарихи жағдайларға қарай қалыптасқан менің еуразияшылдыққа деген көзқарасым мынадай қағидаттарға негізделген болатын.

Біріншіден, мәдени және өркениеттік факторлардың маңызын мансұқтамастан, мен **интеграцияны ең алдымен, экономикалық прагматизм негізінде құруды ұсындым.**

Интеграциялық үдерістердің басты қозғаушысы – дерексіз геосаяси идеялар мен ұрандар емес, экономикалық мүдделер. Сондықтан болашақ Еуразиялық одақтың түпнегізі біздің халықтарымыздың бірлескен және жемісті дамуының ауқымды қамту аумағы ретіндегі ортақ экономикалық кеңістік болмақшы.

Екіншіден, мен ұдайы **интеграцияның еріктілігін** жақтап келдім және жақтаймын да. XXI ғасырда тиімді интеграция тек зорлық-зомбылықсыз, ерікті болуы мүмкін.

Әрбір мемлекет пен қоғам жаһанданушы дүниеде ұдайы жеке ерекшелігіне масаттанып, өзінің томаға-тұйығында қала берудің ешқандай мәні жоқ екенін түсінуге өз беттерінше жетулері керек. Қатысушы мемлекет пен оның халқының жете түйсінген ұлттық мүддесі ретіндегі интеграция – гүлденудің лайықты жолы міне осы.

Сондықтан кез келген мемлекеттің еуразиялық интеграциялық үдеріске еріктілік пен жаңа мүмкіндіктерді айқын түсіну арқылы қатысуынан басқа ешқандай нәрсеге жол берілмеуі тиіс.

Үшіншіден, мен Еуразиялық одақты әуелден-ақ мемлекеттердің теңдік, бір-бірінің ішкі ісіне араласпаушылық, егемендікті құрметтеу мен мемлекеттік шекараларға тиіспеушілік принциптеріне негізделген бірлестігі ретінде елестеттім.

Еуразиялық интеграцияға қатысушы мемлекеттер өзара қарым-қатынастарынан экономикалық, саяси, ақпараттық және басқа қысым көрсетудің кез келген формаларын үзілді-кесілді мансұқтаулары керек екені айдан анық.

Төртіншіден, мен **Еуразиялық одақтың** мейлінше пәтуалы негізде және ұлттық парламенттердің міндетті түрде бекітуін қажет ететін мемлекетаралық келісімдер белгілеген **айқын құзыреттері** шеңберінде әрекет жасайтын **жалпыұлттық органдарын құруды ұсындым.**

Қатысушы әрбір елдің мүддесін ескеретін мұндай көзқарас саяси егемендікті мансұқтауды әсте де білдірмейді. Бұл – аксиома. Интеграция бойынша серіктестердің теңдігін негізге алған **Еуропалық одақты құрудың жемісті тәжірибесі** нақ осындай болатын.

ММУ студенттері мен профессорлары мені қолдады. Мен көптеген сұрақтарға жауап бердім.

Міне, өстіп, 1994 жылғы наурызда Лондон мен Мәскеуде **жаңа идеяның – Еуразиялық одақ идеясының өмірі басталды.**

90-шы жылдардағы сол дәуірді қазіргі дәуірмен салыстыра отырып, КСРО ыдырағаннан кейін пайда болған мемлекеттердің ынтымақтасу, өзара әрекеттесу және жақындасу үдерісін еуразиялық интеграция деп атау **бүгінде дағдылы нәрсеге айналды.**

Талдаушылар мен сарапшылар бұл ұғымды кеңінен қолданатын болды және маңыздысы, ол ТМД кеңістігінде болсын, дүние жүзінде болсын саяси элита сөз қорының ажырағысыз бөлігіне айналды.

Енді қазір **Еуразиялық одақты қалыптастыру идеясы** ешқандай жатырқаушылық сезімін туғызбайды және **ешкімді таңдандырмайды.** Керек десеңіз, ол туралы ең мәртебелі деңгейде де нақты интеграциялық жоба ретінде сөз болып жатады.

1994 жылы өңірлік өзара әрекеттестік пен мемлекеттердің Еуразиялық одағын құрудың күллі қырлары ТМД мемлекеттерінің барлық басшыларына жіберілген **менің ұсыныстарымның пакетінде егжей-тегжейлі баяндалып**, баспасөзде жарияланды.

Мен әрі кеңестіктен кейінгі елдердің бәрінің дерлік жұртшылығынан өзімнің еуразиялық бастамамды оңынан бағалаған көптеген лебіздер алдым. Бірақ саясаткерлер оны **көрнекі түрде талқылауға әзір болмай шықты**. 90-шы жылдардың шындығы сондай болатын.

Бәлкім, ол заңды да болған шығар. Сол кездегі ТМД елдерінің басшылары көптен аңсаған тәуелсіздікке масаттана жүріп, Еуразиялық идеяның ұзақ мерзімдік әлеуетіне көз жеткізе де алмаған болар.

Алайда басқаны да айту керек: түптеп келгенде **Еуразиялық бастама** ТМД кеңістігіндегі интеграциялық үдерістің **шеп бұзушысына айналды**.

Одан кейінгі жылдарда ол бірталай жемісті мемлекетаралық құрылымдарды – Ұжымдық қауіпсіздік туралы Шарттың Ұйымын, Еуразиялық экономикалық қауымдастықты, Кеден одағын, Бірыңғай экономикалық кеңістікті құруда кезең-кезеңімен жүзеге асты.

XXI ғасырда өңірлену тренді **басым бола түседі**.

Қазірдің өзінде-ақ еуразиялық континент **дүниежүзілік өнімнің жартысынан астамын өндіреді**. Мұнда **дүние халқының үштен екісі тұрады**. Алдағы онжылдықтарда континенттің мәнділігі тек арта берері айдан анық.

Сонымен бірге, еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық үдерістер негізінен жеке-дара, кейде бір-бірімен бәсекелес өңірлік одақтарға шоғырланатыны бар. Бұл Еуропа мен Азияның өзара ықпалдастығының әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Орта мерзімдік және ұзақ мерзімдік болашаққа – 2030 жылға дейінгі өңірлік, континенттік және жаһандық үдерістерді жаңаша,

тұжырымдамалық түйсіну қажеттігі нақ осы жағдайлармен байланысты.

Егер 1990-шы жылдардың бастауында Еуразиялық өңірдегі нақты саясатта бөлшектену үдерісі белең алған болса, XXI ғасырдың екінші онжылдығының бастауында жағдай түбегейлі өзгерді.

Жаһандық экономикалық проблемалар **ұлттық мемлекеттердің тұрақты дамуы тақырыбын**, демек – **ұлттық экономикалардың пәрменді экономикалық интеграциясы тақырыбын да бірінші кезекке шығарды**. Әр ел жеке алғанда ғаламдық бәсекеге шыдас беріп, жаңа экономикалық күйзелістерсіз ілгері дамуын кепілдендіруге қабілеті жете бермейтініне жаһандық дағдарыс жағдайында анық көз жетті. Сөйтіп, бұл жағдай Еуразиялық континенттегі интеграциялық үдерістердің тағы бір факторына айналды.

Макроөңірлік интеграцияның мақсаты – **ұлттық, континенттік және жаһандық құрылымның тұрақтылығы**, ұлттық мемлекеттердің ілгерінді дамуына, олардың бәсекеге қабілеттілігін елеулі түрде арттыруға жағдай жасау.

Еуразиялық интеграция – XXI ғасырда мемлекеттердің нақты егемендігін нығайтып, экономикалық және саяси мүмкіндіктерін кеңейтетін **қуатты ресурс**.

1994 жылы ұсынылған Еуразиялық жоба дәйектілікпен және кезең-кезеңімен **нақты кеңістікке көшірілумен болды**. Уақыт Еуразиялық одақ идеясының өміршеңдігі мен өтімділігін көрсетті. Ол тек дәлелдеуді қажет етпейтін жалаң пікір болып қоймай, іс жүзінде нақты бейнесін тапты.

2000 жылғы қазанда Астанада **Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭҚ)** құрылды. Қазір ол – дүниежүзілік қоғамдастық таныған халықаралық ұйым, құрамына тұрақты мүшелері ретінде 6 мемлекет және бақылаушы мәртебесінде 3 мемлекет кіреді.

ЕурАзЭҚ-тың құрылуы оған қатысушы елдердің алдынан кең өріс ашты. Қазір 180 млн. адам тұратын ЕурАзЭҚ – еркін сауда аймағы.



Әрі 2011 жылы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің бәрі Еркін сауда аймағы туралы шартқа қол қойғаннан кейін ол елеулі түрде кеңейе түсті.

Өткен жылдар ішінде ЕурАзЭҚ шеңберінде **интеграциялық үдерістің әртүрлі өлшемдері бойынша тетіктердің тармақтанған құрылымы қалыптасты**. Әрі олар тек мемлекетаралық деңгейде ғана емес, сонымен бірге бизнесмендердің, ғылым, білім және мәдениет қайраткерлерінің, ғылыми-өндірістік бірлестіктердің, жастардың бастамасымен төменнен де құрылады.

Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарысты ескергенде, **Еуразиялық даму банкі мен Дағдарысқа қарсы қордың құрылуы** дер уақытындағы шара болды.

Бүгінде бұл бірқатар ЕурАзЭҚ елдеріндегі нақты экономикалық жобаларды қаржыландырып қана қоймай, жедел жәрдем жасауға, мәселен, дүниежүзілік дағдарыстың салдарын қатты сезінген белорус экономикасына көмектесуге мүмкіндік беріп отыр.

Еуразиялық медиа-форум, Еуразиялық телевизия және радио ассоциациясы, Еуразиялық университеттер ассоциациясы көрнекі жұмыс атқаруда. Еуразиялық кино және театр фестивальдары, әртүрлі конференциялар, жастар форумдары дәстүрге айналып келеді. Бүгінде менің бастамаммен құрылған Еуразиялық ғалымдар клубы, Халықаралық жоғары технологиялар орталығы біліми және ғылыми кеңістікті интеграциялаудың көкжиегін кеңейте түсуде.

Басқаша айтқанда, біздің қоғамдарымыздың терең қатпарларын түгел жайлаған көпқырлы кірігу үдерісі жүріп жатыр. Еуразиялық интеграциялық идеяның өміршең күшінің көрінісі осы емес пе?

Бүгінде біздің халықтарымыз мәдени, діни және тілдік әралуандығы бар, бірақ жемісті экономикалық өзара ықпалдастық пен ізгі көршілікке дейтін құлшынысы ортақ, **қалыптасып келе жатқан еуразиялық ұқсастықтың бөлігі екенін** барған сайын айқын сезінуде.

Біздің бәріміз өткендегі бірлесіп өмір сүрудің бай тәжірибесіне ғана емес, болашақтың бөлінбес тарихына ие болып отырған **ұлттардың бірегей еуразиялық жаңа қоғамдастығы пайда болуының куәгерлеріміз.**

2010 жылдың күзінде мен ресейлік жас журналистердің бір тобымен кездестім. Біздің әңгімеміз ойламаған жерден олардың көптеген жылдардан бері тұңғыш рет шекарадағы жан төзгісіз кедендік бақылаудан өтпей-ақ Қазақстанға келгендері үшін маған алғыс айтуымен басталды.

Мен олардың мұндай сөздерді міндетті түрде Ресей басшыларына да – 2007 жылы біздің елдеріміз бен Беларусьтің қатысуы арқылы үшжақты Кеден одағын құру туралы шартқа қол қойған Владимир Путинге де және осы интеграциялық жобаның түбегейлі шындыққа айналуы үшін жеке өзі көп күш жұмсаған Дмитрий Медведевке де арнауы керектігін айттым.

2012 жылғы қазанда Қазақстан мен Ресей **дипломатиялық қатынастары орнауының 20 жылдығын** салтанатпен атап өтті.

Менің Мәскеуге жұмыс бабындағы сапарыма арналған бұл мерейтойды біздің елдеріміз **стратегиялық серіктестер, ең жақын одақтастар мен достар ретінде қарсы алды.**

Екі ел Президенттерінің қамқоршылығымен 2012 жылғы 19 қыркүйекте Павлодарда өткен **Қазақстан мен Ресей өңіраралық ынтымақтастығы ІХ Форумының** қорытындылары біздің елдеріміздің ынтымақтастығы мен өзара әрекеттестігі биік деңгейде екендігін жарқын түрде бейнелейді.

Екіжақты қатынастардың мұндай алаңының мысалдарын **ТМД-дан да, өзге дүниеден де таба алмайсыз.**

2003 жылдан бастап жыл сайынғы пішімде, Қазақстан мен Ресейдің шекара маңындағы қалаларының бірінде алма-кезек, екі елдің Мемлекет басшылары мен үкімет мүшелері ғана емес, сонымен бірге қазақстандық және ресейлік өңірлердің, бизнес-

топтарының басшылары мен қалың жұртшылық өкілдері де кездесіп тұрады.

Бұл екі арада Форумның географиясы қарқындап кеңейді. Бүгінде **Қазақстанның барлық өңірлері дерлік** және Ресей Федерациясының **80 субъектісі** кең ауқымды өзара тиімді өңіраралық байланыстармен қамтылған.

Бұрын болып өткен қазақстан-ресей өңіраралық форумдардың әрқайсының күн тәртібіне шекара маңындағы сауданы және өткінші көлік әлеуетін дамыту, ортақ шекараның қауіпсіздігі, энергетика мен жоғары технологиялар аясындағы ынтымақтастық, екі елдің төтенше жағдайларға бірлесіп жауап қайтарудағы өзара әрекеттестігі сияқты **келелі мәселелер қойылды.**

IX Павлодар форумында Қазақстан мен Ресейдің **инновациялық ынтымақтастығы мен өндірістік кооперациясының** тақырыбы талқыланды.

Іскерлік топтар кездесулерінің шеңберінде **30 шақты келісімге** қол қойылды, соның ішінде жалпы сомасы **2 миллиард доллардай** болатын нақты жобалар бар.

Өңіраралық форумға орайластырылған халықаралық көрмеге **173 компания қатысты, олардың 75-і қазақстандық және 98-і ресейлік** компаниялар болды.

Мұның бәрі – біздің елдеріміздің тату көршілігі мен ынтымақтас-тығының **серпінділігін, өзара сенім тереңдігін, іскерлік шабыты мен аса кең өрісті болашағын** паш еткен осы заманғы қазақстан-ресей қатынастарының **бір-ақ күнінің нәтижесі.**

Қазақстан мен Ресейдің жемісті қатынастарының екі онжылдығы біздің халықтарымыздың мүддесі үшін олардың сенімді және дәйекті дамуының **берік негізін** салып берді.

Қазақстан мен Ресей өз тарихтарында тұңғыш рет өзара әрекеттестігін тарихи өткенінің ортақтығымен ғана емес, **күллі еуразиялық өңір мен дүниенің бүгінгі және болашақтағы дамуына**

көзқарастарының да ұқсастығымен біріккен көршілес тәуелсіз мемлекеттер, БҰҰ-ның толық құқықты мүшелері ретінде түзді.

КСРО-ның ыдырауынан кейін мемлекетаралық меже бөлісудің **барлық мәселелері дерлік сындарлы негізде**, бір-бірінің ұлттық мүдделері ескеріле отырып **шешілді**.

Тұтастай алғанда, қазақстан-ресей қатынастары тек ТМД елдері үшін **тартымды үлгі** болып қана қоймай, XXI ғасырда мемлекеттер арасындағы екіжақты қатынастар қалай дамуы керектігінің көрнекі мысалы болды.

Екіжақты қатынастардың **480** шарт пен келісімнен тұратын **қомақты құқықтық негізі** жасалды.

1992 жылғы 25 мамырдағы **Қазақстан мен Ресей арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы Шарт** келесі онжылдық мерзімге екі рет автоматты түрде ұзартылды.

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы Шарт жасалып, оны демаркациялау бойынша берекелі жұмыс жүргізілді.

1998 жылы қол қойылып, **XXI ғасырға бағдарланған Мәңгі достық пен одақтастық туралы тарихи декларация** нақты іске асты.

2012 жылдың қазанындағы Мәскеуге жұмыс бабымен барған сапарымның барысында В. В. Путин екеуміз **Тату көршілік пен одақтастық туралы Қазақстан-Ресей базалық жаңа шартын** әзірлеуді бастау жайында уағдаластық.

Қазақстан мен Ресейдің екі жақты өзара әрекеттестігі мен ынтымақ-тастығы **Бірлескен іс-әрекеттердің екіжылдық Жоспарлары негізінде** дамып келеді.

2007 жылдан бастап осындай екі жоспар іске асырылды және 2012 жылы 2011-2012 жылдарға арналған Жоспарды орындау аяқталды. Қазір екі елдің сарапшылары келесі жылдар Жоспарының жобасын әзірлеуде.

Қазақстан-Ресей қатынастары бағыттардың кең кешені бойынша **ойдағыдай әртараптандырылды**. Ол іс жүзінде ынтымақтастықтың



сауда-экономикалық, өңіраралық, саяси, әскери-техникалық және т.б. барлық салаларын қамтиды.

2011 жылдың қорытындылары бойынша **өзара тауар айналымының көлемі 24 млрд. доллар болды.** Шамамен он жыл бұрын еларалық сауда небәрі 4,7 млрд. доллар деңгейінде болып еді.

Қазақстан-Ресей бірлескен 1700 кәсіпорындары ойдағыдай жұмыс істеп келеді.

Екі елдің келісімдері мен уағдаластықтарының іске асуын бақылайтын екіжақты **Үкіметаралық комиссия** жұмыс істейді.

Экономикалық ынтымақтастық аясында Каспийдің мұнай байлығын бірлесіп игеру, **Каспий құбыр жүргізу консорциумының қуатын жылына 67 млн. тоннаға дейін ұлғайту, 2015 жылдан бастап Қарашығанақ газ кен орнын игеру, Каспий маңы құбыр жүргізу құрылысы** бойынша елеулі қадамдар жасалды.

Электр қуатының ортақ рыногын қалыптастыру жөніндегі бірлескен іс-әрекеттердің Жоспары іске асырылуда. Уран өндіру жөніндегі бірлескен **3 қазақстан-ресей кәсіпорны** құрылып, жұмыс істеуде.

Бейбіт мақсатта ядролық қуат өндірудің бірыңғай циклын қалыптастыру, ядролық энергетика саласында бірлескен компания құру жөнінде жұмыс атқарылуда.

Жақын арада **біздің экономикаларымыздың бірлескен технологиялық дүмпуін** қамтамасыз етуге тиісті құрылым ретіндегі қазақстан-ресей нанотехнологиялар қоры құрылды.

Біз ғарыш саласындағы, соның ішінде **«Бәйтерек» бірлескен ұшыру кешенін, «KAZSAT» байланыс спутниктерінің сериясын жасау, ГЛОНАСС жүйесін** бірлесіп пайдалану және басқалар жөніндегі ынтымақтастығымызды дамытып келеміз.

Қазақстан ынтымақтастықтың жаңа алаңын – **Байқоңыр инновациялық форумын** құруды ұсынды және жалпы алғанда бұл бастамашылық Ресей Президенті тарапынан қолдау тапты.

Ғылым мен инновациялар, еуразиялық көлік инфрақұрылымы саласындағы ынтымақтастық, бірыңғай энергетикалық кеңістік құру сияқты ілгерінді өзгерістердегі қазақстан-ресей ықпалдастығы қарқын алып келеді.

Екі онжылдықта Ресейдің әскери жоғары оқу орындарында **4 мыңнан аса қазақстандық офицерлер** даярланды. Әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықтың әртүрлі қырлары бойынша **60-тан аса бірлескен құжаттар** іске асырылуда.

Тегінде Қазақстан мен Ресей **ортақ рухани-өркениеттік өлшемде** өмір сүруде. Ғылыми-біліми ынтымақтастық артып, сондай-ақ Қазақстан мен Ресейдің гуманитарлық мәселелер бойынша өзара ықпалдастығы кеңейіп келеді.

Мәскеудің, Санкт-Петербургтың, Омбының, Екатеринбургтың, Новосібірдің және Ресейдің басқа да қалаларының жоғары оқу орындарында **20 мыңдай** қазақстандық азаматтар білім алуда. Ресейдің шектес өңірлеріндегі жастардың қазақстандық жоғары оқу орындарында жоғары білім алуына мүмкіндігі бар.

Екі елде **өзара ашық ақпараттық кеңістік** жұмыс істейді.

Қазақ халқының қызметі Ресеймен, оның жекелеген өңірлерімен байланысты болған **көрнекті қайраткерлерінің есімдерін мәңгі есте сақтау** жөніндегі Қазақстанның ұсынысын Ресей жағы түсіністікпен қабыл алады.

Өз кезегінде, біз де өткен дәуірлерде елімізді дамытуға өз іздерін қалдырған **көптеген ресейлік ғалымдар мен жазушыларға, мәдениет және өнер қайраткерлеріне зор құрметпен қараймыз.** Қазақстанда **орыс тілінің еркін жұмыс істеуі қамтамасыз етілген,** ол мемлекеттік қазақ тілімен қатар қолданылады.

Осы аталған сәттердің бәрі – **аса көрнекті нәтиже** және сонымен бірге XXI ғасырда екі елдің **достығын, тату көршілігі мен одақтастығын одан әрі дамытудың берік негізі.**

Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасындағы жиырма жыл – тек

жолдың басы ғана. Біздің одақтастығымыз бен тату көршілігіміздің болашағы зор, өрісі кең.

Қазақстандағы біздер Ұлы Ресеймен ізгі қатынастарымызды **әрқашан қадір тұтып келдік және қадір тұта береміз.** Біздің қатынастарымыз орасан бай ортақ тарихқа негізделген және уақыттың сынынан өткен.

Бүгінде біздің достығымыз **толып жатқан экономикалық, мәдени және гуманитарлық байланыстармен,** көптеген қазақстандықтар мен ресейліктердің туыстық дәнекерлерімен нығая түсуде.

В. В. Путин мен Д. А. Медведевтің батыл әрі көреген ұстанымдарының арқасында ТМД кеңістігінде айқын интеграция үдерісі басталды.

Интеграциялық үдеріске деген біздің көзқарасымыз іс жүзінде Ресей басшыларының **көзқарасымен бірдей** екенін атап өткім келеді, ал ол экономикалық прагматизм, теңдік, өзара тиімділік және бір-біріміздің мүдделерімізді құрметтеу қағидаттарына негізделген.

Осының негізінде біз **«әңгіме-кептің онжылдығынан, іс-әрекеттің онжылдығына» көше алдық.**

Мен қашан да объективті тұрғыдан **Қазақстан мен Ресей еуразиялық интеграцияның локомотивтері** деп есептейтінмін.

Сондай-ақ Кеден одағын құруға біздің белорустық серіктестеріміз бен Беларусь президенті Александр Лукашенконың жеке өзі қосқан зор үлесті атап өткім келеді.

Біз бәріміз қосылып қыруар жұмыс тындырдық. Қазақстанның, Беларусьтің және Ресейдің Кеден одағы қисынды түрде Еуразиялық экономикалық қауымдастықтан келіп шықты.

Біздің өзара әрекеттестігіміз әсіресе, онжылдықтың соңына қарай, жаһандық дағдарыс жағдайында күшейе түсті.

2008 жылдың желтоқсанында қазақстандық Бурабай курортында болған қысқы кездесулеріміз есіме түседі.

Дүниежүзілік дағдарыс өктеп тұрған жағдайда өткен осы бейресми

достық саммитте біз сағаттарымызды салыстырып, Кеден одағын дайындау үдерісін тездеттік.

Кеден одағын құру үкіметтер мен бизнес-қоғамдастықтардың үйлесімді жұмысын қажет еткен күрделі үдеріс болды. Үш жылға жетпейтін уақытта үш елдің ортақ Кедендік кодексі әзірленіп, қабылданды, жалпыұлттық орган – Кеден одағының Комиссиясы құрылды. Ортақ кеден аумағынан тысқары елдермен саудада біріздендірілген тарифті қолдану үшін **11 мыңнан аса тауар айқындамасы келісілді.**

2010-2011 жылдары Кеден одағы жұмысын бастап, еуразиялық экономикалық интеграцияның әлеуетін іске асырудың маңызды кезеңіне айналды. Қазірдің өзінде-ақ Кеден одағын құрудың **макроэкономикалық пәрмені айқын көрініп отыр.**

Кеден одағының ішіндегі өзара сауда айналымы 2010 жылы 2009 жылғысына қарағанда 21%, ал 2011 жылы (оның алдындағы жылғысынан) 30%-дан аса өсті. Әрі Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараға шектес сауда көлемі неғұрлым тез өсіп, 40%-дан да асып түсті.

Қазақстан мен Ресей арасындағы жалпы тауар айналымы тарихи шегіне жетіп, 25 миллиард долларды құрады.

Кедендік бақылау Кеден одағының сыртқы шекарасына ауыстырылды. Ортақ кеден аумағы рыноктағы таза бәсекені қамтамасыз етуде.

Әлбетте, біз үш елдің экономикалық субъектілерінің біріздендірілген кеден тарифтері мен шетелдік баж салығына бейімделу кезеңімен байланысты белгілі бір қиындықтар да болатынын білдік. Ұлттық кеден әкімшіліктері арасында жекелеген түсініспеушіліктер бар және олар Кеден одағы Комиссиясының жұмысы арқылы жүйелі түрде жойылып отырады.

Кеден одағы қазақстандық өндірушілердің өнім өткізу рыноктарының өрісін **Брест пен Владивостокқа дейін кеңейтті.**



Ортақ кеден аумағының ішінде шетелдік валютаның ауыс-түйісіне қойылған шектеулер жойылды. Ресей мен Беларусь тауар өндірушілері үшін де осы жағдай жасалды. Осының бәрі қазақстандықтардың, ресейліктер мен белорустардың әмбесі үшін нақты артықшылық болды.

Кеден одағының дәйекті түрде **Бірыңғай экономикалық кеңістікке**, ал уақыт өте келе, менің күмәнсіз сенімім бойынша, Еуразиялық экономикалық одаққа ұласуы біздің халықтарымыздың гүлденуі үшін қуатты ынталандырушы күшке айналады, біздің елдерімізді жаһандық дүниенің алдыңғы шептеріне шығарады.

2009-2011 жылдарда мемлекет басшыларының табанды саяси ерік-жігерінің арқасында **Бірыңғай экономикалық кеңістіктің нормативтік-құқықтық негізі әзірленіп, бекітілді.**

БЭК – еуразиялық интеграцияның келесі кезеңі, ұлттық экономикаларды дамытудың, демек – халықтардың әл-ауқатын көтерудің жаңа серпіні.

2011 жылғы желтоқсанда Кеден одағы елдерінің Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңесі жалпыұлттық орган **Еуразиялық экономикалық комиссияны** құрды.

Сөйтіп, 2012 жылы **тауарлардың, қызметтердің, капитал мен еңбек ресурстарының ортақ еуразиялық рыногына жол ашылды.**

Менің еуразиялық идеямның негізі **қашанда прагматикалық көзқарас болған және болып та келеді**, ал ол саясаттың қандай ізгі ниетті немесе тиімділікті болсын желеу етіп, экономикаға зорлық жасауының кез келген түрін мойындамайды.

Еуразиялық жобадан тек сыртқы экономикалық, әскери, ақпараттық, технологиялық, экологиялық және басқа да қауіп-қатерден ұжым болып тасалану мүмкіндігін ғана көру – көрегендік емес.

Еуразиялық интеграцияның тарихи болашағын бұлайша тар өрісті түсіну «темір шымылдықтың», енді басқа үлгімен болса да, жаңа бір

сойын пішуге деген құмарлықты арттырар еді. Бұған жол беруге де, көнуге де мүлдем болмайды.

Мен **Еуразиялық одақты ашық жоба ретінде** түсінемін. Оны Еуроодақпен, басқа да бірлестіктермен өзара кең ықпалдастықтан тыс көзге елестету мүмкін емес.

КСРО-ны ешқандай «реставрациялау» немесе «реинкарнациялау» дейтін жоқ және болмақ емес. Бұл тек өткеннің елесі, болжал мен саудагерлік қана. Әрі бұл ретте Ресейдің, Беларусьтің және басқа елдердің басшылығы мен біздің көзқарастарымыз толық сәйкеседі.

Бүгінде «одақ» дейтін сөзден және атышулы «империя шабуылынан» шошынуды қою керек. Бұл жөнінде Ресей басшысы В.Путиннің 2011 жылғы қазанда «Известияда» жарияланған мақаласындағы пікірі маңызды. Менің Ресей мен Беларусь Президенттерімен 2012 жылы болған жеке кездесулерім де үш елдің тең құқықты, өзара тиімді, «бейимпериялық» бірлестік құруға деген ниетін растайды.

Еуразиялық одақ – бүгіннің және болашақтың күрделі талабымен өлшемдес **мегажоба**.

Оның тарихтағы ең қуатты жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың әсерімен қалыптаса бастаған дүниежүзілік жаңа құрылымның бөлігіне айналу мүмкіндігі бар.

Ол үшін еуразиялық интеграцияға қатысушылардың бәрінде **айқын әрі нақпа-нақ іс-әрекет стратегиясы болуы тиіс**.

Еуразиялық одақ әуел бастан-ақ **бәсекеге қабілетті жаһандық экономикалық бірлестік** ретінде құрылуы керек. Тек «қуалаушы жаңғыртпа» принципімен ғана дамитын елдердің жиынтығы болудың тар өрісті болашағы да, өзге дүние үшін табиғи ресурстардың үлкен жеткізушісі болып ылғи шеткері қалудың да тағдыр-талайы бізді қанағаттандыра алмайды.

Дүние технологиялық жаңа революцияның табалдырығында тұр. Бүгінде Қазақстан индустриялық-инновациялық үдемелі дамуға бағыт алды. Біз болашақ ұлттық инновациялық экономиканың



негізі ретінде осы заманғы өндірістік күштердің жаңа құрылымын жасап жатырмыз. Ресей мен ТМД-ның басқа елдерінде де осындай міндеттер қойылуда. Сондықтан біздің еуразиялық кеңістігіміздің үздік технологиялар мен инновациялар кеңістігі болуының зор маңызы бар.

Индустриялық-инновациялық даму – Еуразиялық өңір елдері үшін даусыз басымдық. Бұл идея мен үшін ерекше жақын. Неге десеңіз, мен өзімнің кәсіби жолымды (мұны қазақстандықтар жақсы біледі) жұмысшы-металлург болып бастадым ғой.

Жаңа индустрияландыру ХХІ ғасырда әрбір мемлекет үшін маңызды екені айдан анық, өйткені қарқын алып бара жатқан жаһандық бәсеке жағдайында елдер тек қана шикізат жеткізілімінің есебінен дами алмайды.

Еуразиялық өңір елдерінің әрқайсысында өнеркәсіпті дамытудың ұлттық өз жобалары бар. Қарқынды бағыттарға күш-жігерді континенттік ауқымда біріктіру қажет.

Еуразияны жаңадан индустрияландыру жаппай синергетикалық әсер беріп, өңірдің ішкі өнеркәсіптік-технологиялық әлеуетін толығынан ашуы тиіс. Тек сонда ғана ұлттық мемлекеттер де, тұтастай алғанда еуразиялық интеграциялық бірлестік те жаһандық тұрғыда бәсекеге қабілетті болмақшы.

Қатысушы мемлекеттер екіжақты да, көпжақты да негізде **бірлескен ғылыми-зерттеу кластерлерін құруды ынталандыруы** қажет.

Қазір белсенділікпен «таратылып» жатқан инновациялық, жоғарытехнологиялық өсудің нүктелері қарқынды түрдегі өзара ықпалдастыққа түсулері керек.

Қазірдің өзінде оң тәжірибе бар: **ЕурАзЭҚ Жоғары технологиялар орталығы**, сондай-ақ жобаларға тепе-теңдік негізде қаржы салумен және нанотехнологияларды енгізумен айналысатын **қазақстан-ресей нанотехнологиялар қоры** құрылды.

Еуразиялық ауқымдағы индустриялық-инновациялық өрісті жобалардың ішінен **бейбіт атом энергиясын өндірудің бірыңғай циклын жасау, макроөңірлік энергетикалық жүйе құру, аэроғарыштық кластерді дамыту, көлік желісінің бүкіл кешенін сапалы жаңғырту** міндетін бөле-жара айту керек.

Еуразияны дамыту үшін индустриялық-инновациялық міндеттермен қатар **көліктік коммуникациялардың** зор мәні бар.

Континенттілік пен аумақтардың теңіз жағалауынан қашықтығы факторын ескергенде көлік коммуникациялары ұлттық ауқымда ғана емес, сонымен бірге еуразиялық ауқымда да, қан тамырлары сияқты, бір-бірімен байланысып жатуы тиіс.

Коммуникациялардың болуы мен олардың жай-күйі – іс жүзінде континенттің барлық мемлекеттер үшін өмірлік мәні бар нәрсе.

Ол аз десеңіз, алдағы болашақты ескергенде, Еуропа мен Азияны, Батыс пен Шығысты жалғастыратын жалпы көлік және коммуникация инфрақұрылымын дамыту қажет.

Еуразиялық континентте және дүниеде **энергия жеткізілімдері тұрақтылығының** айрықша мәні бар. Сондықтан мұнай қоры бойынша дүниежүзінде жетекші, газ қорынан – алтыншы және уран қорынан – екінші орында бола тұрып, Қазақстан жаһандық энергетикалық теңдестік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі өзінің жауапкершілігін барынша толық түсінеді.

XXI ғасырдың көз жетерлік өрісінде **еуразиялық интеграцияның таралу аймағы** қуат ресурстарының – мұнайдың, табиғи газдың, көмірдің, уранның және т.б. аса маңызды жаһандық көзі болып **қала береді**.

Сондықтан БЭК шеңберінде кен өндіруші секторды жаңғырту, озық технологиялық деңгейдегі өндіруші өндірістер құру жөніндегі бірлескен жұмысты жолға салудың маңызы зор.

Геологиялық барлау саласындағы күш-жігерді біріктіру, Еуразиялық геологиялық-барлау консорциумын құру жөніндегі мәселені пысықтау өрісті бағыт болып саналады.

Экспорттық қана емес, БЭК ішіндегі **құбыр жүргізу жүйелерін дамыту** өзекті мәселе болып қалуда.

Атап айтқанда, БЭК елдерінің барлық өңірлерін келісілген тарифтер бойынша газбен жабдықтауды қамтамасыз ететін Бірыңғай ішкі газ өткізу жүйесін жасау маңызды бірлескен жоба бола алар еді.

Интеграцияның аса маңызды міндеттерінің бірі – **Бірыңғай еуразиялық электроэнергетикалық жүйені** қалыптастыру.

БЭК аумағында трансконтиненттік шығындарды елеулі түрде қысқартуға мүмкіндік беретін ең жаңа логистикалық және ақпараттық технологияларды, стандарттарды пайдалана отырып, ғаламдық көлік-коммуникациялық тораптар қалыптастыру қажет.

2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап БЭК шеңберіндегі жүк тасымалына енгізілген ортақ теміржол тарифтерінің Еуразиялық өңірдегі әділ бәсекені қамтамасыз етудегі маңызы зор болмақшы. БЭК-тің арқасында оған қатысушы елдер өздерінің геоэкономикалық жағдайын жақсартады. Бизнестің ұлттық субъектілері БЭК-ке қатысушы әрбір мемлекеттегі көлік инфрақұрылымына өзара жеңілдікпен қол жеткізе алады.

Қазірдің өзінде-ақ Қазақстан, Беларусь және Ресей аумағы бойынша **Батыс Еуропа – Батыс Қытай** автомобиль желісі (халықаралық көлік дәлізі) салынып жатыр.

Алдағы уақытта осы желінің бойына көлік-логистикалық жүйе құрылады да Еуропа мен Қытай рыноктарына тауар жеткізу мерзімін 3,5 еседен артық қысқартуды қамтамасыз ететін болады.

2012 жылдың шілдесінде Қазақстан ұзындығы мың километрге жуық темір жол төсеуді бастады, ол Қазақстанның орталық және батыс өңірлерін Каспий теңізіне шығу арқылы жалғастыратын болады. Біз транзит жүк ағымдарын екі есе ұлғайту мақсатымен көлік-логистикалық қызметті дамыту жөніндегі жобаларды белсенді түрде іске асырамыз.

Мен ірі инвесторларға «**Қазақстан – Жаңа Жібек Жолы**» мега-**жобасын** бірлесіп жүзеге асыруды ұсындым және барлық мүдделі бизнесшілерді біздің стратегиялық жоспарларымызды іске асыруға белсене қатысуға шақырдым.

Көлік коммуникацияларын дамыта отырып, БЭК (ал болашақта – Еуразиялық одақ) біріншіден, инфрақұрылымы дамыған тұрақты макроөңірге, ал екіншіден, еуроатлантикалық, азиялық-тынықмұхиттық және солтүстікамерикалық экономикалық таралу аймақтарын жалғастыратын берік геоэкономикалық буынға айналады.

XXI ғасырда **азық-түлік проблемасы** жаһандық әлеуметтік-экономикалық жаймадағы алғашқы орындардың біріне шығады.

Жер шарының тұрғындары ұдайы көбеюмен келеді және қазір ол **7 миллиардқа жетті**. Азия елдеріндегі халық санының күрт артуы азық-түлікке деген сұранысты арттыруға әкеп соқтырды. Бұл жағдайда тамақ өнімдері мен су дүниедегі шын мәніндегі, құнды валютаға айналды және солай болып қала береді. Оларға деген сұраныс ұдайы артуда.

Сарапшылардың есептеуінше, алдағы онжылдықтарда өскелең сұранысты қанағаттандыру үшін дүниедегі тамақ өнімдерінің өндірісінің 70 пайызға арттыруға тура келеді.

Сапалы тамақ өнімдеріне деген жаһандық сұраныстың артуын ескергенде **еуразиялық интеграцияның маңызды қыры** азық-түліктің ортақ рыногын дамытумен байланысты. Бұл – әсіресе өздерінің ауыл шаруашылығын дамыту жағдайы нашар бола тұрып демографиялық өсуді бастарынан кешіріп отырған ТМД елдері үшін маңызды.

ТМД елдерінде айтарлықтай аграрлық әлеует, ұлан-байтақ аумақ, ауылшаруашылық мақсатындағы жүздеген миллион гектар жер бар. БЭК пен ТМД шеңберінде **Еуразиялық азық-түліктің ортақ қазанын** қалыптастыруға талпыну маңызды. Бұл жоба – тек қатысушы



мемлекеттердің халқын БЭК-те өндірілетін тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге азық-түлікті БЭК-тен тысқары жерлерге экспорттау үшін қолайлы жағдай жасау тұрғысынан да маңызды.

Бізде ұлттық агроөнеркәсіп кешендерін, әсіресе, дәнді дақылдар саласын дамытуды үйлестірудің, азық-түліктің дүниежүзілік рыногында жалпы бәсеке мен экспорт саясатының негіздерін тұжырымдаудың, ұлттық инфрақұрылымдық желіні сыртқа астық шығару үшін үйлесімді пайдалануды жүзеге асырудың мүмкіндігі бар.

ТМД елдерінде мал шаруашылығының зор мүмкіндіктері бар, бұл – әсіресе, ет өніміне деген дүниежүзілік сұраныстың артуына байланысты аса маңызды.

Тұтастай алғанда, еуразиялық интеграция аграрлық өндірістің осы заманғы технологиялары мен шоғырланған аграрлық ғылымының мүмкіндіктері негізінде қатысушы елдердің **ауыл шаруашылығын дамытудың маңызды ынталандырушысы** бола алады.

Еуразиялық одақ **дамудың еуроатлантикалық және азиялық таралу аймақтарын** берік тұтастырушы буын ретінде қалыптасуы керек.

Экономикалық тұрғыдан біз Еуроодақтың, Шығыс, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Азияның серпінді экономикаларын біріктіретін жәй ғана көпір емес (ол тым қарабайыр әрі тар өрісті болар еді), бәсекелі экономикалық және коммуникативтік кеңістік бола аламыз.

БЭК елдеріне Еуропалық одақпен, Қытай Халық Республикасымен, Жапониямен, Үндістанмен ынтымақтастығын кеңейту пайдалы. Әрі мен мұның өзара тиімді боларына сенімдімін!

Еуразиялық одақ жаһандық жаңа валюта-қаржы жүйесінің бір бөлігі болатын дербес өңірлік қаржылық бірлестік ретінде қалыптасуы керек.

Еуроодақтың тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ортақ төлем жүйесін, ал содан соң ортақ валюта жасау - интеграцияның заңды кезеңі.

Бұл үдеріс дүниежүзілік дағдарыстың ізін ала дамыған үдерістерді ескеруі тиіс.

Бүгінде ЕО мен еуроаймақ қанша сынға алынғанымен, олар өздерінің өміршеңдігі мен дағдарыстарға берік табандылығын көрсетуде. Біз аса қиын жағдайға тап болған елдерге ЕО қандай қуатты қолдау жасап жатқанын көріп отырмыз.

Бұдан үш жылдан астам бұрын мен қуатты өңірлік резервтік валютаның түп негізі ретіндегі **еуразиялық жалпыұлттық есеп айырысу бірлігі туралы мәселені пысықтауды қолға алу жайын** ұсынған болатынмын. Салдары бұрынғыдан да ауыр болатын жаһандық құлдыраудың жаңа толқынының ықтималдығын ескерсек, бұл келелі идея болып қана қалмай, іс жүзіндегі шешімдерді қажет етеді.

БЭК шеңберінде валюта одағын құру – өзіндік бір шеп екенін, оны еңсергенде біз еуропалық одақтың қазіргі жағдайына жақын жаңа интеграция деңгейіне жететінімізді айрықша атап көрсеткім келеді.

Бұл біздің көршілерімізді Еуразиялық экономикалық одақтың маңыздылығы мен өміршеңдігіне іс жүзінде иландыруға мүмкіндік береді.

Еуразиялық интеграцияның геоэкономикалық, ал алдағы болашақта геосаяси да марқаюы **тек қана эволюциялық және ерікті жолмен жүруі тиіс.**

Оны жасанды түрде жеделдетудің және оған жекелеген елдерді «жапсырудың» ешқандай түріне жол берілмеуі керек. Еуропалық ортақ рынок 40 жылға жуық уақыт бойы құрылғанын ұмытпайық.

Қауіпсіздік ұғымындағы макроөңірлік интеграция дегеніміз – ең алдымен, қатысушы мемлекеттердің **тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығының сенімді халықаралық кепілдіктері,** ұлттық және өңірлік қауіпсіздіктің барлық өлшеміндегі берік негізі.

Еуразиялық интеграциялық үдерісті батыл түрде ілгері бастыру дегеніміз – XXI ғасырда **қауіпсіздіктің талаптарына берілетін ұжымдық жауап.**

Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана жаһандық экономикалық құлдыраудың алдына сенімді қорғаныс қоюға, халықаралық лаңкестік пен сойқаншылдыққа, заңсыз есірткі бизнесіне, астыртын көші-қон мен басқаларға тосқауыл жасауға, бүкіл өңірге қауіпсіз экологияны қамтамасыз етуге болады.

Еуразиялық интеграция қандай болсын үшінші бір елге, елдер тобына немесе басқа да интеграциялық өңірлік бірлестіктерге **қарсы бағытталмаған.**

Еуразиялық идеяның өзі сияқты, еуразиялық интеграцияның да XXI ғасырда **шектегіш шлагбаумы жоқ**, ол ТМД-ның, Еуропа мен Азияның барлық елдеріне ашық.

Қатысушы мемлекеттер – Біріккен Ұлттар ұйымының толық құқықты мүшелері, олар БҰҰ Жарғысын қолдайды және БҰҰ-ның халықаралық істердегі рөлін нығайтуды жақтайды.

Еуразиялық интеграцияның тұғырнамасы мейлінше кең. Ол ТМД, ЕурАзЭҚ, ҰҚШҰ, Қазақстанның, Беларусьтің және Ресейдің Кеден одағы – БЭК және басқалар сияқты формасы, мақсаттары мен міндеттері жөнінен әртүрлі халықаралық бірлестіктерді қамтиды.

Мен, мәселен, **мемлекеттердің Орталық-Азиялық одағын құрудың жақтаушысы болып қала беремін.** Одан, өзгеден бұрын, өңірдегі барлық елдердің проблемаларын бірлесіп шешу мен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін теңестірудің орасан зор мүмкіндіктерін көремін. Бұл **Орталық Азия елдерінің барлық азаматтарының әл-ауқатын жақсартып**, өңірдің күрделі проблемаларын шешуге көмектесер еді.

Неғұрлым кең халықаралық пішімде алғанда Еуразиялық ынтымақтастық дегеніміз – ЕҚЫҰ, АӨСШК, ШЫҰ, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Түрік тілдес мемлекеттер ынтымақтастығының кеңесі шеңберіндегі ынтымақтастық.

Бұл ұйымдардың қызметіне Қазақстан барынша белсенді түрде қатысады.

Біздің белсенділігіміздің жалпы өлшемі – Еуропа мен Азия, Батыс пен Шығыс, Солтүстік пен Оңтүстік елдерінің жақындасуына, ынтымақтастығына және қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған кең ауқымды еуразиялық идея.

XXI ғасырда еуразиялық интеграция G-GLOBAL дүниесінің шындығына айналуы керек, бұған менің зәредей де күмәнім жоқ.

2. ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ӘЛЕМ ЖӘНЕ БЕЙБІТ АТОМ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОРЫШЫ

Тағдыршешті таңдау – ядролық қарудан бостандық

1947 жылы британдық «Атомшы ғалымдардың бюллетені» («Bulletin of the Atomic Scientists, BAS») журналының мұқабасына «**қиямет-қайым күні**» фотосуреті басылды. Содан бері басылымның қызметкерлері жаһандық ядролық қауіптің деңгейін осы нышандық қондырғымен өлшейтін болды.

Бұдан 65 жыл бұрын сағаттың үлкен тілі тұңғыш рет ядролық ақырзаманның ықтималды мерзіміне – түн жарымына 7 минут қалған қалпына қойылды.

Содан бері ғалымдар оны 19 рет өзгертті. 2007 жылға қарай ол 12-ге 5 минут қалған қалпына қойылса, 2010 жылы бір минут кері шегерілді. Сарапшылар 2010 жылғы сәуірде Вашингтонда ядролық қауіпсіздік туралы жаһандық саммиттің өткізілуі ядролық қауіпті біршама бәсеңдетті деген байламға келді.

Ал бірақ 2012 жылғы қаңтарда «таңда махшар күнінің» сағаты қайтадан бұрынғы орнына келтіріліп, қауіптің жақындай түскенін паш етті.

Әрине, бұл ядролық әскери себептерге ғана емес, Жапониядағы «Фукусима» АЭС-інде 2011 жылы наурызда болған ядролық

энергетиканың бүкіл тарихындағы ең ірі апаттың да салдары екені сөзсіз еді.

Міне, осылайша, **жетпіс жылдай уақыттан бері дүние ядролық күйреудің жар жағасында қалтылдаумен тұр.**

Ядролық қауіпті жою – біздің планетамыздың бүгіні мен болашағының өзекті міндеті.

Ядролық қатердің әскери құрамдасын ғана емес, бейбіт атомды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуді де қамтитын **ядролық қауіпсіздіктің берік кепілдіктері – G-GLOBAL әлемінің аса маңызды құрамдасы.**

Бұл – аса күрделі және сонымен бірге принципті мәселе.

Қазақстан **ядролық қарусызданудың қиын жолымен** барынша дәйекті әрі ашық түрде **жүрді және жүріп келеді.** Біз үшін саясаттың ядролық қаруға қарсы бағыты – бейбітшілік жолындағы әлдебір дерексіз күрес емес, өткен ғасырда астам державалардың ядролық текетіресінің сойқанды салдары ретінде өзіміз сезінген қатал шындық.

1965 жылы Семей ядролық полигонында термоядролық жарылыстың салдарынан пайда болған «атом көлі» қазаншұңқырының жағасындағы Шаған нүктесінде тұрғаным есіме түседі.

Қап-қара су айдыны мен төңкеріліп түскен жердің жансыз шомбал кесектері қиял-ғажайып көріністен аумайды. Сол арада мен өз дүниеміздің қаншалықты осал екендігін мейлінше анық сезіндім. XX ғасырда бүкіл дүние осындай «төңкерілген» қазаншұңқырға айналуы мүмкін еді...

Біздің халқымыз ядролық жанталаса қаруланудың барлық салдарын өз басынан өткерді. Сондықтан да біздің дүниені ядролық өзін өзі жою қаупінен құтқару жолында тынбастан әрекет етуге бүкіл адамзатты шақыратындай моральдық қақымыз бар.

Семей сынақ полигонының үні өшкеніне 20 жылдан асты. Бірақ қисапсыз жапа шеккен бұл жер әлі де болса қауіп-қатер елесінен

айығып біткен жоқ. Қырық жыл бойғы сынаулардың кезінде мұнда **450 жарылыс** болды, соның **116-сы жер бетіндегі жарылыс**. Олардың жиынтық қуаты **екі жарым мың Хиросиманы** жойып жіберуге жетер еді.

Үш жүз мың шаршы километрден астам аумақ радиациямен былғанды. Бұл шамамен ірі еуропалық елдердің біреуінің аумағындай. Ядролық сынаулардың салдарынан **бір жарым миллионнан аса адам** зардап шекті. Мыңдаған азаматтарымыз радиоактивтік шөгінділердің ықпалымен пайда болған аурулардан көз жұмды.

Апатқа ұшыраған өңірде рақпен ауру және туа біткен ақаулар бұрынғысынша бүкіл елдегі көрсеткіштен асып түседі. Ақыл-есі мен дене бітімі кеміс балалардың тууы әлі тоқталар емес.

Қазақстан халқы үшін ядролық қару мен радиация – **алыстағы теория емес**, қырық жылдан аса уақыт бойы қазақ жері мен Қазақстан халқын азапқа салған қатыгез, бұлжымас кесапат болды. Сондықтан бұдан 56 жыл бұрын Рассел-Эйнштейн Манифесінде адамзатқа айтылған мынадай ескерту сөздері біз үшін қашан да нақты және түсінікті: *«Адамдардың дерексіз түрде қабылданатын «адамзат» дейтін ұғымды ғана емес, олардың өздері, балалары мен немерелері қатерге байланатынын ұға қоюы екіталай. Олар азапты өліммен өлудің сөзсіз қаупі өздеріне және жақындарына төніп тұрғанын түсінгісі келмейді. Ең ірі мамандар ядролық бомбаларды қолданумен жүргізілетін соғыс адам баласын жойып жіберуі әбден мүмкін екенін бірауыздан айтады».*

Мен **1991 жылғы 29 тамызда дүниежүзіндегі ең ірі Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа** қол қойдым. Біз өз жеріміздегі ядролық полигонды дүниеде бірінші болып жаптық. 1991 жылғы тамызда қабылданған ерекше шешімдер саяси аужалдың ықпалымен тұмаған болатын.

Ең алдымен, әңгіме өмірлік маңызы бар мәселелерге қатысты болды. Біздің жерімізде «ядролық жынойнақпен» тәжірибе жасау тым ұзаққа созылған еді.



Осы полигонды жаба тұрып, бұдан 20 жыл бұрын менің басымнан өткен ахуал бірде-бір адамның, бірде-бір саясаткердің пешенесіне жазылмаған шығар. Ең алдымен, бұл – кесапатты жеңудің қуанышы еді. Жантәсілім жағдайындағы КСРО-ның әскери-өнеркәсіптік кешенінің қаһарлы қарсылығын, сондай-ақ президент М. Горбачев бастаған сол кездегі басшылықтың қатаң текетіресін еңсеруге тура келді.

Сондықтан Семей полигонын жабу туралы менің Жарлығым біздің Тәуелсіздікке бағытталған қозғалысымыздағы **қайтпастың нүктесіне айналды**. Енді тек қана алға басуға болатын еді.

Семей полигонын жабудың тек **Қазақстан емес, сонымен бірге бүкіл дүние үшін** маңызы зор. Бұл шешімнің өркениеттік мәні жыл өткен сайын неғұрлым айқын бедерлене түсуде.

Адамзат атомның ыдырау құпиясына ие болғалы жүз жылға тарта уақыт болды. Бұл жаңалық өткен XX ғасырдың аса көрнекті ғылыми қарқындауына айналды. Бірақ ол жаппай қырып-жоюдың ең қуатты қаруын жасауға арсыздықпен пайдаланылды.

Әскери атомның қуаты мен жан түршігерлік мейірімсіздігі саясаткерлерді өркениеттің өзін өзі жалмау қаупіне қарсы тұрудың жолдарын іздеуге мәжбүрледі.

Таратпаудың жаһандық үдерісі осылай пайда болды. Оның шеңберінде ядролық арсеналдар мен жойқын қаруды сынау мүмкіндіктерін қысқарту туралы бірқатар халықаралық келісім-шарттар жасалды. Әйтсе де мұның бәрі тек шектеу шаралары еді.

Семей полигонын жабу дүниежүзі бойынша **ядролық қаруды сынауға тұңғыш және күні бүгінге дейінгі бірден-бір, толық әрі жүзеге асқан тыйым салу болды**.

Қазақстан біздің жаңа мемлекетіміздің күші мен қуаты ядролық бұлшық еттерін ойнатуда емес, **оларды қолданбауда және олардан толық бас тартуда** екенін бірден әрі түбегейлі шешті.

Бұл барлық қазақстандықтар үшін өздерінің ерекше егемендігін,

күші мен кемелдігін, бүгінгі мен ертеңіне деген сенімін түйсінудің тарихи көрінісі болды.

Біз дүниені «ядролық кесапаттың» ең ауқымды мекенінен табанды түрде құтқарып қана қойған жоқпыз. Біз **жаһандық қатерден үстем шығып**, өз еліміз бен бүкіл дүниенің ядролық қарусыз тарихының пайдасына **принципті таңдауымызды жасадық**.

Сөйтіп бұл біздің мемлекеттігіміздің арқауына – жалпыұлттық идея дәрежесіне көтерілген бүкілхалықтық кемелдікке айналды.

Көбінесе Қазақстанның әсерімен **планетаның барлық басқа полигондарының** – Неваданың, Лобнордың, Жаңа Жердің үні өшті. «Ядролық клуб» державалары сынақтарға салынған тоқтамды сақтауда.

Тегінде **1991 жылғы 29 тамызда** жаһандық ядролық тарихтың **жаңа дәуірі басталды**. Дүние ерікті, саналы түрде және біржақты қабылданып, «қиямет-қайым күнінің» қаруын заңнан тысқары еткен заң актісіне ие болды. Әрі Қазақстан жасаған бұл қадамның мәнділігі уақыт пен кеңістікте мейлінше шексіз. Сондықтан біздің ұсынысымыз бойынша **БҰҰ-ның 29 тамызды Ядролық сынауларға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні деп жариялауы** әбден заңды.

XX ғасырдың 90-шы жылдарындағы асқынған экономикалық дағдарысқа қарамастан, Қазақстан үкіметі ядролық сынақ полигоны жабылған соң сынаулардан зардап шеккен аумақтарда ядролық жарылыстардың салдарын жою мен қоршаған ортаны сауықтыруға бағытталған шешімдер қабылдады.

1992 жылғы қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөйлеген сөзімде мен қазақ жерінде халықтың еркінен тыс құрылған Семей полигонын «экологиялық жара» деп атадым. Біз ажалдың бұл көзін жаптық, бірақ өңірді қалпына келтіру, зардап шеккендерді емдеу, жаңа туған балаларды қауіпсіздендіру үшін ұшан-теңіз қаржы керек. Осыған байланысты қазақстандықтар белсенді халықаралық көмекке зәру.

Мен бұдан кейін де Қазақстанның бұрынғы барша Одақтың ядролық полигоны болғанын, алайда сәулеленуден зардап шеккендерді элеуметтік қорғау мен апаттың салдарын жою проблемасымен айналып келгенде тек біздің ғана бетпе-бет қалғанымызды еске салумен болдым.

Тарихи, адамгершілік, экологиялық және басқа да тұрғыдан бұл әділетсіздік еді. Саясаткерлердің халық алдындағы құқықтық мирасқорлығын алып тастау мүмкін емес, әсіресе, әңгіме адамгершілік принциптері мен жауапкершілік туралы болғанда солай.

Ядролық сынаулардың зардаптарын жоюда АҚШ пен Ресей Қазақстанға елеулі қолдау жасады. Семей полигонының нақты қауіпсіздігін арттыру жөніндегі үш елдің көпжылдық ынтымақтастығы бүкіл дүниеге өзара сенім негізіндегі серіктестіктің үлгісін паш етеді.

Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Америка Құрама Штаттары Президенттерінің 2012 жылдың 27 наурызындағы Сеулде өткен кездесуі мен бұрынғы Семей сынақ полигонына қатысты үшжақты ынтымақтастығы туралы **Бірлескен мәлімдемелері** осы жолдағы тарихи кезеңге айналды.

Бірлескен мәлімдемеде былай деп атап көрсетілген: «2004 жылдан бастап біздің үш ел бұрынғы Семей сынақ полигонының аумағында өткізілген ядролық сынау қызметінің зардаптарын жоюға және оны қауіпсіз күйге келтіруге бағытталған бірқатар жобаларды жүзеге асыруда ынтымақтасып келеді. Қазақстанның, Ресейдің және Америка Құрама Штаттарының Президенттері бұл мақсаттардың жүзеге асырылуын тікелей өздері бақылаумен болды.

Қазіргі уақытқа дейін елеулі жұмыс көлемі атқарылды. Осы заманғы физикалық және техникалық құрал-жабдықтарды қолдану нәтижесінде бұрынғы полигондағы қауіпсіздік деңгейі едәуір артты.

Бұл жұмыс аяқталуға жақын, сондықтан біз оны өзіміздің нақты ядролық қауіпсіздік пен ядролық қаруды таратпауға деген ортақ ықыласымызды көрсететін үшжақты ынтымақтастықтың мейлінше жемісті үлгісі ретінде қарастырамыз».

Президенттердің сол кездесуінде мен сынаулардың зардаптарын жою жөніндегі жұмыста көрсеткен көмектері үшін біз серіктестерімізге риза екенімізді айттым. Өз кезегінде, Дмитрий Медведев ядролық қарусыздану ісіндегі белсенді ұстанымы үшін Қазақстанға алғыс айтты, ал Барак Обама ядролық қаруды таратпау саласындағы табыстарға Қазақстанның аса зор үлесінің арқасында қол жеткенін атап көрсетті.

Мұндай жоғары бағалаудың астарында Қазақстанның және бүкіл дүниенің ядролық сенім мен қауіпсіздікті нығайту мақсатында жүріп өткен ұшан жолы жатыр.

Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде Семейдегі полигон біздің жалғыз проблемамыз болған жоқ. 1991 жылғы желтоқсанда кеңестік астам державаның ыдырауымен бірге тәуелсіз елдердің иелігінде қалған ядролық арсеналды не істеу керек деген сұрақ туды.

Қазақстан **іс жүзінде ауқымы жөнінен дүние жүзіндегі төртінші зымырандық-ядролық әлеуетке ие болатын.** Ол кезде бұл ядролық арсенал Ұлыбританияның, Францияның, Қытайдың ядролық күштерін бірге алғандағыдан қуатты еді. 1991 жылы Қазақстан аумағында **1216 ядролық оқтұмсық** бар-ды. Салыстыру үшін алсақ, 1995 жылы Ұлыбританияда 296, ал Францияда 512 ядролық оқтұмсық болды.

Ақмола облысындағы Державинскіге зымыран базасын инспекциялауға барғанымда мен Батыста «Жын-пері» деп аталған, ядролық оқтұмсықтары бөлінетін стратегиялық **СС-18 зымырандарын** өз көзіммен көрдім. Биіктігі 34 метр және диаметрі үш метрлік ол шынында да аждаһаға ұқсайды екен. Ал оның ішінде қандай тажал жасырынып жатқанын ешкім білмейтін еді.

Осындай аса күрделі, теңдесі жоқ әрі шиеленіскен жағдайда біз ұлттық мүдделерді де еске ала отырып, бұл проблемаға деген жаһандық өркениетті көзқарас тұрғысынан да таңдау жасауға тиіс болдық.



Бәрін безбендеп әрі ұлттық және халықаралық қауіпсіздікке тигізер салдарын есептей келіп, мен **бұл қаруды сақтаудың кез келген уәжін теріске шығардым**. Ешқандай ішкі жағдай бізді «ядролық» жолмен жүруге мәжбүрлей алмайтын еді. Жаңа жағдайда әскери әлеуетті арттыру тәжірибесі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмайтын, қайта, керісінше, тұрақсыздандыру факторы болатын-ды.

Сондықтан мен принципті екі жағдайды табандата талап еттім.

Біріншіден, **ядролық державалар Қазақстанның қауіпсіздігіне кепілдік берулері тиіс**.

Екіншіден, 1991 жылғы 31 шілдеде қол қойылған **КСРО мен АҚШ арасындағы Стратегиялық шабуылдаушы қаруды (СШҚ-1) қысқарту және шектеу туралы шарт** екіжақты пішімнен көпжақты пішімге көшуі тиіс.

1992 жылғы 23 мамырда Лиссабонда Қазақстан Стратегиялық шабуылдаушы қаруды (СШҚ-1) қысқарту және шектеу туралы кеңес-американ Шартына хаттамаға қол қойды. Біз ядролық қарусыз мемлекет ретінде қысқа мерзім ішінде 1968 жылғы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға міндеттеме алдық. Қазақстан парламенті СШҚ-1 шарты мен Лиссабон хаттамасын 1992 жылғы шілдеде, ал Ядролық қаруды таратпау туралы шартты 1993 жылғы желтоқсанда бекітті.

Содан бері Қазақстан, шарт мүшесі ретінде ядролық қаруы жоқ мемлекеттің міндеттерін қатаң басшылыққа алып келеді.

АҚШ пен Ресейдің қатысуымен Қазақстан аумағындағы жер шарының кез келген нүктесіне жете алатын бір мың екі жүз ядролық оқтұмсығы бар **110-нан аса баллистикалық зымырандар** бөлшектенді.

1994 жылғы 5 желтоқсанда Будапеште «Ядролық клуб» мемлекеттері - Ресейдің, АҚШ-тың және Ұлыбританияның басшылары **Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін беру туралы Меморандумға** қол қойды.

Бұл құжат Қазақстанның ядролық қаруды тасып әкету туралы өз міндеттемелерін орындағанын халықаралық қауымдастықтың мойындағанын білдірді. Одан кейінірек Қазақстан Франция мен Қытай тарапынан да қауіпсіздік кепілдігін алды. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшелері болып табылатын жетекші державалардың бұл халықаралық міндеттемелері Қазақстанның аумақтық тұтастығына да кепілдік берді.

1995 жылдың көкегінде континентаралық баллистикалық зымырандардың барлық ядролық оқтұмсықтарын шығару **толық аяқталды**. 31 мамырда Семей полигонында жер астында қалған соңғы ядролық заряд жойылды. Ал 1996 жылы Қазақстан **Ядролық сынауларға жаппай тыйым салу туралы Шарттың қатысушысы болды**.

Сөйтіп, қазақ жері ядролық қарудан толық азат етілді. Бейнелеп айтқанда, Қазақстан бізге кеңестік әскери мәшинеден мұраға қалған **ядролық сауытын тастады**.

Бұл тағдыршешті шешім болды.

Біріншіден, ол ядролық сынаулардан жапа шеккен қазақстандықтардың өз мүддесіне толық сай келеді.

Екіншіден, ядросыз әлеуетті таңдау – қауіпсіздіктің дүниежүзілік жүйесіндегі кереғарлықтың қатерлі салдарын түйсінудің нәтижесі.

Ядролық қарусыз мемлекет болған соң біз **милитарлансыздану мен ядролық қарусыздану бағытын таңдадық**.

Үшіншіден, Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы өз Тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап бейбітшілік сүйгіш сыртқы саясат жүргізуімен байланысты. Ядросыздық мәртебесін алу арқылы біз дүниеге өнеге көрсеттік, **берік халықаралық кепілдіктерге ие болдық және, сол арқылы еліміздің нақты тәуелсіздігін нығайттық**.

Бұл жайында егжей-тегжейлі айтып отырған себебім – мұның бәрі Тәуелсіз Қазақстанның ядросыз өмірбаянының жарқын беттері болғандығынан.

Бұл – біздің ядролық қаруға қарсы тәжірибеміз және **біз дүниенің барлық мемлекеттерін осыны қолдауға шақырамыз.**

Бұл – менің елімнің жаһандық тұрақтылықты қамтамасыз етуге қосқан үлесі, бұл – G-GLOBAL қағидаттарына негізделген әділетті әлем сипатын жасаудың жолы.

Жаһандық ядролық қауіпсіздік

Бүгінде ядролық қауіпсіздік мәселелері дүниежүзілік саясаттағы ең жетекші орындардың бірінде.

Тәуелсіз Қазақстан тек өзі үшін қауіпсіздікке жетуді ешуақытта мақсат қылған емес. Ядролық қарусыздану мен қауіпсіздік туралы мәселені біз әрдайым кең мағынада қарастырып келдік.

Мәселен, 2000 жылғы қыркүйекте болған **БҰҰ-ның Мыңжылдық саммитінде-ақ** мен талқыланатын мәселелердің қатарына ядролық қауіптің таралуы проблемасын да қосуды ұсынған болатынымын. Неге десеңіз, ядролық қаруға ие базбір елдердің текетіресі сол кезде де болған, қазір де бар. Дүниедегі біраз елдер ядролық Жалмауыздың құпиясына ие болудың табалдырығында тұр.

Ядролық қауіпсіздікті мен үшбірлікті тұтастық деп қарастырамын, олар: 1) проблеманың әскери-саяси қыры – яғни адамзатты ядролық қарудан сақтау; 2) ықтималды ядролық лаңкестікке қарсы әрекет; 3) атом энергетикасының қауіпсіздігі.

Бірінші мәселе бойынша Қазақстанның ұстанымы айнымайды: тарихи мақсат – ядролық қарусыз дүниеге ұмтылу.

Соңғы 20 жылда ядролық қарусыз дүниеге қарай аса маңызды қадамдар жасалды.

Жаһандық ядролық текетірес қаупі елеулі түрде бәсеңдеді.

Орталық Еуропадағы ядролық зымырандардан тұратын меже жойылды. СШҚ-1 және СШҚ-2 келісім шарттары іске асып, АҚШ пен Ресейдің арсеналдарын әжептәуір қысқартты. Біз ұсынған АӨСШК

үдерісі әр қадам сайын ортадағы Еуразияның ұлан-байтақ өңірінде мемлекеттер арасындағы сенімді арттыра түсіп келеді.

Ядролық сынауларға жаппай тыйым салу Шартына қазірдің өзінде 180 ел қол қойды, 154 мемлекет оны бекітті.

2010 жылы АҚШ пен Ресейдің стратегиялық ядролық арсеналдарын қысқарту жөніндегі осы ғасырдағы тұңғыш Прага шартына қол қойылып, ол іске қосылды. Сол жылы Вашингтонда **Ядролық қауіпсіздік бойынша жаһандық саммит** өтті.

Қазақстан АҚШ пен Ресей арасындағы Стратегиялық шабуылдаушы қаруды (СШҚ) қысқарту туралы Шарттың күшіне кіруін қуаттайды және АҚШ-тың жаңа ядролық стратегиясын, әсіресе, оның **ЯҚТШ ережесін сақтаушы мемлекеттерге қатысты ядролық қару қолданудан бас тарту** тұрғысындағы бөлігін қолдайды.

Көріп отырғанымыздай, қол жеткен табыстар аз емес, бірақ соған қарамастан, дүниеде әлі де болса көптеген аса күрделі мәселелер ашық күйінде қалып отыр.

Біріншіден, ядролық қауіпсіздіктің өңірлік өлшемінің мәнділігі бір деңгейге жоғарылады.

Бүгінде Оңтүстік Азия мен Таяу Шығыста ядролық қару-жарақ бәсекесін халықаралық бақылаудың пәрменді жүйелері жоқ. Біз жекелеген ядролық державалар мен «табалдырық деңгейіндегі» елдердің текетіресін бақылап жүрміз. Атом технологиялары мен материалдарының халықаралық лаңкестердің қолына түсу қаупі күшті.

Бәлкім, ядролық қауіптің бақылаусыз жайлауына қатысты қатердің ең зоры ядролық технологиялардың «қара базарына» қатысушы мемлекеттермен байланысты болар.

Екіншіден, Ядролық сынауларға тыйым салу туралы Шарттың төңірегіндегі шарасыздық жағдай сақталып отыр.

Бірсыпыра ядролық және «табалдырықтағы» елдердің қол қою мен бекіту үдерісін созбаққа салуына байланысты ол күшіне кіре алатын емес.

Үшіншіден, «ядролық клуб» державаларының бәрі бірдей ядролық қарусызданудың жаһандық үдерісіне қатысып отырған жоқ.

Бүгінде ядролық мемлекеттердің бірнеше түрі бар. Олар – ресми түрдегі ядролық державалар, іс жүзінде атом қаруына ие болып отырған және «табалдырықта тұрған» деп аталатын мемлекеттер.

Ядролық державалар ядролық қаруы жоқ елдерге қауіпсіздік кепілдігін бере алмайды. Ал бұл ядролық қарудың дүниедегі шиқанды өңірлерге «жайылуына» апарып соғуы ықтимал.

Барлық шарттар мен келісімдерге қарамастан екі мемлекет – Үндістан мен Пәкістан – бәрібір өткен ғасырдың соңына қарай ядролық державаларға айналды.

Ядролық қаруды таратпау туралы Шартқа (ЯҚТШ) сәйкес таратпаудың жұмыс істеп тұрған тәртіптемесі негізіндегі жаһандық қауіпсіздік жүйесі дел-сал жағдайда. Бір себебі – оның өзі «ядролық клуб» мүшелерінің ядролық арсеналдарды қысқартуы мен қарусыздануына түрткі болудың орнына санкцияларын тек ядросыз мемлекеттерге ғана қолдануды көздейтін сәйкессіздік сипатта. Бұл әділетсіздік ЯҚТШ-ның орындалмауына соқтыруда.

Өкініштісі, ЯҚТШ тәртіптемесінің тозуы нақты шындыққа айналды, ал ядролық мемлекеттер қатарының бақылаусыз өсуі ХХІ ғасырдағы ең елеулі қателердің бірі болып отыр.

Базбір мемлекеттер ядролық қаруға ие болуды қауіпсіздік факторы есебінде қарастырады.

Сондықтан ядролық державалар ядролық қаруға ие болудан бас тартқан мемлекеттерге Біріккен Ұлттар Ұйымы мақұлдаған қауіпсіздік кепілдігін берулері керек.

Төртіншіден, әзірге дүниежүзілік қауымдастық бейбіт атомды дамытушы мемлекеттерге қатысты әділ көзқарас қалыптастыра алған жоқ.

Ядролық энергетиканы дамыту мәселелеріндегі сенім тапшылығы

елеулі проблемаға айналып отыр. Ал сенім болмаған жерде ешқандай, әсіресе, ядролық қауіпсіздік жүйесі пәрменді болмақ емес.

Бесіншіден, атомнан шығатын осы заманғы қауіп-қатер **елдердің бейбіт атом энергетикасы қауіпсіздігінің тәртіптемесін сақтау мәселесіндегі қиғаштықтармен** тереңдей түседі. Мұндағы әңгіме «бейбіт атом» объектілеріне МАГАТЭ тарапынан болатын бақылаудың жеткіліксіздігінде немесе бұл мәселе жөніндегі халықаралық құқықтық негіздің босаңдығында ғана емес.

Ең үлкен қиғаштық – **ядролық қуат өндіру қауіпсіздігін қамтамасыз ету технологияларының атом саласын дамыту ауқымынан елеулі түрде кенже қалуы.** Кей реттерде біз ядролық энергетикалық циклдың коммерциялануы жағдайында қауіпсіздік мәселесі екінші немесе тіпті үшінші кезекке ысырып тасталатынын көріп жүрміз.

Трансұлттық корпорациялардың ядролық қуатқа деген ынтасының артуы «бейбіт атомды» пайдалану жөніндегі халықаралық конвенцияларда ескерілмейді десе де болады.

Мұның бәрі, әрине, шешуін күтіп отырған күрделі проблемалар.

Сөйтсе де, **атом ыдырауының технологиясына ие болғалы бергі жүз жылда адам баласының ядролық қарудан бостан дүние тәртібін құруына бұрын ешқашан мұндай кең мүмкіндігі болған емес.** Сондықтан осы қолайлы сәтті пайдаланып қалу – баршамызға парыз!

Ядролық қарудан бостан әлем ретіндегі G-GLOBAL әлемі – **қиял емес.** Ол – қазірдің өзінде планетаның елеулі бөлігінде орныққан шындық. Ядролық қарудан бостан аймақтар Оңтүстік және Орталық Америкада, Австралия мен Океанияда, Африкада, Оңтүстік-Шығыс пен Орталық Азияда құрылған – бұл бүгінде жарты дүниеге бара-бар.

Өңірлес көршілерімізбен бірге Орталық Азияда ядролық қарудан бостан аймақ құру туралы Семей шартына қол қойылды. Енді қазір осы ядролық қарусыз аймақтардың қатысушыларына барлық

ядролық мемлекеттер тарапынан берілетін «жағымсыз» кепілдіктердің пәрменді тетігі керек.

Әсіресе, дау-жанжал әлеуеті күшті өңірлерде ядролық қарудан бостан аймақтар құрудың аса келелі сипаты бар.

Қазақстан **G-8 елдерінің жаппай қырып-жоятын қару-жарақты таратуға қарсы жаһандық серіктестігіне** қосылды.

Біз ядролық қарусыз дүниені планетамыздың аңсары болуға тиісті жаһандық нысана деп білеміз.

Ол – әлдебір идеологиялық және мәдени айырмашылықтардан тозбайтын **жалпыадамзаттық жаңа әмбебап құндылық**. Ол – G-GLOBAL әлемінің шынайы құндылығы.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 66-шы сессиясының мінберінен мен **Ядролық қарусыз дүниенің жалпыға бірдей декларациясын** тұжырымдау туралы ұсыныс жасадым.

Оның қабылдауымен біз XXI ғасырда сол үшін бақылаудың айрықша өкілеттігін алатын **БҰҰ-ның қатаң қадағалауындағы жаһандық ядролық қауіпсіздіктің біртұтас жүйесін** байланыстырамыз.

Планетаның дұрыс пікірлі барлық адамдарының күш-жігерін біріктірмейінше, яғни Ядролық қаруға қарсы жаһандық қозғалыс болмайынша ядролық қарусыз дүниеге қадам басу мүмкін емес. Оның басты мақсаты - ядролық қатермен күресу ғана емес. Ядролық қарудың кез келген түрін мүлдем қабылдамау ретіндегі **адамзаттың ядролық қаруға қарсы ой-санасын** табанды түрде қалыптастыру маңызды.

Ядролық қарусыз дүние идеясы өзінің жаһандық өтімділігін көрсетті. Ядролық полигонын бірінші болып жапқан елдің Президенті ретінде менің өзім үшін ядролық қарусыз дүние – теорема емес, саяси аксиома.

XX ғасырдың адамзатқа берген сабақтары аз емес. Бірақ тарих тағылымы болашаққа бағытталғанда ғана оның мәні болмақшы.

Бұдан жиырма жылдан астам бұрын Семей полигонының жабылуымен бірге ядролық қаруды таратпау мен қарусызданудың **жаһандық үдерісінің жаңа кезеңі** басталды.

1991 жылғы 29 тамызға дейін ядролық қауіпсіздік аясында көбінесе шектеу шаралары қабылданатын. Қазақстан сынауларға, демек «қиямет-қайым күнінің» қаруына **толық және сөзсіз тыйым салу актісін бірінші болып іске асырды.**

Осыдан он алты жыл бұрын БҰҰ шешімімен **Ядролық сынауларға жаппай тыйым салу туралы Шарт** қол қоюға ашылды. Әрі Қазақстан оған ең алғашқылардың бірі болып қол қойды. Шартқа қазірдің өзінде **183 мемлекет қосылды, ал 157-сі оны бекітті.** «Ядролық клубтағы» барлық державалар сынауларға қойылған мараторийді сақтауда. Планетадағы басқа да аса ірі полигондар – Невададағы, Жаңа Жердегі, Лоб-Нор мен Муруроадағы полигондардың да үні өшулі.

Сондықтан бүкіл дүние үшін **29 тамыз күні** – ядролық ақырзаманды кейінге ысырған **аралық нүкте.** Жылдар мен онжылдықтар араға түскен сайын бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтың **осы күннің айрықша маңыздылығын түсінуі** арта береріне сенімдімін.

Осы мәнмәтінде 2012 жылғы 29 тамызда Астанада өткен **«Ядролық сынауларға тыйым салудан – ядролық қарудан бостан дүниеге» атты Халықаралық конференцияда** ашық-жарқын әрі жемісті пікірталас болды.

Ол бүкіл дүние жүзінен көптеген белгілі саясаткерлердің, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің басын қосты. Ресей Федералдық жиналысы Федерация Кеңесінің спикері В. И. Матвиенко, Беларусь Ұлттық жиналысы Республика Кеңесінің Төрағасы А. Н. Рубинов, Германия Федерациялық Республикасының вице-канцлері әрі Сыртқы істер министрі Гидо Вестервеле форумның құрметті қонақтары болды.

Конференцияға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде герман саясаткері біздің еліміздің ядролық қарусыздану үдерісіне қосқан үлесін жоғары бағалады. Ол G-GLOBAL коммуникативтік алаңы құрылуының маңыздылығын айрықша атап көрсетіп, одан планетамызды неғұрлым қауіпсіз, соның ішінде ядролық өзін өзі

жалмау қатерінен алаңсыз етуге деген құлшынысында адамдарды біріктірудің болашағын көретінін айтты.

Форумды ашарда сөйлеген сөзімде мен ядролық қарусыз дүниеге ұмтылыстың күрделі үдеріс екенін ерекше атап көрсеттім. Осы заманғы дүниежүзілік саясаттың, көбіне-көп өткен замандардан мұра боп қалған **кемістіктері** жаһандық ядролық қауіпсіздіктің қазіргі жағдайына қатты **әсер етеді**. Олар – **одақшыл ойдың салқыны**, елдер арасындағы қарым-қатынаста **сенімділік пен ашықтықтың жетіспеушілігі**, жекелеген мемлекеттердің **жауапкершілігінің тапшылығы**.

Көпкіндікті дүние қалыптасуының объективтік барысындағы бейберекеттік жағдайды қиындата түсуде. **Әскери атомның апиыны** базбір саясаткерлер мен әскерилердің бастарын әлі айналдырумен келеді. Әлемде жаһандық көпкіндікті дүниені **тар өрісте**, ең алдымен, **ядролық күштің бірқатар орталықтарының жиынтығы** ретінде көретін күштер көп.

Мен болашақтың дүниесінде «ядролық қолшатыр» экзотикасына орын болмауы керек екеніне әбден сенімдімін.

Сонымен бірге мемлекетаралық өзара қарым-қатынастың басқа проблемаларын шешуде ядролық қауіпсіздік мәселелерін **ұсақ тиын ретінде пайдалану – көргенсіздік**.

Көптеген елдер үшін кедейшілік, жұмыссыздық, азық-түліктің жетімсіздігі проблемаларын шешу бейбіт атом энергетикасының жобаларын, әлбетте, БҰҰ мен МАГАТЭ-нің қатаң бақылауында, іске асырумен байланысты.

Сондықтан біздің ядролық қарусыз дүние туралы мәселе қоюымыздың **радиоүреймен** немесе ыдыраған ядродан қуат алудың құпиясын мәңгіге «ұмытуға» деген қиялдағы тілекпен **ешқандай ортақтығы жоқ**.

Ядролық қарусыз дүние дегеніміз – ядролық қуатты **әскери мақсатта пайдалануға толық тыйым салу деген сөз**. Мен осы идеяның дәйекті жақтаушысы **болғанмын және бола беремін**.

Саяси реализм тұрғысынан алғанда жаһандық ядролық қауіпсіздіктің өзекті проблемаларын шешу **осы заманғы дүние тәртібі ауысуының** жалпы үдерісінен ажырағысыз екенін мойындау керек.

Мен өзім **G-GLOBAL-дың бес принципі** негізінде жаһандық ядролық қауіпсіздік аясында **қарқындау** болуы мүмкін екеніне сенімдімін.

Ядролық қарудан құтылу үдерісі **эволюциялық болуы тиіс.**

Стратегиялық шабуылдаушы қару-жарақты жаппай қысқартудың барлық ядролық мемлекеттер қатысып, БҰҰ қамқоршылығымен әзірленетін және қабылданатын адымды **Жоспары** қажет. Онда дүниедегі ядролық текетіресті бәсеңдету жөніндегі жұмыстың **барлық кезеңдері** бейнеленуі тиіс.

Ең алдымен, **Ядролық сынауларға жаппай тыйым салу жөніндегі Шарттың күшіне кіруіне** жету маңызды. Дүниежүзілік қауымдастық «ядролық клубтың» барлық мүшелерінің өздеріндегі әскери атом арсеналдарын қысқарту жөнінде міндеттемелер алуын **қамтамасыз етуге құқылы.**

Бәрін емес және бірден емес, біртіндеп. Мәселен, ескірген ядролық зарядтар мен жеткізу құралдарын **жаңғыртудан бас тарту мен қару-жарақ қатарынан шығару тәжірибесіне көшуге** болады. Әлбетте, бұл екі ядролық державаның – АҚШ пен Ресейдің – қарусыздану үдерісімен **қатар жүруі** тиіс.

Содан соң, алдағы болашақта «ядролық қолшатырларды» тежеу жөніндегі шаралар көзге елестейді. Өңгіме ядролық қаруды орналастыру мен жинауды оған ие мемлекеттің ұлттық аумағының ішімен ғана шектеу туралы болып отыр.

Таратпаудың және бейбіт ядролық энергетиканың дамуын бақылаудың жаһандық жүйесі тек **әділдіктің, теңдіктің және пәтуаның** үшбірлікті принципі негізінде ғана тиімді болмақ.

Ядролық қарусыз өңірлік аймақтарға қатысушылардың

бәріне берік, «жағымсыз» қауіпсіздік кепілдігін беру маңызды. Ядролық әскери бағдарламалардан принципті түрде бас тартқан мемлекеттерді **ынталандырушы тетіктерді** қалыптастыру қажет.

Тек осы негізде ғана жекелеген елдердегі ядролық энергетиканы дамытудың болашағымен байланысты проблемаларды **әділетті шешуге** болады.

Бүгінге дейін ядролық қауіпсіздік саласында **30 мемлекет ұлттық міндеттемелер алды**. Ядроға қарсы халықаралық құқық пен практикалық саясатта ешқандай **«екіжақты стандарт»** пен ерекшелік дегенге орын болмауы керек.

Ядролық қарусыздану мен ядросыз дүниені ол үдерістің барлық қатысушылары арасындағы сенімнің айқын тетіктерінсіз көзге елестету мүмкін емес. Сенім принципі – тежеудің, соның ішінде ядролық тежеудің де әскери **байыптамаларына ақылға қонымды балама**.

Ядролық қауіпсіздіктің жаһандық жүйесі өңірлік бірлестіктердің – **АӨСШК-нің, ЕҚЫҰ-ның, Ислам ынтымақтастығы ұйымының** және басқалардың **әлеуетін толық көлемінде іске қосуы** тиіс.

Өкініштісі, дүниежүзілік саясатта белгілі бір діннің күшін **ядролық қарудың қуатымен** «нығайту» дейтін жаңсақ «пайымдар» бар. Тағы еске салайын: бұдан 20 жыл бұрын Қазақстан базбір «тілектестердің» ақыл-кеңесі мен тұңғыш мұсылман ядролық державасы болу дейтін **күдікті абыройдан** батыл бас тартқан болатын.

Ядролық қару – адамзат үшін **өзін-өзі жоюмен тең**. Ал өзіне-өзі қол жұмсауды Жаратушыға тікелей қыр көрсету деп **дүниедегі барлық діндер айыптайды**. Осы тұрғыдан алғанда да **ядролық әскери қуатқа ие болуға ұмтылу – барып тұрған күпірлік**.

Ұлттардың болашақ ядролық қарусыз қауымдастығы негіздерінің бірі деп мен **жаһандық төзімділікті** санаймын. Өзінің ядролық қаруға қарсы тәжірибесі арқылы Қазақстан ядролық қарусыздану

мен таратпау мәселелеріндегі **ашықтықтың күшін бүкіл әлемге паш етті**. Төзімділік негізінде біз **210 тонна пайдаланылған ядролық отынды** қауіпсіз сақтау орнына **жеткізу жобасын** жүзеге асырдық.

Қазақстандық реакторларды кем байытылған отынға көшіру жөнінде жариялы жұмыс жалғасып жатыр. МАГАТЭ-мен бірлесіп **табиғи уранды есепке алудың, бақылаудың және нақты қорғаудың автоматтандырылған бірегей жүйесі** жасалуда.

Осының бәрі – ядролық қарудан мәңгіге бас тартқан біздің еліміз үшін **сөзсіз тиімділіктердің** мысалдары. Сонымен бірге, ол **өзге мемлекеттер үшін – өнеге**.

Ядролық қарусыз дүниеге беталыс – **сындарлы көпкіндіктілікке** апарар жол. Қару, әсіресе, ядролық қару қашан да адамдардың арасын бөлетін болған. Ядролық қарусыз дүние үшін күрес – **барша адамзатты, барлық халықтар мен мемлекеттерді жақындастырудың факторы**.

Сондықтан Семей полигонын жауып, ядролық арсенал мен мәртебеден бас тартқан қазақстандықтар әрдайым ядролық қаруға қарсы жаһандық қозғалыстың алғы шебінде болды.

Біз **Қазақстанның ұлы парызы, тарихи жауапкершілігі мен жаһандық борышы** осында деп білеміз! Әрі мен біздің планетамыздың осы ғасырда ядролық өзін-өзі жоюдың қатерінен мәңгі-бақи арыла алатынына сенемін.

Бейбіт атом: жаһандық қағидаттар мен ұлттық міндеттер

Атом электр станцияларының тарихы әртүрлі 60 апатты біледі. Уақыт есебімен ең соңғысы – 2011 жылғы наурызда «Фукусима» АЭС-інде болған апат – табиғат зілзалалары немесе адамның қателігі ауқымды қайғы-қасіретке соқтыруы мүмкін екенін тағы да көрсетті. Демек, ядролық энергетика қауіпсіздіктің сапалық жаңа сатысына көшуі қажет.

XXI ғасырда жаһандық экономика энергетикалық жағынан жеткілікті қамтамасыз етілмейінше дами алмайды. Мамандардың есептеуінше, тек алдағы 2 онжылдықтың ішінде адамзаттың қуатты қажетсінуі **40 пайызға өседі**. Бүгінде **2 миллиард** адамның электрге мүлдем қолы жетпейді.

Шындықтың аты – шындық: планетаның көмірсутекті қоры сарқылып барады.

Қайталама қуат көздерінің болашағы зор, бірақ ол жақын болашақта жаһандық экономика дамуының өскелең қарқыны талап етіп отырғандай көлемде электр қуатын бере алмайды.

Бүгінде адамзатта **атом энергиясынан асқан пәрменді әрі қолжетімді қуат көзі жоқ**. Қазір **40 шақты** ел бейбіт атом саласында зерттеулер жүргізуде.

15 мемлекет атом электр станцияларын салып жатыр немесе соны жоспарлап отыр.

Қазақстан да солардың қатарында. Біз үшін ядролық энергетика – ұлттық экономикамыздың **болашақтағы инновациялық кластерлерінің бірі**. Қазақстан **уранның барлық дүниежүзілік қорының ширегіне ие**. Бізде ядролық энергетиканың зор ғылыми әлеуеті мен инфрақұрылымы бар.

1991 жылғы 29 тамызда полигонды жабу туралы өзім қол қойған жарлықтың өзінде-ақ Семей полигоны мен Курчатов қаласы тек әскери ғана емес, әлеуеті зор ғылыми да орталық деп белгіленген болатын. Сондықтан мен Семей сынау полигонын ғылыми-зерттеу орталығына айналдыру міндетін алға қойдым. Ал бұл міндет ойдағыдай іске асырылып жатыр.

Бүгінде Қазақстан өзінің зерттеуші ядролық реакторларының және пайдаланылған отынның нақты қауіпсіздігі мен қорғалуын толық көлемінде қамтамасыз етеді.

Біз реакторды кем байытылған отынға көшіру, ядролық қауіпсіздік жөніндегі өңірлік оқу орталығын құру бағытындағы жұмысты одан әрі жалғастырудамыз.

Халықаралық қатысумен **ядролық отын дайындау жөніндегі қазақстандық заводтың қорғанысы нығайтылды**. Халықаралық міндеттемелерді қатаң сақтай отырып, Қазақстанда «бейбіт атомның» барлық объектілеріндегі қауіпсіздіктің жоғары деңгейі қамтамасыз етілген. Еліміздің барлық ядролық объектілері **МАГАТЭ-нің толық бақылауы мен кепілдіктеріне алынған**.

МАГАТЭ-мен бірлесіп, біз табиғи уранды есепке алудың, бақылаудың және нақты қорғаудың автоматтандырылған бірегей жүйесін жасап жатырмыз. Біз ядролық материалды нақты қорғау жөніндегі конвенцияға түзетулерді бекіттік және баршаны түзетулердің 2014 жылға дейін күшіне кіруі үшін оларды тез арада бекіту шараларын қолдануға шақырдық.

Сондықтан МАГАТЭ қамқоршылығында жұмыс істейтін **Ядролық отын халықаралық банкінің депозитарийі** рөліне өз кандидатурасын нақ Қазақстанның ұсынуы қисынды.

Уран кенінің дүние жүзіндегі ең ірі өндірушісі, сондай-ақ осы салада тәжірибесі мен халықаралық сенім кредиті бола отырып, Қазақстанның өз аумағында ядролық отынның тұңғыш халықаралық банкін орналастыруға барлық мүмкіндіктері бар.

Қазір Қазақстанда осындай банк орналастыру жөніндегі МАГАТЭ-мен бірлескен жұмыс практикалық кезеңіне аяқ басты.

Бұл – ядролық қаруды таратпау мен қарусыздану тәртіптемесін нығайтуға қосқан біздің нақты үлесіміз.

Атом энергиясы жөніндегі Халықаралық агенттіктің қамқоршылығында әрекет ете отырып, бұл банк әртүрлі елдердегі атом электр станциялары үшін уран отынын бере алады және мемлекеттердің ашық рынокта уран отынын ала алмау қаупіне қарамастан азаматтық ядролық реакторларды пайдалануына мүмкіндік береді.

МАГАТЭ шарттарына сай келетін барлық елдердің қауіпсіз және сенімді түрде отын алуға мүмкіндігі болады. Бұл ядролық энергетиканы дамытып, кем байытылған уранның қуатына деген азаматтық қажетсінулерді қанағаттандыруға көмектеседі.

Мен Қазақстанның таратпау, қарусыздану және ядролық қуатты бейбіт пайдалану мәселелерінде **әрқашан ең сенімді серіктес болғанын, болып та келе жатқанын және бола беретінін** атап көрсеткім келеді.

Әрі мен бұдан Қазақстанның болашақ G-GLOBAL әлемінде бейбіт атомның айқын және теңқұқықты дамуына септесетін өзіндік борышын көремін.

Жаһандық ядролық энергетика тек қауіпсіздіктің даусыз кепілдіктері болғанда және басты үш қағидат негізінде дамуы тиіс.

Бірінші – әмбебаптық. Бейбіт атомды игеру аясында жинақталған халықаралық-құқықтық тәжірибені қорытып, кодификациялау қажет. Мақсат – нақты және өндірістік ядролық қауіпсіздіктің заң жүзіндегі міндетті стандарттарын қабылдау.

Атом энергетикасын дамыту саласындағы үдерістерді басқарудың әлемдік тетіктерін практикалық тұрғыдан жетілдіру қажет.

Бүкіл дүние жүзіндегі ядролық объектілер қауіпсіздігінің неғұрлым пәрменді жүйесін жасау керек. Атом энергетикасы объектілерінің **бірыңғай, барынша қатаң әрі халықаралық тұрғыда мойындалған стандарттары мен қауіпсіздік өлшемдерін қалыптастыру** айрықша маңызды. Оларды қатаң сақтамайынша дүниедегі бірде-бір АЭС пайдалануға жіберілмеуі тиіс.

МАГАТЭ қамқоршылығымен, тәуелсіз сарапшыларды қатыстыра отырып, **АЭС басқару және қорғау жүйелерінің міндетті түрдегі ширықпа-сынақтарын** ұдайы өткізіп тұру орынды болар еді.

Екінші – транспаренттілік пен ширақтық. Ядролық объектілердегі кез келген оқиға жайында толық және жедел хабардар етумен бірге төтенше жағдайларға тез әрекеттесудің нақпа-нақ тетіктерін жасау қажет.

Дүниедегі техногендік ірі апаттардың себебі табиғи зілзалалар болатыны барған сайын жиілеп барады.

Жер бетіндегі **табиғи және антропогендік үдерістерді бақылаудың Жаһандық жүйесін енгізу** орынды болмақ.

Бұл үшін жергілікті ландшафты, логистиканы, демографиялық картаны ескере отырып, дүниенің әрбір өңіріне арнап дағдарыстық әрекеттесудің желісін әзірлеу қажет.

Адамзат Фукусимадағы апаттан дұрыс қорытынды жасауға міндетті. Керек десеңіз, апат атаулы өз салдары бойынша лаңкестердің ықтималды әрекеттерімен байланысты болады.

Ғаламат радиоәрекет жағдайында шынайы әрі нақты ақпарат негізінде **ядролық энергетикаға деген жұртшылық сенімін нығайту** мейлінше маңызды. Ядролық энергетикада «**шындықты, тек шындықты, бар шындықты айту**» дейтін құқықтық ескі қағидатты басшылыққа алу керек.

Үшінші – теңдік пен сенім.

Барлық мемлекеттерге бейбіт ядролық технологияларға қол жеткізудің тең құқығы, сондай-ақ кем байытылған уранның Халықаралық банкіндегі кепілдендірілген қорларды пайдаланудың мүмкіндігі берілуі тиіс.

Бұл ретте ядролық технологияларға іс жүзінде ие болып отырған елдер ядролық материалдар мен технологиялардың заңсыз айналысқа түсуіне қарсы әрекетті қамтамасыз етіп, ядролық объектілердің қорғалуы мен өздеріндегі ядролық материалдардың сақталуы тәртіптемесіне кепілдік беруге міндетті. Тек осындай шаралар ғана ядролық лаңкестік пен қылмысты «қара базарлардың» пайда болу қатеріне жол бермеуге жағдай жасайды.

Түптеп келгенде, ядролық қауіпсіздік саясаты энергетиканы дамытушы елдер мен әзірше оған қолдары жетпеген елдер арасындағы айырмашылықты жоюға жағдай туғызуы керек.

Қазақстанның ядролық қауіпсіздік мәселелері бойынша ұстанымы бастамашыл, теңдесі жоқ адамгершіл және ашық.

Біз G-GLOBAL принциптеріндегі әлем сипаты – **ядролық өзін-өзі жою қаупінен бостан планета** дегенді басшылыққа аламыз.

Сол себепті де ядролық қауіпсіздік – XXI ғасырдағы дүние қалыбының экономикалық және саяси өлшемінің берік негіздерінің бірі.

Сеулде өткен жаһандық саммитте мен ядролық қауіпсіздік жүйесін жоғарыда көрсетілген қағидаттар бойынша құрастыруды ұсындым.

Жаһандық экономиканы дамытудың болжамдары көз жетер болашақта бейбіт атом энергетиканың маңызды сараланымы болып қала беретінін айтады. Сондықтан біз **ядролық энергетика саласындағы бағдарламаларға халықаралық бақылауды күшейту** қажет деп санаймыз. Бұл ретте барлық елдердің ядролық энергетикалық зерттеулер жүргізу құқығы бірдей. Сөйте тұра бейбіт ядролық бағдарламаны әскери бағдарламадан бөлетін шектен ешкім аспауы керек.

Иран мен Солтүстік Кореяның ядролық бағдарламасы айналасында қалыптасқан жағдайды тек қана дипломатиялық әдістермен шешу керек.

Осы заманғы дүниенің алабөтен күрделі екенін біз түсінеміз, бірақ елдер ерте ме, кеш пе, – міндетті түрде ядролық қауіпсіздіктің көпілдігі бар дүниеге келеді деп есептейміз.

Біздің бұл сеніміміз ұлттық қауіпсіздік жаһандық қауіпсіздікпен тығызбайланысты екенін Тәуелсіздіктің бастапқы кезінен-ақ түйсінгенімізге негізделген. Ашық саясатымыз бен бастамаларымыздың қайнар көзі де нақ осында.

Мен барлық елдерге: қазақстандық тәжірибе көрсетіп отырғандай, **елдер ядролық қарудан бас тартудан орасан зор пайда алар еді** дейтін үндеуімді арнағым келеді.

Біздің дүниеде ықпалы күшті, достары көп, гүлденіп келе жатқан тұрақты елге айналуымыз осы шешіміміздің арқасы екеніне менің күмәнім жоқ. Біз үрей мен күдік-күмәннің емес, бейбіт қатынастармен гүлденудің пайдасына таңдау жасадық. Біздің бәріміз басқа елдердің де дұрыс таңдау жасауына көмектесетін осындай жағдай туғызуымыз керек.

G-GLOBAL әлеміне **ядролық қауіпсіздік пен таратпаудың жаңарған жаһандық стратегиясы** қажет екеніне сенімдімін.

Дүниеге ядролық қауіпсіздік саласындағы толыққанды халықаралық құқықтық және институционалдық негіз керек.

Барлық елдердің ядролық қаруды таратпау аясындағы міндеттемелерін орындауының да құқықтық негізін кеңейту қажет.

Қазақстан әр **екі жыл сайын ядролық қауіпсіздік жөнінде жаһандық саммит өткізіп тұруды ұсынды** және сондай саммиттердің бірін Астанада өткізуге өзір.

Қазір біздің еліміз ұсынған **халықаралық «АТОМ» жобасының** шеңберінде жер бетіндегі кез келген адамның планета мемлекеттерінің үкіметтеріне бағытталған онлайн-петицияға қол қойып, ядролық қаруға қарсы шығуына болады.

Мен адамзат бірлескен күш-жігері арқылы жаһандық ядролық қауіпсіздіктің тұтас бір жүйесін жасай алатындай дәрежеге жетті деп есептеймін.

3. ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК: ӨҢІРЛЕР ЖӘНЕ ӘЛЕМ

Көрнекті британ ғалымы Х. Маккиндердің сонау ХХ ғасырдың басында жарияланған «Тарихтың географиялық өзегі» дейтін еңбегі осы заманғы көптеген геосаяси тұжырымдамалар дамуының бастау нүктесі болды. Оның жақтаушылары мен сынаушылары күні бүгінге дейін бар. Маккиндер енгізген «хартленд», «Әлемдік арал», «өңір-қақпа», «тастама жерлер белдеуі» сияқты көптеген ұғымдар төңірегіндегі даулар әлі күнге басылар емес.

Егжей-тегжейге бармай-ақ, әсіресе, біреулердің жағына шықпай-ақ қояйын. Тек айтарым: «тарих өзегі» авторының идеялары **Ескі дүниенің ең жаңа және болашақ уақытта атқаратын ауқымды рөлін тарихи-философиялық тұрғыдан** парықтаудың қуатты қозғаушы болды.

Еуропа мен Азиядағы саяси үдерістердің дүние тағдыры үшін айқындаушы сипаты болғанын ХХ ғасырдың бүкіл барысы растап берді. 70-ші жылдардың басында, «бәсеңдеу» дейтін үдеріс жүріп,

ауқымы кең жаңа халықаралық құрылым – Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым құрылып жатқанда нақ осы Еуропада **екі рет дүниежүзілік соғыс шыққаны** жиі айтылатын.

Сондықтан еуропалық континентте қауіпсіздіктің бекем жүйесін құру қоскіндікті дәуірде жержүзілік қауіпсіздіктің берік негізі деп саналуы дұрыс еді.

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымда (ЕҚЫҰ) 1995 жылы рәсімделген қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жалпыеуропалық жүйесі қазір де, шын мәнінде, көпкіндікті дүниенің қалыптасу барысында жаһандық қауіпсіздіктің негізі болып қалып отыр.

Сонымен қатар екі жүзжылдық тоғысында **жаһандық дамудағы Азияның рөлі** күрт артты. Бірқатар азиялық елдер серпінді экономикалық дамудың үлгісін көрсетіп, сенімді өрлеу жолына шықты. «Азиялық жолбарыстардың» тәжірибесі тек сол Азия мемлекеттерінің өздеріне ғана дамудың тартымды үлгісі болып қалған жоқ. Оның жеке элементтері планетаның өзге өңірлеріндегі елдерде де қолдануға әбден лайық.

Дегенмен Еуропамен салыстырғанда Азия ХХ ғасырдың соңына қарай мемлекетаралық қауіпсіздік құрылымдарының көрінеу жетімсіздігін сезінді. Бұрынғы дәуірлерден жекелеген елдер арасындағы сенімсіздік сүйреткісі қалды, соның ішінде үнемі **«бөліп тастап, билей бер»** принципімен әрекет еткен отарлау кезеңінің қалдығы әсер етті.

Жаһандану үдерісі **Еуразияның екі бөлігін** барған сайын **жақындастыра берді**. Бүгін ХХІ ғасырда дүниенің тағдыры көбінесе **ЕурАтлантика мен ЕурАзияның ұлан-байтақ** өңірінде оқиғалардың қалай дамығанына байланысты деп күмәнсіз айтуға болады. Маккиндердің «тарих өзегі» нақ осы ұшы-қиыры жоқ геосаяси кеңістік арқылы өтетініне мен сенімдімін.

Күллі Еуразияның қауіпсіздік формуласы табылып, іске асырылғанда ғана ХХІ ғасырдағы әлем сипатын жасау бекем болмақшы.

Менің түсінігімдегі G-GLOBAL әлемі – «**Мұхиттан Мұхитқа дейінгі**» неғұрлым кең координаталардағы **қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жаңа деңгейі**. Өңгіме Атлант мұхитынан **Тынық мұхитқа және Солтүстік Мұзды мұхиттан Үнді мұхитына дейінгі** төрт мұхиттың шегінде біртұтас қауіпсіздік кеңістігін қалыптастыру туралы болып отыр.

Бұл – болашақтағы жаһандық дамудың басты мәселелерінің бірі.

Азиядағы өңірлік қауіпсіздік құрылымдарын қалыптастыру

1992 жылы, БҰҰ Бас Ассамблеясының мәжілісінде тұңғыш сөйлеп тұрып, мен **Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөнінде Кеңес** шақыру туралы ұсыныс жасадым. Сонда мен «болашақтың талаптары біздің өзіміздің бірлескен күш-жігерімізді үйлестіру мен ұйымдастырудың жаңа сапасына көшуге» мәжбүрлейтінін атап көрсеткен болатынмын. Әрі бұл ретте жұмыс бірнеше деңгейде – **«бүкіл қауымдастық, әркімнің өз континенті, өз өңірі және өз елі»** деңгейінде жүргізілуі тиіс-ті.

Еуропаның қауіпсіздігімен бірге, дүние үшін Азияның қауіпсіздігі де өзекті мәнге ие. Сондықтан да мен дүниенің осы бөлігіндегі қауіпсіздік проблематикасына жаңаша қарауды ұсындым.

Ол кезде Азияда еуропалық үлгімен қауіпсіздік пен ынтымақтастық құрылымдарын құру идеясы пікірталастардың тақырыбына айналып үлгергенімен, әлі кең қолдау таба қоймаған болатын. Көптеген күмәншілдер Азияның экономикалық, саяси және мәдени әртектілігін алға тартумен болды, ал олар ұжымдық қауіпсіздіктің жалпыазиялық жүйесін құруға кедергі болады деп саналатын.

Біздің ойымызша, өзара ықпалдастықтың барлық түрлері бойынша бірыңғай азиялық құрылымға бірден ұмтылу сонша міндетті емес еді.



Әуелі ұстанымдардың жақындасуын белгілі бір саладан бастап, содан соң ынтымақтастықтың басқа салаларынан да ортақ көзқарасты іздеу дұрыс болар еді. Мен мұндай континенттік құрылымға қарай беталыс қадамдық, кезеңдік болуы керек деп есептедім.

Сөйтіп, бұдан **жиырма жыл бұрын** Қазақстан АӨСШК-ні құруға ұсыныс жасап, жаһанданушы дүниеге сол идеясымен аяқ басқан болатын. Біз жаңа ғасырдың қарсаңында жаңа геосаяси жағдайда қауіпсіздікті қамтамасыз ету **тек таңдаулы мемлекеттердің ғана дәрегейі емес** екенін басшылыққа алдық. Халқының санына, экономикалық, әскери және саяси әлеуетіне қарамастан, барлық елдердің күш-жігері қажет дедік.

Осы идеяны табандылықпен жүзеге асыру үшін бірнеше жыл қажет болды. Әйтсе де 1999 жылғы қыркүйекте Алматыда АӨСШК елдері сыртқы істер министрлерінің кездесуі болды. Оған Азияның 16 мемлекетінің өкілдері қатысып, тұңғыш рет **АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынастарды реттеуші қағидаттар туралы декларацияға** қол қойды. Бұл АӨСШК іргетасына қаланған алғашқы кірпіш болды.

2002 жылғы 4 маусымда Алматыда **АӨСШК-нің бірінші саммиті** өтті.

Жаңа құрылымның «өзегі» құрылып, ол континенттің Қытай, Ресей, Үндістан, Түркия, Пәкістан, Иран және басқа да жетекші елдерін қамтыды.

Осы құрамда лаңкестікті айыптаған және континент халықтарын мәдениеттер мен өркениеттердің кең сұхбатына үндеген **Алматы актісі** мен **АӨСШК Декларациясына** қол қойылды.

Кеңесте сөйлеген сөзімде мен Алматы актісіне қол қойылуының өзі біздің күні ертең-ақ ЕҚЫҰ секілді құрылымға ие бола қалатынымызды білдірмейтінін атап көрсеттім. АӨСШК-ге қатысушы елдердің алдында алшақ ұстанымдарды жақындастыру, қажетті келісім-шарт негізін жасау жөнінде қыруар жұмыс тұр.



XXI ғасырдың алғашқы онжылдығының басында халықаралық қиын-қыстау жағдайда өткен АӨСШК бірінші саммиті қазақстандық сыртқы саясаттың табысы ғана емес, сонымен бірге, ең бастысы – азиялық субконтиненттегі **мемлекетаралық қатынастарды дамытудың жаңа кезеңі болды.**

2004 жылы АӨСШК **Сенім шараларының тізімдемесі** қабылданды. Ынтымақтастық пен қауіпсіздік, дау-дамайды бейбіт реттеу мен қару-жараққа бақылау жүргізу жөніндегі келісімдерді орындау мәселелерінің кең шеңбері бойынша Азия елдерінің көпқырлы ынтымақтастығын көздейтін ауқымды құжат тұңғыш рет пайда болды.

2006 жылы Алматыда **АӨСШК екінші саммиті өтті.**

АӨСШК-нің ашық-жарқын әрі тең құқықты сұхбатқа қолайлы алаңы өзінің көкейкестілігі мен өміршеңдігін тағы да паш етті. Әуелі Алматыда, содан соң Астанада АӨСШК Хатшылығының ашылуымен іс жүзінде қауіпсіздік жөніндегі жаңа халықаралық құрылымның институционалдану үдерісі басталды.

2007 жылғы желтоқсанда **АӨСШК БҰҰ Бас Ассамблеясының жанындағы бақылаушы мәртебесін алды.**

АӨСШК үшінші саммиті 2010 жылғы мамырда Ыстамбұлда өтті. Түрік Республикасы Қазақстаннан осы ұйымға төрағалық ету эстафетасын қабылдап алды. Үшінші саммитке 27 мемлекеттің қатысуы назар аударарлық. Бұл – Азияның бүкіл аумағының 90 пайызы әрі онда **планета халқының жартысы тұрады** және дүниежүзілік ІЖӨ-нің үштен бірін өндіреді. Сонымен бірге континенттің географиялық шегінен тысқарыдағы екі ел – Украина мен Америка Құрама Штаттары, сондай-ақ 3 халықаралық ұйым – БҰҰ, ЕҚЫҰ және Араб елдерінің лигасы АӨСШК-де бақылаушы болып табылады.

Өткен жылдарда Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары Кеңесі қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту мәселелері жөніндегі жалпыөңірлік сұхбаттың беделді форумы мен маңызды тетігі ретінде бекіді.

Енді ұзақ мерзімді болашақта АӨСШК Азиядағы қауіпсіздік жөніндегі ауқымды ұйымның базисі ретінде қарастырылатын болады деп топшылауға толық негіз бар.

Қазақстанның бастамасы халықаралық қатынастардың нақты факторына айналып, Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қолдаудың пәрменді құралы қызметін атқаруда. Ол **Азия континентінде бейбітшілік пен сенімді қалыптастыру идеясынан ұжымдық дипломатияның практикалық тетіктеріне дейінгі** жолдан өтті.

АӨСШК қабылдаған құжаттар топтамасы бүкіл дүние замананың қыр көрсетуі мен қауіп-қатеріне лайықты жауап әзірлеу үдерісіне

жұмылған жағдайда форумның уақытпен бірге адымдай алатынын сенімді түрде көрсетті.

Қағидаттар декларациясы, Алматы Акті, Сенім шараларының тізімдемесі, рәсім ережелері және соңында Иммуниеттер мен артықшылықтар туралы конвенция АӨСШК қызметінің барлық бағыттары бойынша практикалық өзара ықпалдастық үшін кең өрісті құқықтық шеңбер жасайды.

АӨСШК қызметінің арналы бағыттарын дамыту жөнінде елеулі ілгері басушылыққа қол жетті. Көп жылдық келіссөздердің нәтижесінде әскери-саяси өлшем мәселелерін талқылау туралы келісім жасалды.

АӨСШК көзкөрім жақын арадағы болашақта **Азиядағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік жөніндегі құнды ұйымға айналуға** мүмкіндік беретін сипаттарға ие болып келеді.

АӨСШК үдерісін дамытудың болашағы оған **қатысушы елдер сыртқы істер министрлерінің 2012 жылғы 12 қыркүйекте Астанада өткен мерейтойлық конференциясының** басты назарында болды.

Онда өзінің экономикалық әлеуеті жағынан болсын, дүниежүзілік саясатқа тигізетін ықпалының деңгейі тұрғысынан болсын Азиялық континент XXI ғасырдағы жаһандық халықаралық қатынастардың басты алаңына айналып келе жатқаны ерекше атап айтылды. Бүгіннің өзінде-ақ бұл өңірдің елдері **бүкілдүниежүзілік ІЖӨ-нің 57%-дан астамын** өндіреді.

Сонымен қатар, өкінішке орай, Азияда аумақтық даулармен және қайшылықтармен байланысты шешімін таппаған мемлекетаралық проблемалар асқына түсуде. Солай бола тұра континент ядролық қаруы бар және әскери әлеуетін белсенді түрде үдетумен келе жатқан мемлекеттердің барынша шоғырланған аймағы болып отыр. Астыртын көші-қон мен заңсыз есірткі айналымының, діни әпербақандық пен лаңкестіктің проблемалары сақталып қалуда.



Сірә, азиялық елдер арасындағы сенімді нығайтпайынша қауіпсіздіктің жаһандық міндеттерін шешуде елеулі түрде алға басу оңайға соқпайтын шығар.

Осы тұрғыдан алғанда дүниенің халық ең көп қоныстанған өңірінде қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қолдаудың институционалдық құралы ретіндегі АӨСШК айрықша мән мен өтімділікке ие болып келеді.

Министрлер конференциясының барысында мен АӨСШК IV саммитін оған қатысушы елдер толыққұнды халықаралық ұйым құру жөніндегі белгілі бір нәтижелермен қарсы алатын болар деген үмітімді білдірдім.

Қазақстан АӨСШК Хатшылығы басшысының мәртебесін Атқарушы директордан Бас Хатшы дәрежесіне көтеру, сондай-ақ қолданыстағы Рәсім ережелеріне тиісті өзгертулер енгізе отырып, АӨСШК Тұрақты комитетін құру туралы мәселе қарау жайында ұсыныс жасады.

АӨСШК үдерісінің бастамашысы ретінде мен Қытай Халық Республикасының 2014-2016 жылдарда АӨСШК-ге төрағалық миссиясын қабылдауға ниет білдіргенін құптаймын.

Ұлы держава және біздің игі көршіміз ретіндегі Қытайдың Азиядағы сенім мен даму құрылысының күрделі үдерісін ілгері бастыруда бірегей тарихи, саяси және мәдени тәжірибесі бар.

Мен ҚХР-дің төрағалық етуі АӨСШК-ні нығайту мен одан әрі дамытуға елеулі серпін беріп, көпжақты үнқатысу, өзара мүдделерді ескеру және пәтуаға талпыну жолымен Азиядағы бөлінбес кооперативтік қауіпсіздік тұжырымдамасын алға бастыруға жағдай жасайтынына сенімдімін.

АӨСШК үдерісімен жарыспалы түрде Азиядағы басқа бір беделді халықаралық ұйымды – **Шанхай ынтымақтастық ұйымын** құру үдерісі де жүріп жатқанын атап айту керек.

ШЫҰ өзін дүниежүзілік қауымдастықта нақты тұжырымдалған мандаты бар және алдына қойылған міндеттерін ойдағыдай орындап

келе жатқан іскер әрі болашағы зор ұйым ретінде танытып үлгерді.

Шанхай ұйымы күрделі геосаяси кеңістікте беделін арттыра түсіп келеді. ШЫҰ-ның БҰҰ Бас Ассамблеясының жанындағы бақылаушы мәртебесін алуы, ТМД мен АСЕАН хатшылықтарымен әріптестік байланыс орнатуы – оның беделі өскендігін мойындағандық.

ШЫҰ бір жағы Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан және екінші жағы Қытай арасында шекара ауданындағы әскери саладағы сенімді нығайту мен шекара ауданындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы 1996 және 1997 жылдары бекітілген келісімдер негізінде қалыптасты. Мемлекеттердің бұл құрамы әуелде «**Шанхай бестігі**» деп аталды.

«Шанхай бестігі» қызметінің бастапқы кезеңдегі негізгі нәтижесі шекара шебіндегі ондаған және тіпті жүздеген жылдарға созылған шиеленісті жоюы еді. Қытаймен шекара мәселесін шешудің бұл үдеріске қатысушы мемлекеттердің барлығы үшін айрықша зор маңызы болды. Ол мемлекетаралық қатынастарды ойдағыдай дамытуға, өзара сенім мен өзара ықпалдастық проблемаларының ортақ түсіністігін нығайтуға көмектесті.

1997 жылы Мәскеуде қол қойылған халықаралық құқық тарихындағы теңдесі жоқ құжат шекараның екі жағындағы шекара маңы объектілерінің әскери инспекциялар тетігін іске қосуға мүмкіндік берді. Сөйтіп шекара бойындағы осы **жүз километрлік қарусыздандыру аймағы** бүгінде айырық желісі емес, достық пен өзара сенімнің желісі, Азиядағы әскери-стратегиялық теңгерімді сақтаудың маңызды факторы болып отыр.

Осынау шын мәніндегі тарихи келісімдерге қол қойылғаннан кейін ынтымақтастықты одан әрі жалғастыру туралы мәселе туды. Ынтымақтастықтың осындай аса маңызды пішімінен айрылу қисынға келмейтін еді.

Сондықтан Қазақстан «шанхай» пішімінде өзара әрекеттестікті жалғастыра беруге бастама көтерді. «Бестіктің» қатысушылары



жағымды ынтымақтастықты жалғастыра беру туралы бастаманы қолдады да ол жаңа өңірлік ұйым құруға себепші болды. Бұл күрделі шекара проблемаларын шешу барысында қалыптасқан кінәратсыз қатынастардың қисынды жалғасы еді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру туралы декларацияға алты мемлекет басшыларының 2001 жылғы маусымда Шанхайда болған кездесуінде қол қойылды. Өзбекстан да ұйым құрамына сонда қабылданды.

Бір жылдан соң, 2002 жылғы маусымда Санкт-Петербургта болған саммитте **жарғылық құжат – ШЫҰ Хартиясы** қабылданып, онда Ұйым қызметінің мақсаттары, қағидаттары, құрылымы мен негізгі бағыттары белгіленді.

ШЫҰ өзінің алдына халықаралық лаңкестікке қарсы тұру мен сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі қосбірлікті міндет қойған беделді құрылымға айналды.

Бұл ШЫҰ-ның бүлдіргіш күштерді (лаңкестік, экстремизм сияқты «үш кесапат» пайымдамасы) тежеу үшін ғана емес, біздің елдеріміздің халықтарын одан әрі даму мақсатымен жақындастыру үшін де құрылғанын білдіреді.

Жаңа ғасырдың басында халықаралық лаңкестік пен экстремизмнің өршуін ескере отырып, ШЫҰ біздің елдерімізді лаңкестік қауіптен қорғайтын қалқан болуы тиіс. Оның шеңберінде қатысушы мемлекеттердің құқық қорғау күштерін тарта отырып, ұдайы түрде **лаңкестікке қарсы бірлескен жаттығулар өткізіліп тұрады.** ШЫҰ-ның күш-жігері табиғи түрде халықаралық кең ауқымға кірігіп, лаңкестікке қарсы әрекеттердің ажырағысыз бөлігіне айналуда.

ШЫҰ бірлескен жұмысының алғашқы онжылдық қорытындысы **2011 жылы Астанадағы саммитте** шығарылды.

Сол форумда ШЫҰ-ның төрағасы ретінде сөйлеген сөзімде мен ШЫҰ халықаралық қатынастардың бірегей институтына айналғанын атап көрсеттім. Ол әртүрлі мәдениеттері мен өркениеттері, неғұрлым

ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ



өрелі дүниежүзілік экономикалары бар мемлекеттердің басын қосты.

Он жыл ішінде ШЫҰ-ға қатысушы елдер арасындағы экономикалық өзара ықпалдастық күрт өсті.

Ұйым ішіндегі тауар айналымы 7 есе артты. Трансеуразиялық коммуникациялардың – автомобиль және темір жолдарының, құбыр жүргізу желілерінің жобалары іске асырылуда.

Экономикалық ынтымақтастық пен интеграцияны кеңейту мақсатында стратегиялық негіз қалыптастырылды. Іскерлік Кеңес пен Банкаралық бірлестік құрылды, ШЫҰ Экономикалық Форумы ұдайы өткізіліп тұрады. **2020 жылға дейінгі көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы** жүзеге асырылуда.

ШЫҰ өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға баға жеткісіз үлес қосумен келеді. **Лаңкестікпен, сепаратизммен**

және экстремизммен күрес туралы Шанхай конвенциясы қабылданған.

ШЫҰ-ның лаңкестікке қарсы өңірлік құрылымы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаһандық құралдары арасында лайықты орын алып үлгерді. ЛҚӨҚ-тың қатысуымен **500-ден аса лаңкестік әрекеттердің** беті қайтарылды.

2010-2011 жылдары Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалық етуі кезеңінде **«Қауіпсіздік пен ынтымақтастық жолындағы он жыл»** ұранымен 110-нан аса бірлескен шара өткізілді.

ШЫҰ-ның сұхбат бойынша мүшелері, бақылаушылары мен серіктестері болуға ниет білдірген елдер саны өсіп келеді.

Атап айтқанда, «Бейбіт миссия – 2010» деп аталған лаңкестікке қарсы бірлескен кең ауқымды жаттығулар өтті. ШЫҰ-ның **Есірткіге қарсы Стратегиясы** қол қоюға әзірленді.

ШЫҰ елдері Ауғанстандағы реттеу үдерісіне елеулі қолдау көрсетті. Біздің елдеріміз 2010 жылы ушыққан ішкі саяси дағдарысқа тап болған Қырғызстан халқына жедел түрде жәрдем көрсетті. Бұл көмектің жалпы көлемі 50 миллион доллардан асты.

Төрағалық эстафетасын Қытай Халық Республикасына табыстай тұрып, біз Бейжіңнің 2012 жылды **Тату көршілік пен достық жылы** деп жариялау жөніндегі бастамасын қолдадық.

2012 жылғы 6 маусымда Бейжіңде өткен ШЫҰ саммитінің өңірлік және континенттік қауіпсіздік үшін елеулі мәні бар.

Сол мәртебелі кездесуде Қазақстан нақты ұсыныстарды іске асыруға жұмылуды ұсынды. Атап айтқанда, олар – **ШЫҰ-ға қатысушы елдердің аумақтық және өңірлік жанжалдарын реттеу жөніндегі Мәжіліс** құру, интернет-агрессиялардан қорғану функциясын атқаратын арнаулы орган мен **ШЫҰ болжау орталығын** қалыптастыру.

Қазақстан – ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтудың дәйекті жақтаушысы. Біз қаржылық

қамтамасыз ету тетіктерін – **ШЫҰ Арнаулы шоты мен ШЫҰ Даму банкін** қалыптастыру жөніндегі жұмысты қолдаймыз.

Орталық Азиядағы су ресурстарының шектеулігі жағдайында ШЫҰ шеңберінде **су және азық-түлік проблематикасы жөніндегі құрылымдар** жасау келелі міндет болып отыр. Бұл барлық мүше-мемлекеттердің мүдделерін ескеруге және дау-дамайлы жағдайдың тууына жол бермеуге мүмкіндік жасайды.

Алдағы уақытта қауіпсіздікке септесуші халықаралық күштердің Ауғанстаннан әкетілетінін және 2014 жылы елдегі қауіпсіздікті сақтау жолындағы толық жауапкершілік жергілікті үкіметке берілетінін ескеріп, ШЫҰ-ның қауіпсіздік және лаңкестікке қарсы өңірлік құрылым Кеңестерінің салалары бойынша Ауғанстандағы жағдай жөнінде ұдайы бақылау мен ақпарат алмасуды жолға қою маңызды.

ШЫҰ-ның Бейжің саммитінде сөйлеген сөзімде мен Ауғанстанның ШЫҰ жанындағы бақылаушы мәртебесін алуға деген өтінімін қанағаттандыру бұл елмен экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік беретінін айттым. Біз сондай-ақ сұхбат бойынша Түркияға да мәртебе берілуін қолдадық.

Сөйтіп, ШЫҰ 11 жыл өмір сүргенде оның құрамы әжептәуір кеңейді. Қазір Ұйым **6 тұрақты мүшені, 4 бақылаушы мемлекетті** (Монғолия, Үндістан, Пәкістан, Иран) және **сұхбат бойынша 2 серіктесті** (Беларусь пен Түркия) қамтиды. ШЫҰ-ға мүше барлық мемлекеттердің жалпы аумағы Еуразия жерінің бестен үш бөлігіне тең, онда 1,5 миллиардтан аса адам өмір сүреді.

Өткен жылдар ішінде ШЫҰ **жаңа тұрпатты халықаралық өңірлік ұйымға** айналды. Бұл – өзара сенім мен бірлікке негізделген тұңғыш мемлекетаралық қауіпсіздік құрылымы. XXI ғасырда ШЫҰ дамуының орасан зор әлеуеті осында.

ШЫҰ дамуы – нақты прагматикалық жобалар ғана емес, сонымен бірге қалыптасып жатқан көпкіндіктілік жағдайында мемле-



кетаралық қатынастарды реттеудің аса қажетті тұжырымдамалық, құқықтық формуласының атқарылымы.

ШЫҰ-ның бірегейлігі – елдер мен халықтар арасындағы сенімді нығайту міндеттерін іске асыруға саяси-дипломатиялық, қоғамдық көзқарастарды ұжым болып пайдалана білетіндігінде. **АӨСШК мен ШЫҰ – сындарлы көпкіндіктілік қағидаты негізінде әрекет ететін мемлекетаралық құрылымдардың үлгісі** десем, еш қателесе қоймаспын деймін.

Сондықтан Еуразия мен бүкіл дүние жүзінің халықтары осы макроөңірлік ұйымдардан зор үміт күтетіні заңды.

ЕҚЫҰ-ның еуразиялық және жаһандық өлшемі

2010 жылғы 1-2 желтоқсанда Қазақстанның жас елордасы Астанада **Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның XXI ғасырдағы тұңғыш саммиті** болып өтті. Оны өткізудің өзі көп жайды аңғартады. Саммиттен бұрынғы және одан кейінгі мақалаларым мен сөйлеген сөздерімде мен бұл оқиғаның тарихи мәнін егжей-тегжейлі атап көрсеткен болатынмын.

Астана саммитінің бірегейлігін оның **тұңғыш рет Еуразияның кіндігінде**, Еуропаның географиялық шекараларынан **мың километр жырақта өткендігінің өзі-ақ** білдіреді.

Бұл жай нені көрсетеді? Ең алдымен, ол **еуропалық қауіпсіздіктің өзгерген тұрпатын** бейнелейді.

XXI ғасырдың басында Еуропаның тұрақтылығына ең қауіпті қыр көрсетулер мен қоқан-лоққылар **осы континенттің шегінен тыс жерлерден** болды. Есірткі тасымалының, астыртын көші-қонның, адаммен сауда жасаудың негізгі көздері, сондай-ақ халықаралық лаңкестік пен әпербақандықтың, жаппай қырып-жоятын қаруды таратудың қаупі де Еуропадан тысқарыда.

Бүгінде Еуропаның энергетикалық және экономикалық қауіпсіздігінің көптеген қырлары дүниенің басқа бөліктеріндегі жағдаятқа байланысты.

Қауіпсіздіктің жалпыеуропалық жүйесін жасау үдерісі XX ғасырдың 70-ші жылдарында басталды.

Ол кезде дүние қарама-қарсы екі одаққа бөлінген болатын. «Қырғиқабақ соғыс» пен жанталаса қарулану Еуропаны «темір шымылдықпен» және бір-біріне қарсы бағытталған зымырандар тізбегімен айырып тастаған еді. НАТО мен Варшава шарты Ұйымының қуатты әскери топтары кез келген сәтте шабуылға шығуға сақадай сай тұрды.

Осындай жағдайда Финляндия мен бірқатар бейтарап елдердің бастамашылығы бойынша әскери және саяси текетіресті бәсеңдету жөнінде келіссөздер басталды. 1975 жылғы тамыздың басында Хельсинкиде 33 еуропалық елдің, Канада мен АҚШ-тың мемлекет және үкімет басшылары Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Мәжілістің **Хельсинки Қорытынды актісіне** қол қойды.

Өткен ғасырдың 80-90-шы жылдарының соңына қарай КСРО-ның ыдырауы мен дүние сипатын жайластырудағы екіодақтық жүйенің күйреуі кезеңінде жалпыеуропалық қауіпсіздік тетіктерінің өтімділігі артты. 1990 жылы Парижде **жаңа Еуропаға арналған Хартияға қол қойылды.**

Онда «қырғиқабақ соғыстың» аяқталғаны мәлімделіп, айыру шектері болмаған жағдайдағы қауіпсіздік қағидаттары бекітілді.

Дүниежүзілік саясаттағы осындай орасан алға басудан соң Еуропа мен Азияда жиырмадан аса жаңа тәуелсіз мемлекеттер құрылды, сол қатарда Қазақстан мен басқа да кеңестіктен соңғы елдер болды.

Париж Хартиясы еуропалық қауіпсіздік саясатының жаңа кезеңін ашып берді. Ол халықаралық қатынастардағы сапалық өзгерістерге, оларда серіктестік, ынтымақтастық және өзара көмек рухының бекуіне жеткізді. Сенім, демократия, адам құқығы мен бостандығы,



тұрақтылық пен қауіпсіздік – міне, хартияға қол қойған барлық мемлекеттер мойындаған ортақ құндылықтар осылар.

Қазақстан Республикасы **1992 жылы жалпыеуропалық қауіпсіздік жүйесінің қатысушысы болып**, Хельсинки Қорытынды актісі мен Париж хартиясының міндеттемелерін қабылдады. Сол жылы Қазақстан делегациясы тұңғыш рет Финляндияның астанасында өткен **ЕҚЫҰ үшінші саммитінің** жұмысына қатысты.

1994 жылы **Будапеште өткен ОҚЫМ саммитінің шеңберінде** жетекші ядролық державалар – Ресей, АҚШ және Ұлыбритания тарапынан Қазақстанға берілген қауіпсіздік кепілдіктері туралы Меморандумға қол қойылды. Кейінірек бұл құжатқа Франция мен Қытай басшылары да қол қойды.

Сол саммитте сондай-ақ құрамында Еуропаның, Азияның және Солтүстік Американың 56 мемлекеті бар **Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымды құру туралы шешім қабылданды.**

1996 жылы **Португалияның астанасы Лиссабонда өткен ЕҚЫҰ саммиті** «XXI ғасырдағы Еуропа үшін жалпыға бірдей және жаппай қамтитын қауіпсіздіктің үлгісі туралы» Декларацияны қабылдады.

1999 жылғы қарашада ЕҚЫҰ мемлекет және үкімет басшылары Түркияның аса үлкен қаласы – **Ыстамбұлда** бас қосып, **Еуропалық қауіпсіздік Хартиясына**, ол кезге дейін жаттығып үлгерген **Еуропадағы қарулы күштер туралы Шартқа** және жаңартылған **Сенім шаралары жөніндегі Вена құжатына** қол қойды.

XXI ғасырдың басына қарай ЕҚЫҰ жалпыеуропалық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданатын кең өрісті халықаралық алаңға айналды. Оның жұмысына солтүстік жарты шардың **Ванкуверден Владивостокқа дейінгі** ұлан-ғайыр кеңістігіне орналасқан **56 мемлекет** қатысты.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ны басқару құқығын пайдаланып қалуға деген ынтасын біздің өкілдеріміз тұңғыш рет 2003 жылы білдірді.

Қазақстандық бұл өтініш осы Ұйым қызметінің дағдылы қалыбына көрінеу сай келе қоймайтын еді.

Тарихта тұңғыш рет ЕҚЫҰ-ға жетекшілік етуге халқының басым бөлігі мұсылман, аумағының көбі Азияда орналасқан түрік дүниесінің елі ниет етті. Оның үстіне, Қазақстанға дейін бұл мәртебелі орынға бірде-бір ТМД мемлекеті талаптанып көрмеген болатын. Ротациялық әліпбилік тізімде Қазақстаннан бұрын тұрған Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия өз құқықтарын пайдаланбаған еді.

2006 жылғы қыркүйекте АҚШ-қа барған сапарымда президент **кіші Джордж Бушпен келіссөз барысындағы** бір жағдай есіме түседі. Мәселе АҚШ Мемлекеттік департаментінің біздің делегациямызға жоғары мәртебелі кездесу кезінде ЕҚЫҰ тақырыбын қозғалмауды ескертуінде болатын.

Алайда мен Дж. Буштың алдына бұл мәселені бәрібір қойдым. Америка Президенті бұл идеяны тікелей мансұқтаған жоқ, бірақ жауабын сұрақ қоюмен берді: «Енді, өзіңіз ойлап көріңізші, сол төрағалықтың Сізге керекті қанша? Төрағалық етуші елге қойылатын талап қисапсыз. Сіз прожекторлардың самаладай жарығында қаласыз. Іс-әрекетіңіздің бәрі жұрттың назарында болып, сынға алынады. Сол Сізге қажет пе?» – деді.

Бірақ мен АҚШ Президентінің пікірін өзгерте алдым. Тура сол арада, Ақ үйдің Сопакша кабинетінде Дж.Буш мемлекеттік хатшы К. Райсқа Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалығына кандидатурасын қолдауды тапсырды.

Басқа мемлекеттер де Қазақстанның кандидатурасын бірден қолдай кетпегенін айту керек. Бірнеше жыл бойы әртүрлі елдердегі әріптестеріммен кездесе жүріп, мен оларды дәйектілікпен және табанды түрде сендіріп, қолдау көрсетуге иландырумен болдым.

Ақыр соңында, 2007 жылғы қарашада **ЕҚЫҰ сыртқы істер министрлерінің Мадрид кездесуінде** Қазақстан 2010 жылы ЕҚЫҰ төрағасының қызметін алатыны туралы шешім қабылданды.

Өзі төрағалық еткен кезде Қазақстан ЕҚЫҰ саммитін өткізу жөнінде бастама көтергенде жағдай көп жағынан тағы қайталанды. Тіпті соңғы сәтке дейін әртүрлі уәждердің салмағынан таразы басы қалтылдап тұрды. Саммиттің кейбір қарсыластары жаңа жағдайда ЕҚЫҰ тарихтың жаһандық мұражайынан құрметті орын алса да жетіп жатыр десті. Бірақ мен мұндай пікірмен ешқашан келіскен емеспін.

Дау-дамай ең соңғы сәтке дейін толастамай келді де 2010 жылғы тамызда саммитті Астанада шақыру туралы түбегейлі шешім қабылданды.

Біз жоғары деңгейдегі кездесу **ЕҚЫҰ-ның осы заманғы қыр көрсетулер мен қоқан-лоққыларға икемделуіне қуатты серпін береді**, Ұйымның өзінің беделін арттырады, оның еуропалық және еуразиялық қауіпсіздік құрылымындағы рөлін күшейтеді деп пайымдадық.

ЕҚЫҰ жаһандық саясат пен экономиканың жаңды арқауына етене кіріккен, белсенді түрде дамып келе жатқан құрылым екенін көрсететін мүмкіндікке ие болды.

Қазақстан ЕҚЫҰ-дағы төрағалығын **әлдебір бедел-бейнелік ұлттық жоба** ретінде ғана емес, сонымен бірге Ұйымға **жаңа тыныс, жаңа серпін берудің** мүмкіндігі ретінде қарастырды.

Өйткені континенттегі әскери-саясат теңдестік те маңызды өзгерістер болды, «созылмалы жанжалдар» шешіліп біткен жоқ, Еуропадағы дағдылы қарулы күштер төңірегінде күрделі жағдай пайда болды. Дүние діни төзбеушіліктің, этносаралық жанжалшылдықтың көріністерімен бетпе-бет келіп жатты.

Жаңа ұлтаралық қауіп-қатерлер халықаралық лаңкестікпен және экстремизммен, наркотрафикпен, заңсыз көші-қонмен және т.б. күрестегі көпжақты ынтымақтастықтың мәнділігі бір саты арта түсті.

Осылар және көптеген басқа да мәселелер ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдердің елеулі алаңдаушылығын туғызды.

Кейбір сарапшылар Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы мен Астана саммитінің өткізілуін өзіндік бір **«дағдылы геосаяси қалыпқа қыр көрсету»** есебінде бағалады.

Мұнымен келісуге болады, бірақ бір ескеретін нәрсе: бұл еуропалық және азиялық дүние арасында жорта немесе үйреншікті түрде ажыратқыш тосқауыл сақталған, континенттік қауіпсіздіктің мән-мағынасы жайында екі көзқарас тамыр жайып алған қалыптарға **сындарлы қыр көрсету** еді.

XXI ғасырдың басында **ЕҚЫҰ** таза еуропалық ұйымнан әлдеқашан-ақ жауапкершілік аймағы бойынша да, нақты жұмыс саласы жөнінен де **континентаралық сипатқа ие болған** ұйымға айналған-ды.

Сондықтан мен еуропалық қана емес, сонымен қоса еуразиялық қауіпсіздіктің бар екенін, онсыз жаңа жағдайда пәрменді континенттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тіпті де мүмкін еместігін атап көрсетуді қажет деп таптым.

Жаһандық дүниеде Еуропаға арнап бір саясат, Азияға арнап тағы бір саясат ойлап табудың мүмкін емес екенін мойындау аса маңызды.

Ұзақ мерзімді тұрғыда бұл кеңістіктегі тұрақтылықты неғұрлым **кең өрісті континентаралық қауіпсіздік негізінде** ғана нығайтуға болатынына мен сенімдімін.

ЕҚЫҰ-ның Астанадағы саммитін ашарда сөйлеген сөзімде мен **еуразиялық қауіпсіздік – метафора емес, геосаяси қатаң шындық** деген болатынмын.

Сондықтан ЕҚЫҰ-ның алдағы онжылдықтардағы басты міндеті орын алып отырған қайшылықтарды жоспарлы түрде жою, сенімді нығайту және Еуразиядағы қауіпсіздіктің мемлекетаралық құрылымдарын дәйектілікпен интеграциялау болуы керек.

«Шығыс-Батыс» желісі бойынша бұл – бір жағынан, еуропалық одақ пен НАТО, екінші жағынан, ЕурАзЭҚ пен ҰҚШҰ арасындағы өзара ықпалдастықты реттеу. «Солтүстік-Оңтүстік» желісі бойынша ЕҚЫҰ-ның, ең алдымен, АӨСШК-мен тығыз өзара қарым-қатынасын орнату керек.

ЕҚЫҰ-ның осындай «жаһандық геометриясының» көкейкестілігін ескерудің тағы бір маңызды болатыны – оның мегакеңістігінде **планетаның экономикалық өркендеуінің өрісті таралу аймағының көбі – Солтүстік Америка, Еуропалық Одақ, Қытай, Ресей, Үндістан, Парсы шығанағы, Оңтүстік-шығыс Азия орналасқан.**

Мен бәрін қамтитын **Еуразиялық қауіпсіздік туралы шартты** бекіту жайындағы мәселені пысықтауды қолға алуды ұсындым, қаржы-экономикалық, энергетикалық және экологиялық қауіпсіздік, қару-сыздану, шекарааралық қылмыс, конфессияаралық төзімділік, болжау сияқты салаларда **ЕҚЫҰ себеттері мен институттарының санын кеңейту** жөнінде бірсыпыра нақты ұсыныстарды да тұжырымдадым.

Менің табанды ұстанымымның, саммитке қатысқан мемлекеттердің көпшілігінің басшылары тарапынан болған принципті қолдаудың арқасында **ЕҚЫҰ Астана декларациясына «еуразиялық қауіпсіздік» ұғымы енгізілді.**

2010 жылы ЕҚЫҰ басшылығында болғанда Қазақстан, шын мәнінде, **ЕҚЫҰ-ны қайта жандандыру жоспарын** ұсынып, барлық әріптестеріміздің кең қолдауымен оны іске асырды.

Қазақстан төрағалығының өзекті міндеті қауіпсіздіктің іргелі мәселелері бойынша **пәтуа өрісін кеңейту мен нығайту** болды.

Біз ЕҚЫҰ-ға қатысушылардың бәрінің осы заманғы қоқан-лоққылар мен қыр көрсетулерді түсінуінің **ортақ көзқарасын қалыптастыру үдерісін** одан әрі жүргіздік.

Бұл әсіресе, соларға сай әрекет етудің бәтуалы шараларын іздестіру, жалпылай алғанда, Ұйым ішіндегі сенімді нығайту үшін маңызды болды.

Қазақстан **БҰҰ, Ядролық сынауларға жаппай тыйым салу Шартының ұйымы, НАТО, Еуроодақ, Еуропа Кеңесі, ШЫҰ, ТМД, ҰҚШҰ, ИКҰ және басқа да беделді жаһандық және өңірлік құрылымдар өкілдерінің консультацияларын өткізумен** еларалық сұхбатты кеңейтіп, **бұл үдеріске соны леп берді.**

Біз ұйымның барлық үш себеті бойынша жүйелі жұмыс істедік. **Қару-жараққа бақылау жүргізу тәртіптемесін және сенім шараларын** жандандыру мен нығайту жөніндегі ұжымдық күш-жігер жаңа серпін алды. **Еуропадағы дағдылы қарулы күштер туралы бейімделген шарттың** (ЕДҚКБШ) күшіне кіруі проблемалары бойынша нақты келіссөздер басталды.

ЕҚЫҰ пішімі шеңберінде «**қатырылған**» жанжалдарды реттеу жөніндегі келіссөз үдерісіне көкейкестілік сипат берілді. ЕҚЫҰ-ның Әрекеттегі төрағасы ретінде Қазақстан жанжалдардың алдын алу мен оларды болдырмау, дағдарыс жайларын басқару және жанжалдан соңғы қалыпқа келу саласындағы ЕҚЫҰ әлеуетін нығайтты.

Минск тобының Таулы Қарабахтағы жанжалды реттеу жөніндегі жұмысы жандандырылды.

БҰҰ-мен, Ресеймен, АҚШ-пен және басқа елдермен тығыз ықпалдаса отырып, біз **2010 жылдың көктемінде Қырғызстандағы** саяси дағдарысты шешуге белсене қатыстық.

Біз ЕҚЫҰ бойынша әріптестерімізді **Ауғанстандағы** жағдайды бейбіт реттеу, оны экономикалық жағынан қайта жандандыру үдерісіне кеңірек қатысуға шақырдық. Қазақстан бұл елге жан-жақты көмек көрсетті.

Бір мыңға тарта жас ауғандықтардың біздің елде неғұрлым өтімді бейбіт мамандықтарға оқуына қаржы бөлінді. Азық-түлік жеткізу жүзеге асырылды, Ауғанстанда бірқатар экономикалық объектілер салу жөнінде келісім-шарттар жасалды.

Қазақстанның төрағалығы **Орталық Азия қауіпсіздігінің** бірсыпыра мәселелеріне біздің серіктестеріміздің назарын аударды. Атап айтқанда, біз **Арал проблемасы бойынша донорлық конференция** өткіздік, ЕҚЫҰ пішімінде су ресурстарының тапшылығын сезініп отырған өңірде суға қатысты проблемаларды құқықтық реттеудің халықаралық негізі ретіндегі «**Су және құқық**» бағдарламасын қабылдау идеясын ұсындық. Бұл жаһандық

үдерістерді ескеріп, ЕҚЫҰ экономикалық-экологиялық себетінің мөлшерін **жаңартуға** қосқан қазақстандық үлес болды.

Біз сондай-ақ Ұйымдағы әріптестеріміздің назарын жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың салдарын еңсеру **жолын жұмыла** іздеу қажеттігіне аудардық. Қазақстан ЕҚЫҰ-ның **Маастрихт стратегиясын** сапалы орындау және оны дағдарыстан кейінгі жағдайға бейімдеу жөнінде жұмыс жүргізуді ұсынды.

Үшінші, гуманитарлық себет шеңберінде Қазақстан көпұлтты әрі көпконфессиялы мемлекет ретінде мәдениетаралық және дінаралық үнқатысу идеясын белсенді түрде ілгері бастырумен болды.

Жалпы алғанда Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығы **оның күллі жұмысына серпін берді.**

Біз бұл мәртебелі борышты атқаруға зор жауапкершілікпен қарадық және алға қойған мақсаттарымызды толық атқарып шықтық.

Астана саммитінде сөйлеген сөздерінде мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары, делегациялардың жетекшілері **біздің еліміздің ЕҚЫҰ басындағы жігерлі іс-әрекеттеріне жоғары баға берді.**

Дегенмен, сірә, қазақстандық төрағалықтың ХХІ ғасырдағы жаңа әлем сипатын қалыптастыру үдерісі үшін маңызы зор нәтижелерінің бірі жаһандық геосаяси сөз қорына **«Еуратлантикалық және Еуразиялық қауіпсіздіктің ортақ әрі бөлінбес кеңістігі»** ұғымының берік енуі болар.

ЕҚЫҰ-ның «Қауіпсіздік қауымдастығына барар жолда» деп аталған Астана декларациясы ЕҚЫҰ еуразиялық векторын тұңғыш бекітіп берді. Онда ЕҚЫҰ кеңістігіндегі қауіпсіздік көрші өңірлердің, әсіресе, Жерортатеңізі аймағы мен Азияның қауіпсіздігімен ажырағысыз байланысты екені айрықша атап көрсетілген. Осы тарихи құжатты қабылдай отырып, Астанадағы саммит әрі тұжырымдамалық тұрғыдан, әрі қазіргі заман мен болашақтың да саяси практикасы ретінде **еуразиялық континенттік қауіпсіздікті заңдастырып берді.**

Еуразия қауіпсіздігінің континенттік тұғырнамасы

ЕҚЫҰ Астана саммиті аяқталған соң түн жарымы ауғанда болған қорытынды баспасөз конференциясында мен онда қабылданған шешімдерді өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында Берлин қабырғасының қирап, Еуропаның батыс және шығыс бөліктерін біріктіруге мүмкіндік берген оқиғалармен салыстырғаным бар. Мен Астанада біртұтас құрлықты – Еуропа мен Азияның екі бөлігін мыңдаған жылдар бойы айырумен келген **басқа бір қаусаған қабырғаны қайта монтаждау үдерісі басталғанын** айттым.

Қазір алыста қалған сонау 1994 жылғы наурызда Лондондағы халықаралық қатынастардың «Chatham House» Король институтында сөз сөйлеп тұрып, мен **Қазақстан өзінің теңдесі жоқ геосаяси орналасуының мәнін түсінетінін** айтқан едім.

Біздің елімізден басқа тағы екі мемлекет бір мезгілде әрі Еуропада, әрі Азияда орналасқан, олар – Ресей мен Түркия.

Сондықтан ба біз **бүкіл құрлықтағы қауіпсіздікті нығайтудың аса маңызды орталықтарының** бірі болуға әзірміз. Сол жолы осы сөздерден кейін лекцияға қатысушылардың көпшілігінің жүзінен шүбәланушылық табын байқауға болатын еді.

1995 жылғы қазанда мен халықаралық мәселелер жайында үлкен сұхбат бердім.

Ол баспасөзге **«Еуразиядан «күтімтарлық белдеуін» алу қажет»** дейтін тақырыппен шықты. Менің ондағы басты идеям Еуропа мен Азияның болашағы көп ретте ажырағысыз және өздерін сөзсіз Батысқа немесе Шығысқа жатқызу қиынға соғатын бірқатар «жарым-жарты» елдердің ұстанымына байланысты дейтін сенімде болды. Бұл мемлекеттерді мен «күтімтарлық белдеуі» деп атадым. Сол кездің өзінде-ақ мен **Еуразияның екі бөлігін біріктіретін «қауіпсіздіктің жаңа жүйесі»** қажет екеніне сенімді болатынмын.

Қазақта «Бірлік болмай тірлік болмас» дейтін даналық сөз бар. Оны елдер мен халықтардың арасындағы өзара қарым-қатынасқа қатысты айтуға да әбден болады.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық етуі **Еуропа мен Азия, Батыс пен Шығыс арасындағы қатынастардың жаңа кезеңін бастап берді**, Еуразияның кең-байтақ континенттік кеңістігіндегі өзара сенімді нығайтуға жағдай жасады.

Біріншіден, Қазақстан макроөңірлік сұхбаттың, жалпыеуразиялық қауіпсіздік пен ынтымақтастық құрылымын жасау идеяларының белсенді іске асырушысы болды.

Қауіпсіздіктің Еуро-Атлантикалық және Еуро-Азиялық біртұтас кеңістігін құрау, менің пайымдауымша, ең алдымен, АӨСШК мен ЕҚЫҰ-ның геосаяси тоғысуы негізінде болмақшы.

Бұл тұрғыда АӨСШК үдерісін дамыту мен соның негізінде құнды халықаралық ұйым – **Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары ұйымын (АӨСШК)** құру жөніндегі жұмыстың зор мәні бар.

Екіншіден, Қазақстан **Батыс пен ислам дүниесі арасындағы үнқатысуды** ретке келтіру жөнінде бастама көтеріп, ол ислам дүниесінде болсын, батыс дүниесінде болсын зор ықылас туғызды.

Бұл тұрғыдан алғанда мұсылман және батыс елдері сыртқы істер министрлерінің 2008 жылы Астанада өткен «**Ортақ дүние: әртектілік арқылы өрлеу**» халықаралық форумы өрісті сұхбат алаңы ретінде көрінеді.

Қазақстанның 2011-2012 жылдары мұсылман елдерінің қауымдастығында төрағалық етуінің өркениетаралық сұхбатты реттеуде айрықша маңызы болды. Ислам Конференциясы ұйымын **Ислам ынтымақтастық ұйымы** етіп қайта құру туралы шешім нақ Астанадағы министрлер кездесуінде қабылданғанын атап көрсету керек.

Үшіншіден, Қазақстан Еуропа мен Азияның арасындағы экономикалық ықпалдастықта маңызды рөл атқаруға ұмтылуда.

Континенттің еуропалық және азиялық бөліктерінің арасына экономикалық көпір болуға ұмтыла отырып, біз «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жобасын орындаудамыз. Оны жүзеге асыру Еуразияның аса ірі екі бөлігін қуатты көлік коммуникацияларымен жалғастыруы керек. Оған **7,5 миллиард доллар салу** жоспарланып отыр.

Сөйтіп, бұл бағзы заманда-ақ Азия мен Еуропа халықтарын жақындастырған **Ұлы Жібек Жолын нақты жаңғырту** болмақшы.

Төртіншіден, біз еуроатлантикалық және еуроазиялық жауапкершілік аймақтарының елдері үшін біріктіруші факторларды іздеуге үлес қосуға ұмтылып келеміз. Әсіресе қауіпсіз және тұрақты Орталық Азияны құруға айрықша мән берілуде.

Бесіншіден, Қазақстан өне бойы мәдениетаралық және конфессияаралық сұхбатқа ықпалдасумен келеді.

Біздің еліміздің этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту жөніндегі оң тәжірибесі бүкіл еуразиялық кеңістікте пайдалы болмақшы. Бұл проблематиканы мен осы тараудың келесі бөлігінде егжей-тегжейлі ашып көрсетпекшімін.

Мақсаттар мен міндеттердің бірлігі, дамудың ортақ ретін түзу, саяси сұхбаттың сенімді тетіктері – **Еуразия қауіпсіздігінің болашақтағы Континенттік тұғырнамасының негіздері** осылар.

Төрт мұхиттың шегінде бірыңғай кеңістік қалыптастыру **оңай іс емес** екенін мен түсінемін. Дегенмен оның бүкіл дүние үшін тағдыршешті маңызы бар, өйткені **еуразиялық қауіпсіздік бүкіл дүние жүзіндегі қауіпсіздіктің кем дегенде бестен төртіне тең.**

Еуратлантикалық және Еуразиялық қауіпсіздіктің Континенттік тұғырнамасын жасау – G-GLOBAL принциптерінде дүние сипатын жасаудың қажетті құрамдас бөлігі.



4. МӘДЕНИЕТТЕР МЕН ДІНДЕРДІҢ ҮНҚАТЫСУЫ: ҰЛТТЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Этносаралық және конфессияаралық келісім – XXI ғасырдың талабы

XX ғасыр бастан-аяқ дерлік ушыққан идеологиялық текетірес жағдайында өтті. «Қырғиқабақ соғыстың» аяқталуы дүниедегі **келісім мен бірлік дәуірінің жақындағанына деген үмітті туғызды.**

Бірақ 90-шы жылдары біз жанталасқан этносаралық және конфессияаралық қақтығыстардың куәсі болдық. Олар КСРО-ның, Югославияның ыдырау үдерісімен қатар жүрді. Таяу Шығыстағы қарама-қарсылық жаңа айналымға түсті. Африка Руандадағы зұлматтың сұмдығын басынан өткерді, ол ұзаққа созылған екі «конголық соғысқа» ұласып, оған әртүрлі дәрежеде континенттің 9 мемлекетін тартты. Сомалидегі жанжалдардың, Кашмирдегі ушыққан үнді-пәкістан текетіресінің, Шығыс Тимордағы қақтығыстың және басқа да толып жатқан шиеленістердің этнодіни қитұрқысы болды.

Кеңестіктен кейінгі кеңістікте – Таулы Қарабахта, Днестр бойында, Оңтүстік Осетияда, Абхазияда бірталай **«ыстық нүктелер»** өртке оранды.

Одақтық орталықтың дәрменсіздігі, әсіресе, 1991 жылғы тамыз бүлігінен кейін **Таулы Қарабахтағы этносаралық шиеленісті одан әрі ушықтырып жіберді.** 1991 жылы біз Ресей Президенті Б. Ельцинмен бірге оны реттеу жөнінде **делдалдық борышын** атқарып, Бакуде, Ереванда, Степанакертте болдық. Сапар барысында бірлескен коммюникеге қол қойылды, алайда көп кешікпей үдеріс тұйыққа тірелді – тараптардың ешқайсысы ырық бергісі келмеді.

Этносаралық және конфессияаралық керістің халықтарды қандай қауіпке ұрындырып, қандай қайғы-қасірет шектіретінін мен нақ сонда көзіммен көрдім.

«Өртше лаулаған» жанжалды **өшіру өте қиын. Мен қайткен күнде де этносаралық татулықты сақтау керек**, оқиғалардың шиеленісе дамуына жол бермеу керек дейтін бірмәнді берік байламға келдім.

Сол шақта планетаның үстінен **«өркениеттер қақтығысының» елесі қылаң берді.** Адамзаттың этникалық және діни «айырмашылығы» қайшылықтар мен қақтығыстардың күрт өршіп кетуіне алаңдаушылық туғызды.

Дүние діни соғыстардың заманын әлдеқашан бастан өткеріп, артқа тастағандай еді, бірақ **жаһандану құдды өркениеттік, діни тақырыпты** саяси және зияткерлік мейнстримге **қайта оралтқандай болды.**

БҰҰ 2001 жылды – жаңа мыңжылдықтың алғашқы жылын – **Өркениеттер үнқатысуының жылы** деп жариялады. Дегенмен нақты жағдай әлдеқайда шиеленісті болып шықты. **2001 жылғы 11 қыркүйекте** «Аль Каеда» халықаралық лаңкестік ұйымының мүшелері Нью-Йорктағы Дүниежүзілік сауда орталығының егіз екі мұнарасын шабуылдап, талқандады.

Сол-ақ екен, халықаралық лаңкестіктің қуатты орталықтарының бірі бекініп алған **Ауғанстанда көпұлттық коалицияның лаңкестікке қарсы кең құлашты операциясы** басталды. Осы оқиғалардың бәрі дүниеде **исламнан шошыну толқынын** туғызды да, ол тек дүниедегі конфессияаралық шиеленісті ушықтырып жіберді. Дүниежүзілік қауымдастық үшін бетбұрысты осы оқиғалардың бәріне көзқарасымды мен 2003 жылы жарияланған **«Сындарлы онжылдық» дейтін кітабымда** егжей-тегжейлі баяндаған болатынмын.

Бұл үдерістер туралы ортақ пікір болған емес. Саясаткерлер мен сарапшылардың бір парасына «өркениетаралық күйреудің»

ықтималдығы мұражайлардың шаң басқан қоймасынан алынған көненің қалдығы сияқты көрінді. Басқа біреулер, керісінше, «өркениеттер қақтығысының» болмай қоймайтынын айтып, одан, ең бастысы, **төл өркениеттердің рухани негіздері ретіндегі «діндер қақтығысын»** көргендей болды.

Мен адамзат өркениеті халықтардың этникалық және конфессиялық ерекшеліктерімен байланысты шиеленістердің болмай қоймайтынына «бағдарламаланған» деп **ешқашан санаған емеспін. Жанжалдасатын халықтар немесе діндер емес, саясаткерлер.** Елдер арасындағы немесе ел ішіндегі – қоғамның әртүрлі топтары мен бөліктерінің арасындағы қайшылықтарды тиісті «түстермен бояйтындар» – солар.

Этносаралық және дінаралық шиеленістер ешқашан жазмыштық болған емес, болып та отырған жоқ және болмайды да.

Ұлты әртүрлі адамдар арасындағы төзімділіктің, достық пен өзара көмектің жеке басымдағы сабағын мен сонау бала шағымда-ақ алған болатынмын. Оны маған соғыстың ауыр жылдарында сталиндік режим бойынша туған жерлерінен қуылып келген босқын балқарлардың отбасын қабылдап алып, аман-сау қалуларына көмектескен ата-анам **шешем Әлжан мен әкем Әбіш** берген еді. Менің туған ауылым Шамалғанда жұрттың бәрі солай етті: ешкім ұлтына қарай бөліну дегенді білген емес, ал адамдардың достығы мен өзара көмегі дағдылы өмір салты болатын. **Жаһандық діни-мәдени сұхбаттың** қажеттігі туралы ойлағанда сол күндер менің есіме жиі оралатын.

Бүгінде тәуелсіз Қазақстан даму жолына түскен Ұлы Еуразия Даласы көптеген мыңжылдықтар бойы белсенді ықпалдастық пен қарқынды өркениетаралық байланыстар орны болумен келді. Ол ықылым заманалар бойы алуан түрлі діндерді – тәңіршілдікті, зороастризмді, буддизмді, христианшылдықты, иудаизмді, исламды және басқаларды ұстанған халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерін

біріктірген **үлкен континенттік коммутатор** болды. Атам заманнан бері **біздің жеріміз**, сауда мен мәдени алмасулар арқылы, Еуропа мен Азияның, Батыс пен Шығыстың аралығындағы өзіндік бір байланыстырушы буынның қызметін атқарды.

Қазір де ол – көптеген этностар мен діни сенім өкілдері үшін өз үйі.

Мынадай бір тарихи деректі келтірейін. Археологтар еліміздің оңтүстігінен **XIII ғасырдағы Қойлық қалашығын** тапты. Ғалымдар анықтағандай, онда будда пагодасы, мешіт пен христиан шіркеуі бір мезгілде жұмыс істеп тұрса керек. Ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан далалықтар ділінің сипатты белгісі ретіндегі діни төзімділігінің үлгісі осы емес пе?

Исламдық, христиандық, буддистік және конфуцийлік сияқты төрт ұлы өркениеттің өзіндік бір қиылысына айналған қазақ жерінде тарихи-мәдени алуандығы бар өзге елді дүниеден көп таба қою қиын.

Көптеген ғасырлар бойы әралуан этностар мен мәдениеттердің мол мұрасымен байыған Қазақстан халқы **төзімділік пен ашықтық, ақкөңілділік пен қонақжайлылық** сияқты қасиеттерді бойына сіңірді. Міне, сондықтан да біз ғасырлар бойы қалыптасқан осы ізгі қасиетті бүкіл адамзатқа жеткізуді борышымыз деп білеміз.

Құдайдан безген сталиншілдік дәуірінде рухани, мәдени-діни факторлардың маңызына күмәнмен қарап, бірінші кезекке таза материалдық факторды шығару әрекеттері жасалды. Тоталитарлық билік жауынгер атеизмді тықпалап, рухани, діни өмірдің мәнділігі мансұқталған кездер біздің жадымыздан әлі өше қойған жоқ. Ондаған жылдар бойы священниктер мен олардың діндарлары қуғындалып, қорланумен және айыпталумен болды, шіркеулер мен мешіттер жабылды, діннің, мәдениет пен тарихтың шынайы ескерткіштері жойылды.

Бақытымызға қарай, ол күндер келмеске кетті. Біз **рухани көзқамандық пен адамгершіл жұтаңдықтың кезеңімен,**

адамның сенуге деген құқығының өзі үшін кескілескен күрес заманымен қош айтыстық.

Тек Қазақстанның тәуелсіздік алуымен ғана **біздің азаматтарымыз діни бостандық құқығына ие болды.** Бірақ қатаң тоталитарлық жүйенің жаныштауы жағдайында да рухани өмірдің өскіндері сақталып қалған болатын, ал ол жүйе құлаған соң солар тез өркен жая бастады.

1990 жылы Қазақстан аумағында небәрі **670** діни бірлестік бар еді, **2010 жылға қарай** олардың саны шамамен **6 есе** өсті. Бізде қазір **2400-ге таяу** мұсылман діни бірлестіктері (1990 ж. небәрі 46 болған), Орыс православиелік шіркеуінің **290 приходы** (1990 ж. – 62), Рим-католик шіркеуінің **86 приходы** (1990 ж. – 42) бар. Христианшылдықтың көптеген протестанттық бағыттары кең өрістеген. Барлық облыстарда иудейлік және буддалық діни бірлестіктер жұмыс істейді.

Діндарлардың қарауына **3200**-ден аса діни ғимараттар берілген, солардың ішінде **2500**-дей мешіт, **270** православиелік және **80**-нен аса католиктік шіркеулер, **6** синагога мен **500**-ден астам протестанттық мінәжат үйлері бар.

Қазір республиканың діни бірлестіктері **38** атаулы мерзімдік баспа басылымдарын шығарады, ал бұрын олардың бірде-бір газеті немесе журналы болмайтын. Барлық ірі діни орталықтардың діни оқу орындары бар.

Қазақстан ТМД елдерінде алғашқылардың бірі болып **«Діни сенім мен діни бірлестіктердің еркіндігі туралы» Заң** қабылдады.

Батыс пен Шығыстың түйіскен жеріне орналасып, халқының мұншама бірегей конфессиялық әралуандығы бола тұрып, біздің еліміз діндер арасындағы ұдайы сұхбаттың қажеттігін түсінеді және соны белсенді түрде жүзеге асырады. Біздің іс-әрекетіміз мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы сұхбаттың тек керектігін ғана емес, мүмкін екендігін де дәлелдеп отыр.

XXI ғасырда ол бүкіл дүние дамуының тұрақтылығы тұрғысынан **пайдалы әрі жемісті.**

Менің түбегейлі сенімім бойынша, кез келген моножүйе бүкіл адамзат былай тұрсын, тіпті оның бөлшегінің де теңдестігін, тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз ете алмайды. Ол бойында қашанда жанжал мен жарылыс қаупін сақтайды.

Тек **әртектіліктегі бірлік формуласы** ғана дұрыс.

Түбегейлігі мен мәнділігі жөнінен еш кем түспейтін тарихы, өзінің нышандамасы мен ділі бар басқа да өркениеттер, мәдениеттер, діндер болатынын түйсініп, сонымен санасу қажет. Әрі оны ешқандай күштеу және зорлау әдістерімен бұзуға болмайды.

Жаһандық үдеріс қалай қанат жайса да **халықтар өздерінің тарихи, рухани және мәдени ерекшеліктерінен бас тартпайды.** Дүние ешқашан да әмбебап бір жобаның негізінде құрылмайды, ол – бос қиял.

Тарих пен бүгінгі күннің осы өзекті элементін түсіну аса маңызды. Әрбір мәдениеттің, кез келген өркениеттің өмір сүруге және өзіне ұқыпты қарауды талап етуге заңды қақысы бар. Әрі бұл – адамзат тарихының өз барысы алдын ала айқындаған шындық, ал онымен есептесу қажет.

Қоғамдық қатынастарды бөтен өлшемдермен құрмақшы болған өрекеттер өзара түсіністікке ешқашан жеткізе алмайды. Керісінше, қатаң мәдени өктемдік одан да қатаң қарсылық туғызады.

Тек өзге халықтардың тарихи дәстүрлерін сыйлау, өркениеттерге, діндер мен халықтарға қатысты әділдік пен адалдық қана **келісім мен руханият әлемін қалыптастыра алады.**

Планетадағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау жөніндегі күш-жігердің басында жекелеген елдердің де, әртүрлі өркениеттердің де арасындағы **ашық сұхбат** болуы тиіс.

Мұндай үнқатысу болмайынша планетаның мәдени алуан түрлілігінің өзі қатерге ілінуі мүмкін. Бұл ретте өркениетаралық

сұхбаттың негізіне **дүниенің алуан түрлілігін адамзаттың әмбебап құндылығы деп мойындау** алынуы керек.

Өкініштісі, қазір шалағай журналистердің кесірінен геосаяси қайшылықтар көп ретте мәдени-өркениеттік реңк алатын болып жүр.

Сондықтан қазір жұрттың бәрінен дүниежүзілік тарихтың қай кездегісінен де артық дәрежеде **жаңа тәртіптің жауапкершілігі талап етіледі**. Жаһандық қауіпсіздік **күштің тепе-теңдігіне емес, ашықтық, үнқатысушылық және сенім қағидаттарына негізделген жаңа құрылымын жасауға** бастай алатын құқықтық және тарихи-мәдени басымдылықтардың іргетасында өзара ықпалдасуы қажет.

G-GLOBAL әлемінің сипатын жайластырудың мәні осында.

Қазақстан қашан да халықаралық ұйымдардың қызметіне өркениетаралық қырларын қосуды жақтап келген болатын.

Мәселен, АӨСШК бірінші саммитінде қабылданған Декларацияда қатысушы мемлекеттер АӨСШК-ны «әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің елдерін қамтитын **бірегей Азиялық форум**» деп қарайтыны, ал бұл оны «өркениеттер мен мәдениеттер арасындағы сұхбатты алға бастыру үшін неғұрлым маңызды тетіктердің біріне айналдыратыны» атап көрсетілген.

2007 жылы мен **2010 жылды Мәдениеттер мен діндерді жақындастырудың халықаралық жылы деп жариялау жөнінде** бастама көтердім. БҰҰ Бас Ассамблеясының 63-ші сессиясы бұл ұсынысты қолдады. Жылды өткізудің табысты болуының арқасында Қазақстанның ұсынысымен БҰҰ Бас Ассамблеясы мен ЮНЕСКО 2013-2022 жылдарды **Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы** деп жариялады.

Тәуелсіз Қазақстан өзінің ішкі және сыртқы саясатында бізге ата-бабаларымыздан мұра боп қалған **дінге еріктіліктің, төзімділіктің, дінаралық келісімнің іргелі дәстүрін жалғастырды**. Сондықтан бүгін әрбір адам Қазақстанның жаңа елордасы Астанада және

елдің кез келген қалаларында мұсылман мешітіне, православиелік ғибадатханаға, католиктік костелге, синагогаға, мінәжат үйіне емін-еркін кіре алады. Заманаларды, этностарды, өркениеттерді жалғастыратын арқау жіп дейтініміз осы.

Мұсылман тұрғындары басымдау зайырлы мемлекет ретінде Қазақстан **мұсылман және христиан өркениеттерінің жақындасуына**, Шығыс пен Батыс арасындағы түсіністікті тереңдетуге **жағдай жасайды**.

2011 жылы Қазақстан **Ислам ынтымақтастығы ұйымын басқарды**, ол Умманың бір күрделі кезеңіне тура келді. Қазір мұсылман әлемінде алуан қырлы үдерістер жүріп жатыр. Мұнда серпінді экономикалар да, едәуір әлеуметтік-саяси проблемалар жайлаған елдер де бар. Бірақ қалай болғанда да Ислам Әлемі – **адамзаттың өркендеп келе жатқан елеулі экономикалық-мәдени тобы**.

Қазіргі және болашақтағы жаһандық қауымдастықты **Ислам әлемінсіз көзге елестету мүмкін емес**.

Оны тұқырту әрекетінің кез келген түрі көрсоқырлық және тіпті қауіпті. Орасан зор әрі алуан түрлі дүниенің осы бөлігінде болып жатқан жайларға түсіністікпен қарау керек.

XX ғасырдың екінші жартысында мұсылман әлемі **Қайта өрлеу дәуіріне** аяқ басты. Құранның ізгі діні Африканың Атлант жағалауынан Индонезияның топаралдарына дейінгі ұлан-ғайыр аумақта **бостандық жолындағы кең өрісті халық қозғалыстарын** терең мән-мағынамен толтырды. Дүние картасында қазір Ислам ынтымақтастық Ұйымына кіретін мемлекеттердің көпшілігі пайда болды.

Өткен ғасырдың соңына қарай **Орталық Азия елдері бостандық алды, солардың қатарында Қазақстан да бар**.

Бұдан қырық жылдан астам бұрын Ислам конференциясы ұйымы (ИЫҰ-ның ізашары) құрылуы **ислам ынтымақтастығының**



тарихи актісі болды. Одақтық текетірестің күрделі дәуірінде ол өзін Исламның рухани құндылықтары мен мәдени мұрасын **сақтау үшін түзілген тұңғыш халықаралық құрылым** ретінде көрсетті.

Сонымен бірге, мойындауымыз керек, Ислам әлемінде толып жатқан әлеуметтік және саяси проблемалар да бар. Қазіргі Уммаға **тарихтың шұғыл бетбұрысына шыққан қауымдастықтың кереғар сипаттары** тән.

Умманың жиынтық экономикасы **планетаның күллі энергетикалық ресурстарының 70 пайызын, минералдық шикізаттың 40 пайызын** қамтиды. Сөйте тұра мұсылман жұртшылығы мекендеген елдердің үлесіне дүниежүзілік ІЖӨ-нің тек **7,5 пайызы** мен жаһандық сауданың **11 пайызы** ғана тиесілі.

Бір жағынан, көптеген елдер өздерінің ХХІ ғасырдағы **жаңғыру жолдарын** іздестіруде. Шығыс Жерорта теңізі мен Парсы шығанағының өңірлері, Оңтүстік-Шығыс Азияның мұсылман бөлігі мен Каспий маңы таралу аймағы – **бүкіл жаһандық экономика өркендеуінің өрісті нүктелері.**

Екінші жағынан, көптеген мемлекеттер отарлық дәуірден қалған проблемаларды шешуде. БҰҰ мәліметтерінше мұндағы **30 миллион адам** кедейшіліктің тақсіретін тартуда, **50 миллион адамның** сапалы білім мен денсаулық сақтауға қолдары жетпейді. **ИЫҰ-ға қатысушы 22 мемлекет** дүниедегі ең кедейлердің тізіміне кіреді.

Мұсылман мемлекеттерінің көпшілігі **қарқынды демографиялық өсу** жолына түскен. Ал бұл олардың алдына елді, әсіресе, жастарды, жұмыспен қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын жақсарту мәселесін өктем түрде қойып отыр.

Оның үстіне ислам қоғамдары ғасырлар бойғы рухани құндылықтар мен қағидаттарды тоздыру қаупін туғызатын **«жаһандану көбігіне» аса сезімтал.** Умма елдеріндегі ішкі қайшылықтардың көбінің себебі осында жатыр.

Бүгінде Ислам әлемінде болып жатқан үдерістерді **сырттай бағалаудағы әркелкілікке** әсер ететін де көбіне нақ осы.

Өкінішке қарай, бүгінде планетада **ислам қауымдастығын әлдебір тұйыққа тірейтін жол деп көрсетуге тырысатын күштер бар.** Олар Исламның бейбітшіл табиғаты мен оның дүниежүзілік қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесі жайынан адамдардың білімі таяз екенін пайдаланады. Кейде оның әлем сипатын әділдікпен жайластыруға ұмтылатыны, өзге мәдениеттермен және өркениеттермен жемісті ықпалдастықты қалайтыны әдейі еленбейді.

Ислам дүниеге Платон мен Аристотельдің, Евклид пен Галеннің, басқа да ежелгі ойшылдардың орасан зор мұрасын сақтап қалды. **Ибн Сина, Рази, Ибн Рушд, Ибнун Нафистің** теңдесі жоқ үлесінсіз әлемдік медицинаның дамуын көзге елестету мүмкін емес. **Әл-Ашари, Әл-Ғаззали, Ибн-Туфейл, Ибн-Бадждың** кемеңгер туындылары көптеген тілдерге аударылды. **Әл-Хорезмидің** ұлы еңбегі **«Әл-джебр валь-мұқабала»** алгебраның дамуына жол салып берді. Біздің ғұлама бабаларымыз **әл-Фараби** мен **Қожа Ахмет Яссауи** дүниетану үдерісіне және философиялық ілімдердің дамуына ғаламат ықпал етті.

Ислам әлемі көптеген мәдениеттердің **тоғысуы негізінде** қалыптасты.

Бүгін де ислам қауымдастығы дәл солай **дүниежүзілік үдерістің бірыңғай ағымында дамып келеді.** Дүниенің барлық өзге халықтары сияқты, мұсылман елдерінің халықтары үшін де **әділдік пен демократия, бейбітшілік пен келісім, ізгілік пен игілік ұғымдары әмбебап және жақын.** Қазіргі дүниенің мәдениеттері мен өркениеттерінің жаһандық үнқатысуы мен өзара ықпалдастығының негізі нақ осында.

Қазір «жанжал» туралы емес, «өркениеттер кездесуі» туралы айту әлдеқайда орынды. Ешқандайда «тарихтың ақыры» болмайтынының қарапайым ғана себебі – дүниежүзілік қауымдастық өзінің өмір сүруінің бірден-бір негізі деп қабылдайтындай **әмбебап өркениет үлгісі адамзатта жоқ.**

XXI ғасырдағы қауіп-қатер мен дөңайбатқа толы жаһандық дүниеде, менің ойымша, мемлекеттердің, діндердің, азаматтық қоғамның ізгі ниетін білдіруінің айрықша және ортақ стратегиясы мен әдісі бар. Ол – елдер, халықтар, конфессиялар арасындағы **келісімге, өзара түсінушілікке, ынтымақтастыққа жетуге бағытталған бітімгершілік, үндеу мен іс-әрекет.**

Біз бүкіл әлемдік жауыздықтың лаңкестік, жаппай қырып-жоятын және басқа да қару-жарақты тарату, есірткі бизнесі, заманымыздың аса ауыр тәни және әлеуметтік сырқаттары сияқты көріністеріне қарсы күресте тек төзімділік пен әріптестік арқылы ғана табысқа жете аламыз.

XXI ғасырда бейбітшілік пен келісім жаһандық та, ұлттық та деңгейдегі даусыз іргелі талапқа айналып келеді.

Келісім мен сұхбат – G-GLOBAL пішіміндегі тұрлаулы дүниенің базистік негізі.

Төзімділік пен келісімнің қазақстандық үлгісі

Тәуелсіздіктің ең алғашқы күнінен бастап біздің көпұлтты халқымыздың келісімі мен бірлігі Қазақстанды дамытудың орталық формуласы болды және болып та отыр.

Біздің еліміз XX ғасыр **халқының көпэтникалық құрылымын** мирас етіп алды. Экономикалық дағдарыс пен КСРО-ның ыдырауы жағдайында мұндай ахуал зор шиеленіске бастайтын. 90-шы жылдарда көптеген ТМД елдеріне тән болған этносаралық жанжалдар тізбегінен Қазақстан аман-есен өтті. Ал бұл мемлекеттің міндетті ішкі басымдықтар ретінде тыныштық пен келісімді қолдағанының арқасында болған еді.

Енді бүгін, араға 20 жылдан артық уақыт түскенде, мен **Қазақстанның жолы кең, жарқын жол**, онда әрбір азаматқа, оның этникалық, діни немесе басқа да қатыстылығына қарамастан,

бар мүмкіндіктер, барлық есіктер ашылған деп толық сеніммен айта аламын.

Біздің қазақстандық үлкен үйіміздің іргесі мықты әрі берік болып шықты. Біз Қазақстанның біртұтас халқының бірегей тарихи-азаматтық феномені туралы мақтанышпен айтамыз.

Менің пайымдауымша, **көпмәдениеттілік, этникалық және діни саналуандық, бұл – түптеп келгенде, қоғам үшін бәсекеге шақыру емес, орасан зор артықшылық.**

Біз жүйелі түрде жұмыс атқардық және сонымыз принципті нәтижелерге жетуімізге мүмкіндік берді.

Біріншіден, қоғамдық санада **бірыңғай ұлттық-мемлекеттік ұқсастық** орнықты, ол – барлық ұлыстардың бірлігі мен топтасқандығының нақты бейнесі.

Біз **Қазақстанның құндылықтары мен мүдделерін басымдық** деп білетін біртұтас, ынтымақты халыққа айналдық.

Біз ұлттық бірліктің **«бір ел – бір тағдыр»** дейтін формуласын нақты іске асырудамыз.

Екіншіден, елімізді мекендейтін барлық ұлыстар мәдениетінің дамуына жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктер мен БАҚ-тарға, ұлттық театрларға елеулі түрде мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Үшіншіден, үйлесімді тіл саясаты іске асырылды. Барлық ұлыстардың мемлекеттік қазақ тілін меңгеруі жөнінде үлкен жұмыс атқарылуда.

Мемлекеттік тілдің аясын кеңейте беру біздің тұрақты басымдығымыз болып отыр және болашақта да солай бола береді. Тілдерді дамыту мен олардың жұмыс істеуінің 2020 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Мұндай тіл саясаты – халықты біріктірудің маңызды шарты және барлық азаматтардың қоғамдық өмірге қатысуының кепілі. Бүгінде этникалық немесе діни қатыстылығы қандай екеніне қарамастан кез келген қазақстандық – өз елінің тең құқықты азаматы.

Қазақ халқы мен мемлекеттік тіл даму жолындағы қазақстандық азаматтық қауымдастықтың жұмылдырушы өзегі қызметін атқарады. Бұл үдеріс объективті түрде жүріп жатыр. Қазірдің өзінде мемлекеттік БАҚ-тардың 70%-ы қазақ тілінде шығады. Оқу қазақ тілінде жүретін мектептердегі оқушылар саны 63%-ды құрайды. Біз 2020 жылға қарай қазақстандықтардың 95%-ы мемлекеттік тілде сөйлейтіндей дәрежеге жетуді міндет етіп қойып отырмыз.

Жаһандану заманында көптілділіксіз өркендеу болуы мүмкін емес. Сондықтан ХХІ ғасырдың талаптары жағдайында лингвистикалық капиталды кеңейту біздің ілгерінді трендіміз болып қала береді. Нақ осы өзге тілдерді білу елдің ішінде де, одан тысқары жерлерде де қазақ тілінің аясын кеңейтудің жақсы алғышарттарын жасайды.

«Азия барыстарының» тәжірибесін ескергенде **тілдердің үшбірлік**ті бағдарламасы – біз үшін аса келелі міндет.

Қазіргі дүниеде инновациялар, технологиялар мен бизнес әлеміне есік ашатын ағылшын тілінің маңызы мен рөлі барған сайын артып келеді. Оның үстіне, іс жүзінде қазақстандықтардың бәрі орыс тілін біледі. Ол – біздің ешқашан айрылмауымызға тиісті ортақ игілігіміз, еуразиялық экономикалық кеңістіктің тілі.

Жаһандық шақырулар мен жаңғырулар дәуіріндегі ұлттық бірлік қандай болуы керек? Бірлік дегеніміз – патриот-азаматтар ұлтына ұмтылу, ал оның негізін қазақтық ұлттық өзек құрайды.

Жаңа кезеңде Еуропа елдері жүргізген мультикультурализм саясатының тәжірибесін ескеру керек. Оның негізінде тегі шетелдік иммигрант азаматтарға жеңілдіктер мен пұрсатнамалар беру ниеті болған-ды. Қағаз жүзінде бәрі қисынды еді. Бірақ іс жүзіне келгенде мұндай саясат қайшылықтарға, этникалық қауымдастықтар мен түбегейлі ұлттардың әркелкілігіне соқтырды.

Қазақстанда ондай қауіп жоқ. **Біздің бірлігіміздің негізінде ортақ тағдыр, ортақ жауапкершілік және барлық қазақстандық этностардың ортақ болашағы жатыр.**

Бүгінде жаһандық дүние бірлік формуласын іздейді де оны осы арадан, біздің Қазақстанымыздан табады. Мәселен, **БҰҰ-ның бас хатшысы Пан Ги Мун** Астанаға келген сапарының барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының қағидаттары – құрметтеу мен төзімділік туралы айта келіп «**БҰҰ қағидаттары да сол**» екенін атап көрсетті.

Біздегі төзімділік пен келісім үлгісі өзінің негізін **пәрменді құрылымнан Қазақстан халқының Ассамблеясынан алған.**

Ассамблеяны құру идеясын мен тұңғыш рет 1992 жылы, ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдығында өткен **Қазақстан халықтарының Бірінші Форумында** айтқан болатынмын.

Ол кезде дүние жүзінде біздің Ассамблеямыздың теңдесі жоқ болатын. Біз оны ешкімге жалтақтамай-ақ құрған болатынбыз.

Бұл бастама жалпыұлттық сұхбаттың жаңа кезеңін ашып берді. Ол дүниежүзілік тәжірибеде даусыз жаңашылдық болды және этносаралық қатынастарды дамыту мен нығайтудың мәселелерін ең мәртебелі деңгейде шешуге мүмкіндік берді.

1995 жылғы 1 наурызда мен **Президенттің жанындағы консультациялық-кеңесші орган ретіндегі Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру туралы Жарлыққа қол қойдым.**

Алғашқы жылдары ҚХА дәл солай «Қазақстан халықтарының Ассамблеясы» деп аталғанын айта кету керек, ол қоғамның сол кездегі нақты этникалық жағдайын бейнелейтін еді. Қазақстан қоғамы ұйысу кезеңінен ойдағыдай өтті. 2007 жылы бұл атауға принциптік түзету енгізілді. ҚХА «Қазақстан **халқының** Ассамблеясы» болды.

Қоғам үшін Ассамблеяның маңыздылығы ол жұмыс істеген алғашқы айларда-ақ көрінді.

Қазақстанның жаңа Конституциясын әзірлеу туралы менің шешімді Ассамблеяның қолдауы 1995 жылғы 30 тамыздағы

бүкілхалықтық референдумда негізгі заңның қабылдануын айқындаған шарттардың бірі болды.

Қазақстан халқының Ассамблеясы серпінді даму жолынан өтіп, **лайықты институционалдық толысуға** ие болды. Біріктірушілік және парасаттылық әлеуетпен молықты, **тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық игілігіне айналды.**

Бүгінде ҚХА – жалпы бірігудің әрекетшіл институты, тұрақтылықтың, төзімділікті нығайтудың, азаматтық татулық пен қоғамдық келісімнің маңызды факторы.

Оның конституциялық мәртебесі бар, бірақ биліктің өкілетті тармағын алмастырмайды. 2007 жылдан бері ҚХА Қазақстан Республикасының **Парламент Мәжілісіне 9 депутат** сайлау құқығына ие болды.

2008 жылғы қазанда мен **«Қазақстан халқының Ассамблеясы туралы» Заңға** қол қойдым, дүниеде тағы да теңдесі жоқ болған бұл Заң ҚХА-ның **қазақстандық демократияның негіздік элементтерінің бірі ретіндегі рөлін** заң жүзінде бекітіп берді.

Тұтастай алғанда, Тәуелсіздіктің жиырма жылы ішінде біз қазақстандық қоғамның жемісті де өрісті үлгісін жасадық.

Онда Қазақстандағы барлық ұлыстар мен діндер арасындағы достық, өзара түсіністік пен сенім өте жоғары бағаланады.

Біздің этникалық топтарымыздың бәрі – мультикультурализм практикасындағыдай мемлекеттің өбектеуіндегі азшылықтар емес. Сондай-ақ бұл кейбір елдерде байқалатындай ассимиляцияның «қорыту қазанына» арналған «материал» да емес. Кез келген этникалық немесе діни қатыстылығы бар қазақстандық – **өзінің туған елінің теңқұқықты азаматы.** Ол басқа этносқа немесе конфессияға қатыстылығына байланысты әлдебір жеңілдіктер алмайды. Сонымен бірге құқық пен еркіндік алу, азаматтық қауымдастықтың бір бөлшегі ретінде танылу үшін оның ана тілінен, мәдениеті мен дәстүрлерінен бас тартуының да қажеті жоқ.

Тарихтың жаңа кезеңінде ХХІ ғасырдың қисыны бізді одан әріге: азаматтық ұйысудан ұлттық бірлікке бастайды. Бүгін біз өзіміздің этносаралық және дінаралық келісімімізді **қазақстандық төзімділіктің жемісті формасы ретінде** айта аламыз. Ол Қазақстан халқы бірлігінің **құрамдас екі бөлігінің** өзара тығыз өрілуімен сипатталады.

Біріншіден, ол – мемлекет құраушы этнокомпонент және мәдени-өркениеттік өзек ретіндегі **қазақ ұлтының бірлігі**.

Екіншіден, туған Қазақстан жеріне деген **ортақ патриоттық сүйіспеншілікпен** және Қазақстанның гүлденуі үшін **белсенді еңбекпен байланысқан барлық ұлыстар мен діни қауымдас-тықтардың бірлігі**.

Дәстүрлі түрде Ассамблеяның барлық сессиялары өтетін Астанадағы Бейбітшілік пен келісім сарайы қазақстандықтардың бірлігінің нышанына айналды. Біз өзіміздің жасөскен елордамыз – Астананы көпэтникалық еуразиялық мегаполис ретінде дамытып келеміз. Мұнда мешіт мұнаралары мен ғибадатхана күмбездері қатар жарасып, көкке бой созады. Қазақстандықтар мен біздің барлық шетелдік меймандарымыз Астана келбетінің алуандығына, **оның бірегей толеранттылық рухына** таңырқап, таңдай қағады.

Әрі бұл сипат **Қазақстанның барлық қалаларына көшуде**. Менің өзім бүкіл ел көлемінде мемлекеттің көмек-қолдауымен бой көтерген ондаған достық үйлерін, еңселі кешендерді, татулық пен келісім парктерін және саябақтарын, мешіттер, мен ғибадатханаларды аштым. Ол қазақстандықтар үшін қашан да нағыз мереке болды.

Этносаралық төзімділіктің қазақстандық үлгісіне тән негіз-қалаушы ерекшеліктер қандай?

Біріншіден, қазақстандық үлгі әуел бастан-ақ **«төменнен» қаланатын**. ҚХА елдің барлық өңірлерінде жұмыс істейтін **820-дан аса этномәдени бірлестіктерді**, сондай-ақ Қазақстандағы негізгі діни бірлестіктердің жоғары басшыларын қамтиды.

Екіншіден, барлық этникалық топтардың **жоғары азаматтық-құқықтық және қоғамдық мәртебесі бар**. Олардың өкілдері ұлттық азшылық ретінде емес, біртұтас Қазақстан халқының барлық құқықтарына ие азаматтар деп қарастырылады.

Үшіншіден, қазақстандық этностардың өкілеттілігі мен мүдделерінің саяси іске асырылуы **жоғары мемлекеттік деңгейде қамтамасыз етіледі**.

Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы – Қазақстан Республикасының Президенті. Оның жоғары органының – жыл сайынғы сессиясының – шешімдерін барлық мемлекеттік органдар орындайды.

Төртіншіден, этникалық топтардың мүдделері **Ассамблеяның кепілдендірілген парламенттік өкілеттілігі** арқылы қамтамасыз етіледі, соның нәтижесінде Парламент Мәжілісінің Ассамблеядан сайланған депутаттары оның мүдделерін елдің барлық этностары мүдделерінің жиынтығы ретінде білдіреді.

Бесіншіден, қазақстандық үлгіге «**алуандық арқылы – бірлік**» дейтін жұмылдырушы **қағидат** салынған. Мемлекеттің этникалық тілдер мен мәдениеттерді қолдау жөніндегі саясаты мәдени алуан түрлілікті сақтау мен молайтуға ықпал жасайды.

Алтыншыдан, Қазақстандағы этносаралық қатынастар **принципті түрде бейсаясиландырылған**.

Мақсат-мүдделері әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, сословиелік және рулық алауыздықты өршітуге бағытталған саяси партияларды құруға тыйым салынған. Нәсілдік, этникалық және діни қатыстылығына қарай партиялар құруға жол берілмейді. ҚР Конституциясында (39-баптың 2-тармағы) «**Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады**», – делінген.

Жетіншіден, этносаралық және дінаралық келісімді дамыту мен нығайта беру – **мемлекеттің ұдайы қамқорлығындағы нәрсесі**.

Қазақстанда газеттер мен журналдар 15 тілде шығарылады, радиохабарлар 8, ал телехабарлар 7 тілде таратылады. Сабақ толық өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде оқытылатын 90-ға тарта мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте Қазақстандағы 22 этностың тілдері өз алдына дербес пән ретінде оқытылады. Балалар ғана емес, ересектер де 30 этностың тілдерін оқып үйрене алатын 200-дей мамандандырылған лингвистикалық орталықтар ашылған. Елде қазақ және орыс театрларынан басқа тағы 4 ұлттық театр – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді.

Қазақстан этностарының тілдерінде жыл сайын жаңа кітаптар жарық көріп жатады.

Этносаралық төзімділік пен қоғамдық татулықтың қазақстандық үлгісі БҰҰ мен ЕҚЫҰ-ға ұсынылып, олардың оң бағасын алғанын атап айту керек.

Бүгінде Қазақстанның тәжірибесі **халықаралық ауқымда өтімді болып отыр.**

Оны оқып үйрену үшін ҚХА хатшылығына дүние жүзінің 16 елінен 60-тан аса шетелдік сарапшылар, ғалымдар, дипломаттар өтініш жасады. Этносаралық төзімділік пен қоғамдық татулықтың қазақстандық үлгісін оқып үйрену Ресейде жүргізілуде, ол Түркияның, Болгарияның, Чехияның, Қырғызстанның біліми алаңдарында өтімді. Дүние жүзінің саналуан елдерінен ғаламтор-пайдаланушылар легі ұдайы арта түсуде, олар Қазақстан туралы, этносаралық институттар мен этносаясат жайында ақпарат алу үшін Ұлттық академиялық кітапханаға, сондай-ақ Ассамблеяның ресми сайтына өтініш жасайды.

Этносаралық және дінаралық татулық жөніндегі біздің үлгіміз – **Қазақстанның жалпыдүниежүзілік өркениет үдерісіне қосқан нақты үлесі.**

Ізгілік дипломатиясы: Астанадағы жаһандық дінаралық сұхбат

G-GLOBAL қағидаттарында құрылатын дүниенің алдағы өрісі туралы ойлана келіп, мен XXI ғасырда **мәдениеттер мен өркениеттердің жаһандық сұхбаты** зор маңызға ие болады дейтін берік сенімге тоқтадым.

Біз діннің **барған сайын мәнді қоғамдық-саяси факторға** айналып келе жатқанын көріп отырмыз.

Дүниенің конфессиялық бет-бейнесі мынадай: жер шары халқының **үштен біріндейі (2,3 миллиард адам) христиандықтың** әртүрлі ағымдарын ұстанады, екінші орында – **ислам**, оның құндылықтарына **1,5 миллиард** адам ортақтасады, үшінші орында – индуизм (14 пайыз немесе 1 миллиардтай адам). Дүниеде буддизм мен қытайдың дәстүрлі діні даосизмнің жолын қуушылардың әрқайсысы жарты миллионнан саналады.

Сонымен бірге **1 миллиардтан аса адамның** ешқандай конфессиялық қатыстылығы жоқ.

Мүлдем бірінді елдер де бар. Мәселен, олар – 97 пайызы өздерін грек православиесінің жолын қуушыларға жатқызатын Грекия, Румыния (азаматтарының 98%-ы – православиелік христиандар), Польша (94% католиктер), Ирландия (87% католиктер).

Діни ілтипаттың өзгеру динамикасы өте жоғары. Мәселен, XX ғасырдың басында жолын қуушылар саны бойынша Ислам дүниедегі **төртінші дін** болса, қазір ол **екінші орында**. Мұсылмандар санының жылдық орташа өсімі **21%** шамасында. Салыстыру үшін: христиандардың саны **1,3%**, агностиктер – **0,8%** өсіп отыр.

Сахарадан оңтүстікке қарайғы Африкада күрделі үдерістер жүріп жатыр. Мәселен, Нигерияда дәстүрлі этникалық діни сенімдерді Ислам мен Христиандық алмастыруда. Егер 1900 жылы бұл елді 28% мұсылмандар мен 1% христиандар мекендесе, бүгін қазіргі

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР БАСШЫЛАРЫНЫҢ СЪЕЗДЕРІ



I СЪЕЗ

2003 жыл – 15 мемлекет

1. Қазақстан
2. Ресей
3. Монғолия
4. Қытай
5. Жапония
6. Үндістан
7. Пәкістан
8. Иран
9. Израиль
10. Сауд Арабиясы
11. Мысыр
12. Ватикан
13. Швейцария
14. Франция
15. Ұлыбритания

II СЪЕЗ

2006 жыл – 24 мемлекет

16. Оңтүстік Корея
17. Таиланд
18. Малайзия
19. Армения
20. Түркия
21. Беларусь
22. Ливия
23. Бельгия
24. АҚШ

III СЪЕЗ

2009 жыл – 35 мемлекет

25. Индонезия
26. Қырғызстан
27. Оман
28. БАӘ
29. Катар
30. Кувейт
31. Әзірбайжан
32. Нордания
33. Румыния

IV СЪЕЗ

2012 жыл – 40 мемлекет

34. Польша
35. Норвегия
36. Италия
37. Испания
38. Бразилия
39. Ауғанстан
40. Грузия
41. Грекия
42. Австрия
43. Чехия
44. Германия
45. Дания
46. Нидерланды
47. Марокко
48. Канада

Африканың 150 миллион адамнан аса тұрғыны бар осындай демографиялық «алыбын» христиандар мен мұсылмандар іс жүзінде тепе-тең жайлап отыр.

Жалпы алғанда жер бетін мекендеуші адамдардың 84 пайызы діни сенімге берілген.

Сарапшылар дәстүрлі емес діндердің жолын қуушылар саны өсіп келе жатқанын айтады, олар тіпті өздерінің қағидалық ықпалын өзге діндерді жауластыру арқылы кеңейтуден таймайды.

Қазір тіпті, айталық, АҚШ-тағы «христиан сионизмі» тектес конфессиялық селбесулер де етек алып келеді.

Христианшылдықтағы бірқатар ағымдар өздерінің теологиялық доктриналарында исламға қарсы элементтерді пайдаланады.

Керісінше, исламда да христианшылдықпен текетіреске бағытталған топтар бар.

Әйтсе де дүниежүзілік діндердің барлығы дерлік халықтардың текетіресін емес, өзара құрметін, құндылықтардың күресін емес, адамдар арасындағы татулықты, өркениеттер қақтығысын емес, мәдениеттердің бірін бірі байытуын уағыздайды.

Қазіргі дүние коммуникациялар дүниесіне айналды, ал мұның түбірлі мәні – **сұхбат** деген сөз.

Әскери күш бейбітшілікті қамтамасыз ете ала ма? Дүниежүзілік діндер бұл сұраққа әлдеқашан-ақ **жоқ** деп жауап берді, өйткені жамандық тек жамандықты туғыза алады. Тек сұхбат қана үрейге емес, ізгілік пен өзара түсіністіктің салтанатына негізделген нақты бейбітшілікті қамтамасыз етпекші.

Иә, дүниежүзілік діндерде айырмашылық бар. Бірақ оларды байланыстырушы бөлушіден артық. Демек, **сұхбат үшін салмақты негіз бар** деген сөз. Ол **бірігудің кеңістігін кеңейтіп**, көбіне-көп ақиқатқа бір өзім иемін дейтін сенімнен өрбіген **айырық желісін еңсеру** үшін керек.

Қазақстанда дүниежүзілік діндер көшбасшыларының Съездерін жинағанда біз нақ осы міндетті – **сенімсіздік пен дұшпандық қисынынан сұхбатқа және өзара түсіністікке жету талпынысына өтуді** алға қойдық.

Дүниедегі бірде-бір дін соғысқа және күштеу әрекеттеріне шақырмайды, бірақ бәрібір көптеген жанжалдардың діни астары бар. Әдеттен тыс жағдай қалыптасты: мемлекеттердің белгілі бір мәселелер бойынша пікір алмасып, әлдебір шешімдер қабылдауына болатын БҰҰ бар.

Ал дін көшбасшыларында ондай мүмкіндік те жоқ. Бірақ миллиардтаған адамдар оларға сенеді, олардың белгілі бір мәселелер жөніндегі пікірлерін білгісі келеді!

2003 жылы Астанада әртүрлі діндер көшбасшыларының Бірінші Съезін шақыру туралы ұсыныс жасап, **біз дұрыс әрі көрегендік істедік.**

Әуелгіде біз оларды халықаралық саясаттың жаңа бағытындағы маңызды буын – **«Ізгілік дипломатиясы»** деп қарастырдық. Бүкіл дүниедегі жақсылыққа бастар өзгерістерді жақтайтын, барлық халықтардың рухани келісімін қамтамасыз ететін **біртұтас жаһандық күштің** пайда болуына қажетті алғышарттарды нақ сол қалыптастыратынына мен сенімдімін.

Конфессияаралық сұхбат ұйымдастырудың әрекеттері бұрын да болған. Бірақ бір ерекшелігі – оларды тек діндердің өз өкілдері ғана ұйымдастырған-ды.

Ал бұл сондай әрекеттердің бәрін технологиялық алауыздықтардың адам өтпес биік тосқауылдарына соқтырып отырған.

Дүниежүзілік діндер көшбасшыларының съезін шақыру туралы менің идеям **басқаша көзқарасқа негізделген** еді. Конфессиялар нақты мемлекеттерде өмір сүреді, олардың жолын ұстаушылар – кез келген қоғамның бөліктері. Сондықтан жемісті дінаралық сұхбат тек қана діни иерархтардың кездесуі ғана болмау керек. Оған белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері – саясаткерлер, ғалымдар, ұлттық мәдениет өкілдері қатысуы қажет. Ал ұйымдастырушысы оған қатысушылардың бәрі қажетті сенім мандатын артқан зайырлы әрі толерантты мемлекет болуы тиіс.

Мен **Қазақстан осындай ел бола алады** деген қорытындыға келдім, өйткені біздің этносаралық және дінаралық қатынастар саласындағы саясатымыз ұлттық деңгейде сенім мен беделге ие болған еді.

Түптеп келгенде, Астанадағы дінаралық форумдарды өткізудің **«Дүниежүзілік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі»** дейтін формуласы тұжырымдалып, діндердің өкілдері тарапынан қолдау тапты.

Бұл жаһандану мен халықтардың ұлттық-діни сара санасы жаңғыруының дәуіріндегі неғұрлым өзекті пішімнің нақ өзі еді.

2003 жылғы 13 ақпанда Алматыда Бейбітшілік пен татулықтың халықаралық конференциясы өтіп, оған дүниежүзілік аса ірі



конфессиялардың – исламның, православиелік және католиктік шіркеудің, иудейлік қауымдардың өкілдері жиналды. Форумның барысында мен Қазақстанда конфессияаралық съездер өткізіп тұруды ұсындым.

Бұл идея **Мәскеу Патриархы II Алексий мен Рим папасы II Иоанн Павелдің**, басқа да бірқатар дін көшбасшыларының ризашылығын алды.

Орыс православиелік және Католиктік Рим шіркеулерінің басшылары, менің шақыруым бойынша Қазақстанға діни сапармен келіп кеткен болатын.

1995 жылы **Патриарх II Алексийдің** сапары болды. 2003 жылы Мәскеуге барған сапарларымның бірінде онымен жаңа ғана жарияланған Съезд идеясын егжей-тегжейлі талқылаған болатынбыз. Әлі есімде: ол кезде Шапағатты Патриарх сырқат болатын, бірақ ол біздің кездесулерімізді кейінге ысырған жоқ. Біз діндер сұхбатының бейбітшілікті дамытуда атқарар рөлі туралы айттық. Патриарх менің бастамаларымды **құдай сүйер іс деп атады.**

Мәскеу Патриархы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезін дайындау комитетінің, ал содан соң Съезд Хатшылығының жұмысына барынша белсене қатысты.

Орыс Православиесінің қазіргі басшысы **Патриарх Кирилл** де принципті ұстанымды жалғастыруда. Ол діни сапармен Қазақстанға екі мәрте келді, IV Съездің жұмысына өзі тікелей қатысты.

2001 жылғы қыркүйекте Қазақстан жоғары мәртебелі қонақты – Шапағатты **Рим Папасы II Иоанн Павелді** қабылдады. Ол елімізге біздің бұрынғы екіжақты кездесулеріміздегі менің арнайы шақыруыммен келді.

II Иоанн Павел Астанаға **22 қыркүйекте**, яғни Нью-Йорктегі жан түршігерлік лаңкестік оқиғалардан кейін санаулы күндерден соң келген болатын. Ол кезде халықаралық жағдай шиеленісті әрі

алмағайып болып тұрғанын айтудың да қажеті жоқ шығар. Исламға қарсылық көңіл күйі дүниеге таралып жатты. Сондай жағдайда тұрғын халқының көбі мұсылман елге барар сапардан бас тартпау үшін ерлік қажет болған шығар.

Орталық Азияға тұңғыш келген Понтифик **христиандық пен исламның арасында конфессияаралық сұхбаттың қажеттігін** паш етті, дүниені діни белгісі бойынша бөле-жарудың қауіптілігін көрсетті.

Рим Папасының Қазақстанға мемлекеттік сапары нақ осы мәнде болды.

Қазақстан астанасының орталық алаңдарының бірінде мыңдаған адамдар қатысқан ғибадат өтіп, бүкіл Қазақстаннан және Орталық Азияның басқа елдерінен, Ресейдің көрші өңірлерінен ондаған мың католиктер жиналды. Оған басқа шіркеулердің христиандары мен мұсылмандары да қатысты, ал бұл Қазақстандағы діндердің өзара қарым-қатынасының төзімділік сипатын айрықша танытты.

Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде лекция оқыған II Иоанн Павел Қазақстан туралы мынадай сөздер айтты: *«Шынында, сіздердің елде әртүрлі халықтардың қоян-қолтық өмір сүріп, тату-тәтті болуы барлық адамдардың дүниеде бірін бірі танып, емен-жарқын араласып тұруының, әрқайсысына тән дәстүрлерді біртіндеп ашып, бағалауының айқын белгісі ретінде жер-жаһанға ұсынуға лайық. Қазақстан – кездесудің, алмасудың, жаңалықтың жері; әркімді соны жаңалықтарға ынталандырып, айырмашылықты қатер ретінде емес, баю ретінде қабылдауға құлшындыратын жер».*

Әсіресе, II Иоанн Павелдің: жаңа мыңжылдық бастауында **«дүниеге маңызы бөлек дәуірдің есігі ашылады, өйткені адамдардың жанына ендігіәрі бұлайша бөлініп өмір сүре беру мүмкін емес дейтін сенім ұялайды»,** – деген сөздері көкейімде жатталып қалды.



Ол Қазақстан мен оның азаматтарын неғұрлым біртұтас дүниеге ықпалдасуға шақырды.

Әрі сол үндеуі **біздің құлағымызға жетті.**

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Съезін шақыру идеясын көптеген белгілі саясаткерлер – Кофи Аннан, үлкен Джордж Буш, Маргарет Тэтчер, Цзян Цземинь, Нельсон Мандела, Валери Жискара д'Эстен және басқалар қолдады. Оны және көптеген мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары оң бағалады.

Бірнеше ай бойғы әзірлік жұмыстарынан кейін 2003 жылғы 23 қыркүйекте Астанада **Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Бірінші Съезі** салтанатпен ашылды.

Оған 17 делегация қатысты. Конфессиялар арасындағы татулықты нығайту мен сындарлы сұхбат жолында батыл қадам жасалды. Қатысушылар дінаралық сұхбат қоғамдық даму мен барлық халықтардың әл-ауқатын жақсартудың өзекті әдістерінің бірі екенін атап айтты.

Ең маңыздысы – Қазақстан барлық ірі діндердің өкілдерін бір дөңгелек үстелдің басына «бетпе-бет» жинай алды. Соның нәтижесі осы заманғы дүниедегі діннің рөлі мен кез келген діндегі негізгі моральдық құндылықтардың жалпыадамзаттық сипаты туралы ашық пікір алысу болды.

Діни негіздегі жанжалдардың себептерін анықтауға байланысты проблемалар көтерілді.

Дін иерархтары дінаралық үйлесімнің, бірін бірі өзара құрметтеушіліктің, басқа халықтардың дәстүрлерінен сабақ ала білудің қажеттігі туралы айтты.

Бірінші Съезд конфессияаралық сұхбатты жүзеге асырып, бәтуалы шешімдер қабылдау үшін **тұрақты жұмыс істейтін дінаралық институт құруға бастайтын** маңызды қадам болды.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің өкілдері, белгілі саяси және қоғам қайраткерлері бір үстелдің басында кездескенде өзін

сондайлық ерекше сезімдерге бөленгенім әлі есімде. Сол форумға қатысқандардың бәрі де дәл сондай айрықша сезімде болғанына сенімдімін.

Сөйлеген сөзімде мен мемлекет басшысы ретінде сол кезде өзімді әсіресе, қатты толғандырып жүрген жайларды Съездің барлық қатысушыларына жеткізуге тырыстым. Бізге әлдебір түпкі мақсаттарды қоюдың қажеті жоқ және олай етуге болмайды да дедім. Бірыңғай діни кеңістік жасаудың қажеті жоқ. Бір айырмашылықтарды түбегейлі жоюдың да қажеті жоқ, неге десеңіз, олар кейде ұлы діндердің негіздерін қозғайтын болады.

Дегенмен тұрақты сұхбаттың құндылығы – орын алып отырған қайшылықтарға қарамастан, әлдебір «жуан ортаның» мәні мен оны іздеу үдерісі сақталады.

Әрі ең бастысы – сұхбат **татулық пен келісім аумағын, үйлесім мен айқындық уақытын жасайды.** Діни сұхбаттың даусыз құндылығын мен нақ осыдан көремін.

Діни көшбасшылар мұндай көзқарасты қолдады. Съезд идеясы өтімді болғаны, енді жалғасын таба беретіні айқын еді.

I Съездегі талқылаулардың қорытындылары бойынша Декларация қабылданып, онда діни көшбасшылар адамзат үшін бейбітшілік пен прогрессті, үйлесімді дүниенің негізі ретінде қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен әрекеттері туралы мәлімдеді.

Бұл ретте конфессияаралық сұхбат халықтар арасындағы **татулық пен келісімді қолдаудың аса маңызды құралы** деп аталды.

Бәріміз бірлесіп **кем дегенде 3 жылда бір рет дәйекті негізде дінаралық форум өткізіп тұру жөнінде** келістік. Ортақ шешім бойынша әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II Съезін ұйымдастыру Қазақстанның елордасы – Астана қаласына тапсырылды.

Сондай-ақ Съездің бастамашысы ретінде Қазақстанға Съезд Хатшылығын құруға байланысты барлық жайларды пысықтау тапсырылды.



Ондай Хатшылық құрылды. Мен **Хатшылықтың басшысы** Қазақстан Республикасы **Парламенті Сенатының Төрағасы болуы қажет** деп санадым. Бұл Қазақстан басшылығының дін көшбасшылары форумына қаншалықты зор мән беретінін көрсетеді. Хатшылықтың мүшелері съезге қатысқан әлемдік діндердің – Ислам, Христиандық, Иудаизм, Буддизм, Даосизм, Синтоизм, Индуизмнің, халықаралық ұйымдардың өкілдері болды.

Съезге әзірлік жүріп жатқан шақта мен оның аяқталуы қалай болатыны жөнінде сан мәрте ой кештім. Ол қарабайыр болмауы тиіс. Оның терең рәміздік мәнде болғаны керек.

Мен қорытынды рәсімді Астананың сол жақ жағалауындағы жаңа орамының орталығында өткізуді ұсындым.

2003 жылы 24 қыркүйекте Бірінші Съезге қатысушылар «Бәйтерек» монументінің түбіне жиналды. Бірегей рәсімді – барлық конфессиялар өкілдерінің Құдайға құлшылық ету ырымын нақ сол жерде өткізуге шешім қабылданған-ды. Әрине, оның мүмкіндігіне және қажеттігіне күмән келтірушілер де болғанын айта кету керек. Дегенмен, түптеп келгенде, бәрі ойдағыдай болды.

Қазақстан үшін «Бәйтерек» – маңызды рәміз.

Көне аңыздың айтуынша, алып ағаш Бәйтеректің басына қасиетті самұрық құс Күн сипатты алтын жұмыртқа салатын болса керек.

Оны түн-түнекті бейнелейтін Айдаһар жеп қойса да жұмыртқа ағаш басына қайтадан пайда болатын көрінеді. Бұл – күн мен түннің, жаз бен қыстың ауысып отыратынын, жақсылық пен жамандықтың күресін бейнелейтін рәміздік белгі. Қасиетті ағаш туралы аңыз татулық пен келісім жағдайында өмір сүруге талпынушы жаңарған Қазақстанның мұраттарын мейлінше жақсы бейнелейді.

Қыркүйектің сол бір естен кетпес күнінде «Бәйтеректің» түбіне аралары бірдей қашықтықта 17 киіз үй тігілді. Құстың самғау биігінен бұл композиция айналасына сәулесін шашқан «Күн» сияқтанып, бірлесуге деген ортақ құлшыныстың нышанындай көрінер еді. Осы

киіз үйлердің әрқайсысында конфессиялардың делегаттары бір сағат бойы құлшылық рәсімін атқарды. Әлбетте, киіз үйлердің жиһаз-жасаулары әр діннің құлшылық ету қажетіне сай болды. Мұның өзі Еуразияның ортасында, әртүрлі тілдерде бір мезгілде атқарылған теңдессіз рәсім болғанына еш күмән жоқ.

Ғибадаттан соң мен барлық үйлерге бас сұғып, делегаттарға сәлем бердім, әңгіме-дүкен құрдым. Содан соң дін көшбасшыларын «Бәйтерек» монументіндегі шолу алаңының жоғарғы тепсеңіне шақырдым.

Сол жерде бірегей құжатқа – ағаштан жасалып, қазақ және орыс тілдерінде: **«Татулық пен келісімнің мекені – Қазақстанның бағы жана берсін»** дейтін сөздер жазылған өзгеше бір кенепке қол қою рәсімі болды.

Бұл бата сөзіне барлық діндердің өкілдері қолдарын қойды.

Енді бұл рәміз қазақстандықтар мен барша Азия қонақтарының нағыз тәуету орнына айналды. Күн сайын он мыңдаған туристер – ұлты мен діни сенімі алуан түрлі адамдар біздің жерімізге берілген осы Ұлы батаға алақандарын тигізу үшін «Бәйтеректің» басына шығады.

Съезді аяқтай тұрып, мен өзіміздің меймандарға олардың қойған қолдары біздің еліміз бен астанамыздың тарихына мәңгі жазылып қалатын рәміз екенін айттым. Әрі есте қаларлық осы күні оқылған дұғалар Жаратушының дарғаһына жетсін дедім.

Мен меймандарымыздың бәріне риясыздығы және жұмыр Жердің үстіндегі барлық адамдардың шынайы бірлесуін тілегендері үшін алғыс айттым. Сонда оқылған ортақ дұға біздің бейбітшілік пен жасампаздыққа деген ортақ ықыласымызды нығайта түсетін болады.

Жауап сөзінде Шейх Мұхаммад Саид Тантауи туысқандыққа, ынтымақтастық пен төзімділікке шақыратын сөздер айтылған Съезді өткізгені үшін Қазақстанға алғыс айтты.

Ол Алла жазса келесі сапарларына келгенде дін көшбасшылары



Форум жұмысының қорытындылары бойынша «**Дінаралық сұхбат қағидаттары**» атты құжат әзірленді.

Оның негізіне қатысушылардың ұсыныстары мен **діни, ұлттық, мәдени айырмашылықтарға байланысты жанжалдарға жол бермеуді** үндейтін бірлескен Декларация алынды. Декларацияда «қарама-қарсылық идеологиясын» «татулық мәдениетімен» ауыстыру қажеттігі атап көрсетілген.

Дінаралық қайшылықтар мен дінаралық сұхбаттың жаһандық сипаты барын ескеріп, мен Біріккен Ұлттар Ұйымы алдағы жылдардың бірін Діни және мәдени төзімділіктің Халықаралық жылы деп жарияласа дейтін ұсыныс айттым.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III Съезі 2009 жылғы 1-2 шілдеде өтті және конфессияаралық сұхбатты іске асыру жолындағы келесі бір қадам болды.

Ол дүниежүзілік экономиканы орасан зор шығынға батырған ең ауқымды жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыс басталған кездің аясында өтті. Алайда бұл дағдарыс заңды еді, өйткені **еңбексіз байлықтың елесі жәй ғана алдау болып шықты.**

Осыған байланысты мен мәселелерді былайша тұжырымдадым: дүнияуи игіліктер үшін жанталасқан бәсеке адам өмірінің ізгілік жағын ұмыттырып, тұтынуға табынушылық көптеген адамдардың өмірлік мәніне айнала бастауы не себептен?

Дүниеде материалдық құндылықтар – ақша, ашкөздік және ессіз-түссіз пайда қуушылық үстемдік алып бара жатқаны неліктен? Адам өмірінің шын мәні осы болғаны ма?

Сондықтан біз мынаны мойындауымыз керек: **адам қоғамы руханилықтың кері кетуін бастан кешіруде** дейтіндер, бір есептен, дұрыс айтады. Қазіргі заманның барлық экономикалық дүрбелеңдерінің түпкілікті себебі, сірә, осында жатқан болу керек.

XXI ғасырда экономика мен әлеуметтік өмірдің алдыңғы шебіне **адамгершілік бастаулары шығуы керек.**



Қанша қиғаш көрінсе де, қазіргі дағдарыс дүниеге жаңғырудың, **әділетті дүние тәртібі жайындағы адамзаттың ежелгі арманын іске асырудың** бірегей мүмкіндігін беріп отыр. Әрі жаңа дүние тәртібі, бұрын ұдайы болып келгені сияқты, кезекті жаһандық әскери қақтығысудан кейін емес, бейбіт түрде – **сұхбат жолымен және өзара тиімді ұстанымдар жасау арқылы құрылуы ықтимал.**

Сөйтіп, XXI ғасырда жаңа дүниені, дүние тәртібін тұжырымдамалық пайымдауға бастайтын қадамдардың бірі нақ осы дін көшбасшыларының III Съезінде жасалды.

Онда жаңа дүние тәртібінің негіздері тезистік тұрғыда тұжырымдалды.

Біріншіден, ол – әділетті экономикалық үлгі.

Ол алдау мен ысырапқорлыққа орын болмайтын адал және әділетті дүниежүзілік қаржы, валюта жүйесіне негізделуі керек.

Екіншіден, ол – мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастың әділетті саяси үлгісі. Мұнда басты орынға жекелеген елдердің емес, бүкіл дүниенің мүдделері қойылуы тиіс. Жаңа дүние жалпыға бірдей сенім мен құрметтің, әріптестік пен сұхбаттастықтың дүниесі болуы керек.

Үшіншіден, ол – жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жаңаша көзқарас. Халықаралық қауымдасудың планетадағы жағдайды тұрақтандырып, оны қауіпсіз ете алатындай жаңа формаларын табуға бағытталған батыл іс-әрекет қажет.

Төртіншіден, жоғары адамгершілік пен парасаттылық болмайынша, жаңа дүние тәртібін көзге елестету мүмкін емес. Нақ осы сапалар дағдарыстан кейінгі дүниені қайта құрудың аса маңызды факторлары болуы ықтимал.

Ондай дүниеде өзара күдікшілдікке, діни және басқа да негіздер бойынша кемсітушілікке орын болмауы тиіс.

Бұл прогресс тек материалдық игіліктердің санымен ғана емес, сонымен бірге адамдардың жоғары парасаттылығымен және жауапкершілігімен өлшенетін қауымдастық болады.

Сондықтан дағдарысқа қарсы әрекетті тек материалдық тұрғыдан қарастыру тым тар өрісті болар еді. Санада өзгерістер болмайынша, моральдық нормалар мен жоғары адамгершілік принциптерін қатаң сақтамайынша дағдарысты жеңу мүмкін емес.

Сол сөзімде мен мұндай дүние тәртібін құруға тек жетекші державалар ғана емес, басқа елдер мен халықаралық ұйымдар да қатысуы қажет екенін атап көрсеттім. G-GLOBAL принциптеріндегі жаңа дүние тәртібін құруға деген жаңаша көзқарас осылай пісіп-жетілді.

Дін көшбасшыларының III Съезі конфессияаралық сұхбат жеңілдетілген болуы мүмкін еместігін, онда халықаралық-саяси және этно-саралық жағдайлардың ықпал-әсері болатынын айқын көрсетіп берді.

Жұмыс барысында күрделі жағдай орын алды.

Израильден келген құрметті мейман, президент Шимон Перес сөз сөйлеп тұрғанда Иран делегациясының өкілдері залдан шығып кетті. Екінші жағынан, араб делегацияларының өкілдері сөйлегенде Израиль делегациясының кейбір мүшелері іліспе аударманы пайдаланбады. Нақты күрделі жағдай осындай еді.

Бірақ мінез көрсетулерге емес, қатысушылардың мазмұнды сөздеріне келетін болсақ, олардың бәрі, әрқайсысы өз деңгейінде, өзара түсіністіктің қажеттігі, дінге еріктілік пен төзімділік туралы айтып жатты.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV Съезі 2012 жылғы 30-31 мамырда өтті. Ол ең өкілетті съезд болды.

Қатысушылар санының өсу динамикасы мынадай. 2003 жылы Астанада I Съезге **17** делегация келді. Үш жылдан кейін, 2006 жылы II Съезге **29** делегация жиналды, араға тағы үш жыл салып Қазақстан астанасына 35 елден **77** делегация келген болатын. Ал IV Съезге дүние жүзінің 40 елінен **85** делегация қатысты.

Тура съезд басталар алдында маңызды оқиға болды. Оның алдындағы, III съезде мен **Дін көшбасшыларының кеңесін** құру

туралы ұсыныс айтқан болатынмын. Сол ұсыныс қабылданып, 2012 жылғы 30 мамырда осы кеңестің алғашқы мәжілісі болды.

Кеңес құрамына дүние жүзіндегі жетекші конфессиялардың – Ислам, Христиандық, Иудаизм, Буддизм, Индуизм, Синтоизм, Зороастризмнің беделді өкілдері кірді. Шын мәнінде, Астанада діндер арасындағы тұрақты негіздегі өзара ықпалдастықтың көпқырлы пішімінің алғашқы жұмысшы тетігі пайда болды.

Кеңестің құрылуы күллі дінаралық сұхбатты жаңа деңгейге шығара алатынына мен сенімдімін.

Қазақтың ұлы ойшылы Абай *ізгі ниетті істердің ешқандай сөкеттігі жоқ* екенін жазған болатын.

Дін көшбасшылары Кеңесінің мақсаттары мен міндеттері ізгі әрі келелі, осы заманғы дүниеде үйлесімділік пен келісімді орнықтыруға деген қамқорлыққа толы.

Біріншіден, оның шеңберінде өзге халықаралық сұхбаттық құрылымдармен, мәселен, Өркениеттер альянсымен, ЕҚЫҰ-мен, АӨСШК-мен, ИЫҰ-мен және басқалармен өзара ықпалдастық орнатылады.

Екіншіден, зор әлеуеті бар **жаңа тұрақты орган құрылады,** кейін ол жаһандық бітімгершіліктің, шиеленіс жағдайларына дер кезінде әрекет етудің маңызды құралына айналуы тиіс.

Үшіншіден, Кеңес шеңберінде **діндарлардың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың жаһандық бақылауын орнатудың маңызы зор.**

Төртіншіден, жаңа Кеңес шеңберінде біріккен діндердің рухани күші, менің кәміл сенімім бойынша, **дүниежүзілік даму үдерістеріндегі теңдестікті қолдаудың маңызды элементі** рөлін атқаруға, уақыт өте келе көпкіндікті дүниедегі тепе-теңдіктің салмақты құралына айналуға қабілетті.

Бесіншіден, келесі Съездердің бәрін ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі жұмыс неғұрлым сапалы деңгейге көшетін болады.

Съездерде қабылданған құжаттарды басшылыққа ала отырып, Кеңес Съездің атынан сол шешімдерді іске асыру жөніндегі қадамдарды жасай алар еді. Сонымен бірге Кеңеске Съездерді өткізу мерзімін, өткізілетін орнын, күн тәртібін және құжат жобаларын келісудің маңызды рөлі беріледі.

Дін көшбасшыларының Астанада құрылған Кеңесі **діндердің өзара құрметтеушілігі мен төзімділігінің лайықты үлгісі, ынтымақтастығының пәрменді тетігі** боларына мен сенімдімін.

IV Съезд бүкіл дүние үшін бетбұрыс кезеңде өтті. Шын мәнінде, дүниежүзілік тәртіптің жаһандық ауысуы жүріп жатыр. Адамгершілік құндылықтарының жаһандық дағдарысы үдеп келеді. Көптеген қоғамдарда «жалған бостандықтар» насихатталып және тықпаланып, ал адал еңбектің уәждемесі кез келген жолмен тез баюға деген пиғылмен алмастырылуда.

Съезде сөйлеген сөзімде мен дін қызметшілерін өршелене қаралау оқиғаларын, дінді әлеуметтік үдерістерден шеткері ығыстыру әрекеттерін – дүниедегі моральдық-адамгершілік дағдарыстар үдеуінің осынау белгілерін айтпай кете алмадым.

Киелі діни жәдігерлерге күпірлік жасаудың фактілері көптеген елдерде кездеседі және ол барлық діндерге дерлік қатысты.

Бұл қатарда қасиетті кітаптарды отқа жағу, мешіттерді, ғибадатханаларды, синагогалар мен басқа да діни ғимараттарды қорлау мен өртеу, дін қызметкерлерінің беделін түсіру, діндарлардың өкілдерін ұрып-соғу мен өлтіру бар.

Менің ойымша, бұлай болатыны діннің имансыздық пен дүниеқоңыздықтың алдындағы ең берік қорғаныш тосқауылдарының бірі екендігіне байланысты. Көптеген замандарда тек осы дін ғана, кейде тіпті бір өзі, халық даналығының, мәдениет пен дәстүрлердің сақтаушысы болып қалған. Қазақстан қоғамы мұны құдайсыз кеңестік тәртіп жағдайындағы, әсіресе, сталиндік қуғын-сүргіндер кезеңіндегі өзінің өмір тәжірибесінен біледі.

Мен мұндай қылықтарды үзілді-кесілді айыптадым және дін көшбасшыларының бәріне, барлық діндерге өршеленген құдайсыздық көріністеріне қарсылығында қолдау көрсететінімді білдірдім.

Дін көшбасшылары IV Съезінің күн тәртібіне «Татулық пен келісім адамзаттың таңдауы ретінде» дейтін мәселе қойылды. Сондықтан мен делегаттарға жолдауымның негізгі арқауы етіп XXI ғасырдағы дүние сипатын жайластырудың жаңа үлгісі тақырыбын алдым.

Мен қатысушылардың назарын өзімнің G-GLOBAL идеяма және өз сенімім бойынша үстіміздегі ғасырда дүние сипатының құрылымы негізделуге тиісті сол аттас принциптерге аудардым.

Солардың бірі – **жаһандық төзімділік пен сенім принципі** мәдениетаралық, дінаралық және мемлекетаралық ықпалдастықтың түпнегізіне, кез келген ұлттық және жаһандық экономиканың дамуы мен өркендеуінің өзекті факторына айналып келеді.

Соңғы 30 жылда **этномәдени алуандығымен ерекшеленетін**



Оның шеңберінде дін көшбасшылары Кеңесі мен Съезд Хатшылығының интерактивтік мәжілістерін өткізіп, ғаламтор пайдаланушылардың қалың тобы үшін тұрақты онлайн-форумын жүргізіп тұру маңызды.

IV Съездің қатысушылары мен меймандары ұсынылған идеяларды талқылауға жұмыла кірісті.

Мәскеу мен күллі Русь Патриархы Кирилл Қазақстан және оның меймандос елордасы Астана осымен төртінші рет діни дәстүрлер сұхбаты негізінде жалпыәлемдік сипаттағы проблемаларды талқылаудың жаһандық алаңы болып отырғанын атап көрсетті. Дін көшбасшыларының мұнда бас қосып, мемлекеттік құрылымдардың қатысуымен бірге біздің діни қауымдарға ғана емес, сонымен қоса дүние жүзі халықтарының көпшілігіне ортақ қыр көрсетулерге қалай жауап беру керектігін ойластыруларының тамаша мүмкіндігі бар.

Патриарх Кирилл сенім адамның жердегі жайдақ болмысынан ажырап, әлемдік оқиғалардың өрісін бейнебір құстың самғау биігінен шолғандай, олардың мәні мен маңызын парықтауына мүмкіндік беретінін делегаттардың есіне салды.

Тегінде, самғау биіктен барлаған көзқарас әлемдік үдерістерді тұтастай қамтуға мүмкіндік беретіні рас. Шын мәнінде, бұл – G-GLOBAL көзқарас.

Израильдің бас сефард раввині Шоломо Амар діндер арасындағы айырмашылықтар өзара түсіністік пен дүниеге ортақ көзқарастан, конфессияаралық бөгесіндер мен сұхбат алдындағы тосқауылдарды «талқандап», еңсере білуден маңызды емес екенін атап айтты. Астанадағы форум нақ осындай мүмкіндікті береді, мұнда, Шоломо Амар айтқандай, шын мәнінде, **«жаңа БҰҰ» құрылып**, тек халықтарды ғана емес, дүниетанымы әртүрлі, әлем құрылысын сұхбат арқылы көретін діндерді де, мәдениеттер мен қоғамдарды да біріктіріп жатыр.

Бұл идеяны Израильдің ашкеназдық бас раввині Йона Мецгер одан әрі өрбітті. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымы жылына бір рет әртүрлі діндердің өкілдерін жинап, татулық туралы әңгіме құратын болар деген үмітін білдірді.

Айтпақшы, съезде БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның құттықтау хаты оқылды, онда Қазақстанның **сындарлы сұхбатты қамтамасыз ету үшін діни топтардың басын қосып отырғаны** атап көрсетілген. Әрі дін көшбасшылары «жүректен жүрекке» алмасу арқылы жаһандық проблеманы шешуге көмектесе алатыны айтылған.

IV Съезге қатысушылар өздерінің Жолдауында «қауіпсіз дүние құрудың жалғыз жолы өзара құрмет пен түсіністікке, қайғыға ортақтасу мен кешірімге, әділдік пен ынтымақтастыққа, татулық пен келісімге негізделген сұхбат» екендігіне сенім білдірді.

Бұдан **мен ұсынған G-GLOBAL қағидаттарын тікелей қолдауды** көруге болады.

Ізгі ниеттер бірлігі – ортақ істегі табыстың кепілі. Ал IV Съезд қазіргі дүниеде барлық діндердің міндеттері көбіне-көп ортақ екенін тағы бір қайтара көрсетті.

Біріншіден, рухани бос кеңістіктің таралуын тоқтатып, адамзаттың моральдық-инабаттылық құндылықтары дағдарысының қаупін еңсеру қажет. Жастарда жоғары парасаттылық сезімін тәрбиелеу, оларға моральдық азғындау қаупіне қарсы тұрақты иммунитет телу аса маңызды болып көрінеді. Сондай-ақ әулеттік дәстүрлерді, әйелдің қоғамдағы және отбасындағы рөлін нығайту жөніндегі мақсаткерлік шаралардың маңызы артып келеді.

Екіншіден, кез келген қоғамның жасампаздық бастауларын – еңбексүйгіштік, адалдық және әділдік құндылығын нығайта беру қажет. Бұл тұрғыда осы заманғы көптеген діндер іске асырып келе жатқан әлеуметтік доктриналардың мәнділігі арта түседі.

Менің ойымша, бұлар мемлекеттердің адам әлеуетін өсіруге, адамдардың өмір сапасын арттыруға бағытталған шараларымен барынша үйлестірілсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Үшіншіден, діндердің бітімгершілік күші кез келген қоғамдағы жанжалдардың, төзбеушілік пен әпербақандық көріністерінің алдын алуға септесуінде. Сондықтан Съездің тәжірибесін ұлттық мемлекеттердің, этно-діни алуандығымен және шиеленіс әлеуетінің

жоғарылығымен ерекшеленетін жекелеген өңірлердің деңгейінде тарату маңызды.

Төртіншіден, дін оқуын көпконфессиялы қоғамдардың ішінде, халықтар мен мемлекеттер арасында іріткі салу үшін пайдалануға сенімді тосқауыл қою маңызды.

Халықаралық лаңкестік пен экстремизмнің адам баласына қарсы іс-әрекеттерін дінге сүйеп негіздегісі келетін күпірлігіне жол беруге болмайды. Діндарлар арасында лаңкестік пен кез келген формадағы экстремизмнің дінге және адамға қарсы мән-мағынасын түсіндіру жөнінде жұмыс жүргізу маңызды.

Бесіншіден, қоғамда діндерге, олардың киелі заттарына, діндарлардың сезімі мен дәстүрлеріне құрмет сезімін тарату маңызды.

Діндер сұхбаты – әрбір жеке қоғамда және бүкіл дүние жүзінде төзімділікке жетудің бірден-бір жолы. Сұхбатты кеңейте беру үшін, осы заманғы коммуникация құралдарын қоса, барлық мүмкіндіктерді пайдаланудың маңызы зор.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары ІҮ Съезінің барысында осы аталған маңызды бес мәселе бойынша өзара түсіністік табылды. Бұл енді діндердің сындарлы сұхбаты XXI ғасырдағы жаһандық дүниенің міндетті түрде аса маңызды құрамдасы болады деген сенім ұялатып отыр.

Осында, Астанада, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының ІҮ Съезінде діндердің татулығы мен келісімі, жаһандық төзімділігі, өзара түсіністігі мен сыйластығы XXI ғасырда жұмыр Жерді мекендеген барлық адамдардың дүниетанымдық құндылығына айналуы үшін маңызды қадам жасалды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съездерінің өтуіне берілген халықаралық жоғары бағалар Қазақстан бастамасының жаһандық мәні бар екенін көрсетеді. Тәуелсіздіктің 20 жылында Қазақстанда этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісі жасалып, іске асырылды. Ең биік халықаралық деңгейде

мойындалған бұл тәжірибенің көкейкестілігін дүниенің көптеген елдерінде қалыптасқан күрделі жағдай көрсетіп отыр.

Мультикультурализм саясатының дағдарысы, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африканың «араб көктемін» бастарынан өткізген біраз елдерінде дінаралық және этносаралық қайшылықтардың асқынуы, кеңестіктен кейінгі кейбір елдердегі этносаралық алауыздықтар – діндердің, мәдениеттер мен өркениеттердің тұрақты ішкіұлттық және жаһандық сұхбатын жүргізіп отырудың маңызды екенін көрсететін дәлелдер.

2013 жылы менің бастамашылығым бойынша жаһандық сұхбат алаңы – әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Съездеріне 10 жыл толады.

Менің ойымша, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезінің мүмкіндіктерін планетадағы төзімділікті, конфессияаралық татулық пен келісімді нығайтуға жағдай жасау үшін пайдалану керек.

БҰҰ-ның «Жаһандық төзімділік қауымдастығына» Декларациясын тұжырымдап, қабылдауы жаһандық төзімділікті орнықтыруға бастайтын кешенді қадам болар еді.

Елдер мен халықтар арасындағы мәдениетаралық ықпалдастықты кеңейтіп, олардың өзара сенімі мен ынтымақтастығын бұрынғыдан әрі нығайта түсудің маңызы зор.

G-GLOBAL қағидаттары негізінде дүние сипатын жайластырудың жаңа қалпын жасау жөніндегі алдағы жұмыстың мәні осылай көрінеді.



5. «ЖАСЫЛ КӨПІР»: XXI ҒАСЫРДЫҢ ЭНЕРГИЯСЫ МЕН ЭКОЛОГИЯСЫ

Адамзат әлемі алуан түрлі. Шетелдерге сапар шеккен сайын осыған көзім жете түседі. Ортақ дүниенің әрбір бөлігінің өз ерекшеліктері, өзіндік көз тартарлығы бар.

Жаратушы менің туған Қазақстанымды да табиғи байлықтардан кенде етпепті. Бізде қарлы шыңдар да, ұшы-қиыры жоқ далалар да, көгілдір көлдер де бар. Бірақ біз сол табиғи ортаны сақтап, өз балаларымызға, болашақ ұрпаққа жеткізе аламыз ба? Бір өкініштісі, адамзат өркениеті табиғатты қорғап қалуға ғана қабілетті емес екен...

Кенезесі кепкен Арал теңізінің жағасына тұңғыш тап болғаным әлі есімде. Мыңдаған шаршы километр сор басқан құм. Ал бір кезде ол жерде теңіз шалқып, тіршілік қайнап жатты ғой!

Бүгін жаһандық жылыну туралы көп айтылады. Бірақ сол кезде-ақ, 80-ші жылдардың орта шамасында мен бірегей Арал теңізін күннің аптабы қуырып, кептіріп бара жатқанын ойлап едім.

Табиғат дәрменсіз. Сондықтан Аралдың қасіреті бізді ең бір маңызды істерге жұмылдыруы керек.

Дүние өзінің қауіпсіз дамуын қамтамасыз ету үшін ғаламат күш-жігерді қажет ететін шектен өткеніне менің сенімім кәміл.

Тек 2011 жылдың өзінде табиғи апаттардан келген экономикалық залал **рекордтық шамаға шығып, 350 миллиард АҚШ долларын** құрады. Жыл сайын стихиялық апаттардан **миллиардтың ширегінен астам** адам зардап шегеді. Табиғи дүлей құрбандарының **40 пайызы** ең кедей елдердің үлесіне тиеді.

Солай екен деп, адамзатты артқа, бастапқы табиғи жағдайларға сүйреп, табиғаттың игіліктерін пайдаланудан бас тартуға үндеудің жөні жоқ. Барша адамзат ілгері басуы керек. Алайда сұрақ ашық күйінде қалады: ол қандай жол болмақ, өзінің ілгері дамуы үшін дүние қандай құн төлемекші?

Жаһандық энергоэкологиялық стратегия

III мыңжылдықтың басында біздің дүние экономикалық, энергетикалық, азық-түліктік, экологиялық және басқа да жаһандық дағдарыстарға бейім. Олар бейне бір адамдарды өркениеттің, экономика мен қоғамның проблемаларын жаңаша түйсінуге мәжбүрлейтін сияқты.

Өркениеттің даму серпінін айқындайтын стратегияларды жүзеге асыру үшін **қажеттіліктер мен мүмкіндіктер**, дамудың негізгі құрамдастары – экономика, энергетика, экология **арасындағы теңдестік қажет.**

Сірә, «экономика – энергетика – экология» үштағаны мен олардың теңдестірілген бақылауы басты назарда болуы керек. Бірақ өзiрге дүниеде ол жоқ.

Жаһандық жағдаятқа қарасаңыз, қазір электр энергиясына дүниедегі **әрбір бесінші адамның қолы жетпейді.**

Барша адамзат үшін ең көкейкесті проблемалардың ішінде **энергетикалық-экологиялық дағдарыс алға шығып**, теңдестірілген энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қоршаған ортаны қорғау мүмкіндігіне күмән туғызып отыр.

G-GLOBAL әлемінің болашағы табиғи ресурстар мен қуат көздерінің сарқылуы, климаттың өзгеріп, экологияның күйреуі жағдайында өркениеттің ойдағыдай дамуы үшін **технологиялардың жаңа формаларына көшуге** негізделген жаңаша дүниетанымдық парадигманың қабылдануымен тікелей байланысты.

Осыған орай Қазақстан жаңа экологиялық стратегияға бет бұруға ынта білдірді.

2007 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-ші сессиясында мен Йоханнесбургтегі тұрақты даму жөніндегі саммитте (2002) білдірілген қазақстандық бастаманы еске салып өттім.

Оның мәні БҰҰ шеңберінде **Әлемдік экологиялық проблемалар**



тізбесін жасау дегенге саятын. Бұл экологиялық апаттармен күрес тетіктерін жасауға септігін тигізер еді.

Атап айтқанда, Арал теңізінің тартылуы проблемасы бойынша дүниежүзілік қауымдастықтың жұмылған күш-жігері талап етіледі.

Су айдынының төрттен үшінің жоғалуы бұл теңіздің айналасын мекендеген миллиондаған адамдарға қасірет болды, теңіздің жалаңаштанған түбінен ұшқан тұз бүкіл Еуразияға жайылып, экологияға нұқсан келтіруде. Мәселенің соншалықты ушыққанын ескеріп, мен **Аралды құтқарудың Халықаралық қорына БҰҰ институты мәртебесін беруге** шақырған болатынмын.

БҰҰ Бас Ассамблеясының сол сессиясында мен жаһандық энергетикалық дағдарыстың дендеуіне, қолайсыз климат өзгерістерінің қаупі белең алып келе жатқанына назар аудардым және БҰҰ шеңберінде **Жаһандық энергетикалық-экологиялық стратегия** әзірлеп, оны БҰҰ-ның 2012 жылы өтетін тұрақты даму жөніндегі «РИО-20» Бүкілдүниежүзілік саммитінде талқылауды ұсындым.

Бүгінде бүкіл дүние әлемдік энергетикалық қауіпсіздіктің жаңа талаптарымен бетпе-бет келіп отыр. Тұрғын халқы бір миллиардтай болатын дамыған елдер қуат ресурстарын дүниенің бүкіл қалған бөлігінен екі еседей көп тұтынады.

Бұдан әрі шикізат ресурстары үшін күрес тек күшейе түседі деп топшылауға негіз бар, ал ол дүниедегі жағдайдың қайтадан шиеленісуіне соқтыруы мүмкін.

Халықаралық энергетикалық агенттік іс жүзінде тек қуат ресурстарын импортқа шығарушы елдердің мұнай мен газ көлемін қайта бөлуге қатысты мүдделерін ғана қорғайды.

Баламалы энергетика саласындағы зерттеулерді үйлестіру дейтін жоқ.

Сондықтан **Әлемдік энергетикалық ұйым** құрудың қажеттігі пісіп-жетілді деп ойлаймын. Ол дүниедегі қуат ресурстарының барлық

түрін өндіру мен бөлуді, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді үйлестіріп отыруы керек.

Бұл ұйым бақылау жүргізіп, энергетиканың қауіпсіздігі саласындағы барлық мәселелерді реттейтін болуы тиіс, ал ол дүниедегі кез келген қуатты, соның ішінде ядролық қуатты да басы артық проблемасыз және дүрлігусіз-ақ қолдануға мүмкіндік берген болар еді. Қуатты теңгермелі түрде пайдаланудың бірлескен ыңғайын тапқанда ғана дүниежүзілік қауымдастық жаһандық экологиялық қауіпсіздіктің негізін жасай алады.

Соңғы жылдары адамзат энергиялық-экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерімен байланысты көптеген проблемалармен бетпе-бет келуде.

Ол – Мексика шығанағында 2010 жылы болған техногендік апат та, Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстың мұнай өндіруші елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық сүргін де, «Фукусима» АЭС-індегі төтенше жағдайға ұласқан 2011 жылғы Жапониядағы табиғи апат та.

Атап айтқанда, Жапониядағы жағдай энергетиканы дамыту аясында **жаһандық алмағайыптарды басқарудың жержүзілік тетіктерінің тапшылығын айқын көрсетіп берді.**

Бүгінде энергетикаға ауқымды инвестициялар салудың өмірлік маңызы бар. Халықаралық энергетикалық агенттіктің бағалауынша, 2030 жылға дейін қажетті қуат ресурстарын өндіріп, тасымалдау үшін **17 триллион АҚШ долларын** жұмсауға тура келеді.

Бұл ретте **қайталанбасыз қуат ресурстарының жануы,** атмосфераның және жалпы қоршаған ортаның ластануы, құнарлы жерлердің азаюы мен олардың сортаңдануы, шөлге айналуы, тұщы судың тапшылығы, ормандардың оталуы, биоәртектіліктің қысқаруы сияқты үдерістер қайтымсыз қарқын ала түседі. Жаһандық энергетикалық-экологиялық дағдарыстың осындай мысалдарымен белгілі бір дәрежеде дүние жүзінің барлық елдері бетпе-бет келуде.



Оның үстіне, бұл дағдарыс біздің дүниеміздің тек экономикалық емес, әлеуметтік дамуының да елеулі тежегіші болып отыр. Мұнда да мейлінше, жаңаша көзқарас қажет. Әсіресе, бүгін дүние жүзінің көшбасшы елдерінде энергиялық-экономикалық проблемаларды шешудің дүниедегі көпшілік елдерді қанағаттандырарлықтай ортақ пайымы болмай отырғанын ескергенде мұның маңызы ерекше.

Швеция, Норвегия секілді елдер өздерінің энергетикасын түгелге жуық қайталанбалы ресурстарға аударса, Киото хаттамасына қол қоймаған АҚШ пен Қытай қайталанбасыз органикалық отынды пайдалануға баса көңіл бөліп отыр. Қорытындысында атмосфераға зиянды қалдықтардың шығуы әлемдік ауқымда арта түсіп, ал дамыған, дамып келе жатқан және өзге елдер арасында энергияны үлестік пайдаланудағы айырмашылық жыл сайын өсіп келеді.

Индустриялық революцияның басталуынан күні бүгінге дейін Жер атмосферасындағы көмірқышқыл газдың жиналуы 40% шамасында ұлғайды, ал қоршаған ортаның қалдықтарды сіңіру қабілеті кеми түсті.

Жаһандану адамзатты қайталанбалы энергетикаға көшуге қарқынды түрде итермелеуде.

Сондықтан дүниеге бүгін де және болашақта да барлық елдерге тиімді болатын планетаның қауіпсіз энергиялық-экономикалық қалпын қалыптастырудың стратегиясы мен тетіктері қажет.

Қазір қайталанбалы энергияның әлемдік қуат балансындағы үлесі небәрі 13,5% ғана. Сөйте тұра мұнайдың, газдың және уранның қоры шексіз емес, олар сарқылып келеді.

Қазақстандық және ресейлік ғалымдардың пікірінше, энергиялық-экологиялық проблеманың негізгі технологиялық шешімі қайталанбалы және баламалы энергетиканы инновациялық дамыту болуы тиіс.

Әлемдік ауқымдағы қуат көздерін пайдаланудың 2100 жылға дейін есептелген болжамы көрсетіп отырғандай, 2030-2040 жылдардан

бастап мұнайды, көмірді және газды пайдалану үлесі кеми бастайды да, одан кейінгі 50 жыл ішінде оларды тұтыну көлемі іс жүзінде екі есеге азаяды.

Бұл ретте әсіресе, **Күн энергиясы дамуының** болашағы зор. 2100 жылға қарай ол және басқа да қайталанбалы қуат ресурстары адамзатты энергетикалық қамтамасыз етудің шешуші факторына айналуы мүмкін.

Қазақстан қайталанбалы энергетикаға сұраныстың жаһандық үдерісінен шеткері қалмайды.

Біздің жеріміз аса бай желэнергетикалық ресурстарымен әйгілі. Кейбір бағалаулар бойынша, олардың әлеуеті қазіргі қуат тұтыну деңгейімен толық сәйкесетін болса керек. Желдің орташа екпіні секундына 8-10 метрге жететін кемінде 10 аудан бар. Күн сәулесі түсуінің жылдық ұзақтығы 2200-3000 сағатқа барабар, ал Қазақстандағы Күн энергетикасының әлеуеті жылына 2,5 млрд. кВт-сағатпен өлшенеді.

Мұның үстіне, біздің елімізде кремний өнеркәсібін өркендетудің зор мүмкіндіктері бар. Кварцтың қоры 65 млн. тоннаға, ал кварциттер – 267 млн. тоннаға тең.

Жаһандық өлшемдегі энергиялық-экологиялық тепе-теңдікке жетудің аса маңызды қырын (технологиялық қырымен бірге) саяси стратегияларды ұсыну құрайды.

Осыған байланысты Қазақстан **бұл проблеманы өркениеттер серіктестігі негізінде дүние жүзінің барлық елдерінің экономикаларын инновациялық дамыту арқылы шешудің кешенді нұсқасын ұсынды.**

Ол Киото хаттамасы мен Копенгаген келісімінің шеңберінен тысқары бірегей шешімдерді іздестіруді көздейді және сонымен бірге дүние жүзінің барлық елдерін дамудың энергетикалық толықтығымен қамтамасыз етуі тиіс.

Сөйтіп, бүгінде осы үдерістің күрделілігін ұғыну және сонымен бірге мемлекеттер мен өркениеттер серіктестіктің жаңа формаларын

табуы қажеттігін түйсіну дүниежүзілік саясатта барған сайын салмақты ұстанымға ие болып келеді. Бірақ дүниедегі энергиялық-экологиялық жағдайды, ХХІ ғасырда болатын өзгерістерінің дәлме-дәл есебімен қоса, терең талдау, жаһандық стратегиясын жүзеге асырудың жолдарын тұжырымдау қажет.

Саясаткерлер ғалымдардан Еуразия мен бүкіл дүние елдерін өрісті энергиялық-экологиялық дамытудың нақты рет-тәртібін алулары керек.

Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегияның проблемалары жалпыәлемдік және перспективалық үдерістердің ауқымында **G-GLOBAL идеясының құрамдас бөлігі ретінде** түсіндірілуі тиіс.

Әрине, экономикалық мүдделердің нақты кірігуі, әр елде және тұтас дүниеде энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен жайлы экономикалық жағдай жасауға деген құлшыныстың уәждемесі іске асуы үшін қыруар күш-жігер жұмсау қажет болады.

Маңыздысы – осы жолды бастау.

Жуық арада дүниежүзілік қауымдастықтың, БҰҰ-ның, **біріншіден, бір мезгілде дәстүрлі ресурстарды пайдалануды оңтайландыра отырып, қайталанбалы қуат көздерін дамыту үдерісін үйлестіруі қажет.**

Екіншіден, планетаның, өңірлердің және жекелеген елдердің энергиялық-экологиялық қауіпсіздігіне бағдарланған **бірыңғайлы халықаралық заңнамалық негізді қалыптастыру** міндеті өктем түрде алға қойылып отыр. Дүниежүзілік қауымдастық халықаралық экологиялық заңдардың топтамасына зәру.

Үшіншіден, жаһандық жағдаят қайталанбалы энергетиканың дамуын қамтамасыз етіп, барлық елдерде, соның ішінде дамушы елдерде де оның дамуына кедергі болатын тосқауылдарды алып тастауға септесе алатын **Бүкілдүниежүзілік энергиялық-экономикалық банк құруды** өктем талап етеді.

Біз 2010 жылғы желтоқсанда Мексикада (Канкун) қабылданған **Жасыл климат қорын** құру туралы шешім **Бүкілдүниежүзілік**

энергиялық-экологиялық банк құру бағытында жалғасын табуы керек деп есептейміз.

Төртіншіден, БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі конференциясы бүкіләлемдік экономиканың, энергетиканың және экологияның теңгермелі, тұрақты дамуы негізінде Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегияны жүзеге асырудың құралы ретіндегі **Дамыған және дамушы елдердегі қайталанбалы энергетиканы дамыту туралы Декларацияны** қабылдауы керек.

2012 жылғы маусымда Рио-де-Жанейрода **БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Рио+20»** мерейтой **Конференциясы** өтті.

Ол Стокгольмдегі адам үшін қоршаған орта жөніндегі Конференциядан(1972)қырықжылжәне1992жылыРио-де-Жанейрода өткен «Жер Планетасы» атты тарихи саммиттен жиырма жыл кейін, қол жеткен прогрессті, орын алып отырған кедергілерді және тұрақты даму, әлеуметтік әділдік және экологиялық дағдарыс қатерлерін төмендету қағидаттарына негізделген дүниені қалыптастыруға қажетті алдағы іс-әрекеттерді талқылау үшін жиналды.

Бұл конференцияда **қазақстандық бастамалар қолдау тапты.** «Біз қалайтын болашақ» дейтін қорытынды құжаттың «Энергетика» тармағы шын мәнісінде, Қазақстан ұсынған **Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегияның мақсаттары мен міндеттерін** қысқаша баяндау болып шықты.

Атап айтқанда, қорытынды құжатта қуат көздеріне, қалдықтарды қысқартуды қамтамасыз ететін қайталанба көздерді неғұрлым кеңінен пайдалануға, энергияны пайдаланудың тиімділігін арттыруға, қазынды отынды пайдаланудың экологиялық тұрғыдан неғұрлым қауіпсіз технологияларын қосқандағы озат қуат технологияларын барынша кең қолдануға негізделген стратегияларды қолдау туралы атап көрсетілген.

Конференция дүниежүзілік қауымдастықты экологиялық жағынан неғұрлым таза технологияларды жасау үшін мемлекеттік және



жеке қаржы салымдарын жүзеге асыруға және дамушы мемлекеттерді де қоса отырып, барлық елдерде тиісті зерттеулер жүргізуге шақырды.

Конференцияға қатысушылар энергияның тиімділігін арттырудың, қайталанба қуат көздерінің үлесін молайтудың, экологиялық жағынан неғұрлым таза және қуат пәрменділігі күшті технологиялардың тұрақты даму, соның ішінде климаттың өзгеруімен күресу үшін маңызы зор екеніне келісті және мойындады.

Дүниеге Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегиясын ұсына отырып, Қазақстанның мәлімдегісі келгені де нақ осы болатын.

Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегияның идеялары РИО+20 қолдаған **БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның «Баршаға ортақ тұрақты энергетика» бастамасында** неғұрлым толық тұжырым тапты. Оның шеңберінде қуат ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ қайталанба қуат көздерінің энергиялық пәрменділігіне назар аударылған.

Осы арада мен екі жайды атап өтсем деймін.

Бірінші. Менің ойымша (ал Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегияда нақ осындай көзқарас өткізілген), **экологиялық дағдарыстың салдарымен емес, себептерімен күрескен тиімдірек болмақ.** Алайда бүгін экология үшін күрес негізінен көмірқышқыл газының қалдықтарын азайту мен жаһандық температураны кемітуге бағытталған.

Бірақ бұл олардың салдары, ал себебі – қуатты өндіру, тасымалдау мен тұтыну зиянды қалдықтар мен жаһандық жылынудың негізгі көздері болып отырғанында.

Экология мен энергетиканың тығыз байланысты екені даусыз. Жылыжай газдары мен қоршаған ортаға теріс әсерлі басқа да жаһандық қалдықтардың басым бөлігіне себепші – энергетикалық жүйелер.

Халықаралық қауымдастықтың осыны түсінуі барған сайын белең алып келеді. Мәселен, 2012 жылғы мамырда V Астана экономикалық

форумының шеңберінде **«Қазақстанның энергиялық-экологиялық бастамалары»** дейтін Жаһандық энергиялық-экологиялық конференция өтіп, онда ТМД мен Орталық Азияның барлық елдеріне арналған Халықаралық тұрақты энергетика жылы жарияланды.

Сол форумда БҰҰ Бас хатшысының Орынбасары Ша Цзукан РИО+20 үшін қазақстандық ұсыныстың жаңартпашылдығын атап көрсетті.

«Қазақстан Республикасы – БҰҰ-ның сенімді жақтаушысы және өздеріңіздің энергия мен экология бойынша жаңартпашыл әрі өте дер кезіндегі бастамаларыңызбен сіздер – РИО+20-ның мақсаттары мен талпыныстарына жету жолындағы біздің серіктесімізсіздер», – деді ол.

Екінші. Экология мен энергетика проблемаларын іске асыру тетігі сол үшін арнайы тұжырымдалған ғылыми негізге – өзара ықпалдастықтың «энергетика – экология – экономика» іспетті ұштаған теңдестігіне сүйенуі керек.

РИО+20 қорытынды құжатының «Энергетика» тармағы бойынша Қазақстанның ұстанымы **тұрақты дамудың экология, әлеуметтік өлшем және экономика сияқты жалпы жұрт таныған негіздеріне төртінші негізді энергетиканы қосуға** дүниежүзілік қауымдастықтың назарын тоғыстырды.

Тұрақты дамудың барлық өзекті қырларына – әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, энергетикалық дамуға бірдей көңіл бөлсе, адамзаттың әділ және теңқұқықты дүние құруына мүмкіндігі бар.

Жаһандық проблемаларды олардың өзара байланысында шешіп, құрамдастарының теңдестігіне ұмтылу қажет.

Сірә, G-GLOBAL дүниесін тұрақты дамыту үшін біздің жаһандық табиғи капиталды неғұрлым ұтымды пайдалануға жетісуіміз керек шығар.

Жаһандық және ұлттық тұрақты даму үшін әсіресе, **«жасыл экономика» қалыптасуының** елеулі мәні бар болар.

Мен ғылыми-техникалық прогресстің нәтижелері мен халықаралық серіктестікке сүйеніп, **Жердің ұзақ мерзімдік қауіпсіз энергиялық-экологиялық болашағын қамтамасыз етуге** болатынына сенімдімін. Ол үшін қажетті ресурстар, білім мен технологиялар қазірдің өзінде бар.

Әңгіме жаһандық шешімдер қабылдап, жүзеге асыруда қалып тұр.

Болашақтың энергиясы және энергияның болашағы – бұл бүгінде бүкіл дүниені толғандырып жүрген үлкен тақырып.

Қазақстан энергия ресурстары бай елдердің санатында. Елде көмірсутектерінің қуатты қоры бар: мұнай – **5,3 миллиард тонна**, газ **3,3 триллион текше метр**. Тәуелсіздік жылдары ішінде мұнай өндіру деңгейі 4 есе өсіп, жылына **80 млн. тонна шамасына** жетті. 2020 жылға дейін бұл көлемді **130 млн. тоннаға дейін** жеткізу көзделуде, ал ол елді мұнай өндіруші экономикалардың дүниежүзілік ондығына шығарады.

Қазір біздің Еуроодақ бойынша серіктестерімізде мұнай тұтыну деңгейі төмендеп келе жатса, Қытай мен Үндістан сияқты серпінді экономикаларда ол қауырт өсіп барады. Ал Қазақстан олар үшін өрісті мұнай экспорттаушы болып табылады.

Мұның сыртында, кейбір болжамдар бойынша енді 2-3 онжылдықтан кейін дүниежүзілік экономика көмір пайдалану қажеттігін қайтадан сезінетін болады. Бізде бұл отынның да бай қорлары бар.

Дегенмен біз **дәстүрлі энергетикалық байлықтың неғайбылдығын** жақсы түсінеміз.

Сондықтан біз көмірсутектерін өндіруге ғана емес, қайталанбалы, баламалы энергияның жаңа түрлерін жатпай-тұрмай іздестіре беруге де өзіміз.

Сарапшылардың бағамдауынша, қазіргі технологияларды қолдану жағдайында дәстүрлі көмірсутектерінің өндірілмелі қорлары **мықтағанда 2060 жылға дейін ғана** жететінін адамзат

түсінуі тиіс. Мұнай өндіру кеміп, оның бағасы біртіндеп артып бара жатқанын ескергенде енді көп кешікпей жұмыр Жерді мекендеуші халықтың баламалы энергия түрлеріне жаппай көшуі басталмақшы.

Осының бәрінен туатын қорытынды – энергиялық-экологиялық саладағы, баламалы энергетика саласындағы практикалық қадамдар туралы қазірден бастап ойластыру керек. Тәжірибелік-конструкторлық, инновациялық, қолданбалы тұжырымдамалар қажет. Тәжірибе мен технологиялар алмасу қажет. Бүкілдүниежүзілік арнаулы көрмелер нақ осындай мүмкіндіктер береді.

Энергетика мен экология проблемасының ерекше маңыздылығын ескеріп, Қазақстан **2017 жылы Астанада «Болашақтың энергиясы» дейтін өзекті тақырыпқа бүкілдүниежүзілік мамандандырылған EXPO көрмесін өткізуге тапсырыс берді.**

Бұл тапсырысты **Халықаралық көрмелер бюросының 160 мүшесінің көпшілігі қолдады.**

Осынау жаһандық шараны өткізу Қазақстанды бұдан әрі жаңғыртуға септігін тигізіп, біздің индустриялық-инновациялық дамуымызды тездететініне күмән жоқ.

2012 жылғы наурызда мен Халықаралық көрмелер бюросының басшылығымен кездесіп, **EXPO-2017 біздің ұлттық жобамыз** екенін айттым.

Сондықтан біз оны еліміз үшін, халқымыз бен күллі дүние үшін барынша пайдалы етіп жүзеге асыру мақсатында не керектің бәрін жасаймыз.

Еуразиялық интеграцияның бастамашысы, Орталық Азия өңірінің іс жүзіндегі көшбасшысы бола отырып, Қазақстан инвестициялық ахуалдың тұрақтылығын, экономикалық дамудың жоғары қарқынын әйгілеумен келеді.

Біздің жас өркен мемлекетіміздің **халықаралық ірі шараларды өткізудегі ұнамды тәжірибесі барын және астанасында әлемдік ауқымдағы ең маңызды оқиғаларды қабылдауға әзір** екенін атап



көрсету керек. ЕҚЫҰ Саммиті, қысқы Азиялық ойындар – 2011, сондай-ақ әртүрлі халықаралық форумдар сияқты ірі шаралардың өткізілуі Қазақстанның аса қуатты әлеуетін танытады және Астананың 2017 жылғы EXPO-ны лайықты қарсы алатынын білдіреді.

Астанадағы EXPO-2017 **Орталық Азия өңірі мен ТМД елдерінде тұңғыш өткізілген халықаралық көрме** болады.

Астана ең үздік дүниежүзілік жасалымдар мен трендтерді әйгілеудің алаңына айналып, әлемдік ғылым мен бизнестің көшбасшыларын жинайды.

Біздің астанамыздың ЭКСПО-2017-ні өткізу құқығы үшін күрестегі табысы – **бүкіл Қазақстан халқының табысы**.

Көрме елге ірі инвестициялар, жаңа технологиялар мен инновациялар тартуға көмектеседі, барша республиканың экономикалық және инфрақұрылымдық дамуын қосымша ынталандырады.

Керек десеңіз, елдің өзі де «Болашақтың энергиясына» көшу бейілділігінің идеясын көрсетуі тиіс. Алдағы бес жылда Қазақстан **жаңа қуат түрлерін жасау мен енгізу саласында** жаңғыртушылық қарқын танытуы керек.

Экономикамызды жаңғырту жобаларын жасай отырып, біз **«Назарбаев Университетінің» Энергетикалық зерттеулер орталығын** құрдық. Онда жоғары қуаттар физикасы, қуат сақтаушы және қайталанбалы қуат ресурстары – жел, күн, жылу, геотермикалық және биоэнергетикалық ресурстар технологиялары саласында жұмыс жүргізілетін болады.

Әсіресе, бірінші және екінші буын күн фотоэлементтерін, әсіре өткізгіштер, ең жаңа отын элементтерін, ядролық синтезге (шағын ядролық реакторларға) негізделген дербес қуат көздерінің жобаларын жасау жөніндегі зерттеулер өте келелі.

EXPO-2017 «Болашақтың энергиясы» тақырыбы қуат сақтаудың және қайталанбалы, баламалы қуат көздерін, соның ішінде күннің, желдің, ыстық сулардың және басқалардың қуатын енгізудің проблемаларын кеңінен түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сөйтіп, 2012 жылғы маусымда бүкілдүниежүзілік РИО+20 конференциясында Қазақстан **Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегиясын таныстырып**, оны өңірлік деңгейлерде жүзеге асырудың алғашқы практикалық қадамын – «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын ұсынды.

Тұтастай алғанда Қазақстан ынтагерлікпен ұсынған Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегия энергетика мен экологияның жаһандық және өңірлік проблемаларын шешудің инновациялық жолдарын ашып көрсетеді. Нақ осы жолдар РИО+20-да қолдау тауып, дүниежүзілік қауымдастықтың іске асыруына алынды.

Болашаққа «жасыл көпір»

«Жасыл көпір» бастамасы туралы мен тұңғыш рет 2010 жылы III Астана экономикалық форумында мәлімдедім.

Қазақстан ұсынып отырған «Жасыл көпір» өңіраралық серіктестік бағдарламасы – экологиялық технологиялардың жаһандық серіктестігі мен трансфертінің мақсаттарын өңірлік деңгейде іске асыру жөніндегі жол картасы.

Ол – Еуропа мен Азиялық-тынықмұхиттық өңір арасында «жасыл» экономикаға жаһандық өтудегі өңіраралық ынтымақтастықты ынталандыру тетігі.

Дүние экологиялық қауіпсіз, жаңа технологияларға, оларды жылдам алмастыруға және қайталанбалы қуат көздерін неғұрлым кең пайдалануға өте-мөте ділгер.

Соңғы жылдардағы экологиялық және техногендік апаттар – егер біз экономикалық өсудің соңына түсіп, экология мен климат мәселелерін мансұқтай беретін болсақ, басымызға түсетін өкінішті зардаптары қандай болатыны туралы азаматқа жасалған ескерту.

Топырақтың, ормандардың жай-күйі, өзендер мен су айдындарының тазалығы, климат жылынуының, табиғи және техногендік апаттар мәселесі бүгінде әділеттілікті қамтамасыз ету міндеті арқылы ұғылады.



Мәселен, Бүкілдүниежүзілік банктің «Орман үшін әділдік» деп аталатын талдамалық баяндамасы бойынша, **бүкіл дүние жүзінде тек бір секундта заңсыз оталатын ормандардың алаңы бүтін бір футбол алаңына тең келеді екен.** Заңсыз түрде ағаш дайындау сыбайлас шеңді-шекпенділердің қалтасына 10-15 миллиард табыс болып түседі.

«Планетаның өкпесі» құртылып, болашақ ұрпақтардың өмірі қатерге ілінуде.

Осының аясында **қалалардың айналысына «жасыл белдеулер» жасау** жөніндегі Қазақстан ұсынысының орасан зор мәні бар.

Жобаны жүзеге асырудың тек алғашқы жылдарының өзі Қазақстанға Астананың айналасына **50 мың гектардан аса** жасыл желек жасау мүмкіндігін берді. Басқа да қазақстандық қалалардың айналасындағы «жасыл белдеулер» кеңейтілуде.

Қазақстан тұрақты даму бағытын жақтайды.

Тәуелсіздігінің 20 жылында Қазақстан «XXI ғасырға арналған күн тәртібінде» (Рио-де-Жанейро, 1992), Мыңжылдық Саммитінің және Тұрақты Даму жөніндегі Бүкілдүниежүзілік Саммиттің декларацияларында қойылған басымдықтарға сәйкес елеулі ілгерілеуге жетті.

«Қазақстан-2030» Стратегиясына сәйкес біздің еліміздің болашағы қоғам дамуының барлық қырларының тұтастығымен, теңгерімділігімен байланысты.

Қазақстан – өзінің барлық азаматтары үшін тұрақты экономикалық дамуға, денсаулық пен қолайлы қоршаған ортаға қол жеткізген ел. Біз су ресурстарының проблемаларымен жұмыс істеп, жасыл желектің дамуына, қалдықтардың қайта өңделуіне белсенді түрде септесудеміз.

Әйтсе де «жасыл экономикаға» көшу және климатты өзгерту міндеттерін бірде-бір елдің жалғыз-жарым шеше алмасы айқын, біз өзіміздің күш-жігерлерімізді біріктіруіміз керек.

Дүние трансшекаралық, трансөңірлік және тіпті трансконтиненттік сипаты бар проблемалардың алдында тұр.

Қазақстан жаһандық энергиялық-экологиялық стратегияның белгілі бір жақтарын нақтылау болып табылатын жаңа бастамасы – **«Жасыл көпірді»** нақ осыған байланысты ұсынды.

Мұндай бағдарлама, ең алдымен, Еуропа мен Азияда, **экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және «жасыл экономиканы» қалыптастыру үдерістерін түйістіру мен жеделдетуге мүмкіндік береді.**

Бастаманың мақсаты – кең құлашты еуразиялық интеграцияның «жасыл өскініне» көмектесу, ал оған, біздің сенімімізше, Еуропалық одақ та, Біртұтас экономикалық кеңістік пен Азия-Тынық мұхит өңірі елдерінің қауымдастығы да ықпалдасатын болады. Бастаманың көкейкестілігі тек бір өңірмен шектелуі мүмкін емес.

Біз жаһандық экономикалық дамумен өрелес экологиялық проблемалардың аса ауқымды шоғырында әртүрлі елдердің экологиялық тұрғыдан қауіпсіз дамуының өздеріне тән өте келелі бағдарламалық салалары айқындалатынын негізге аламыз.


Астананың «Жасыл көпір» бастамасы 2010 жылғы қазандағы **министрлердің қоршаған орта мен Азия-Тынық мұхит өңірін дамыту жөніндегі VI Конференциясының** қолдауына ие болды.

Ол **БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының экологиялық саясат жөніндегі Комитеті** тарапынан қолдау тапты.

Бұл бастама іс жүзінде 2011 жылғы қыркүйекте Астанада өткен **«Еуропа үшін қоршаған орта» жалпыеуропалық VII конференцияда** талқыланды.

«Жасыл көпір» жобасы – жаһандық «жасыл экономиканы» дамытуға қосылған маңызды үлес.

Қазақстан «жасыл» ынтымақтастықтың басым бағыттары, әсіресе, трансшекаралық экожүйелерді қорғау мен өңір елдерінің климат өзгерісіне бейімделуі мәселелері бойынша ақпараттық, коммуникациялық қолдау жасауға әзір.



Амал не, бүгінде шекара маңы экожүйелері мейлінше, құлдырау жолына түскен, өйткені мемлекеттік шекаралар елдер арасындағы кең ауқымды ынтымақтастыққа жағдай жасамайды.

Осындай кешенді проблемалардың бірі – трансшекаралық жүйелерді және бірінші кезекте өзендер мен халықаралық көлдерді қорғау мен бірлесіп пайдалану.

Шекара маңы аумақтарының экономикалық дамуы үшін су факторының ерекше маңызы бар, өйткені ел-елдер өздерінің шаруашылық және табиғат қорғаушылық іс-әрекеттерін үйлестірмейтін болса, оңтайлы су саясатының да болуы мүмкін емес.

Қазақстанның Арал және Каспий теңізінің, Жайық, Ертіс, Іле өзендерінің және Қытаймен, Ресеймен, Каспий маңы елдерімен, Қырғызстанмен әм басқалармен ортақ су артерияларының **трансшекаралық алаптарын бірлесіп басқару жөнінде халықаралық ынтымақтастық тәжірибесі** бар.

Алайда Еуразияны алатын болсақ, **58** трансшекаралық су алаптарының **тек 10-ы бойынша ғана** су ресурстарын бірлесіп басқару туралы келісім жасалып, орындалып отыр. Бүкіл дүние жүзі бойынша **884 миллиондай** адам қауіпсіз ауыз суға зәру.

Климат өзгерісінің қаупіне байланысты су проблемасы әсіресе, ушығып барады. Еуразия елдері экономикасының климат өзгерістеріне шетіндігі өте жоғары. Копенгаген Саммиті нәтижелерінің шектеулі болғанын еске алғанда, климат өзгерісіне бейімделу проблемасы қуаң және жағалау, тау және арал елдері болсын – барлық елдердің күн тәртібінде **алдыңғы орындардың бірінде тұруы тиіс.**

«Жасыл көпір» бастамасы дамудың қазіргі дәстүрлі үлгілерінен «жасыл өскін» байыптамасына көшуге ықпал етеді, бұл әсіресе, мына салаларға қатысты: трансшекаралық экожүйелерді қорғау және қалпына келтіру; табиғи ресурстарды экологиялық тұрғыдан тиімді пайдалану; азкөміртекті даму мен климаттың өзгеруіне

бейімделу; қалалардың тұрақты дамуына ықпалдасу; «жасыл» бизнес пен жасыл технологияларды ілгері бастыру; тұрақты өмір салты мен тұрмыс сапасын арттыруды көтермелеу.

Біз БҰҰ-ның АТМЭӘК және ЕЭК, Еуропалық одақ елдері, бірқатар халықаралық форумдар қолдаған «Жасыл көпір» өңіраралық серіктестік бағдарламасының трансконтиненттік еуразиялық ынтымақтастық үдерістерінде дәнекерші буын болып, **жаһандық тұрақты дамудың қажетті құрамдасына** айналатынына сенімдіміз.


«Жасыл көпір» бастамасын ұсына отырып, біз **елдер мен халықаралық агенттіктерді** еуразиялық және жаһандық «жасыл» ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін **өз үлестерін қосуға шақырамыз.**

Барлық мүдделі тараптар ерікті және тең құқықты негізде «жасыл» өскіннің басымдықтарын іске асыру жөніндегі бағдарламаға қатыса алар еді. Дамыған елдер білімді, тәжірибені, жаңа технологияларды, озық практикаларды ілгері бастырып, дамушы дүниеге беруде **жетекшілік рөлді өз міндеттеріне алса болар еді** деп ойлаймын.

Астаналық «Жасыл көпір» бастамасы **БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «РИО+20» Конференциясын** өткізуге елеулі өңіраралық үлес болып қосылды.

Орта мерзімді болашақта ресурс, су, қуат сақтаушы және баламалы технологияларды пайдалану есебінен «жасыл өскін» басымдықтарын енгізу үшін **тұрақты серіктестікті қалыптастыру, экожүйелерді сақтау мен қалпына келтіру, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі тетіктер әзірленеді.**

Ұзақ мерзімді болашақта Серіктестік бағдарламасы шеңберінде **құлдырау қарқынын басу мен қоршаған ортаны қалпына келтіру, «жасыл» саясат пен Еуразиялық континент елдеріндегі «жасыл» экономиканы дамытуға инвестициялар тартудың жаңа**



көзқарастары есебінен табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану **жөніндегі ауқымды жобалар** жүзеге асырылады.

Тұтастай алғанда «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы өңіраралықынтымақтастықтың өзара тиімді тетіктерін сужәне энергия ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануға, таза технологияларды беру мен инвестициялауға, қоршаған ортаға тигізетін ықпалды барынша кемітуге, экологиялық, ұлттық және өңірлік қауіпсіздікті елеулі түрде күшейтуге қолдануға мүмкіндік береді.

Көптеген халықаралық сарапшылардың бағалауынша, **«Жасыл көпір» бастамасы өзінің жаһандық маңыздылығы бойынша Киото үдерісіне бара-бар.**

Дүниені шынымен өзгерту және оны табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан қауіпсіз өндірістер жасауға **неғұрлым жақсы бейімдеу** үшін оның әлеуеті жеткілікті. «Жасыл» экономикаға көшу барысында ол өңірлік және өңіраралық ынтымақтастықтың үлгісі бола алады.

Астаналық «Жасыл көпір» бастамасының жақсы бастау алуы, БҰҰ-ның АТМЭӘК-тің қолдауымен оның белсенді түрде іске асырыла бастауы **Еуразиялық «жасыл» ынтымақтастықтың Кешенді бағдарламасын** жасау міндетін бірінші кезекке шығарады.

Табиғатты сақтау, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту, табиғат негіздерін бұзбайтын экономикалық өрлеуге жету – үшбірлікті мақсат. Оған қол жеткізу көп ретте **XXI ғасырдағы жаңа дүние тәртібі ойдағыдай болуының өлшеміне айналмақшы.**

2010 жылы Қазақстанның басқаласы – Астанада дүниежүзілік жетекші ғылыми-біліми орталықтардың үлгісімен құрылған **жаңа университет** ашылды.

Университеттің әлеуеті серпінді түрде дамып келеді, қазір онда бір жарым мыңнан аса студенттер оқиды. Өмір туралы ғылымдар

орталығында, Энергетикалық зерттеулер орталығында және Пәнаралық орталықта ғылыми қызмет қарқын ала түсуде.

Мұнда қазір жүзге тарта ғылыми-техникалық жобалар іске асырылып жатыр. Университет ғалымдары ғылыми еңбектерін дүние жүзінің беделді басылымдарында жариялайды, қазірдің өзінде олар тапқан жаңалықтарына 4 патент алды. Мұнда дүние жүзіндегі маңдайалды университеттердің профессорлары лекция оқиды.

Біз университетті әлі де дамыта береміз. Мұнда Білім мектебі, Бизнес мектебі мен Мемлекеттік саясат мектебі жұмыс істейді. Сондай-ақ Медицина және Кен рудасы мектептерін ашу көзделіп отыр.

Мұнда, шын мәнінде, елдің жаңа болашағы, мемлекетіміздің жаңа элитасы қалыптасып жатыр; XXI ғасырда Қазақстанды дамытып, қазақстандықтардың бейбітшілігі мен сенімді гүлденуін қамтамасыз ететін солар болады.

Мен осы университеттің өз атыммен аталуына келісімімді бердім.

Әр оқу жылын менің осынау ғылыми-біліми орталық студенттерімен кездесуіммен бастау дәстүрге айналды. Өз лекциямда мен студенттер аудиториясын дүниеге, планетадағы қайшылықты оқиғаларға деген көзқарасыммен таныстырамын. Қазақстанның алдында қандай міндеттер тұрғанын, еліміз қашан да ұлттардың дүниежүзілік отбасының лайықты қатысушысы болуы үшін не істеуіміз керектігін айтамын.

Қазақстандықтар – жас әрі ширақ ұлт.

Біздің азаматтарымыздың орташа жасы 35-тен аспайды. 2005 жылы басталған «бала туу дүмпуі», болжамдар бойынша, 2016 жылға дейін жалғасатын болса керек. Бұрынғы жылдарға қарағанда бала саны 1,2 миллионға артады. Нақ бүгін мектеп парталары мен университет аудиторияларында отырғандар Қазақстанның жаңа болашағының эстафетасын қолдарына алады.

Сондықтан менің студенттер алдындағы лекцияларым – **өз болашағымызға тікелей арнаған сөзім.**

планетамызды неғұрлым ашық, бейбіт және толерантты етуге құлшынатынына мен кәміл сенімдімін.

Нақ осы себепті менің G-GLOBAL әлемі туралы идеям, ең алдымен, қазақстандықтардың және планетамыздағы барлық адамдардың жас ұрпағына бағытталған. Әрі мен бұл идея олардың жүрегіне жол тауып, бүкіл дүние мен адамзаттың игілігі жолындағы іс-әрекеттеріне серпін беретін болар деген үміттемін.

ҚОРЫТЫНДЫ

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығы дүниенің жаңа мыңжылдықта бетпе-бет келетін **өлшеусіз мүмкіндіктерін** және сонымен бірге **керемет қиындықтарын** да көрсетіп берді.

Адамзат уақыт пен қашықтықтарды серпінді түрде «сығымдайтын», **жаһандық экономиканың, мемлекетаралық қатынастардың, өмір сүру мен өзара ықпалдастық ережелері мен құндылықтарының жаңа тұрпатын** қалыптастыратын **дамудың қарқынды кезеңіне аяқ басты.**

Дүниені не күтіп тұрғанын білу үшін, ортағасырлық Ренессанс ойшылдарының бірі айтқандай, ықылымдағы немесе жақындағы адамзат тарихында не болғанын шолып қана өту XXI ғасырда жеткіліксіз болып қалды. Бүгінде алда **не болатынын, дүниенің қандай әлеуеті барын,** бір-екі жылда, бес, он, отыз жылда және одан әріде қандай **қыр көрсетулермен және қауіп-қатермен** кездесуі мүмкін екенін анық білу аса маңызды.

Бұл тұрғыда әлдебір тылсым көрегендік қасиеттен гөрі **нақты ғылыми болжам мен есептің, трендтер мен үрдістердің күллі үйлесімін ескере білудің** маңызы зор.

Өз мақалаларымның бірінде мен «**болашақтың тарихы**» ұғымын пайдаланғаным бар.

Ал ол – тұспалдау емес, **нақты ғылыми және саяси зерттеу** тақырыбы; соған сүйене отырып, бүгін мемлекеттер мен қоғамдардың стратегиялық және тактикалық даму жолдарын қалыптастыру маңызды.

Сондықтан барған сайын көп елдердің саяси практикасында ұзақ мерзімді болашаққа есептелген **ұлттық даму стратегиялары** орын алуда. Мемлекетаралық деңгейде екіжақты және көпжақты қатынастарды нығайтудың ұзақ мерзімді жоспарлары қабылдануда. БҰҰ деңгейінде «мыңжылдықтың күн тәртібі» қалыптастырылуда.

Әуелде біздің еліміз үшін сондай **болашақтың тарихы** өзіміз бұдан 15 жыл бұрын қабылдаған **«Қазақстан–2030» Стратегиясы болды.** Онда **XXI ғасырдың алғашқы үштен біріндегі біздің қазақстандық жолымыздың** сара бағыты айқындалды.

Осы бағдарламалық құжатта мен алға қойған мақсаттардың көбіне 2010 жылдың соңына таман-ақ **қол жетті.** Бүкілдүниежүзілік экономикалық форумның мәліметтері бойынша 2011 жылы Қазақстан **бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық рейтингінде 51-ші орынға ие болды.** Бұл – біздің халқымыздың зор жетістігі.

Сондықтан мен **«Қазақстан-2050» Стратегиясын** ұсындым. Бұл – ғасырдың ортасына қарай менің елімді **дүниедегі неғұрлым мықты дамыған 30 елдің қатарына** қосатын жаңа саяси бағыт.

Қазақстан халқы бұл мақсатқа жететініне менің ешбір шүбәм жоқ.

XXI ғасыр себеп-салдарлы байланыстарды, ұлттық және өңірлік үдерістерді, халықтардың тағдырларын мықтап шырмайды. Жаңа дәуір дүниенің **өзара шарттастылығын,** экономикалық та, саяси да, рухани-адамгершілік те жағынан **біртұтас даму алгоритміне бағыныстылығын** бұрынғы қай кездегіден де арттыра түседі.

Алауыздықтар мен жанжалдар, біржақты артықшылықтар, бір ұлттардың екіншілеріне үстемдігі – **осының бәрі адамзаттың өткен күні екенін** жаһандық қауымдастық **түсіне бастады.**

Сонымен бірге елдер мен халықтар арасындағы сындарлы, теңдестірілген және әділетті ынтымақтастыққа деген **жаппай ықылас** жылдан жылға **артып келеді.**

Нақ осы себепті біздің барлық жаһандық бастамаларымыз ең алдымен, халықаралық қауымдастықтың күш-жігерін топтастыруға бағытталған. Нақ осы себепті Қазақстан қашан да барлық континенттерде лайықты құрметке ие болумен келеді. Соның ішінде **ЕХРО – 2017-ні өткізудің құқығына Астананың кандидатурасы** сөзсіз **қолдау табуы** да бізді жаппай мойындаудың нәтижесі

болды. Біз алдағы онжылдықтағы өсудің өзекті нүктелерінің бірін нақты белгілеп, алдағы форумның басты тақырыбын **«Болашақтың энергиясы»** деп таңдап алдық.

XXI ғасырда **болашақтың тарихын адамзат бірлесіп жасайтынына** мен сенімдімін.

Тек осылай еткенде ғана біздің жаһандық дүниеміз **жалпыәлемдік проблемалардың дұрыс шешімін тауып**, өркендеу жолындағы **барлық қыр көрсетулер мен тосқауылдарды еңсере алатын болады**. Тек осылай еткенде ғана біз **бәріміз болып планетамызды адамдардың өмір сүруі мен гүлденуіне жарамды етіп сақтап қала аламыз**.

Бұл пайымдаулар **ешқандай да қиял емес**.

Жаһандандудың тағылымы мен шындығы мынада: **жеке адамдарды**, байланыс пен ақпараттың жаңа түрлерін **жаһандық жақындастыру**, соның ішінде Ғаламтор-коммуникациялар арқылы жақындастыру **үдерісі қоғамдар мен мемлекеттердің интеграциялануынан әлдеқайда жедел жүреді**. Ақиқатында бұл – дүние дамуына ең күрделі қыр көрсетулерінің бірі.

Әрі адамдарға ақпараттық ықпал жасаудың дәстүрлі құралдары бар жекелеген елдердегі үкіметтерді шарасыз етіп отырған **«онлайн-революциялардың»** бір себебі де осында.

Әпербақан саяси әдістерге балама бар. Ол – **«онлайн-революциялар» дүлейіне** ұлтішілік даму мәселелерінің, өңірлік және жаһандық проблемалардың барлық жиынтығы бойынша **Ғаламтор-кеңістікте** ауқымды қоғамдық сұхбат түріндегі **«онлайн-эволюцияны» қарсы қою**.

Бұл – пәтуалы шешімдер табудың және барлық халықтарды дүние тәртібінің әділетті негіздерін жасауға жаппай жұмылдырудың жолы.

Сондықтан біз үкіметтердің, сарапшылар мен мүдделі жұртшылықтың интерактивтік жаһандық сұхбатының орталық қуатты ресурсы ретінде G-GLOBAL Ғаламтор-порталын құрудамыз.



Өз кітабымда мен G-GLOBAL әлемінің бес құрамдасын айқындадым. **Дүние сипатының бұл қырларында** кім-кімнің болсын қабылдамау немесе бөтенсу сезімін туғызатындай ештеңе жоқ.

Тегі, жаңа жаһандық қаржы-экономикалық жүйенің, қауіпсіздіктің, соның ішінде ядролық қауіпсіздіктің пәрменді мемлекетаралық құрылымдарының дүниеге қажеті жоқ па? Төзімділік пен келісімге бастайтын сұхбатқа кім қарсы болуы мүмкін? Экологиялық тұрғыдан таза дүниені мекендеп, табиғат байлықтарын парасатпен пайдалану барлық адамдардың арманы емес пе еді?

Жаһандық ауысу жағдайында бұл үшін **саяси ерік-жігер, батылдық, уағдаластық, ашықтық пен сенімділік** бұрынғы қай кездегіден де **қажет**.

G-GLOBAL қағидаттарына құрылған болашақ дүниені менің пайымдауым Қазақстан үшін **әлдебір біржақты артықшылықты көздемейді**.

Бұл – менің елімнің болашағы бүкіл дүниенің болашағынан ажырағысыз болатын даму формуласының бейнеленуі. Қазақстанның дүние істеріне белсеніп жаһандық қатысуы мен **менің G-GLOBAL бастамамның** мәнісі осында.

Мен оның саясаткерлер арасынан ғана емес, дүниедегі әралуан елдердің қалың жұртшылығы арасынан да өз жақтастарын табатынына көміл сенімдімін.

УДК 342
ББК 67.400.6
Н17

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

G-Global XXI ғасыр әлемі

Н17 **Н. НАЗАРБАЕВ.** G-Global – XXI ғасыр әлемі/ Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ –
Астана: Деловой Мир Астана, 2013. — 214 б.

ISBN 978-601-7259-57-0

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «G-GLOBAL – XXI ғасыр әлемі» атты жаңа кітабы қазіргі заманның жаһандық проблемаларына арналған.

Әр тарауда бес қағидатқа: «эволюция және саясаттағы революциялық өзгерістерден бас тарту», «әділеттілік, теңдік, консенсус», «жаһандық толеранттылық және сенім», «жаһандық транспаренттілік», «сындарлы көпполярлылық» қағидаттарына негізделген Қазақстанның G-Global бастамасының мәні ашылады.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

Тапсырыс берушісі: «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды»

Баспа: «Деловой Мир Астана» ЖШС

Жауапты редактор: Асқаров Ә.

Формат 70x100/8. Шартты б.т. 26,75.

Таралымы 3000 дана

Редакцияның мекен-жайы:

«Деловой Мир Астана» ЖШС

010000, Қазақстан, Астана қ.,

БО «Аңсар», Сығанақ көшесі 25, кеңсе 10/2

тел.: +7(7172) 55 06 58, 55 06 57

e-mail:dm99@mail.ru

www.dmastana.kz

ISBN 978-601-7259-57-0



УДК 342
ББК 67.400.6

© НАЗАРБАЕВ Н.Ә., 2013
© «Деловой Мир Астана» ЖШС, 2013
© Барлық құқықтары қорғалған

G·GLOBAL
